

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқулық

11

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушылар! Қазақ тілі оқулығынан сендер ұлттық құндылықтарды сақтаудың және оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңыздылығы туралы танымдарыңды кеңейтесіңдер. Тіл білімінің оқулықта берілген тараулары арқылы стильдің түрлерін ажыратып, мәтіннің құрылымы мен қолданылатын тыныс белгілері туралы теориялық және практикалық білімдеріңді жетілдіресіңдер, тіліміздің грамматикасымен танысып, талдап, меңгеріп, өмірлік қажеттілікте қолдануға дағдыланасыңдар. Шешендік өнер жайындағы оқу материалдары өмірлік қажеттеріңе жарап, дүниетанымдарыңды кеңейтуге, ойларыңды жүйелі құруға, іскерлік дағды қалыптастыруға, жалпы өмірде қазақ тілін дұрыс қолдана білуге машықтандырады. Шешендік сөздердің иірімдері – ойталқы, ойкөкпар, сөзталас, пікір алмасу, пікірталас, әңгіме және дөңгелек үстел, айтыс секілді сөйлеу мәнерлілігіне үйрететін білім негіздері айналадағы адамдармен жақсы қарым-қатынас жасауда, көп алдына шығып сөйлеуде ойыңның анық, тіліңнің таза болуына дағдыландырады. Кейбір тапсырмалар қосымша ізденісті, кейбірі шағын зерттеушілікті қажет етсе, кейбірі қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет етеді.

Қазақ тілі – дүниежүзіндегі ең бай, беделді де бейнелі тілдердің бірі. Оны байытатын да, дамытатын да – сендерсіңдер. Оның таза болуына, дамуына үлес қосу – Қазақстандағы әрбір оқушының міндеті. Қазақ тілі пәнін оқытудағы мақсат – сендерді мемлекеттік тілді қадірлейтін, оның қоғамдық мәнін түсінетін тұлға ретінде қалыптасуға, қазақ әдеби тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, орта мектеп деңгейіне сай лингвистикалық білім алуға және сауатты жазуға үйрету. Олай болса, іске сәт, жас достар!

Оқулық авторлары

Шартты белгілер:



– ойтүрткі



– оқу



– айту



– тыңдау



– жазу



– деңгейлік
тапсырмалар



– талқылау



– табу



– талдау

ОРФОГРАФИЯ ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ

Бұл бөлімде сендер:

- Ұлы даладағы атқа міну мәдениеті, Ұлы дала елінің және Ұлытаудың құндылықтары туралы мәтіндерді құрылымы, мазмұны және тілдік ерекшеліктеріне қарай талдайсыңдар;
- ғылыми стильдің тілдік ерекшеліктерін игеріп, тілдік құралдар арқылы мәтін стилін ажыратуға дағдыланасыңдар;
- шешендік сөзге қойылатын талаптармен танысасыңдар;
- пікірталас және оның түрлері, ойталқының (диспут) мақсаты мен өткізілу тәртібі туралы білетін боласыңдар;
- жазба жұмыстарын абзац пен бөліктерге бөліп, ойын (ақпарат пен идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялайсыңдар;
- тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу емшелеріне қатысты лингвистикалық білімдеріңді шыңдайсыңдар.

1.1. ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ



Топқа бөлініп, берілген тірек сөздерге қатысты ой бөлісіңдер.

АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ БЕСІГІ

ЕЖЕЛГІ МЕТАЛЛУРГИЯ

АЛМА МЕН
ҚЫЗҒАЛДАҚТЫҢ
ОТАНЫ

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

АҢ СТИЛІ

АЛТЫН АДАМ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады...

Біздің жеріміз – материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйым кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жержүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар¹ бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұлан-ғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді.

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жержүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпелілер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпелілер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі. Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр – жержүзінде салт аттылар үстемдік құрған² ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі. Біз әлемнің барлық түкпіріне ежелгі қазақ жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы ХІХ ғасырға дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз.

Н.Ә.Назарбаев. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан



А Мәтіннен термин сөздерді теріп жазып, қай ғылым саласына жататынын анықтаңдар.



Ә Термин сөздердің қатарын толықтырып, олардың мағынасын сөздіктен қарап жазыңдар.

¹ Жылнама – халық, мемлекет, қаланың т.б. жылма-жыл жазылған тарихы, шежіресі; маңызды жазба деректер.

² Үстемдік құру – билеп-төстеу, күш көрсету.

Грамматикалық материал

Ғылыми стиль

Ғылыми стиль – қазақ әдеби тілінің бір тармағы. Ғылыми стильде зерттеу нысаны болатын зат немесе құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет етеді. Логикалық сабақтастыққа құрылған ойдың анық дәл, дәлелді берілуі ғылыми стильге тән ерекшелік болып табылады.

Ғылыми стильдің үш түрі бар: таза ғылыми стиль (белгілі бір ғылым саласының мамандарына арналған), ғылыми-оқулық стилі (нақты бір ғылымның теориялық негіздерін игерту, ғылыми түсінік қалыптастыру), ғылыми-көпшілік стиль (көпшілікті ғылым саласындағы жаңалық пен жетістіктер туралы хабардар ету). Ал ғылыми стильдің жанрлық түрлеріне *монография, энциклопедия, диссертация, анықтамалық, сөздік, оқулық, ғылыми есеп, мақала, реферат, баяндама, тезис, рецензия* т.б. жатады.



2-тапсырма. Грамматикалық материалда берілген теориялық мәліметтерге сүйеніп, кестені (дәптерлеріңе) толтырыңдар.

Ғылыми стильдің түрі	Ғылыми стильдің мақсаты	Ғылыми стильдің жанрлық түрі
		монография, диссертация
ғылыми-көпшілік стиль		
	нақты бір ғылым саласы бойынша ғылыми түсінік қалыптастыру	



3-тапсырма. Шағын мәтінді оқып, ғылыми стильдің түрін анықтаңдар.

Қазақ ертеде төрт түліктің өзін, ең алдымен, ақ мал және қара мал деп екі үлкен топқа бөлген. Ақ малға тек жылқыны жатқызады. Бұл жылқы үйір-үйірімен 150–200 шақырым қашықтықтағы тебінде болып, қыс бойы қора-қопсы көрмей, «ақ қар, көк мұзда» жататын текті мал дегенді білдірсе керек. Жылқының тағы бір атауы – аяқты мал, өйткені ол үнемі қолға қарап қалмай, азығын аяқпен жүріп табады. Ал түйе, қой, ешкі, сиыр бір мезгіл өріске шыққанмен, қорада бағылып, қолдан күтім көреді. Сондықтан қара мал делінеді.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедиядан



А БАҚ және өзге дереккөздерден жылқы малы туралы қосымша мәліметтер қарастырып, тақырыпқа қатысты дәйексөз¹ тауып жазыңдар.



Ә Оқылым мәтіні, қосымша дереккөз материалдары негізінде дала өркениетіндегі жылқының рөлі туралы жазыңдар. Бір-біріңнің жұмыстарыңды оқып, қажетті тұстарына логикалық және стильдік түзету енгізіңдер.

¹ Дәйексөз — ойды нақтылау, дәлелдеу үшін басқа автордан сөзбе-сөз алынған үзінді. Дәйексөз алынған еңбекке сілтеме беріледі.

**Есте сақта!**

Екі түбірден құралып, терминге айналған ғылым мен техника, шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер, спорт т.б. салаларға қатысты зат, құрал-жабдық, ұғым атаулары бірігіп жазылады. Мысалы: бесатар, қоссайыс, ақсүйек.

Орфографиялық сөздіктен



4-тапсырма. «Есте сақта!» айдарында берілген ережеге сәйкес әр ғылым саласына қатысты 3 термин жазып, олардың мағынасын түсіндіріңдер.

1.2. УЫҚ ШАНШЫЛҒАН ҰЛЫТАУ



Ұлытаудың «Ұлытау» аталу себебін білесіңдер ме?



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңдар (1-аудио).



А «Ұлытау» атауына байланысты айтылған болжамдар бойынша пікір алысыңдар.



Ә Түсіндірме сөздік не басқа ақпарат көздеріне сілтеме жасап, *қара шаңырақ, уық шаншу* тіркестерінің этнолингвистикалық мәнін ашып көрсетіңдер.

Грамматикалық материал

Ғылыми стильдің тілдік ерекшеліктері

Ғылыми стильде жазылған еңбектер нақтылығымен, дәлдігімен, объективтілігімен және қисындылығымен ерекшеленеді. Ғылыми стильдің басты лексикалық ерекшелігі – белгілі бір ғылым саласына қатысты терминдердің жиі қолданылуы және сөздердің негізгі мағынасында жұмсалуы. Ал ғылыми стильдің грамматикалық ерекшеліктері мынадай: баяндауыштар ырықсыз етіс түрінде жиі қолданылады; ой хабарлы сөйлемдермен беріледі; күрделі ойдың логикалық жүйесін бірізді баяндауда сабақтас құрмалас сөйлемдер жиі жұмсалады.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, дәптерлеріңе кесте бойынша стильдік белгілеріне талдау жасаңдар.

Ономастика – тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы. Жалқы есімдерге жер-су, кісі есімдері мен фамилиялары, жан-жануарлардың аттары, астрономиялық атаулар жатады. Оның басты бөлімдері: топонимика, антропонимика, этнонимика, космонимика, зоонимика. Ономастика география, этнография, тарих ғылымдарымен тығыз бірлікте зерттеледі. Көне топонимдер (жер-су аттары) ертедегі тайпалар мен халықтардың белгілі бір аймақта өмір сүргенін,

таралуын, мекендеу шегін, көшіп-қону жайын анықтауға себін тигізеді. Этнонимдер¹ халықтың этникалық құрамын, көне тайпалар мен елдердің тегін, тілі мен мәдениетін, этностық тобын танып-білуде зор қызмет атқарады. Ономастика халықтың этнографиясымен тығыз байланыста қаралып, басқа халықтармен жүргізген тарихи, мәдени қарым-қатынастың сыр-сипатын танытады.

Т.Жанұзақов. «Қазақ тілі» энциклопедиясынан

Стилі	Қолданылу аясы	Стильдік сипаты	Тілдік ерекшеліктері		
			лексикалық	морфологиялық	синтаксистік



Есте сақта!

Күрделі-құрама жалқы атау құрамындағы тұрақты эпитет жалқы есімнің алдынан келсе, бас әріппен, соңынан келсе, кіші әріппен бөлек жазылады (*Балуан Шолақ, Қайқы солы*).

Титулды білдіретін сөз жалқы атаудың алдынан келсе, бас әріппен, соңынан келсе, кіші әріппен жазылады (*Әмір Темір, Айшуақ сұлтан*).

Орфографиялық сөздіктен



3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Ақпарат көздеріне сілтеме жасай отырып, Ұлытау өңіріндегі ескерткіштер туралы деректермен толықтырыңдар.

Азияның арыстаны атанған атақты Ақсақ Темір де осы өңірге ат шалдырған. Ұлы қолбасшының тарихшысы Шарафадин Әли Иезди былай деп жазған: «Темір Ұлытауға келгенде алдымен сол таудың басына шығып, төңірегіндегі көк жасыл дала мен көксеңгір тауларға ұзақты күнге телміре қараумен болды. Содан соң әскерін жинап, сол жерден үлкен құлпытас орнатуға бұйрық берді. Шеберлер осынау сәтті оқиғаның болған күнін тасқа қашап жазып, ұзақ жылдарға жететін мәңгілік ескерткіш қалдырды». Тастағы жазу мынау екен: «Тарихтың жеті жүз тоқсан екінші қой жылы. Жаздың ара айы. Тұранның сұлтаны Темір бек жүз мың әскерімен Тоқтамыс ханға соғыспаққа жүреді. Бұл жерден өтіп бара жатып, белгі болсын деп осы жазуды қалдырды. Төңірі нәсіп берсін. Иншалла, Төңірі бұл кісіге рақым қылып, барша адам есіне алып жүрсін». Бұл тасты тапқан – Қ.Сәтбаев. Тас қазір Санкт-Петербургтегі Эрмитажда. Ұлытаудағы тас үйілген жер Алтыншоқы атауымен белгілі.

Н.Домбай. «Ана тілі» газетінен

¹ *Этноним* – этникалық өртүрлі құрылымдар, ұлт пен халық, тайпа мен тайпалық одақ, рулардың аттары.



А Мәтіннен күрделі-құрама жалқы атауларды тауып, жазылу емлесін түсіндіріңдер.



4-тапсырма. Өлеңді оқыңдар. Ақын көтерген мәселеге қатысты ойларыңды өз сөздеріңмен жазыңдар. Бір-біріңнің жазба жұмыстарыңды оқып, қажетті тұстарын редакциялаңдар.

Ұлытауда ұлар жоқ

Аз отырған қонағың көп сынайды,
Қарт Ұлытау бұл күнде жоқ шырайлы.
Ұлытауға үйіріліп барған халық
«Ұлар бар ма бұл тауда?» деп сұрайды.

Ұлытауда ұлар жоқ.

О несі екен?

Көңіл бірден алады неге секем?

Бұл Ұлытау – өзі емес көне таудың,

Бізге жеткен аласа елесі екен.

Көзін тігер өткенге кім оралып,

Бір тау жатыр көрпеге жылы оранып.

Заңғар таудың биігін уақыт ұрлап,

Тау шөккенде кетіпті ұлар ауып.



Кімді қандай күтеді тағдыр алдан,
Биіктікпен өлшенбек әрбір арман.
Өмір сүре алмаған аласада,
Бақыт құсы биікке дағдыланған.

Іңкәр ақын көңілге жара салып,
Адамдар да жатады аласарып.
Биіктеген шығар деп көз тігемін,
Ұлытаудың басынан тараса бұлт.

Ұлар деген ұлы құс – тауық деп пе ең,
Ұлылық та жатпайды жауып көктен.
Таудың аласарғанын назырқанып¹,
Ұлытауда ұлар жоқ.
Ауып кеткен!

Ж.Ерманов. Шығармалар жинағынан



А Академик Ә.Қайдардың «Халық даналығы» кітабына немесе басқа да дереккөздерге сілтеме жасай отырып, «Ұлытауға бардың ба? Ұлар етін жедің бе?» деген сауалдың мәнін түсіндіріңдер.

¹ Назырқану – назалану, көңілі толмау.



Ә Берілген тіркестердің мағынасын түсіндіріңдер.

Ат шалдыру

Ұлардай шулау



5-тапсырма. Қажетті ақпараттарды орынды қолданып, Ұлытауды туризм орталығына айналдыруға қатысты дискуссивті эссе жазыңдар.

1.3. БАБАЛАР СӨЗІ – ДАНАЛЫҚ КӨЗІ




Сөздерді өзара байланыстыра отырып, сабақтың тақырыбын болжаңдар.



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңдар (2-аудио).



А Сұхбатта айтылған ақпараттарды сызба түрінде дәптерге жинақтап жазып, ауызша таратып айтыңдар.





Ә Сендерге «Бабалар сөзі» жобасы бойынша сұхбат алу тапсырылды. Шағын топтарға бөлініп, тыңдалым мәтініндегі сұрақтарды қайталамай, сұхбат берушіге өз сұрақтарыңды дайындаңдар.



Б Қажетті ақпараттарды орынды қолданып, «Бабалар сөзі» – ұлттық бренд» тақырыбына дискуссивті эссе жазыңдар.

Грамматикалық материал

Шешендік сөз

Шешендік сөз дегеніміз – тауып айтылған тапқыр сөз, ақылға қозғау салып, ой түсіретін даналық сөз, қиялға әсер етіп, сезіміңді қозғайтын көрікті де әсерлі сөз, бұра тартпас дәлелімен тамсандырып, таңдай қақтыратын білгір-білімді сөз, өтіп кеткен не өтіп жатқан оқиғаны жанды суреттей көз алдыңа алып келетін сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жеткізетін терең де мағыналы түйінді сөз.

Г.Қосымова. «Қазақ шешендік өнерінің негіздері» кітабынан



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар. Қарамен берілген тіркестердің мағынасын ашып, өзара пікір алысыңдар.

Қазақтар ықылым заманнан-ақ шешендікті өнердің ең биік сатысы деп жоғары бағалады. Өйткені шешендік сөздер өнердің шыңы ғана емес, елдің әлеуметтік өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде аса маңызды рөл атқарды.

...Шешендік нақылдар мен толғаулар – ділмар ата-бабамыздың алтыннан соққан сөз сарайы, тіл маржаны, ақыл-ойдың дариясы, қасиетті ата-бабамыздың келер ұрпаққа айтып кеткен кір шалмас ғұмырлы өсиеті. Ана тілімізді терең меңгеремін, оның астарлы сырларына үңілемін, шешендік өнерден тәлім аламын деген оқушы ауыз әдебиетінің осы бір ғажайып туындыларын тұшына оқитыны, оны шөліркей күтіп отыратыны даусыз.

«Шешендік шыырлары» кітабынан



А Мәтінде (2-тапсырма) және грамматикалық материалда берілген мәліметтерді негізге ала отырып, шешендік сөзге бір сөйлеммен анықтама беріңдер.



3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Үш бидің айтқан сөздерінен шешендік сөзге тән қандай ерекшеліктерді көрсетер едіңдер?

...Осы жолы да Өз Тәукені күллі қазаққа ортақ хан сайлап, Сұпы Өжіні күллі қазаққа пір сайлап, Жеті жарғының жосығын қабылдаған ұлы жиын аяқталса да жиылған жұрт: «Ертең елге барғанда айта баралық. Үш би бізге не дейді екен? Соны естіп кеткіміз келеді», – деп тырп етпей тұрып алған-ды.

– Сонда үш биден не сұрайсыздар? – деген-ді Хан Тәуке.

– Үш би бізге кәрілік пен жастық қақында не мәслихат¹ қосады екен? – деген жиылған көп.

– Үй сыртында төбең болса, ертеулі тұрған атың ғой, ел ішінде қарияң болса, жазулы тұрған хатың ғой, – деген-ді Төле.

– Жалтылдайды екен деп жастықты сөкпе, бөрінің шыққан тегің сол; қалтылдайды екен деп қарттықты сөкпе, ертеңгі жетер шегің сол! – депті Қазыбек.

– Ар сатып алған атақтан тер сатып алған мал артық, сақалын тосқан көріден еңбегін тосқан бала артық! – деген екен Әйтеке...

Ә.Кекілбаев. «Үркер» романынан



А Мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіріңдер.

1. Өнер алды – қызыл тіл.
2. Жақсы сөз – жарым ырыс.
3. Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.
4. Шешеннің сөзі мерген, шебердің көзі мерген.



Есте сақта!

Ақ, ау, ай, мыс, міс, ды, ді шылаулары өздерінен бұрынғы сөздерден дефис арқылы бөлініп жазылады. Мысалы: сен-ақ, келмейді-ау, әдемісін-ай, барыпты-мыс, көретін-ді.

Орфографиялық сөздіктен



4-тапсырма. Көп нүктенің орнына сөздің мағынасына қарай қажетті демеулікті қойып жазып, өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Дала, рақмет саған!
 Асырдың... даңқымды,
 Қуанттың... халқымды,
 Алып төсіңе алып қазан орнатып,
 Сапырдың... алтынды.
 Пай-пай, неткен маңғаз едің
 Білмейтұғын шалқуды.
 Тұрсаңшы,
 Билесеңші бізбенен.
 О, менің Жерұйығым!
 Асан атам іздеген...
 Дала, рақмет саған!

¹ Мәслихат – ақыл, кеңес.

Білемін ғой, сүймейсің босқа шуды
 (Есімде, даурықпадан жалыққаның).
 Қан төкпей... тер төгіп достасуды,
 Ұлы Далам, тағы да анықтадың.

М.Мақатаев. «Мұқағали» жыр кітабынан



А Мәтіннен қаратпа сөздерді тауып, оларға фонетикалық талдау жасаңдар.

1.4. МӘНГІЛІК САРЫН: ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ 1000 КҮЙІ



Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында қандай жобалар жүзеге асырылды?

2. «Қазақтың дәстүрлі 1000 өні», «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» антологиясы туралы не білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтіндерді оқып, ондағы негізгі ойды анықтаңдар. Берілген пікірлерді толықтырыңдар.

1. «Біздің бай тарихымыздың материалдық емес мұрасы терең рухани мағынаға ие және ол ұлттың мәдени құндылықтарының негізі саналады. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның бір жетістігі ЮНЕСКО-мен ынтымақтастық қарым-қатынасты орнату және нығайту болып саналады. Соның нәтижесінде 2014-2015 жылдары адамзаттың бүкіләлемдік материалдық емес мәдени мұралар тізіміне қазақтың киіз үйі, айтыс және күй өнері енгізілді. Қазақтың қасиетті киіз үйі, суырыпсалма айтысы мен күмбірлеген киелі күйі енді қазақтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани мұрасы саналады. Оған куә – бүгін мұражайға тапсырылып отырған ЮНЕСКО-ның арнайы сертификаттары...», – деп атап өтті И.Тасмағамбетов.

ЮНЕСКО-ның тізіміне мұраларды тіркеу Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраларын елімізде және халықаралық деңгейде кеңінен насихаттауға, сондай-ақ оларды қорғау бойынша ұлттық деңгейде жүйелі шаралар қабылдауға ықпал етеді.

Р.Қайдар. «Егемен Қазақстан» газетінен

2. ... «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» шеңберінде бағзы замандардан¹ келе жатқан күй атасы Қорқыттан бастап Ықыласқа дейінгі қобызға

¹ Бағзы заман – ежелгі, ескі дәуір.

арналған күйлер мен Сармалай бастаған сыбызғы күйлерінің де сараланып осы жинаққа енгізілуі – жобаның құнын арттыра түсетін соны жаңалық.

Еліміздің алуан аймақтарында қалыптасқан Шығыс, Батыс, Арқа, Қаратау, Жетісу, Сыр бойы, Маңғыстау күй мектептерінің ғана емес, елімізден тысқары Моңғолия, Қытай қазақтары күй дәстүрлерінің бір жобада тоғысуы терең тамырлы халқымыздың мәдени бірлігінің айқын айғағы деп бағалаған жөн.

Қай замандағы болмасын күй өнеріндегі ортақ сарын – азаттыққа, бостандыққа ұмтылу, ел тәуелсіздігін аңсау. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ күйлері – халқымыздың ғасырлар бойы армандап, бүгінгі ұрпақ жүзеге асырған тәуелсіздікті жақындатқан ең қастерлі құндылық.

Н.Ә.Назарбаев

3. ...*Күй* сөзі түркі халықтарының біразында этномузыкалық термин ретінде пайдаланылады. Түпкі мағынасы «хал-жағдай, көңіл ауаны» сияқты психо-эмоциялық ұғымды білдіреді. Осы атаудың өзінен-ақ күйдің табиғатына жан толқынысының әуендік баламасы іспетті айқын психологизм тән екендігін аңғарамыз. Бұл күй жанрының өзге сипатын – баяндаушылық, суреттеушілік, кейіптеушілік¹ қасиетін жоққа шығармаса керек.

Күй – құрылымы жағынан шағын болғанмен, мазмұны терең, ойлы, сырлы, әуендік бітімі күрделі, музыкалық формасы кемел, жанрлық заңдылық белгілері әбден тәптіштелген аспаптық пьеса. Күйдің қай заманнан бері тартылып келе жатқандығының нақты дерегі жоқ. Бірқатар зерттеушілер күй ғұн, түркі дәуірінде пайда болған деп пайымдайды. Күйлер, негізінен, үш аспапта – домбыра, қобыз, сыбызғыда орындалады. Соның ішінде дәстүрлі қазақ музыкасының мейлінше кең таралған және аса биік профессионалдық өреге жеткен саласы – домбыра күйлері. Бұл, әсіресе, XVIII–XIX ғасырларда байқалған құбылыс. Алайда ең көне күйлер қобыз бен сыбызғыда орындалғаны даусыз ақиқат.

«Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» антологиясынан



А Берілген тұжырымдардың қай мәтінге сәйкес келетінін анықтап, ойларыңды дәлелдендер.

1. Ұлттың ұлық өнері.
2. Адамзатқа ортақ рухани құндылық.
3. Ұлттық музыка тарихындағы елеулі оқиға.



Ә Мәтіндерден термин сөздерді тауып, олардың терминдік мәнін сөздіктен қарап жазыңдар.

¹ *Кейіптеушілік* – бейнелеушілік, суреттеушілік.



Б Қажетті ақпараттарды орынды қолданып, оқылым мәтіндерінен дәйексөз келтіре отырып, «Күй – киелі де қастерлі, сырлы да сұлу өнер» деген тақырыпта эссе жазыңдар.



В Жазған эссені өзара алмасып, бір-біріңнің жұмыстарыңа талдау жасаңдар. Қажетіне қарай логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

Грамматикалық материал

Шешендік сөзге қойылатын талаптар

Шешендік сөз – көпшілік алдында сөйленетін сөз. Шешендік сөздің мақсаты – тыңдаушыға ой салып, сезімін тербетіп, сол арқылы оны иландыру, сендіру.

Шешендік сөзге қойылатын талаптар: белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғауы, ойдың берілуінде жүйеліліктің болуы; айтылатын сөздің тыңдаушыны ойландыратындай логикалық күшті өзегінің және пікірдің дәлелді болуы; сөз байлығының молдығы және сөздер мен сөз тіркестерін қажетіне қарай дұрыс сұрыптай алуы, оларды орынды, түсінікті әрі айшықты өрнектілікпен жұмсай білу және тартымды сөйлеуден көрінетін эстетикалық талғамының жоғары болуы.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ойды тезис¹ түрінде жазыңдар.

Римдік Марк Туллий Цицерон ғылымды тастай түйілген жұдырыққа ұқсатса, шешендік өнерді саусақтары сала-сала болып жазылған ашық алақанға балайды. Ғұлама тастай түйілген жұдырық бейнесі арқылы ғылыми ойдың бұлтартпас дәлелдігін, нақтылығын баса көрсетсе, ашық алақан арқылы шешендік өнерге тән жүйелілік пен бейнелілікке назар аударады. Сөйте отырып, ол шешендік өнердің мәні мен мағынасы ғылымға негізделетінін көрсетеді. Бұл – Цицерон сөз өнеріне тән басты қасиеттер қатарына ойдың тереңдігін, бұлтартпас дәлелдігі мен нақтылығын да қосып отыр деген сөз.

Ж.Дәдебаев. «Сөз өнері және өнерпаз келбеті» мақаласынан



Есте сақта!

Ма (*ме, ба, бе, па, пе*) шылауы тұлғасы жағынан болымсыз етістік жасайтын жұрнаққа ұқсас. Шылау бөлек жазылады, болымсыздықты білдіретін жұрнақ түбірге қосылып, бірге жазылады. Кейде бұл шылау жалғаулардан бұрын келеді. Мұндай жағдайда *ма, ме, ба, бе, па, пе* шылаулары *мы, мі, бы, бі, пы, пі* болып өзгереді және сөзге қосылып жазылады: *Сен үйде қаламысың әлде киноға барамысың?*

Қазақ тілінің анықтағышынан

¹ *Тезис* – мәтінде, шығармада айтылатын ойдың жинақталып берілген қысқаша желісі. Тезистің негізінде ойды таратып жеткізуге болады.



3-тапсырма. Жақша ішінде берілген грамматикалық тұлғаны емлеге сай жазып, тыныс белгілерін қойыңдар.

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыс (па)
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыс (па)
Мінезі жаман адамға
Енді қайтып жуыс (па)
Тәуір көрер кісіңмен
Жалған айтып суыс (па)

Білімді қуған жақсыға
Залал қылмас мың қарға,
Жаман туған жігітке
Рақатты күн бар (ма)
Өз мінін білген жігіттің
Төлімінде мін бар (ма)

Ақтамберді жырау

Асанқайғы



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Сөздіктерді пайдаланып, қарамен берілген тіркестердің мағынасын түсіндіріңдер.

Өз Жәнібек жаяу мал қарап жүрген балаға кез болады.

– Шырағым, елсіз жерде неғып жүрсің? – деп сұрайды.

– Жалғыз түйемнен көз жазып қап, соны іздеп жүр едім, – деп жауап береді бала.

– Түйенді тұсап қойсаң болмай ма?

– Түйемнің тұсауы өліп қалып еді, – дейді бала. Ол әкем өліп қалып еді деген сөзі екен.

– Балам, біз қай үйде қонамыз?

– Бір қой жеймін десеңіздер, қай үй болса да қона бересіздер. Екі қой жеймін десеңіздер, біздің үйге қонасыздар, – дейді бала. Жәнібектің қасындағылар:

– Мынау бір мырза бала екен, осының үйіне қонайық, – дейді. Келген соң бала бір буаз саулықты жетектеп келеді.

– Шырағым, бойдақ қой жоқ па? – деп ескертеді олар.

– Бойдақ қойдың жоғын далада айтпап па едім? Біздің үйге қонсаңыздар екі қой жейсіздер дегенім осы емес пе? – дейді бала.

Қонақтар оның жауабына қайран қалады.

«Шешендік шиырлары» кітабынан



А Демеуліктердің жазылу емлесіне назар аудара отырып, баланың сөзінен шешендікке тән белгілерді табыңдар.

1.5. ҚАЗАҚСТАН – ҚЫЗҒАЛДАҚТЫҢ ОТАНЫ



«Ұлы даланың жеті қырының» бірі ретінде неліктен алма мен қызғалдақ алынған?



1-тапсырма. Берілген сөздерді өзара байланыстыра отырып, тыңдалым мәтінінің мазмұнын болжаңдар. Ойларыңды дәлелдеңдер.

1. Қазақстан – Тянь-Шань таулары – өлемге таралу.
2. Фестиваль – жаңа сұрып – Нидерланды Корольдігі.



А Мәтіндерді тыңдап (3-аудио), талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

Грамматикалық материал

Пікірталас және оның түрлері

Пікірталас – ойды, идеяны ортаға салу, қорғап сөйлеу. Пікірталас белгілі бір тақырыпқа негізделеді, арнайы мақсаты болады: қоғамдық пікір қалыптастыру, көпшілікке ой тастау, мәселені шешудің мүмкіндіктерін қарастыру, қарсыластың көзін жеткізу, ортақ шешімге келу және т.б.

Пікірталас мақсаты, жүргізілу тәртібі мен ережелері өту сипатына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Олар: *ойталқы (диспут), ойкөкпар (дебат), дөңгелек үстел, пікір алмасу, сөзталас, айтыс*.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Пікірталас мәдениетінің талаптарын жинақтап жазып, берілген мәліметтер мен пікірлерді толықтырыңдар.

Қажетті тірек сөздер: мәдениеттілік, білім, айқындылық, сөзге тоқтай білу, тіл байлығы.

Үлгі:

Мәдениеттілік	дауыс көтермеу, дәрекі сөйлемеу, өзгенің пікірін сыйлау
---------------	---

Пікірталастың қай түрі болса да сайысшылар пікірталас мәдениетінің негізгі талаптарын білуі керек. Сол талаптарды сақтап сөйлеу пікірталастың нәтижелі өтуіне көмектеседі.

Сайысшылар пікірталасқа түскенде өзінің сол мәселеге қатысты көзқарасын анықтап алғаны жөн: жағымды, жағымсыз, қолдау, қолдамау. Сайысшылардың пікірі әртүрлі болуы мүмкін, бірақ ортақ мақсатқа – дұрыс шешім шығаруға, шындыққа көз жеткізуге ұмтылуы тиіс.

Пікірталаста ой мен сөздің бірлігі – жеңіске жеткізетін құрал. Бөрінен бұрын пікірталас тақырыбына қатысты ұғымдарды анықтап алып, қажетті сөздер мен терминдерді дәл тауып қолдану керек. Ғылыми терминдерді шектен тыс қолданбаған дұрыс. Қолданылған сөздер пікірталасқа түскендердің бөріне бірдей түсінікті болуы керек. Пікірталаста көпмағыналы сөздерді дұрыс қолданбау сөйлеудегі қателікке ұрындырады.

Пікірталас мәдениетінде қарсыласыңды құрметтеу, пікірін сыйлау, оны сабырлылықпен тыңдай білу – маңызды нәрсе. Қарсыласыңның дәлеліне нанымды дәлелдермен тойтарыс беруге болады, бірақ дәрекі сөздермен, мазақ күлкімен жәбірлеуге, дауыс көтеріп ұрсуға болмайды.

Сыйлы қарым-қатынас, қарсыласыңның пікірі мен көзқарасын түсінуге тырысу даулы мәселелерді жемісті талқылауға қажетті алғы-шарт болып табылады.

Г.Қосымова. «Қазақ шешендік өнерінің негіздері» кітабынан



А Мәтіннің мақсаты, стильдік сипаты мен тілдік амал-тәсілдері арқылы стилін анықтаңдар.



3-тапсырма. Мәтіндерді оқып, берілген тапсырмаларды орындаңдар. «А» мәтіні бойынша: бос орындарды ойдың логикалық жүйесіне қарай берілген сөйлемдермен толықтырып айтыңдар. Қажет болса, мәтінге стильдік түзетулер енгізіңдер. «Ә» мәтіні бойынша: ойды дұрыс жүйелеп, мәтінді абзацтарға бөліңдер.

«А» мәтіні

1. Сол үшін де сіздің елге қарыздармыз.
2. Бұл біздің елімізге қызғалдақ гүлін әкелді.
3. Саудада да ол ең өтімді өнімге айналды.

Ұлы Жібек жолы ғасырлар бойы Еуропаны Азиямен, сондай-ақ Қазақстанды Нидерландымен байланыстырып тұрды. _____ Қазақстанның даласы мен тауларында жайқалып өсетін бұл гүл осылайша Нидерландыға кең тарады. _____ Қазіргі кезде

қызғалдақ гүлі – нидерландықтардың барынша танылған экспорттық¹ тауары. Ол біздің ұлттық символымыз іспетті. Қызғалдақ – ең үлкен сыйлық. _____ Қызғалдақ екі мемлекеттің арасындағы қатынастарды гүлдендіретін дәнекер ретінде жайнап өсе берсін!

Нидерланды Ханшайымы Беатрикс ханымның сөзінен. «Егемен Қазақстан» газеті

«Ә» мәтіні

Қызғалдақ май – жазғытұрым мамыр айында алғашқы шайқалған майға көрші-қолаң әйелдерді шақырып, ырымдап тамақ беру кәдесі. Әдетте, сиырдың сарымайын қысқы азық ретінде жинап, қарынға салып сақтайды. Себебі қарынға салынған май өзінің жұғымдылық, дәмділік қасиеттерін жоғалтпай, қысқа дейін сақталады. Құдағи, құдашалар арасында сарымайды қастерлеп, бір-біріне сыбаға ретінде беріп жіберу дәстүрі болғандығы белгілі. Ынтызар, қимастай болып сақтап келген затқа қатысты айтылатын «сарымайдай сақтаған» тіркесі осыған байланысты қалыптасса керек. Міне, осындай сыйлы тағамның жаңа маусымда бірінші рет дайындалуы – қызғалдақ май жоралғысы ауыл ішіндегі құт-берекенің молаюына бағытталған жора болып саналады.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясынан

¹ Экспорттық – экспортқа, шетелге шығарылатын (өндірістік өнімдер, тауар).

**Есте сақта!**

Үш буынды сөздердің ортасында дүдәмалдау естілетін қысаң ы, і дыбыстардың әріптері көбінесе түсірілмей жазылады: *абырой, айырым, азына, ақымақ, аңызғақ, аңырау, атырап, бадырақ (көз), бытыра, дәрігер, ежірею, елегізу, жадырау, жапырақ, жауырын, жұдырық, қабілет, қағілез, қапырық, қасірет, қатынас, қоңырау, құбылыс, құдірет, құжынау, құрылыс, мағына, мәжіліс, мәлімет, мәміле, мейірім, меңіреу, мөңіреу, саңырау, тамызық, тоқырау, ұмыту, үкімет, ықылас, ысырап.*

Мына сөздердің ортасында ы, і әрпі жазылмайды: *баурау, мәжнүн, медресе, сахна, яғни.*

Қазақ тілінің анықтағышынан



4-тапсырма. «Есте сақта!» айдарында берілген сөздерді айтылуы бойынша жазыңдар. Қажет болса, орфоэпиялық сөздікті пайдаланыңдар.



А Сөздердің орфографиялық нормаға сай жазылған нұсқасымен сөйлем құраңдар. Сөйлемдерің «Қызғалдақ фестивалі» тақырыбының аясында болуын ескеріңдер.

қазына – қазна

абырой – аброй

жайылым – жайлым

уағыдаласу – уағдаласу

(тау) бауырайы – (тау) баурайы

ашылу салтанаты – ашлу салтанаты

сахналық қойылым – сахналық қойлым

1.6. ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ



Суретте көрсетілген «Қазақ елі» мәдени-архитектуралық монументі туралы не білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, маңызды деректерді графиктік сызбаға түсіріңдер. Өзіндік тұжырым жасаңдар.

Арқа төсіндегі сәні мен салтанаты жарасқан елорда бүгінде озық идеяларды, жаңа ғылыми шешімдер мен сәулет өнерінің озық үлгілерін өмірге әкелетін жерұйық іспеттес. Астанамызда заманауи құрылыс саласының барлық құрылымын қамтитын жаңа құрылыс кластері қалыптасты. Бас қаланың көркін арттырған сәулет



Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақ елі» монументі

өнерінің озық үлгілері салтанат құрды. Олар: «Ақорда», «Астана триумфы», «Пирамида», «Бөйтерек», «Хан Шатыр» т.б. ғимараттар. Бұл архитектуралық ансамбльдерге «Қазақ елі» монументі, «Мөңгілік ел» аркасы қосылды. 91 метрлік зәулім тұғырдың ұшар басынан аспанға ұмтылған самұрық құс азаттық аңсаған әрбір қазақ баласының жүрегіне мақтанш сезімін ұялатты. Батыс пен Шығыс өркениетін жалғастыратын алтын көпір атанған елордамыз бүгінде төрткіл дүниенің толғақты түйіндерін талқылайтын жаһандық орталыққа айналғаны да ақиқат. Оған елордада өткен ЕҚЫҰ саммиті, VII Қысқы Азия ойындары, ИКҰ форумы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері толық дәлел бола алады. Халықаралық айтулы оқиғалар эстафетасын «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі жалғастырды.

Міне, осындай тамаша жетістіктер мен жеңістерге толы 20 жыл ішінде Ұлы даланың Сарыарқа төсінде ХХІ ғасырдың ғажайыбы, әлемдік мегаполис, арман қала бой көтерді. Осы жылдар ішінде қала халқының саны үш есе артып, 298 мың адамнан 1 миллион адамға жетті. Жоғары оқу орындарының саны үш есе көбейді. Сонымен қатар жаңа жұмыс орындарымен қамтылған астаналықтар саны 136 мыңнан 466 мыңға дейін өсіп, 3,5 есе артты. Қала аумағы 258 шаршы шақырымнан 800 шаршы шақырымға дейін өсті.

Жиырма жыл ішінде елордамыз Қазақстанның шынайы тәуелсіздігі мен егемендігін паш еткен мемлекеттік орталық болып танылды. Болашақта да елордамызда ғасырлар бойы Қазақстан халқының азат ойы мен мүдделері, асқақ арманы мен мақсаттары іс жүзіне асырыла бермек.

Ж.Жағыпарұлы. «Егемен Қазақстан» газетінен



А Мәтін мазмұны бойынша тезистерді таратып айтыңдар.

1. Батыс пен Шығыс өркениеті тоғысқан қала.
2. Елорда – төрткіл дүние көз тігіп қарайтын жаһандық орталық.
3. ХХІ ғасырдың ғажайыбы, әлемдік мегаполис, арман қала.



Ә Берілген сөздер мен тіркестердің мағынасын қалай түсінетіндеріңді жазыңдар. Өз пайымдауларыңды «Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігіндегі» осы сөздерге берілген анықтамалармен салыстырыңдар.

ерен

кластер

төрткіл дүние

салтанат құру

архитектуралық ансамбль

Грамматикалық материал

Ойталқы (диспут)

Белгілі бір мәселені арнайы жиналған топтың алдында талқылаудың түрі – *ойталқы*. Ойталқы – ғылыми немесе қоғамдық тақырыптың төңірегінде болатын пікірталас, сөз жарысы. Ойталқының мақсаты – өзекті мәселе төңірегіндегі әртүрлі көзқарасты талқылай отырып, сол мәселені шешу мүмкіндіктерін қарастыру.

Ойталқының түрлеріне ғылыми диссертация қорғайтын кеңестің мәжілістері, белгілі бір шығарма, өнер туындысын талқылау жиындары жатады. Мұндай жиындарда белгілі бір мақсатты көздеп, арнайы тақырыпта айтылатын ойды талқылауға ұсыну үшін баяндама жасалады. Төраға талқылау үдерісіне басшылық жасап, жүргізіп отырады.



2-тапсырма. Араларыңнан бір баяндамашы мен төраға белгілеп, сыныпта ойталқы ұйымдастырыңдар. Үлгі ретінде ұсынылатын тақырып: «Нұр-Сұлтан келбеті: дәстүр мен жаңашылдық».



А Елордаға қатысты деректерді әрі қарай жалғастырыңдар.

✓ «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығы шатыр формасындағы ең үлкен ғимарат ретінде Гиннестің рекордтар кітабына енген. Оның биіктігі – 150 метр.

✓ «Әзірет Сұлтан» мешіті – Орталық Азиядағы ең үлкен мешіттердің бірі. Оның аумағы 11 гектар, ішіне 10 мың адам сияды.

✓ ...



Есте сақта!

Кейбір сөздердің соңғы буынындағы *ы, і* дыбыстары сол сөздерге белгілі бір қосымшалар жалғанғанда айтылуда да, жазғанда да сусып түсіп қалады: *орын + а – орна(ды), бұйыр + ық – бұйрық, қорық + ыт – қорқыт(у), қырық + ыншы – қырқыншы*. Ескерту: *айыр-, қайыр-, үйір-, шүйір-* етістіктерінің түбірлеріне *-ыс, -ыл* т.б. етіс жұрнақтары жалғанғанда *й*-ден кейінгі *ы, і* әріптері түсірілмей жазылады: *айырылу, айырысу, қайырылу, қайырысу, үйірілу, шүйірілу*.

Қазақ тілінің анықтағышынан



3-тапсырма. Қарамен берілген сөздердегі *ы, і* әріптерінің жазылуына қатысты ерекшеліктерді түсіндіріңдер.

бас қаланың көркі – көрікті қаланың бірі

бас әріппен жазу – «Ә» әрпінің жазылу емлесі

Қазақстан халқының арманы – халықтың мақтанышы

жоғары оқу орнында болу – елорданың жоғары оқу орындары



А Өлеңді мәнерлеп оқып, қарамен берілген сөздердегі *ы, і* әріптерінің жазылуына назар аударыңдар.

Сақта, Төңір!
 Сақпыз,
 Ғұнбыз,
 Түркіміз,
 Тұранда өскен тұлпар тектес **түрқымыз!**
 Ер Тоңғаның,
 Тоныкөктің,
 Тұмардың, Өз Тәукенің,
 Абылайдың жұртымыз!
 Сөз киесін,
 Ой салмағын,
 Жыр құнын,
 Қасиетін білдік дала **ғұрпының!**
 Көшпендінің қара шаңырағымыз,
 Отанымыз үш жүз миллион түркінің!
 Биік қала,
 Бекзат қала,
 Бақ қала,
 Сен – Астана ғұнға, түркі, саққа да!
 Алты құрлық назары бір өзіңде,
 Алты алашқа тақ қала!

Е.Жүніс. «Үміт жырлары» кітабынан



Ә Өлеңдегі қарамен берілген сөздерге лексикалық және морфологиялық талдау жасаңдар.



4-тапсырма. Қажетті ақпараттарды орынды қолданып, «Нұр-Сұлтан – болашақтың қаласы» тақырыбына эссе жазыңдар.



А Жазған эсселеріңмен өзара алмасыңдар. Сөз әдебін сақтай отырып, бір-біріңнің жұмыстарыңа ауызша талдау жасаңдар. Қажетті тұстарына логикалық және стильдік тұрғыдан түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

1.7. «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ



Берілген сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңдер.

НЕ МӘҢГІЛІК?



КІМ МӘҢГІЛІК?



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар.

Мәңгілік ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы.

Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді.

Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді.

Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргетасын қаладық.

Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік ел» идеясы.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді.

Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – мәңгілік Елордамызды тұрғыздық.

Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел!

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын.

Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама.

Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.

Байлығымыз да, бақытымыз да болған мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауынан



А Маңгілік елдің басты құндылықтарын сызбаға жазып, талқылаңдар.



2-тапсырма. Кестені дәптерге көшіріп, көрсетілген белгілердің ғылыми стильге тән деген тұсына «+» белгісін қойыңдар. Жауаптарыңды ауызша мысал келтіре отырып дәлелдендер.

Стильге тән белгілер	Ғылыми стиль
Жазбаша түрде ғана кездеседі.	
Насихат, үгіттеу мақсатын көздейді.	
Болмыстың мәнді белгілерін ашуды көздейді.	
Зерттеу нысаны болатын зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталады.	
Сөздер ауыспалы мағынада қолданылып, ой астарлап жеткізіледі.	
Ойды жеткізуде сабақтас құрмалас сөйлем жиі қолданылады.	

Өзіңді тексер!

- Ғылыми стильге тән белгіні көрсет.
 - Бейнелі сөз орамдарының жиі қолданылуы;
 - тіл бірліктерінің ауыспалы мағынада келуі;
 - нақтылық, айқындылық, мазмұн дәлдігі;
 - ойдың эмоционалды-экспрессивті берілуі.
- Ғылыми стильге тән лексикалық ерекшелікті белгіле.
 - Ойдың анық, дәл берілуі;
 - терминдердің жиі қолданылуы;
 - ойдың хабарлы сөйлемдермен берілуі;
 - баяндауыштың ырықсыз етіс түрінде келуі.
- Ғылыми стильдің жанрлық түрлерін көрсет.
 - Шығарма, әңгіме, баяндама;
 - сөздік, анықтамалық, энциклопедия;
 - өмірбаян, қызметтік хат, түйіндеме;
 - ақпараттық хабар, очерк, репортаж.
- Шешендік сөздің мақсатын анықта.
 - Көтерілген мәселеге сын айту;
 - қандай да бір пікірді жоққа шығару;

Әйтеке жұртқа қарап:

– Ниеті жаманның иманы кетер, әйелі жаманның мейманы кетер, – деді...

Ә.Кекілбаев. «Үркер» романынан



А Билердің айтқан қанатты сөздерін жазып алып, синтаксистік талдау жасаңдар.



6-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар. Қарамен жазылған сөздер мен тіркестердің мағынасын түсіндіріңдер.

Жанартаудай жалын атқан дабылы,
Қазақ елін бүкіл әлем таныды.
Жүз жыл қырғын, мың жыл сүргін болса да,
Шайқалған жоқ Рухымның тамыры...

Ер Еділдей ел билеген нарларым,
Көк Түркінің көрсем деген таңдарын...
Керей менен Жәнібектің арманын,
О, Төңірім, ақиқатқа жалғадың.

Ғаламдағы жан жылытар жәннатым,
Келбетімен көздің жауын алатын.
Беу, бұл Дала – аманатым аяулы,
Мирас болып ұрпағыма қалатын.

Бабалардың үмітінің нұрымын,
Көк байрақпен мәңгі бірге ғұмырым.
Ұмытпайды тарих қайсар, ержүрек
Ұлы Дала ұлдарының дүбірін.

Еркіндіктің ерке таңын қарсы алып,
Еркіндікпен қайта оралды қанша құт.
Бүкіл әлем көз қадайды қызығып,
Ару қалам Астанама тамсанып.

Қазағым деп лүпілдейді жүрегім,
Садағаңмын, айналайын Ұлы елім!
Күндіз-түні Күлтегіндегі көз ілмей,
Мәңгі Елімнің мәңгілігін тіледім!!!

М.Райымбекұлы



Ғалым болам десеңіз...

1. М.Балақаев, М.Томанов, Е.Жанпейісов, Б.Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: Дәуір, 2005.
2. Ә.Ыбырайым. Стилистика және редакциялау. Алматы: Дәуір, 2014
3. Р.Сыздықова. Қазақ тілінің анықтағышы. 12-том. Алматы: Ел-шежіре, 2018.
4. Қазақтың шешендік сөздері. Алматы: Ана тілі, 2007.

ОРФОГРАФИЯ

ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬ

Бұл бөлімде сендер:

- білімнің маңыздылығы, сөйлеу және кітап оқу мәдениеті, мамандық таңдау, дарынды жастар туралы мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды, сөз орамдарын талдап, тілдік ерекшеліктерін салыстырасыңдар;
- публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктерін меңгеріп, тілдік құралдар арқылы мәтін стилін ажыратуға дағдыланасыңдар;
- шешендік сөздің сипаты, шешендік сөздің түрлері – шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік даудың өзіндік ерекшеліктері туралы білесіңдер;
- ойкөкпар (дебат) және оның өткізілу тәртібін меңгеріп, түрлі тақырыптарда ойкөкпар ұйымдастыру және басқа да шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды орындайсыңдар;
- кейбір сөздердің жазылуы мен айтылуындағы ерекшеліктер, сөйлеу тіліне тән гаплогия, элизия құбылыстары туралы білетін боласыңдар.

2.1. ЕЛ ТІРЕГІ – БІЛІМДІ ЖАСТАР



«Жаста алған білім – тасқа басылған өрнек» деген ойды таратып айтыңдар.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Қадірлі Ел жастары!

Білім жолындағы жас қырандар!

Ықылым замандардан қалған «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген аталы сөз бар. Қазақтың бұл мақалының өзектілігі бүгінгі таңда тіптен айырықша.

Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді. Сол білімді әжетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімен бағаланады.

Инемен құдық қазғандай қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен жігерді талап ететін білімсіз – өмір тұл.

Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны...

Қымбатты жастар!

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – білім» деген.

Біз өрлеуді өмірінің өзегі еткен халықпыз. Мына заманда «Өнердің кілтін тапқан ғана өрге шабады». Сендер – тәуелсіз Қазақстанның келешегі үшін тарихи жауапкершілік арқалайтын азаматсыңдар. Осы жауапкершілікті сезіне біліңдер.

Мемлекеттің ең ұлы мұраты – әрбір азаматының тауқымет көрмей, бақуатты тіршілік кешуі. Қазақ «Бейнет түбі – зейнет» дейді. «Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» тіршілік жасау бізге жат қылық болуы тиіс. Біздің қоғамда адал еңбекті терең біліммен ұштастырған ғана табысқа жете алатынын қаперден шығармаған абзал. Бұл – заман талабы.

Сендер Қазақстанның өз ғылымы мен технологиясын, өзіндік ұстанымын жасайтын ғылым иесі болуларың керек. Кез келген кәсіп иесі өз шаруасын тың тәсілмен, жаңа әдіспен істеуге ұмтылса ғана ешкім жетпеген табысқа жете алады. Өзгелер салған сұрлеуге түсіп, бөтен іздің шаңын жұту Қазақстан жастарының таңдауы емес.

Сендер, Тәуелсіз Қазақ елінің білімді жастары, өз соқпақтарыңды салып, оны елді дамуға бастайтын даңғылға айналдыруға тиіссіңдер!

...Адамзатты терең ойға кемел білім жетелейді.

Оқыңдар! Білім алыңдар! Талаптана біліңдер! Тынымсыз еңбекте-
ніңдер!

Тұлпар дүлдүлдігімен, адам білгірлігімен озады.

Беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермеген, өзгермейтін темірқазықтар бар. Ол – білім! Ол – еңбек!

Ел болашағының баянды болмағы – баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты. Ендеше, білімдерің толыссын! Еңбектерің жансын!

«Қазақстан білім қоғамы жолында» атты Елбасының Назарбаев Университетінде оқыған лекциясынан. «Егемен Қазақстан» газетінен



А Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Мәтіннен мақал-мәтелдерді, дәйексөздерді (цитата) көшіріп жазып, оларды тақырып бойынша топтастырыңдар.

2-деңгей. Олардың мағынасын түсіндіріңдер.

Мақал-мәтел, дәйексөз (цитата)	Түсіндірмесі

3-деңгей. Әр тақырып аясындағы мақал-мәтелдер қатарын мөндес нақыл сөздермен толықтырып, оларды тура немесе астарлы мағынада қолданылуына байланысты ажыратып жазыңдар.

Үлгі. Тақырып: Еңбек.

Еңбек		
Бейнет түбі – зейнет. Еңбек етсең – емерсің. Есесі қайтпас еңбек жоқ. ...		



Ә Мәтіннен алынған сөз орамдарының мәнін ашып түсіндіріңдер.

аталы сөз
еңбегі жану
қолда ойнаған еңбек
азаттықтың алдаспаны

баста бұлықсыған білім
өрлеуді өмірінің өзегі ету
бөтен іздің шаңын жұту

Грамматикалық материал

Публицистикалық стиль

Публицистика қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымды білдіреді.

Публицистикалық стильде сөз үндеу мәнінде жұмсалады. Үндеу, үгіттің мақсаты – бұқараға ықпал ету, жұртшылықты қоғамдық мәні бар іске жұмылдыру, қандай да бір құбылысқа баға бере отырып, қоғамдық пікір туғызу.

Публицистикалық стиль фактіні толық әрі жүйелі баяндау тәсілі жағынан ғылыми стильге, образды сөздерді қолдану сипаты жағынан көркем әдеби стильге жақын.

Публицистикалық стиль жазбаша және ауызша түрде қолданылады.

Жанрлық түрлеріне *репортаж, бас мақала, ақпараттық хабар, очерк, сұхбат, памфлет* және т.б. жатады.



2-тапсырма. Оқылым мәтінінен (1-тапсырма) публицистикалық стильге тән белгілерді анықтап, мысалмен дәлелдеңдер.



3-тапсырма. Мәтіндерді оқып, құрылымы мен рәсімделуіне, стильдік белгілеріне талдау жасаңдар.

1. Публицистикалық стиль өртүрлі стильдік бояуға ие тілдік құралдардың кең қолданысымен ерекшеленеді. Олардың арақатынасы шығарманың жанры мен стиліне байланысты. Бір тілдік құралдың өзі барлық стильде қолданыла беруі мүмкін, бірақ олардың рөлі әрқайсысында өртүрлі болады. Сондықтан әр стиль басты және қосымша белгілерге ие. Мысалы, ғылыми стильдің басты және тұрақты белгісі терминдердің көп қолданылуы болса, бейнелілік – көркем сөздің басты белгісі.

Публицистикалық стильдің жанры әр алуан және жазбаша да, ауызша да көріне береді. Оған хабарлау және әсер ету функциялары тән. Осы жағдайлар оның тіліне де ықпалын тигізеді.

Б.Шалабай. «Қазақ тілінің стилистикасы» кітабынан

2. Тыңдаушысының көңіл күйі, сезімімен санасып, ой-қиялын баурап алуға тырысатын публицистикалық стильде сөз саптау ой өткірлігіне, сезім ширақтығына негізделеді. Мұндай сөздерде ойдың өткірлігіне қоса, оның шындыққа барынша жанасымды болуы талап етіледі. Жүйесін табар ойлы сөз логикалық пайым нәтижесі болса, тыңдаушы сезіміне әсер ету эстетикалық көркемдіктің үдесінен шығуды білдіреді.

Н.Уәли



А Мәтіннен термин сөздерді тауып, олардың терминдік мәнін ашыңдар.



Ә Грамматикалық материалдағы және мәтіндегі негізгі ақпараттарды іріктеп, «Публицистикалық стиль» кластерін жасаңдар.



Есте сақта!

Алғашқы буындағы еріндік ө дыбысының әсерімен екінші буындағы езулік е дыбысы ө болып айтылады, бірақ жазуда е әрпі жазылады: *бөрене – бөрөне (айтылуы); жол-жөнөкей – жолжөнөкей (айтылуы).*

Алдыңғы буындағы еріндік ұ, у, о, ө дыбыстарының әсерінен келесі буында естілетін (айтылатын) ұ, у дыбыстарының орнына ы, і әріптері жазылады: *құндыз – құндұз (айтылуы), бүгін – бүгүн (айтылуы), өңір – өңүр (айтылуы), орын – орұн (айтылуы).*

Қазақ тілінің анықтағышынан



4-тапсырма. Оқылым мәтінінен (1-тапсырма) ө әрпімен келген сөздерді теріп жазып, орфоэпия заңына сәйкес айтыңдар.



А Мәтінді оқыңдар. Шешендік сөзді әсерлі, ұтымды етіп тұрған не? Ойларыңды дәлелдендер. Ө әрпімен келген сөздерді тауып, айтылуы бойынша жазыңдар.

Тоғыз жасар **Жетес** тоқсандағы **Төле** биге сәлем бере барыпты. Сонда **Төле** би:

– Бата – басқа, қына – тасқа, ақыл – жасқа, не қалайсың балам? – депті.

Сонда **Жетес** бала:

– О, қасиетті баба! Ат берсеңіз, өліп қалады, тон берсеңіз, тозып қалады. Ат, тонға бергісіз өлмейтін, өшпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсиет айтсаңыз, соған ризамын, – депті.

– Онда қолыңды жай, балам, – деп, **Төле** би былай деген екен:

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол!
Бір тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала,


Қараны қара деп қарала.
Өзегің талса өзен бойын жағала,
Басыңа іс түссе, көпшілікті сағала.
Өзіңе-өзің көміл бол,
Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адал бол!

«Шешендік шиырлары» кітабынан

2.2. БОЛАШАҚҚА ЖОЛ АШҚАН БАҒДАРЛАМА



Болашақ сөзіне қатысты қандай ассоциация туындайды?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдай отырып (4-аудио), негізгі ақпараттарды конспект түрінде жазып алыңдар.



А Конспектілеріңді пайдаланып, дәптерлеріңе кестені тиісті ақпараттармен толықтырыңдар.

«Болашақ» бағдарламасының даму кезеңдері	
1993–2007	өлеуметтік-экономикалық сала мамандарын даярлауға көңіл бөлу; ...
2005–2007	...
2008–2010	қысқамерзімді тәжірибеден өту мүмкіндігі; ...
2011–2013	...
2014–2016	ағылшын тілін білу деңгейінің (IELTS) 5.0 балға көтерілуі, ...
2017-2018	...




Ә «Ана тілі» газетінен алынған график түріндегі ақпараттарды пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Болашақ» бағдарламасы бойынша қай елде және қай бағыттағы мамандықта білім алып жатқандар көп? Неге?

2. Сен қай мамандықты және қай елді таңдар едің? Неге?

¹ Конспект (лат. *conspicere* – шалу) – кітап, дәріс, баяндама, мақала және басқа жазбаша не ауызша мәтіндердің маңызды тұстарын, негізгі тұжырымдарын қысқаша түрде жазу.

«Болашақтықтардың» таңдауындағы мамандықтар, %




■ Негізгі түйін
■ Иновациялық мамандықтар
■ Мәдениеттік
■ Шығармашылық

«Болашақтықтар» білім алып жатқан елдер, %



Б «Білім беру саласына инвестиция салу» тақырыбын ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып, ойларыңды «Балық қаңқасы» арқылы тұжырымдаңдар.



Грамматикалық материал

Публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктері

Публицистикалық стильде:

– экспрессивті сөздер мен бағалаушы сөздер көп кездеседі: *нық қадаммен, көшбасшы, жарыс жүлдегері;*

– саяси лексика, тақырыпқа сай терминдер жиі қолданылады: *демократия, егемендік, бағдарлама, митинг, парламент, өркениет;*

– мақал-мәтел, тұрақты тіркес, афоризмдер молынан ұшырасады: *Шырша, қарағай тұқымдарын қыстың көзі қырауда аман сақтап, тазарту жұмыстары швед технологиясы әдісімен жүзеге асып жатыр («Жас Алаш» газетінен). Халқымыздың «Ақыл – жастан, асыл – тастан» деген нақыл сөзі бекер айтылмаған. Біздің жастарымыздың бойында мұндай қасиеттер бар (Н.Назарбаев);*

– бұйрықты, лепті, риторикалық сұраулы сөйлемдер мен қаратпа сөздер жиі қолданылады: *Қадірлі қауым! Баршаңызды Жастар жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын! (Н.Назарбаев).*



2-тапсырма. Мәтіндерді оқып, тақырыбына, автор көзқарасына, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметіне, тілдік ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасаңдар. Оны диаграмма түрінде рәсімдеңдер.

«А» мәтіні

Таң алдында бір ғана сағат **мызғығаны** болмаса, Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді. Бірақ әлі **талған жоқ**. Әлі де кітап бетіне үңілуде. Үлкен үстел үстінде шалқасынан ашылып жатқан кітап бір емес, бірнеше. Әр алуан тілдерде туған бұл кітаптар бүгін осы жерге оқыс келіп, қызық бас қосқан. Абай жақсы ұғынатын шағатай, түркі кітаптарымен қатар, тілін Абай қиналып түсінетін араб, парсы және олардан гөрі де әлі ауырырақ тиетін орыс тіліндегі кітаптар.

Абайдың жайшылықтағы оқуынан бүгінгі оқуының мақсаты да басқа. Кітаптан алатын білім нұсқаның бүгін тіршіліктің қолма-қол керегі үшін асығыс қажет болған бір шағы еді.

...Оқи отырып, кей жайларды анық, айқын етіп хатқа жазып келеді. Керуен көшетін сауда жолдары, үлкен базарлар, атақты қалалар, су жолдары – барлығы да бүгін айырықша керек болған.

Бұл кітаптан алған хабардың бәрі қазір аттанатын жолаушы үшін керек. Абай оқи отырып, кей кездерде бала шақтан көп естіген сонау алыс **мұнар** ішіндегі шаһар, уәлаяттарға беттеп, «осы сапарға өзім жүрер ме едім» деп қызығып та қояды. Көрмек, білмекке қызығады.

...Ұлжан: «Кітаптан жүргіншілердің қай жолмен жүретінін анық білуге бола ма екен?» – деп сұрастырып еді, Абай «айқын қара жолдай болмаса да, сол атаған жерге жеткізетін көш соқпағын» аңғарғанын айтты. Және осы күндерде кітап жүзінен аса жақсы **қанып**, танысып алған бір жай туралы шешесіне:

– Ал анау үлкен жеріңіз туралы бармасам да, барғанға жуық қанық болдым! – деді...

М.Әуезов. «Абай жолы» романынан

«Ә» мәтіні

OpenU¹ – заман талабынан туған жоба. Бұл – Қазақстандағы 80 пайыз қазақ тілінде онлайн-білім беретін тұңғыш портал. Негізгі аудиториясының жас талғамайтындығы аталған жобаның артықшылығы болып табылады. Мектеп оқушыларынан бастап зейнеткерлерге дейін онлайн курсты тегін қолдана алады.

OpenU жобасы талапкерлер мен студенттерге ғана емес, белгілі бір салада жұмыс істеп жүрген, соның ішінде IT және телекоммуникация мамандарына да пайдалы. Мүмкіндігі шектеулі жандар мен орталықтан шалғайда орналасқан аудан және ауыл тұрғындары да өз қызығушылығы

¹ OpenU (ағыл. Open – ашық, U – университет деген сөздің бірінші әрпі) – Ашық университет деген сөз.

бойынша дәріс тыңдай алады. Бұл платформа Гарвард университеті мен Массачусетс Технология институты мамандары жасаған Open edX негізінде құрылған. Сайтта түйсікті интерфейс, ыңғайлы бейнеплеер, курс тыңдаушыларының жеке кабинеті, тест тапсырмалары мен конспектілер орналастырылған.

А.Нүсіп. «Егемен Қазақстан» газетінен



А Мәтіндерден көнерген сөздер мен неологизмдерді тауып, көшіріп жазыңдар. Олардың түсіндірмесін сөздіктерден қараңдар.



Ә Бірінші мәтіндегі қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндіріп, олардың синонимдерін атаңдар.



Есте сақта!

Сөздің соңғы дыбысы *с, з* болып, оған *с, ш* дыбыстарынан басталатын қосымша жалғанғанда, оның соңғы дыбысы өзгертілмей жазылады: *бас+шылық – башшылық (айтылуы), жаз+саң – жассаң (айтылуы), сөз+сіз – сөссіз (айтылуы)*.

ш дыбысына бітетін сөздерге *с* дыбысынан басталатын қосымша жалғанғанда, қосымшаның басқы дыбысы өзгеше айтылуына қарамастан, өзгертілмей жазылады: *іш+сең – ішшең (айтылуы), ұш+саң – ұшшаң (айтылуы)*.

Қазақ тілінің анықтағышынан



3-тапсырма. Берілген сөздерді орфографиялық нормаға сай жазыңдар.

Ауұшша, орұшша, күшшүз, жасса, көшшүн, сөшшөң, ашшылық, жашшы.



4-тапсырма. Оқылым мәтінінің («А» мәтіні) идеясын негізге ала отырып, «Оқу – инемен құдық қазғандай» тақырыбына шығарма жазыңдар. Жазба жұмысында тақырыптың ашылуы мен ойдың жүйелі берілуіне, өзіндік пікірдің болуына мән беріңдер.

2.3. СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ



Ойды тарқатып айтыңдар.

Тіл шеберлігінің құны түсініктілігінде, өйткені сөз түсініксіз болса көздеулі мақсатқа жетпейді.

Аристотель



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Стилін анықтап, тілдік ерекшеліктері арқылы дәлелдендер.

Тіл – адам ойының айнасы. Адамның тіл жұмсау дағдысынан, тіл мәдениетінен оның кім, қандай адам екенін аңғару қиын емес. Өдетте, ойы айқын кісінің сөзі де анық, дәл болады.

...Тіл мәдениетінің шыңына жету жолы ұзақ әрі тарам-тарам. Құлағы түрулі, ойы сергек, білімге, мәдениетке, тілге, әдебиетке ықыласы ауған жастарға халқының рухани байлықтарын да, ғылым мен техниканың табыстарын да тіл арқылы үйрену жолдары әр алуан. Соларды пайдаланып, елінің мақтанышына бөленген «көкірегі сезімді, тілі орамды» жастар, әбден кемелденген сөз шеберлері аз емес. Ал «аузынан сөзі, қойнынан бөзі» түсіп тұрған тілге орашолақ жастар аз ба? Олардың тілінде жиі кездесетін орашолақтықтар мыналар:

1) кейбіреулердің өз ойын айту үшін қолданатын сөздерінің саны өте шағын болады. Сөз көркі мақал-мәтелді, идиома, фразалық тұрақты тіркестерді аузына алмайды;

2) басқаға ойын түсінікті, жатық, әсерлі етіп жеткізудің бір шарты – өз әуенінің дұрыс болуы. Сөздердің, сөз тіркестерінің, әр ойдың ерекшелігіне лайық құралған сөйлемдердің айтылу үні, әуені, ырғағы болатыны тауып сөйлеген сөздің сөні ғана емес, мәні де;


3) бәрінен де сөйлесудегі ұялшақтық жаман. Инабаттылық, ізеттіліктің бір белгісі – үлкеннің алдында көпіріп, айналасын шарпып, қатты дауыстап сөйлемеу керек екенін білген жақсы, бірақ оны барлық жерде, басқа орайда естен шығармайтын ереже деуге бола ма?

Мәдениетті адамның өзі де, сөзі де, ойы да барынша жинақы болуы тиіс. Адамның сырт көрінісі, іштей жинақылығы, сөзі, ой өрісі, ізеттілігі, мәдениеттілігі – бәрі жиналып, жұрт жүрегінің құлпын ашатын алтын кілт.

М.Балақасов. «Қазақ тіл білімінің мәселелері» кітабынан



А Оқылым мәтіні бойынша сөйлеу мәдениетін көрсететін белгілерді сызбаға жинақтап жазып, мысалмен ауызша таратып айтыңдар.



Ә Жастардың тілінде кездесетін орашолақтыққа қатысты автордың айтқан үшінші пікіріне көзқарастарың қандай?



Б Мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіріп, олардың сөйлеу мәдениетін танытатын қандай белгілермен үндес келетінін көрсетіндер.

Көп сөз – күміс, аз сөз – алтын.

Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады.

Ердің көркі – сақал, сөздің көркі – мақал.

Сөйлей білмес жанның сөзі – өтпес пышақ, сөз білетін адамның әр сөзі – тұсақ.

Грамматикалық материал

Шешендік сөздің сипаты

Аристотель «Риторика» атты еңбегінде шешендіктің үш элементтен тұратынын көрсетеді: сөйлеуші адам (шешен); сөйленетін сөз; тыңдаушы топ (аудитория).

Шешендік сөз – көпшілікке қарата ауызша түрде айтылатын сөз. Тікелей тілдік қарым-қатынаста ауызша сөздің мүмкіндігі көп. Шешен аудиториямен жүзбе-жүз қарым-қатынаста болып, тыңдаушыға тікелей әсер етеді. Шешен сөйлеп тұрған кезінде аудиторияның «қас-қабағын» сезіп, қажет жағдайда өзінің сөзіне түзетулер енгізе алады.

Шешеннің сөзі тыңдаушыларға тіл арқылы ғана жетіп қоймайды, оған дауыс ырғағы, бет құбылысы, дене қимылы да қатысады. Тілдік емес әрекеттер жүйесі сөйлеген сөздің мазмұнын толықтыра түседі.

Шешеннің аудиториямен кері байланысы тыңдаушылардың реплика тастауы, бет-жүзіндегі құбылыстары арқылы жүзеге асып отырады.



2-тапсырма. Грамматикалық материалда берілген мәтіннің құрылымы мен рәсімделуіне назар аударып, жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасаңдар.



3-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ұғымдарды анықтап, әр абзац бойынша тезис жазыңдар.

Цицерон жан-дүниенің қозғалыстары дене қимылымен ұштасуы керек деп жазады. Өрине, мұндағы қимыл сахналық болмауы керек, ойды, пікірді, сөзді мазмұн жағынан ишаратпен, түспалмен түсіндіріп, толықтыру қажет.

Сөз сөйлеу әсем, шебер орындаумен тамырлас. Бұл біздің денеміздің тілі іспетті және ой өлемімен үйлесуі қажет. Ал көз болса, бұл жылқы мен арыстанға табиғат сыйлаған жал, құйрық, құлақ сияқты. Бұлар ішкі дүние құбылыстарын бейнелеуге мүмкіншілік береді. Ойлы сөйлеп, мәнерлі жеткізуде дауыстан соң бет-жүз, ал ол көз арқылы көріктенеді деп ой толғайды атақты шешен.

Шешендердің жүйрік ой толғауы тыңдаушылардың талғамына тәуелді. Ол не айтатынын, қай жерде айтатынын және қалай айтатынын жете түсінуі тиіс. Дауыс мәнері тақырыптың табиғатынан туындағаны

абзал. Сөздің мазмұны адамның жүзінен берілуі және ол әр сөздің мағынасын айна-қатесіз жеткізуі тиіс.

С.Несимов. «Шешендік өнер» кітабынан



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Көп нүктенің орнына Бөкен бидің жұмбақтап айтқан сөздерінің жауабын берілген нұсқалардың ішінен тауып жазыңдар.

Үлгі. Арқаң қара нардай жауыр болсын дегені – ... дегені.

Сырым жас кезінде Есентемір Бөкен биге батасын алайын деп және ақыл сұрайын деп ат, шапан алып барады. Барып қонақ болғаннан кейін Бөкен Сырымнан келген жұмысын сұрайды. Сонда Сырым:

– Менің сізге келген жұмысым, біріншіден, сіздің батаңызды алайын деп келдім. Екіншіден, ақыл сұрайын деп келдім, – дейді.

Сонда Бөкен: «Саған батамды берейін, сен жас болғанмен елге бас болғандай екенсің», – деп бата береді:

Арқаң қара нардай жауыр болсын,

Мінезің қара жердей ауыр болсын.

Өкпең жоқ – бауыр болсын,

Құлағыңнан сыбыр кетпесін, – дейді. Батасын бергеннен

кейін: «Мен не десем де бәрінің мағынасы бар, қалай түсіндің, өзіме айырып бер», – дейді Бөкен қарт. Сырымның жауабы: ... , – депті.

Сонда Бөкен қарт: «Бақытты бол, балам, жақсы шештің», – дейді. Сырымға қарап Бөкен би басын шерткен екен. Сырым оған аузын ашып, тілін көрсетіпті. Сырымның қасындағы жолдастары: «Бөкен саған неге басын шертті, оған аузыңды ашып, тіліңді шығардың, ол не сөз?» – дейді. Сонда Сырым: ... , – депті.

«Шешендік шиырлары» кітабынан



А Бөкен бидің «басын шерткені» не дегені? Төменде берілген қай мәтел Сырымның жауабы бола алады? Ойларыңды дәлелдеп айтыңдар.

Басқа пәле тілден.

Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.

Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.



Ә Мәтіндегі шешендікке тән сипаттарды анықтаңдар. Бөкен би мен Сырымның арасындағы тілдік емес қарым-қатынастың шешендік сөзді әсерлі етудегі рөлі қандай?

**Есте сақта!**

Ауызекі сөйлеу тілі – тілдік қарым-қатынастың ауызша жүзеге асатын түрі. Басты ерекшелігі – сөйлеудің алдын ала дайындықсыз, тікелей қарым-қатынас барысында жүзеге асатындығы. Ауызекі сөйлеу тіліне тән құбылыстың бірі – *гаплоглогия*. Гаплоглогия (грек. *haploos* – жалғыз, қарапайым, *logos* – сөз, ілім) – диссимилиация әсерінен бірдей не ұқсас көрші буындардың бірінің түсіріліп айтылуы. Мысалы: *балдар, баллар – балалар*. Ықшамдалған сөздің, сөз тіркесінің мағынасында өзгеріс болмайды.



5-тапсырма. Гаплоглогия құбылысына ұшыраған сөздерді орфографиялық нормаға сай жазыңдар.

ап –

кеп –

айрылу –

өрқайсы –

арластыр –

көп мағыналық –



А Кім тапқыр?! Қазіргі жастардың ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін гаплоглогия құбылыстарынан мысалдар табыңдар.

2.4. КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Сен кітаптың қандай түрін көп пайдаланасың: қағазға басылған кітапты ма, әлде электрондық түрдегі кітапты ма? Неге?



1-тапсырма. Мәтіндерді тыңдап (5-аудио), негізгі ақпараттарды түртіп жазып алыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.



1. Ғажайып технологияларымен әлемді таңғалдырған Жапонияда сандық үлгідегі кітаптардың үлкен сұранысқа ие болмауының себебі неде?

2. Елімізде ұйымдастырылған «Буккроссинг», «Букленд» жобаларына сенің көзқарасың қандай?

3. Мәтін авторы көрсеткен «Буккроссинг» жобасын жүзеге асыруда туындаған қиындықты қалай шешуге болады?



А *Буккроссинг* (ағыл. *bookcrossing*), *букленд* (ағыл. *Bookland*) сөздерінің мағынасын сөздіктен қарап, оларға қазақ тілінде балама ұсыныңдар.



Ә Тыңдалым мәтініндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырып, «Жастар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру» деген тақырыпта ой бөлісіңдер. Сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптардың сақталуына мән беріңдер.



Б Сабақ тақырыбының аясында «Синквейн» әдісімен өлең құрастырыңдар.

1-жол: 1 сөз, зат есім;

2-жол: 2 сөз, сын есім;

3-жол: 3 сөз, етістік;

4-жол: 4 сөзден тұратын қатар;

5-жол: түйінді 1 сөз.

Грамматикалық материал

Шешендік сөздің түрлері

Шешендік сөздер мазмұны мен түрі жағынан біркелкі емес. Олар *шешендік арнау*, *шешендік толғау*, *шешендік дау* деп ажыратылады.

Шешендік арнау адамдар арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді. Шешендік арнауға бата, тілек сөздер, көңіл айту, ел мен жерге, малға қатысты айтылған сын сөздер жатады.

Шешендік толғау халықтың философиялық көзқарасын көрсетеді. Ақыл-кеңес, тәлім-тәрбиеге бағытталған шешендік нақыл сөздер, шешендік мысал, мақал-мәтел, шешендік жұмбақ түрінде келеді.

Шешендік дау – қазақ қауымының заттық және рухани даулы мәселелерді реттейтін ежелгі әдет заңы. Шешендік дау мазмұнына қарай *жер дауы*, *жесір дауы*, *құн дауы*, *ар дауы* болып бөлінеді.



2-тапсырма. Шешендік сөздерді оқып, түрлерін анықтаңдар. Көп нүктенің орнына мәтін нөмірін жазыңдар. Ойларыңды дәлелдендер.

Шешендік арнау – Шешендік толғау – Шешендік дау –

1. Бұл заманда не ғаріп¹?
Қадірін біліп ұқпаса,
Дүррі² гауһар сөз ғаріп.
Замандасы болмаса,
Қария болар тез ғаріп.
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.

Қаз, үйрегі болмаса,
Айдын шалқар көл ғаріп.
Әділ биі болмаса,
Бірлігі кеткен ел ғаріп.
Қадірін елі білмесе,
Қайратты туған ер ғаріп.

«Шешендік сөздер» кітабынан

2. Екі елдің басшылары шабындыққа таласып келе жатып, қой жайып жүрген он төрт жасар Күдеріге кез болады да: «Кел, осы балаға жүгінейік», – дейді.

– Біз шөпке таласып келе жатырмыз. Олар: «Біз орамыз», – дейді. Біз: «Жоқ, біз орамыз», – дейміз. Осыған жас та болсаң төрелік айт, – дейді даугерлер. Сонда Күдері баланың айтқан төрелігі:

Өзімнің атым Күдері,
Ер Көшектің баласы.
Талассаң бағаң кетеді,
Таласпасаңдар не етеді?
Бірлік қылсаң, ағалар,

Анау тұрған шабындық,
Баршаңызға жетеді.
Дүние деген жалған ғой,
Бастарыңнан әлі-ақ өтеді.

¹ Ғаріп – (араб.) көркіп, мүсәпір, бейшара.

² Дүррі – (кіт.) нағыз, ең қымбат.

«Бала да болсаң, атаңа рақмет, төрелігіңе құлдық. Бала құрлы ақылымыз жоқ екен», – деп, шөпті бөліп, даугерлер жай-жайына кетеді.

«Шешендік сөздер» кітабынан

3. Саққұлақ би Шоқанның білімі мен мінезіне қатты риза болып, аттанарда былай деп бата беріпті:

Біліп тұрған бала екенсің,
Туысыңдағы дана екенсің.
Айла-ақылы дарыған,
Атаң Абылайдың тап өзіндей хан екенсің.
Өсе берсін бақытың!
Үстінде ағар тақыттың!

Сонда Шоқан: «Ақсақал, тақыт дегеніңіз артық болар», – деп жымиып, езу тартқан екен. Саққұлақ би оған іркілмей: «Мынаны қазақ тақ дейді ғой, білімпазым», – деп қасында тұрған орындықты көрсетіпті. Бұл «тұғырыңнан таймай өт» деген сөзі екен.

«Шешендік шиырлары» кітабынан



А Өз қалауларың бойынша бір шешендік мәтіндегі негізгі ойды және шешендік сөзге тән белгілерді анықтаңдар.



Есте сақта!

Бір ырғақтық топта айтылатын сөздердің алдыңғысы дауысты дыбысқа аяқталып, екіншісі дауысты дыбыстан басталса, қатар келген екі дауыстының біреуі (алдыңғысы) «жұтылып» кетеді де, бір ғана дауысты айтылады: *торала* (*торы ала*), *мынауыл* (*мынауыл*), *барыппедің* (*барып па едің*), *айтайта* (*айта-айта*). Бұл заңға біріккен сөздер де, жеке сөздер де, сөз бен шылаулар да, қос сөздер де бағынады.

Тіл білімінде бұл құбылыс *элизия* (лат. *elisia* – ығыстыру) деп аталады.



3-тапсырма. Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Шешендік сөздерден (2-тапсырма) сөз бен сөз арасында екі дауысты қатар келген тіркестерді тауып жазыңдар.

2-деңгей. Олардың орфоэпиялық нормаға сай айтылуын көрсетіңдер.

3-деңгей. Элизияға ұшырайтын тіркестерді тауып жазыңдар.



А Біріккен және кіріккен сөздер туралы реферат жазыңдар. Жазба жұмыстарыңдағы элизия құбылысына ұшырайтын тіркестерді табыңдар.

³ Тақыт – тақ сөзінің сөйлеу тілінде қолданылуы. Тақ. 1. Хан, патша, корольдің отыратын орны. 2. Билік, билікке ие болу.

2.5. ЖАСТАРДЫҢ КӘСІП ТАҢДАУЫ



Мамандық таңдауда қателеспес үшін не істеу керек? Өзара ой бөлісіңдер.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, мамандық таңдауда маңызды деген ой-пікірлерді тұжырымдап жазыңдар.

Үлгі. Адамның бойында таңдаған мамандыққа қажетті қасиеттердің болуы;

Адамның өзін тануы, өз жолын табуы өте қиын. Әрбір өнер (профессия) белгілі мінез қасиетін тілейді.

Өнерге ыңғайлы болу үйренумен, машықтанумен жүре табылмайды, адам іштен туа өнерге икем бола туады. Менің табиғатым нені қалайды? Ындыным¹ нені сүйеді? Ішімдегі даусым мені қайда шақырады? Менің «мендігімді» сыртқа шығаратын ең басым, күшті ыңғайым, талабым қайсы? Сол дауыстың айтқанына жүруім керек. Өмір жолының тоғысында тұрған әрбір адам осыны істеуі керек.

Үй іші баласын белгілі өнерге арнағанда, оның ыңғайымен есептеспейді, көрнекті орында шен алатын, мал табатын қызмет еткенін қалайды. Ал енді жас буынның өз таңдауына жіберсек, өзі одан өрі адасады. Кейде ол білімнің бір тарауына әуестенеді, кейде жолдасы қай жолды таңдаса, о да соған еліктейді; кейде біреудің орнына, «дәрежесіне» қызығып, соның жолын көксейді, сонымен теріс жолға түсіп кетеді. Ыңғайы келмейтін қызметті істегеннің сазайын ондай жігіт келешекте мықтап тартады, бармағын шайнайды. Өз жолында қызмет ету – ырыстың басы.

Өмірде ешбір іске ыңғайсыз, қабілетсіз адам сирек болады. Асылында әркімде бір қабілет болуға тиіс. Бірақ сол қабілет қандай қызметке керектігін табу керек. Әрине, біреудің қабілеті артық, біреудікі кем, біреудің жұмысы өрге домалайды, ол жұмысты екінші біреу істесе, орнынан да жылжыта алмайды. Біреудің басы миылы, біреудің қолы епті. Бірақ іске олақ адамды еш нәрсеге икемсіз деуге болмайды.

Кісінің өзі байқамай жүрген қуатын кейде тұтқиылдан өмір, іс туғызады, ірі адамдардың өмірінен оқыған жас бұларды байыптар еді, олардан өнеге, тәжірибе алар еді. Кемелдікке жету үшін ірі адамдарда келешектегі игілікке зор үміт, өзінің күшіне сенім болған. Бір нәрсені іздеп, соңына түскен адам, егер ынтасы, қабілеті, таланты болса, түптің түбінде мақсатына жетпей қоймайды. Қуат пен ниет серіктесіп, бірге жүреді.

Ж.Аймауытов. «Жан жүйесі мен өнер таңдау» кітабынан

¹ Ындын – 1) түпкі мақсат, ниет; 2) қалау, тілек мағынасында.



А Берілген тіркестердің мағынасын ашып, мәтінде қандай мағынада қолданылғанын анықтаңдар.

шен алу

сазайын тарту

мал табу

тасы өрге домалау

бармағын шайнау

қолы епті

теріс жолға түсу



2-тапсырма. Мәтінді тыңдай отырып (6-аудио), негізгі ақпараттарды түртіп жазып алыңдар.



А Тыңдалым және оқылым мәтіндерін тақырыбы, автор көзқарасы, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметі мен құрылымы, тілдік ерекшеліктері жағынан салыстыра талдаңдар.



Ә Екі топқа бөлініп, ұл бала және қыз балаға лайықты мамандықтар туралы ой бөлісіңдер.

Грамматикалық материал

Ойкөкпар (дебат)

Ойкөкпар – пікірталастың бір түрі, француз тілінде *débats*, «талас», «қандай да бір мәселені талқылау» деген мағынаны білдіреді.

Ойкөкпар – көпшілік алдында белгілі бір мәселе төңірегінде пікір таластыру. Ойкөкпар нақты мәселе туралы ой-тұжырымды, жобаны қолдау немесе жоққа шығару сипатында жүргізіледі. Бір-біріне қарама-қарсы пікірді қолдайтын екі адам немесе екі топ сайысқа түседі.

Ойкөкпардың мақсаты – қарсыластың пікірін жоққа шығара отырып, өз көзқарасын дәлелдеу арқылы жеңіске жету.



3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Ойкөкпарда жеңіске жеткізетін факторларды жинақтап, кластер түрінде жазыңдар. Ойларыңды ауызша таратып баяндаңдар.

Ойкөкпарға түспес бұрын, айтыстарыңызға себеп болып отырған мәселені анықтап алыңыз.

Егер оны нақты білмесеңіз, сөз таластыруға асықпаңыз. Егер сізге не туралы пікір таластыратыныңыз белгілі болса, оған бар күшіңізді салып, аянбай дайындалыңыз!

Өзіңіздің де, қарсыласыңыздың да талас мәселесінен ауытқуына жол бермеңіз.

Талас үстінде анық та айқын позиция ұстаныңыз!

Пікірталасқа, сөзсайысқа дайындық барысында тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды бөліп ала біліңіз! Әсіресе терминдерге ерекше мән беріңіз де, оларды орынды пайдалануға тырысыңыз!

Ж.Дәулетбекова



А Тыңдалым және оқылым мәтіндеріндегі ақпараттарды ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып, «Әлемдегі сұранысқа ие мамандықтар» тақырыбында ойкөкпар ұйымдастырыңдар.



Есте сақта!

Грамматикалық норма бойынша етістіктің ауыспалы осы шағының қосымшасынан кейін III жақта *-ды/-ді, -ты/-ті* жалғауы тұрады. Өлең тілінде, кейде қарасөзде өлең өлшемі, ұйқасы сияқты шарттарға орай бұл қосымша ықшамдалып, жалаң *-д, -т* түрінде қолданылуы мүмкін. Мысалы: *Әуелетіп ән салса әнші Әсет, Аққуменен аспанда жер тілдесет* (Әсет ақын).

Бұл құбылыс ауызекі сөйлеу тілінде де ұшырасады: *барад (-т) – барады, келед (-т) – келеді*.



4-тапсырма. Оқылым мәтінінен (1-тапсырма) күрделі етістіктерді теріп жазыңдар. Олардың айтылу заңдылығына мән беріңдер.



А Үшінші жақта тұрған кез келген етістікті қолданып, бір шумақтан өлең шығарыңдар.

- Үлгі. 1. ... жалғасад(ы)
2. ... алмасад(ы)
3. ...
4. ... болмаса ед(і)

2.6. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАРЫНДЫ ЖАСТАРЫ



«Алмас қылыш қын¹ түбінде жатпайды» деген мәтелдің мәнін қалай түсінесіңдер?



1-тапсырма. Мәтіндерді оқыңдар. Үш мәтінге ортақ тақырып қойыңдар.

1. Алматылық Тимур Рысбеков – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» тізіміне енген тұңғыш оқушы. Дарынды жастың әлеуметтік, медицина және ғарыш саласы бойынша көптеген өнертабысы бар. Жақында өнертапқыш оқушы Америкаға аттанғалы отыр. Онда NASA² ұйымдастыратын байқауға қатысады.

Қазір Тимурдың 72 өнертабысы бар, оның 28-і патенттелген³. Ол өзінің ерекше өнертабысын ғарыш саласына арнап жасапты. Қалта

¹ Қын – қанжар, пышақ сияқты өткір құралдарды салып қою үшін жасалған қап, қынап.

² NASA – АҚШ-тың Аэроавтика және ғарыш кеңістігін зерттеу жөніндегі ұлттық басқармасы (ағыл. National Aeronautics and Space Administration, NASA).

³ Патент – адамның белгілі бір ғылым, өнер саласында жаңалық ойлап тапқанын растайтын куәлік қағаз.

телефоны арқылы басқарылатын робот ашық ғарышта кез келген тапсырманы орындай алады.

Тимур Рысбеков 2017 жылы халықаралық байқауға қатысып, 77 химиялық реактивтерді анықтай алатын роботты жасап ұсынған еді. Сол кезде NASA сарапшылары баланың өнертабысына қатты қызығушылық танытқан. Тіпті өріптестік байланыс орнатуға ұсыныс білдірген.

А.Бақытқызы. «Түркістан» газетінен

2. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының екінші кезеңінің жеңімпаздарымен кездесуде Мемлекет басшысы жиналғандарға қарағандылық жас спортшы, он тоғыз жасында спорттық акробатикадан әлем чемпионы болған Никита Амоскинді үлгі қылды. Спортшы соңғы он жылда мақсатына жету үшін аптасына алты күндік тапсырманы еш үзбеген. Нәтижесінде бағындырған белесі де биік. Қазақстан, Азия және Әлем чемпионаттарының биік тұғыры осалдарға бұйырмайды.

Жас спортшының қайсарлығы көңілінен шыққан Н.Назарбаев: «Кез келген жетістік тұрақтылық арқылы келеді. Қолға алдың, жүзеге асырдың. Орта жолда шаршап, мақсатыңнан бас тартсаң, жетістік болмайды. 10 жыл бойы арманға қарай қозғалыс оңай емес», – деді.

С.Әбдібек. «Егемен Қазақстан» газетінен

3. Адина Манатбекова болып танылған дарынды қыз тегін өзгертіп, қазір Нұрланбаева болып жүр. Бір кезде кітап оқуға қызықпайтын Адина жылдам оқудан Қазақстан чемпионы дәрежесіне дейін жетті.

Адина 3 жасынан бастап биге барса, 4 жасында фортепианода ойнай бастайды. Одан кейін 5 жасында шахмат ойнап, ойлау, шешім қабылдауға машықтанады. 8 жасында «Гүлдер» би ансамбліне бірінші сынақтан сүрінбей өтіп қабылданады.

Жылдам оқудан Қазақстан чемпионы дәрежесіне жеткен жеткіншек 2017-2018 оқу жылында «Қазақстанның 100 дарынды оқушысы» кітабына енді. Адина 2016 жылы минутына 94 мың сөз оқыса, қазір минутына 132 мың сөз оқи алады. Бастысы, мазмұнын түсініп, есте сақтайды.

А.Есали. «Егемен Қазақстан» газетінен



А Кім тапқыр?! Мәтіндердің мазмұнын ашатын қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?



2-тапсырма. Мәтінді оқып, құрылымы мен рәсімделуіне назар аударыңдар. 1-тапсырма мәтіндерімен салыстыра отырып, тақырыбы, автор көзқарасы және тілдік ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасаңдар.

Дарындылық – адамның сәби кезінен байқалатын ерекше қабілеттілігі, өнердің бір түріне туа бейімділігі. Қабілеті жан-жақты дамыған адамды дарынды деуден гөрі қабілетті деу орынды. Дарын – туа бітетін ерекше қасиет. Қабілеттілік – әр адамда болатын, еңбектенумен, ізденіспен жетілетін қасиет. Дарынды балалар зейінді, зерек, алғыр, ширақ келеді. Олар қиын жұмысты жан-тәнімен беріліп істейді. Дарындылық атадан балаға, немереге, шөбереге қан арқылы берілуі де мүмкін. Адамның білуге деген ынта-ықыласының бала бойында туа біткен алғырлық қасиетімен ұштасуын ақыл-ой қабілетінен байқауға болады.

Қабілеттіліктің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің, икемділік пен дағдының болуына байланысты. Қабілеттілік екіге бөлінеді. Адамның ақыл-ой ерекшеліктерінің жеке жақтарын көрсететін қабілет *жалпы қабілет* деп аталады. Іс-әрекеттің жеке жақтарынан көрініп, оның нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін қабілетті *арнаулы қабілет* деп атайды.

*Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі.
Педагогика және психология*



3-тапсырма. Оқылым мәтіндеріндегі (1, 2-тапсырмалар) ақпараттарды пайдалана отырып, қабырға газетіне мектептеріңдегі бір дарынды оқушы туралы мақала жазыңдар. Публицистикалық стиль талаптарын сақтаңдар.

Грамматикалық материал

Ойкөкпардың өткізілу тәртібі

Ойкөкпарға үш адамнан тұратын екі топ қатысады. Әр топ мүшесі спикер деп аталады. Жүргізуші қатысушыларға алдын ала белгілі тақырыпты жақтаушы не қолдамайтын топтың болатындығын хабарлайды. Ойкөкпар кезеңдеріне уақыт белгіленеді және оны тайм-кипер қадағалайды.

Ойкөкпарда сөйлеушілер нақты дереккөздерді пайдалануы тиіс. Екі топ өз мақсатын нақты, түсінікті етіп жеткізеді, сол пікірге қатысты айғақ-дәлел келтіреді. Жақтаушы топ бірінші сөз алады, сөзін аяқтаған соң қарсы топ сұрақ қояды. Осы ретпен екінші топ өкілі сөйлейді.

Ойынның екінші кезеңінде екі топ бір-біріне сұрақ қояды. Әр топ өз пікірін қорғауға мүдделі болғандықтан, қарсы пікірге тойтарыс беру, оны жоққа шығарудың түрлі амал-тәсілдерін қолданады.

Ойкөкпар нәтижесін арнайы белгіленген сарапшылар қорытындылайды. Сонымен қатар ойкөкпарға қатысушы топтардың жеңісі аудиториядағы дауыс санымен есептеледі.



4-тапсырма. Ойкөкпардың мақсаты мен талаптарын негізге ала отырып, «Ойкөкпар бізді неге үйретеді?» кластерін толықтырыңдар. Әр тұжырымды ауызша мысал келтіре отырып, таратып айтыңдар.



А Мектепте немесе сыныбыңда пікірталасқа сұранып тұрған қандай тақырыптар бар? Бір тақырыпты таңдап, ойкөкпар ұйымдастырыңдар.



Есте сақта!

Жекеше II жақтағы жіктік жалғауы *-сың /-сің* түрінде (соңғы дыбысы **ң** болып) айтылады және солай жазылады: *сен оқушысың, сен кезекшісің. Ал -сын/-сін* қосымшасы етістіктің III жақтағы бұйрық рай түрін білдіреді: *ол барсын, ол келсін*. Әртүрлі қызмет атқаратын қосымшалардың тұлғаларын айыру жолдары: егер жіктік жалғаулы сөз *сен* есімдігімен айтылуы тиіс болса, *-сың* түрі, ал *ол* деген есімдікпен айтылуы тиіс болса, *-сын* түрі жалғанады: *сен айтасың, ол оқысын*.



5-тапсырма. Оқылым мәтінінен 5 зат есім, 5 етістікті алып, үш жақта жіктеңдер. Етістіктерді үш жақта бұйрық, қалау рай жұрнақтарымен түрлендіріп жазыңдар.



6-тапсырма. Көп нүктенің орнына себебін түсіндіре отырып *н* немесе *ң* әрпін қойыңдар. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

О, Тіршілік!
 Не берсе... де, арнап бер!
 Бақыт бер де,
 Бармақтай сол бақытты
 Басып тұрар батпандай бір салмақ бер!
 Және дос бер, айтқанымды мақұл дер,
 Жүйрік бер де,
 Соған шыдар тақым бер!
 Мен жазбаған,
 Жұрт жазбаған жыр сыйла,
 Жүректерге соны ұғатын ақыл бер!
 Мені күтіп тұрсы... алда биіктер,
 Шапағатты шуағы...ды құйып көр.
 Абырой мен даңқы...ды да аяма,
 Және соған майыспайтын иық бер.

Қ.Мырза Әлі

2.7. МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!



Қазақты әлемге танытып жүрген жастардан кімдерді білесіңдер? Қазақ әлемде қай салада мықты?



1-тапсырма. Өлеңді мұқият тыңдап (7-аудио), негізгі ұғымдар мен тілдік оралымдарды түртіп алыңдар. Ақын өлеңінде айтылған жастар бойындағы қасиеттерді қарасөзге айналдырып жазыңдар.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.

Айшолпанның алғашқы таныла бастаған кезі 2014 жылдың көктемі еді. Қазақтың қаршадай бүркітші қызы жайлы мәлімет Ұлыбританияның бір-қатар басылымында жарияланды.

...Әкесі Нұрғайып – Моңғолияға танымал бүркітші. Бұл әулет жеті атасынан бері бүркітшілікпен айналысыпты. Қолына бүркіт қондырып, шоқының үстінде тұрған Айшолпанның атақты суреті – израильдік фотограф Ашер Свиденскийдің жұмысы. Сол сурет арқылы өзі де бүркітшілікке әуес америкалық режиссер Отто Белл болашақ фильмінің кейіпкері Айшолпанды табады. Ол Моңғолиядағы қазақ ауылдарымен танысып, бүркітшілердің өміріне қатысты деректер жинайды. Бүркітті аңға салып, саятшылық құру ер адамдардың ісі екенін естіп, ақсақалдардан мұның жай-жапсарын да сұрастырады. Әбден зерттеп алып, іске кіріскен Отто Белл екі жылда жұмысын аяқтайды. Оның «Бүркітші қыз» (The Eagle Huntress) деректі фильмі 2016 жылдың 28 қазанынан бастап Нью-Йорк пен Лос-Анджелес кинотеатрларында көрсетілді.

Фильмнің тұсаукесеріне Айшолпан мен әкесінің ұлттық киіммен баруы қызығушылар санын одан сайын арттырған. Жастар арасында үлкен танымалдылыққа ие өнші Сия Айшолпан Нұрғайыпқызына арнап «Angel by the Wings» деп аталатын өн жазған. Бұл өн Отто Беллдің «Бүркітші қыз» деректі фильмінің саундтрегі болды. Джаз және поп стильдерінде өн орындайтын австралиялық Сия Ферлер бұл өнінде Айшолпанның мінезін, батылдығын, қайсарлығын ашуға тырысқан.

Моңғолиядағы 2016 жылдың 50 танымал адамының сапында қазақ қызы Айшолпанның да есімі бар. Халықтың ашық дауыс беруі арқылы құрамына саясаткерлер, спортшылар, өнер саңлақтары, халықаралық дәрежедегі танымал тұлғалар кіретін бұл тізім «саясаткер», «жаңалық ашушылар», «жеңімпаздар», «символдар» деп аталатын топтар



Бүркітші Айшолпан
Нұрғайыпқызы

негізінде сарапталып жасалады. 2016 жылғы Моңғолияның ең үздік 10 «символдық» адамының бірі ретінде халық Айшолпанды таңдаған. Осыншама танымал болуына қарамастан ол қарапайым әрі зерек. Ана тілімен қатар моңғол, ағылшын тілдерін еркін меңгерген.

Ү.Тортай. «Ақжелкен» журналынан



А Мәтіннен кірме сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндіріңдер. Ол сөздерді қандай синонимдермен алмастыруға болады?



Ә Мәтіннен экспрессивті, бағалауыш мәнді сөздерді табыңдар. Олардың қызметін түсіндіріңдер.



Б Ұл балалар айналысатын және қыздарға лайықты кәсіп, өнер (саятшылық құру, кесте тігу т.б.) түрі, оны игеруге қажетті адам бойында болуы тиіс қасиеттер туралы мақал-мәтелдерді пайдалана отырып постер құрыңдар.



3-тапсырма. Тыңдалым және оқылым мәтіндерін тақырыбы, автор көзқарасы, тілдік ерекшеліктері жағынан салыстырыңдар. Өлең идеясын оқылым мәтінімен сабақтастыра баяндаңдар.

Өзіңді тексер!

- Латын тіліндегі «publicus» сөзінің беретін мағынасын тап.
 - Ісқағаздары;
 - әлеумет, көпшілік;
 - газет-журнал;
 - шешендік.
- Публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін көрсет.
 - Монография, ғылыми есеп;
 - өмірбаян, аннотация;
 - очерк, бас мақала;
 - түйіндеме, тезис.
- Экспрессивті, бағалауыш сөздер жиі қолданылатын стиль түрін көрсет.
 - Көркем әдебиет стилі;
 - ғылыми стиль;
 - ісқағаздар стилі;
 - публицистикалық стиль.
- Публицистикалық стильге төн синтаксистік ерекшеліктерді анықта.
 - Саяси лексиканың молынан ұшырасуы;
 - бұйрықты, лепті сөйлемдердің жиі кездесуі;
 - тақырыпқа сай термин сөздердің пайдаланылуы;
 - мақал-мәтел, тұрақты тіркестердің көп қолданылуы.
- Шешендіктің үш элементін (шешен, шешендік сөз, тыңдаушы) көрсеткен ғұлама кім?
 - Цицерон;
 - Аристотель;
 - әл-Фараби;
 - Майқы би.

6. Халықтың философиялық көзқарасын көрсететін шешендік сөздің түрін көрсет.

- а) Шешендік дау; ө) шешендік толғау;
 б) шешендік арнау; в) бата-тілек.

7. Пікірталастың түрін көрсет.

- а) Баяндама; ө) шешендік; б) ойкөкпар; в) жоба.

8. Ойкөкпардың мақсатын анықта.

- а) Көпшілікке үгіт-насихат, үндеу тастау;
 ө) мәселені шешудің мүмкіндіктерін қарастыру;
 б) қарсы пікірді жоққа шығарып, өз ойын дәлелдеу;
 в) пікір таластыра отырып, ортақ бір шешімге келу.

9. Ойкөкпарда өз пікірін қорғаушы адамды қалай атайды?

- а) Тайм-кипер; ө) сарапшы; б) оппонент; в) спикер.

10. Шешеннің сөз мазмұнын толықтыратын тілдік емес әрекетке не жатады?

- а) Тұрақты тіркестер; ө) мақал-мәтел;
 б) дауыс ырғағы; в) сөз байлығы.



4-тапсырма. «Кім жылдам?» әдісімен сұрақтарға ойланбай бірден жауап беріңдер.

1. Конспект деген не?
2. Гаплоглогия құбылысы дегенді қалай түсінесің?
3. Элизия құбылысы дегенді қалай түсінесің?
4. Элизия құбылысына немесе заңына біріккен сөз, қос сөздер бағына ма?
5. Шешеннің аудиториямен кері байланысы қалай жүзеге асады?
6. Шешендік сөздің мазмұнын толықтыратын тілдік емес әрекеттерге не жатады?
7. Шешендік даудың қандай мазмұндық түрлері бар?
8. Бата-тілектер шешендік сөздің қай түріне жатады?



5-тапсырма. Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, «Ұлы дала елінің мақтанышы» деген тақырыпта шығарма жазыңдар.



Ғалым болам десеңіз...

1. *Ғ.Қалиев.* Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2005.
2. *М.Балақаев.* Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: Арыс, 2010.
3. Орфографиялық сөздік. Алтыншы басылым. Алматы: Дәуір, 2013.
4. Орфоэпиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2007.
5. Шешендік шиырлары. Алматы: Қайнар, 1993.

ФОНЕТИКА

РЕСМИ ІСҚАҒАЗДАР СТИЛІ

Бұл бөлімде сендер:

- қазіргі қоғам, миграция, зияткерлік миграция туралы мәтіндерден терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдайсыңдар;
- шешендік сөздерді оқу арқылы сөзталастың мазмұнын, қолданылу аясын, маңызын ұғынасыңдар;
- шешендік сөздерді оқып-үйрену арқылы коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеудің, тыңдаушыларға ықпал ете білудің, шешен сөйлеудің ерекшеліктерін айқындайсыңдар;
- сөзталастың мақсатын айқындауды, қолдануға негізделген шарттарын талқылауды үйренесіңдер;
- ресми ісқағаздар стилінің тілдік ерекшеліктерін меңгересіңдер.

3.1. ҚОҒАМ



Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қоғам қалай дамиды?
2. Қоғамның қандай мүшесі болғың келеді?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, ондағы басты ойды анықтаңдар.

Адамзат – қоғамда өмір сүріп, қызмет ететін қоғамның ажырамас бөлігі. Қоғамды ғылыми тұрғыдан түсіндірудің басты ерекшелігі – қоғамдық қатынастар мен байланыстар. Қоғамдық қатынастар, негізінен, материалдық және идеологиялық қатынастар болып екіге бөлінеді. Материалдық қатынастарға табиғат және оның қазына байлықтарын адам арқылы өңдеп, қоғам өміріне пайдалану жолдары жатады. Ал идеологиялық қатынастың негізгі мәселесі – адамды адам арқылы тәрбиелеу, жетілдіру іс-әрекеттері.

Қоғамның даму жолы қозғаушы күштер арқылы жүзеге асады. Қарапайым халық өзінің ой белсенділігі мен еңбек процесі арқылы қоғамның дамуына үлкен үлес қосады. Мысалы, қоғамдағы ғылыми жаңалықтар, экономикалық даму жолдары, мәдениет, спорт, қолөнер мен сауда-саттық жетістіктері, рухани әлем өмірі халықтың арқасында

орындалады. Сонымен бірге қоғамның қозғаушы күші ретінде материалдық, экономикалық қажеттіліктер негізгі рөл атқарады. Бұл қажеттіліктер қоғамның өндіріс көздерінің дамуына, жұмысшылар мен жеке кәсіпкерлердің белсенді іс-әрекеттер атқаруына, қоғамның әлеуметтік жағдайының түзелуіне себеп болады. Сондай-ақ қоғамның бірден-бір қозғаушы күші рухани қажеттіліктер болып табылады. Рухани қажеттіліктер қоғамның этикалық, мәдени, діни өмірлерінің қалыптасып, адам баласының ұлылық деңгейлерге жетуіне жол ашады. Сондықтан да материалдық, экономикалық қажеттіліктер мен рухани қажеттіліктер бір-бірімен байланыса отырып, қоғамның дамуында негізгі рөл атқарады.

*«Дүниетанымдық әмбебаптар:
тарих пен тағылым» кітабынан*



А Оқылым мәтіні бойынша ойларыңды жинақтап, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қоғамдық қатынастардың түрлері туралы не түсіндіңдер?
2. Қоғамның даму жолы қалай жүзеге асады?
3. Экономикалық қажеттіліктер мен рухани қажеттіліктер туралы қандай ой түйдіңдер?



Ә Оқылым мәтіні бойынша анықтаңдар. Өздерің білетін мәліметтермен толықтырыңдар.

Мәтіннің қандай стильде жазылғанын
Мәтіндегі маңызды сөйлемді
Автор көзқарасын білдіретін сөйлемді
Мәтіндегі терминдерді

анықта!



2-тапсырма. Екі пікірді салыстырып, кесте бойынша дәптерлеріңе әр пікірге комментарий жазыңдар.

Біздің еліміздің азаматтары этникалық тегіне, дініне т.б. қарамастан теңқұқылы, бөріне тең мүмкіндіктер берілген. Мұның өзі қазақстандықтарды топтастыруға, ортақ Отанымыздың болашағы мен бүгінгі мүддесі жолында бірігуімізге ықпал етеді...

Ә.Нысанбаев

Барлық ұлт өкілімен тіл табысып, тату-тәтті, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру барша қазақтың басты қағидасы болуы шарт. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген жан өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды.

Н.Ә.Назарбаев

Пікір	Түсіндірме (комментарий)

Грамматикалық материал

Сөзталас

Сөзталас – пікірталастың бір түрі. Пікірталастың *ойбөліс, айтыс, сөзталас* деп аталатын түрлері табиғаты жағынан бір-біріне жақын.

Сөзталас – қандай да бір мәселені көпшілік арасында талқылау. Сөзталас баяндамаларды талқылағанда, хабарламалар жасағанда, жиналыстар мен конференцияларда орын алады. Сөзталаста пікір білдірушілер бір ойды жан-жағынан талдап түсіндіреді. Әртүрлі пікірлер айтылған жерде қарама-қарсылық орын алатыны заңдылық. Ол қарама-қарсылық дұрыстыққа көз жеткізуге жетелейді, ойдың дұрыс-бұрыстығын тексеру үшін де қажет.



3-тапсырма. Грамматикалық материалдағы негізгі ойды үш сөйлемге сыйдырып, жинақы мәтін жазыңдар.



Есте сақта!

Әуелде «интонация» термині латынның *intonare* – *қатты сөйлеу* деген сөзінен пайда болғанымен, бұл терминнің қазіргі мағынасы әрі күрделі, әрі сан қырлы. *Әуен (мелодика), кідіріс (пауза), қарқын (темп), үдемелік (интенсивтілік), ырғақ (ритм), реңк (тембр)* интонацияның компоненттері болып табылады. Оның сөйлеу тіліндегі күрделі құбылыс ретінде атқаратын рөлі айрықша. Ол сөйлемнің құрылуы мен жасалуына ғана қызмет атқарып қоймай, сонымен бірге оның коммуникативтік мағынасын, эмоциялық-экспрессивтік түрлерін анықтайды. Сөйлем мен сөйлемнің аражігін ажыратуда қызмет атқарады.



4-тапсырма. Мәтінді түрлі интонациямен рөлдерге бөліп оқып, айырмашылықтарын айқындаңдар.

Үш қария әңгімелесіп отырып: «Не қатты, не төтті? Не мұра?» деген сұрауларға жауап таба алмай, бір-бірімен сөз таластырып қалыпты.

– Тас қатты, бал төтті, бала мұра, – депті біреуі. Екіншісі:

– Жоқ, темір қатты, қант төтті, байлық мұра, – депті.

Сонда үшінші қарт:

– Тас уатылмас па, темір созылмас па, қант пен балдың дәмі жойылмас па? Байлығың жұтап, балаң өлмес пе? Дүниеде жан төтті, жоқтық қатты, тауып айтылған сөз – мұра, – деген екен.

«Қазақ халқының философиялық мұрасы» кітабынан



A Пікірлерге өз көзқарастарыңды білдіріңдер.



5-тапсырма. Әуен, әуез, реңк, қарқын, кідірісті мәнеріне сай қолданып, өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Қазыбек бидің толғауы

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма –
Кесапаты¹ тиер еліңе.
 Елім өссін десең,
Өршіл болма –
Өскеніңді өшірерсің.
 Басына іс түскен пақырға
Қастық қылма –

Қайғысы көшер басыңа.
 Жанашыры жоқ жарлыға
 Жәрдемші бол асыға,
 Қиын-қыстау күндерде
 Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды² деп,
Жақыныңды басынба!

Н.Төрекұлы. «Қазақтың 100 би-шешендері» кітабынан



А Қарамен берілген сөздерді қандай интонациямен оқуға болады? Олардың өлеңдегі рөліне талдау жасаңдар.

3.2. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ



«Жастық! Жігер! Еңбек!» атты республикалық жастар форумы туралы естігендерің бар ма?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап (8-аудио), стилін анықтаңдар.



А Қарқынды түрлендіре қолданып, мәтін мазмұнын өз сөздеріңмен баяндаңдар.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, автордың шебер қолданған тіркестерінің мағынасын дәптерлеріңе түсіндірме түрінде жазыңдар.

Дүниенің дөңгелек екенін шыр айналған ұршығымен ұғындырып отыратын жарықтық өжеміздің замана, ел, туған жер тарихы туралы айтатын өңгімелері әсерлі еді. Дала мектебінің сол бір салиқалы сабақтары бізді бағзы бабалар қадымнан³ қазық қаққан өскен өңірді қадірлеп-қастерлеуге, кие тұтуға баулыды. Есейе келе ұядай ауылға деген ұлпа сезім ұлан-байтақ қазақ жеріне деген ұлағатты сезімге ұласты. Университет қабырғасында табысқан достар арқылы бәріміздің бойымызда Сарыарқаның сағымды белдері мен Алтайдың сабынды көлдеріне, Каспийдің толқын ұрған шомбал⁴ тастары мен Түркістанның күн сүйген көне күмбездеріне деген ерекше махаббат оянды. Мен және менің достарым жұмыр жердегі жұмақ мекен дәп осы кең көсілген қазақ жері екенін ешбір жасандылықсыз, ешқандай боямасыз сезіндік, айрықша ұлағат тұтып келеміз. Егемендіктің елең-алаңын көзімен

¹ *Кесапат* – зиян, кесір.

² *Сағы сыну* – беті қайтып қалу, тауы шағылу.

³ *Қадымнан* – баяғы заманнан.

⁴ *Шомбал* – үлкен, ірі.

көрген, көкірегімен сезінген біздің буынның қазақы патриотизмі, міне, осындай саф¹ күйінде сақталып қалды.

Қ.Бораи. «Жұмыр жердің жұмағы» кітабынан

Автордың қолданыстары	Түсіндірме
дүниенің дөңгелек екенін шыр айналған ұршығымен ұғындырып отыратын	
дала мектебінің сол бір салықалы сабақтары	
бағзы бабалар қадымнан қазық қаққан	
ұядай ауылға деген ұлша сезім	
жұмыр жердегі жұмақ мекен	



3-тапсырма. Берілген мәтін мазмұнын сақтай отырып, маңызды деректерді графикалық сызбаға түсіріңдер. Өзіндік тұжырым жасаңдар.

- Белсенді азаматтық қоғам құру үшін үкіметтік емес ұйымдардың беделін арттыру қажет деп санаймын. Сондықтан жақын арада Азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын өзірлеп, қабылдауымыз керек.

- 2020 жыл «Волонтер жылы» деп жарияланды. Еріктілер қызметіне азаматтардың, әсіресе жастардың, студенттер мен оқушылардың қатысу аясын кеңейту, олардың бойында белсенді өмірлік ұстанымдарға қатысты дағды қалыптастыру – маңызды міндет. Бұл – азаматтық қоғамды нығайту жөніндегі жұмысымыздың маңызды құрамдас бөлігі.

- Ауылшаруашылығы – біздің негізгі ресурсымыз, бірақ оның әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Ел ішінде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие органикалық және экологиялық таза өнім өндіру үшін зор мүмкіндіктер бар. Біз суармалы жер көлемін кезең-кезеңмен 2030 жылға қарай 3 миллион гектарға дейін ұлғайтуымыз керек. Бұл ауылшаруашылығы өнімінің көлемін 4,5 есе арттыруға мүмкіндік береді.


- Ұлттық қор қаражатының ағымдағы мәселелерді шешуге жұмсауын қысқарту қажет. Бұл – келешек ұрпақтың қаржысы. Ұлттық қордың трансферттері² бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларды және жобаларды жүзеге асыру үшін ғана бөлінуі керек. Кепілдендірілген трансферт көлемі 2022 жылдан бастап бірте-бірте 2 триллион теңгеге дейін азаюы тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Қазақстан халқына Жолдауынан

¹ Саф – таза.

² Трансферт – бір деңгейдегі бюджеттен қаражатты екінші деңгейдегі бюджетке аудару үдерісі.

Үлгі.



Грамматикалық материал

Ісқағаздар тілі – қазақ әдеби тілінің бір тармағы

Қазіргі қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтарының бірі – ресми ісқағаздар стилі. Ресми ісқағаздар тілінің ерекшелігі сол, онда факті дәл көрсетіліп, бір ізбен жүйелі жазуға айрықша мән беріледі. Өйткені ісқағаздар да, ресми құжаттар да ерекше қатынас жасау құралы болып саналады. Ресми стильдің құрамында үш шағын стиль болады:

- заң шағын ресми стилі (заң жарлық, азаматтық және қылмыстық істер актілері, жарғылар);
- әкімшілік-кеңсе шағын ресми стилі (өкім, бұйрық, ісқағаздар: өтініш, өмірбаян, сенімхат, қолхат т.б.);
- дипломатиялық шағын ресми стиль (нота, мазмұндама, меморандум, келісім, конвенция т.б.).

Ресми стильдің ауызша, жазбаша түрлері болады.



4-тапсырма. Әкімшілік-кеңсе шағын ресми стилі бойынша қолхат, өтініш үлгілерін жазыңдар.

Үлгі.

Қолхат

Мен, Алматы қаласы, №1 гимназияның 11-сынып оқушысы Тұрысбеков Дәурен, мектеп кітапханасынан М.Өуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын (2 кітап) каникул кезінде үйден оқу үшін алдым.

Кітаптарды 5 қараша күні қайтаруға уәде беремін.

25.10.2019. _____ Тұрысбеков Дәурен

Алматы қаласы, №1 гимназияның
директоры А.Т.Сағынышов мырзаға
11-сынып оқушысы Д.Тұрысбековтен

Өтініш

Менің 2020 жылы 10–15 қаңтар аралығында Нұр-Сұлтан қаласында өтетін қысқы спорттық ойындар турнирінде ұзақ қашықтықтағы шаңғы жарысына қатысатынымды ескере отырып, көрсетілген күндері сабақтан босатуыңызды сұраймын.

Өтініш несі: _____ Д.Тұрысбеков
8.01.2020.



5-тапсырма. М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан алынған үзіндіде қанша адамға мінездеме берілгенін анықтаңдар.

Сақал-шашы бір реңдес, қара бурыл Сүйіндік оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға тесіле қарамайды. Көзін төмендете береді. Абайға оның пішіні көп кездесетін, әңгімесі аз пішін сияқты. Бөжей де оншалық өзгеше емес. Түсі ақ сұр келген, өзі қоңыр сақалды, кесек мұрынды Бөжей осы отырғанның бәрінен де сұлу. Бетінде әжімі де аз. Бірақ Абайдың көзін оған көп тартатын бір нәрсе – бұның бітікшелуеу, кішкене келген көздері.

Құнанбай ұзақ сөйлеп отырған кезде Бөжей қыбыр етіп қозғалған жоқ. Көзін де төмен салған қалпынан бір көтермеді. Сондықтан оның ұйықтап отырғаны, я ойланып отырғаны мәлім емес. Қалың етті, салбыраңқы қабағы кішкене көзін көрсетпей, тасалап алған сияқты.

Құнанбайға бұлардың ішінен көз алмай, қырандай қарап отырған – дәл төрдегі Байсал. Қызыл жүзді, жирен сақалды Байсалдың денесі ірі, қапсағай. Көкшіл түсті үлкен көздері әрі салқын, әрі сыр берместей сабырлы.

Бұлардан басқа барлық салқын, томсарған жандар ішіндегі ең жандысы, ең шапшаң, қағілезі – Қаратай мен Абай қасындағы Майбасар.



A Қысқаша аннотация жазыңдар.



Есте сақта!

Барлық тілдің интонациясының ең басты да әмбебап компоненті – әуен (мелодика). Әуеннің сөйлемдегі атқаратын қызметі әр алуан.

1. Сөйлеу тілінің ағысын неше түрлі бөлшектерге мүшелеп жіктейтін де, олардың басын қосатын да әуен және кідіріс.

2. Сөйлемдердің коммуникативтік түрлерін анықтауда, яғни олардың айтылу мақсатына қарай (хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті) бөлінуінде үлкен қызмет атқарады.
3. Грамматикалық және лексикалық тәсілдермен қосылып, сөйлемдердің жалпы мағынасын беруге қатысады.
4. Сөйлемнің логикалық және эмоциялық мазмұнын жеткізуде мәні зор.

З.Базарбаева. «Қазақ тілі: интонология, фонология» кітабынан



6-тапсырма. Екі топқа бөлініп, жатқа білетін өлеңдерінді мәнерлеп оқып жарысыңдар.



А «Есте сақта!» айдарындағы ақпаратты 2-3 сөйлемге сыйдырып, дәптерлеріңе жинақы мәтін жазыңдар.

Үлгі.

Қорытынды	Дәлел
Әмбебап компонент	Сөйлемде өр алуан қызмет атқарады.



Ә Екі топқа бөлініп, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ету, шешен сөйлеудің үлгісін көрсететін әртүрлі мәтіндердің тірек жоспарын дайындаңдар. Тірек жоспарды қолданып, топ алдында ойларыңды баяндаңдар.

- Оқушыларға рух беретін мәтін
- Хабарлама тарататын мәтін
- Жарнамалық мәтін
- Құттықтау мәтіні
- Мадақ айту мәтіні
- Арнау мәтіні

3.3. МИГРАЦИЯ



Миграция туралы не білесіңдер? Түрлері және оның маңызы туралы айтыңдар.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, ондағы негізгі ойды анықтаңдар.

Қазіргі таңда қазақ халқының елеулі бір бөлігі ҚР-дан тысқары жерлерде тұрып жатыр. Батыс Еуропадағы бірқатар елдерде де қазақ диаспорасының өкілдері өмір сүріп келеді. Биыл Батыс Еуропа елдеріндегі қазақ диаспорасының қалыптаса бастауына 50 жыл толып отыр. Мұндағы қазақтардың алғашқы легі 1961 жылы Германия мен Түркия арасында қол қойылған «Еңбек миграциясы» туралы келісімшарт бойынша 1962 жылдан бастап Түркиядан Германияға қоныс аударған. Осындай келісімшарттар Түркия мен ол кезде еңбек күшіне мұқтаж басқа Еуропа елдері арасында да жасалған. Сол келісімшарттар негізінде қазақтар 1960 жылдардың алғашқы

кезеңдерінен бастап 1970 жылдардың аяқ шеніне дейін Түркиядан Германияға, сонымен қатар Швеция, Франция, Австрия, Норвегия, Дания және Швейцария сияқты Батыс Еуропа елдеріне де көшкен. Осылайша Еуропа елдерінде қалыптасқан қазақ диаспорасының қатары 1980 жылдары Түркиядың қазақтардың өз беттерінше Голландия, Франция, Ұлыбритания және Австрия сияқты елдерге қоныс аударуымен толыға түскен. Жалпы алғанда, Еуропада тұратын қазақтар екі топтан құралады. Бірінші топқа 1950 жылдары Қытайдың Шыңжаң аймағынан (бұрынғы Шығыс Түркістан) Пәкістан және Үндістан арқылы Түркияға көшкен, ол жерден жоғарыда аталған еңбек миграциясы арқылы Батыс Еуропа елдеріне қоныс аударған қазақ отбасылары мен олардың балалары жатады. Сан жағынан аздау келетін екінші топқа жататындар: 1920 жылдардың аяғында Қазақстанда жүргізілген кеңестендіру саясатының салдарынан елдерінен кетіп, Ауғанстан мен Иранға көшкен, өсіресе 1980 жылдардан бастап Түркия мен Иран арқылы Еуропаға келген қазақтар мен олардың ұрпақтары. Батыс Еуропаның әртүрлі елдеріне қоныстанып, тұрған жерлеріндегі тұрмысқа бейімделе бастаған сол қазақтар өздерінің ана тілдерін, ұлттық қасиеттерін, мәдениеттерін және салт-дәстүрлерін сақтап, оларды келешек ұрпақтарға жеткізудің қамына кіріскен. Осы мақсатқа орай олар қоғамдық ұйымдар құрып, топтаса бастаған.

«Қазақстан және шетелдегі қазақтар» кітабынан



А Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Еңбек миграциясы, диаспора, кеңестендіру саясаты, қоғамдық ұйым сөздерінің мәнін түсіндірме сөздік арқылы анықтаңдар.

2-деңгей. Мәтін мазмұнын жинақтайтын 5-6 сөйлемнен тұратын қорытынды жазыңдар.

3-деңгей. «Қоғамдық ұйымдар құрудың маңызы» тақырыбына талдау мақаласын жазыңдар.



Ә Оқылым мәтінде көтерілген мәселе қазір де маңызды ма? Тақырыбын өздерің қойып, шағын эссе жазыңдар (сөз саны – 150).

Грамматикалық материал

Ісқағаз түрлері және оларды топтастыру

Ісқағаз түрлері өте көп. Оның негізгі түрлерін мақсаты мен мазмұнына, жасалған орнына, жасалу сатысына, қызметіне, формасына т.б. ерекшеліктеріне қарап топтастыруға болады. Ісқағаздар мазмұны мен қызметіне қарай үш топқа бөлінеді:

- 1) жеке адам өміріне қатысты құжаттар;
- 2) азаматтық қарым-қатынасты реттейтін құжаттар;
- 3) басқару, ұйымдастыру қызметіне қатысты құжаттар.

Жеке адам өміріне қатысты ісқағаздар	Азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін ісқағаздар	Басқару, ұйымдастыру қызметіне қатысты ісқағаздар
Түйіндеме, өмірбаян, жеке іс парағы, өтініш, арыз, мінездеме, кепілдеме, визит карточкасы, анықтама, жеделхат.	Қолхат, кепілхат, сенімхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, шарт, еңбек шарты, еңбек келісімі.	Хаттама, қызметтік хаттар, хабарландыру, бұйрық, жарлық, үкім, өкім, жарғы, ереже, қаулы, шешім.



2-тапсырма. Төменде берілген екі мәтінді салыстырып, тілдік қолданыс ерекшеліктеріне қарай стилін анықтаңдар. Қайсысы құжатқа жатады?

«А» мәтіні

Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыпшын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдің бірсыпырасы XX ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен. Ол күні жер сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қора үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балалардың атына ұйқастыра ат берілген. Өрине, ол күннен менің есімде қалған еш нәрсе жоқ. Болысым кім, патшам кім... табым кім, онда менің жұмысым болмауы керек. Кейін ондайды ұнатпасам да, ол кезде тістеген мен шаққанға да енжар болған сияқтымын, жылауық болмапшын.

О.М.Әбутәліп. «Ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу» кітабынан

«Ә» мәтіні

Мен, Сұлтанова Әлия Айханқызы, 1964 жылы 20 сәуірде Талдықорған облысы Ақсу ауданының Қызылтаң ауылында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ. Әкем – Сұлтанов Айхан, орта мектепте мұғалім, шешем – Омарова Гүлсім, ауылдық ауруханада дәрігер. 1981 жылы Ақсу ауданы І.Жансүгіров атындағы орта мектепті бітіріп, Қыздар педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түстім. 1986 жылы үздік бітіріп, қазақ тілі мамандығы бойынша аспирантураға қабылдандым. 1989 жылы аталған институтқа оқытушылық қызметке қалдырылдым. 1995 жылы «Шырай категориясы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғадым. Тұрмыстамын, жолдасым – Омаров Серік Бекұлы, 1961 жылы туған, «Алматықұрылыс» акционерлік бірлестігінде бөлім меңгерушісі. Ұлым – Омаров Нұрлан Серікұлы, 1992 жылы туған, №34 гимназия оқушысы. Мекенжайым: Алматы қаласы, Манас көшесі, 21-үй, 2-пәтер. Үй тел.: 240-41-47.

О.М.Әбутәліп. «Ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу» кітабынан

**Есте сақта!**

Сөз, сөйлем, яғни синтаксистік құрылымдар, сөйлеу тілінің қарқынын бейнелеуге қатысады. Сөйлеу тілінің қарқынына қарап, ондағы мазмұнның қандай екенін анықтауға болады. Мысалы, хабарлы сөйлем мен бұйрықты сөйлемнің қарқынын салыстырып қарасақ, бұйрықты сөйлем баяу да салмақты айтылады. Оның себебі бұйырушы өз сөзінің тыңдаушыға жетуімен ғана қанағаттанбай, оның орындалуын керек етеді. Лепті сөйлемдер де баяулау қарқынмен ұзарыңқырап айтылады. Сөйлемнің қарқыны эмоциялық жағдаймен де тығыз байланысты. Мысалы, қуанышты, ашулы жағдайда ол жылдамдаса, депрессия жағдайында және салтанатты жағдайда баяулайды. Сөйлеу тіліндегі интонация қарқынының сөйлемнің мазмұнына және сөйлеушінің эмоциясына да тікелей қатысы бар.

З.Базарбаева. «Қазақ тілі: интонология, фонология» кітабынан



3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, эмоционалды мәні басым сөздерге талдау жасаңдар.

Атақты Қаздауысты Қазыбектің Өлімжан деген баласы қайтыс болғанда, Төле би бір топ адаммен барып көңіл айтады. Сонда:

– О, Қаздауысты Қазыбегім!

Кім білген бұл ғұмырдың азы-көбін.

Қылыштың сабы кетіп, қабы қалды,

Бедеудің жаны кетіп, жалы қалды.

Батырдың ары кетіп, малы қалды,

Халықтың нөрі кетіп, сөні қалды.

Уа, Қазыбегім, нар көтермес жұмыс болды,

Өзі беріп, ұлыңды өзі алды,

Бұл пенде бір Аллаға не қылады, – деп термелей сөйлеп, жұртты егілтіпті. Басын көтермей жатып қалған Қазыбек:

– Е, е, қадірлі Төке, Құдайға да, халқыма да ризамын. Өлімжаным туғанда Орта жүздің елі ғана құтты болсын айтып еді. Енді ол қайтыс болғанда үш жүздің баласы келіп қалып айтып жатыр. Бұған да шүкіршілік! – деп кеудесін көтеріпті.

«Шешендік шиырлары» кітабынан



А Мәтінді өмірмен байланыстырып, топта әңгімелеп беріңдер.



Ә Түсіндірме сөздікпен жұмыс жүргізіп, сөздердің түсіндірмесін дәптерлеріңе жазыңдар.

Мәтіндегі сөздер	Түсіндірмесі
бедеу	
жал	

нөр	
нар	
қалып айту	



4-тапсырма. Бүгінгі сабақтан алған барлық ақпараттарыңды жинақтап, синтез жасаңдар. Сыныптастарыңмен бөлісіңдер. Бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

3.4. ЕУРОПАМЕН МИГРАЦИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС



Әлемдегі қандастарымыз туралы не білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңдар (9-аудио).



A Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. *5 миллиондай қазақтың тарыдай шашырауы* дегенді қалай түсінесіңдер?

2. Әлем қазақтарының құрылтайын өткізудің мәні неде?



Ә Тыңдалым мәтіні бойынша анықтаңдар.

Мәтін қандай стильде жазылғанын
Мәтіндегі ең басты мәселені
Мәтіндегі маңызды сөйлемді
Автор көзқарасын білдіретін сөйлемді
Мәтінді қорытындылайтын сөйлемді

анықта!

Грамматикалық материал

Ісқағаз қызметтері:

- жекетұлғалар арасындағы қатынасты реттеуші;
- жеке адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеуші;
- әртүрлі мекеме, ұйымдардың өзара байланысын реттеуші;
- мекеме, ұйым жұмысын ұйымдастыру тәртібін негіздеуші;
- жеке адам мен қоғам өміріне қатысты оқиғаларды айғақтаушы;
- мемлекеттік басқару ісін жүйелеуші;
- тарихи құбылыстарды зерттеудің қайнар көзі;
- мекеме мен ұйымның атқарған істерінің көрсеткіші;
- мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші.

Ісқағаз сипаттары:

- саяси (мемлекетішілік, мемлекетаралық, халықаралық қатынастарда);
- әлеуметтік (қоғамдық-әлеуметтік қатынастарда);
- ұйымдастырушылық (басқару қызметі жүйесінде);
- құқықтық (заңды және жекетұлғалар арасындағы қатынастарда);
- тарихи (әр дәуірдің, қоғамдық сатының өзіндік ерекшеліктеріне сай қатынастарда);
- ресмилік (міндетті түрде заңды тұрғыда тіркелуінде).

Құжаттау үдерісінің элементтері:

- құжаттарды дайындау;
- құжаттарды жолдау, тіркеу;
- сырттан келген құжаттарды қабылдау, тіркеу;
- құжаттарды қолдануға дайындау;
- құжаттардың жүзеге асырылуын бақылау;
- құжаттарды мұрағат қорына дайындау.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, ісқағаз қызметін анықтаңдар.

Өмірбаянның бірінші түрі – адамның өз өмірі мен қызметі туралы баяндауы. Бұл көбінесе қызметке орналасу кезіндегі жеке ісқағазына қоса тігілу үшін жазылады. Онда адам өзінің аты-жөнін, туған күнін толық көрсетеді. Одан кейін жаңа жолдан нақты деректермен санамалап жазады. Өмірбаянның бұл түрі көбінесе ресми түрде жазылады да, көлемі жағынан шағын болады. Өмірбаянның бұл түрінің ерекшелігі: 1) хронологиялық тәртіппен жазылады; 2) ресми стильде мәтін түрінде жазылады.

О.М.Әбутәліп. «Ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу» кітабынан



А Өз өмірбаяндарыңды ресми стильде жазып көріңдер. Оның қандай қызмет атқаратынын анықтаңдар.

**Есте сақта!**

Интонацияның маңызды компоненттерінің бірі – *кідіріс*. Адам сөйлегенде барлық сөздерді бір-біріне шексіз тіркестіре бермейді, кейде уақыт жағынан өте аз, кейде ұзақтау тоқталып, кідіріс жасап отырады. Дауыс кідірісінің негізгі міндеттері – мәтінді бөліп мүшелу және сол бөлшектенген мүшелердің арақатынастарын айқындау, мағынаны түсіндіріп, жазылған мәтінді ажыратып оқу, түсіну үшін белгілі дәнекерлік қызмет атқару.

З.Базарбаева. «Қазақ тілі: интонология, фонология» кітабынан



3-тапсырма. Мәтінді мұқият оқындар. Кідіріс қай тұста жасалып, қандай қызмет атқарып тұр? Мәтіннің стилін анықтаңдар.

Мұстафа Көбенұлы – белгілі спортшы, таэквондо спортынан алты дүркін әлем чемпионы, қара белбеу иегері, ҚР таэквондо федерациясының (WTF) негізін қалаушы, халықаралық дәрежедегі жаттықтырушы. 1954 жылдың 23 қарашасында Түркияда, Қайсері қаласының Мұсаходжалы ауылында дүниеге келген.



Мұстафа Өзтүрік

Мұстафаның әкесі Көбен (Қабыл) Төлеубайұлы ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, жауырыны жер иіскемеген атақты палуан болған. Сол кездері ел ішінде көмпеске басталып кетеді де, бір өулет бір түннің ішінде тұтасымен таудан асып, Ұласты өзенін жағалай жүріп, Шың еліне өтіп кетеді. Алайда араға жиырма жыл салып, Қытай елінде де қызылдар қырғын салған сүрең басталып, 50-жылдары Түркияға барып тұрақтауды ойлайды. Анадолы еліне жету де оңайға соқпайды. Адамзат аяғы тимеген шөлді басып өтіп, Үндістан шегарасына да жетеді. Жол-жөнекей қырғын соғыстан көз ашпай Пәкістан арқылы Түркияға табан тірейді. Қалың топтан қалған жұрнақ осылайша Қайсері қаласынан пана табады. Жергілікті түріктер бірден жақсы қабылдап, қандастар деп құрметтейді. Соның арқасында бұл өулеттің жағдайы да жақсара бастайды. Қабен аға осы жерде палуандармен белдесіп, өзінің жауырыны жер иіскемейтін шебер екенін көрсетеді. Түрік бауырлардың Қабен ағаға деген құрметі артып, Өзтүрік атап кеткен. Осылайша отбасы мүшелері осы атауды өздеріне тек етіп алады.

Мұстафа Өзтүрік Ыстамбұлдағы орта мектепті, Тайвандағы эксперименталды университетті және сол елдегі Халықаралық қатынастар университетінің журналистика факультетін бітірген. Осы елде жүріп көрістің көне спорт өнері – таэквондоны үйренеді. Кейін Германияның Кельн, Мюнхен және Түркияның Ыстамбұл қалаларында өзінің таэквондо мектебін ашқан. Алты тілді меңгерген Мұстафа Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Алматыға келіп, таэквондо мектебін ашады.

Мұстафа Өзтүріктің сұхбатынан өңделіп алынды



А Мәтіннен тілдік оралымдарды тауып, ауызша талдау жасаңдар. Мысалы: *ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, жауырыны жер иіскемеген атақты палуан* т.б.

3.5. ЗИЯТКЕРЛІК МИГРАЦИЯ



Миграция туралы ойды жалғастырыңдар.

Зияткерлік миграция – белгілі бір себептерге байланысты басқа мемлекетке қоныс аудару. Мысалы, жұмыс бабымен немесе оқу орнын ауыстыру мақсатымен басқа мемлекетке көшу.

Қазақстандағы зияткерлік миграцияға «Болашақ» бағдарламасы мысал бола алады. Себебі осы бағдарлама арқылы мектеп бітірушілер шетелге оқу мақсатымен бірнеше жылға қоныс аударуда.



1-тапсырма. Мәтінді терминдерге мән беріп оқыңдар.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылып, 1993 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Содан бері аталған стипендия бойынша 10 мыңнан астам қазақстандық мұхит асып, шетелде білімін жетілдіріп келді.

Білім және ғылым министрлігі мен Халықаралық бағдарламалар орталығына жүктелген маңызды тапсырмалардың бірі – Қазақстанда Орталық Азиядағы білім хабын құру. Білім хабы дегеніміз – белгілі бір аймақтағы халықаралық деңгейдегі білім ошақтары, шетелдік ұстаздармен тәжірибе алмасу арқылы академиялық ортаның кәсіби дамуы, білім саласындағы бизнес пен ғылыми орталықтардың өркендеуі, инновациялық жобалардың іске асырылуы. Білім хабын құру нәтижесінде еліміздегі жоғары білім саласын дамытып, басқа мемлекеттердің білім институттарымен тәжірибе алмасу және шетелдік студенттерді тарту арқылы университеттердің қаржылық жағдайын жақсарту жоспарланған. Мысалы, Малайзия сияқты елдерде білім алатын шетелдіктердің саны өте көп. Онда оқу құны АҚШ не Ұлыбританиядағыдай қымбат емес. Малайзия – «Қос диплом» бағдарламасы бойынша білім беруді нәтижелі іске асырып отырған елдердің бірі. Яғни ол жақта оқу тамамдаған студент қос диплом алып шығады. Біз де осы тәжірибені іске асыруымыз керек.

Бүгінгі жастар ізденімпаз, білімге құштар әрі кез келген салада дараланып, ерекшеленгенді жақсы көреді. Көбі заман талабына сай шет тілдерін меңгеруге талпынып жүр. Шетелде де біздің өрендеріміз туралы жағымды пікір айтады. Әсіресе теориялық білімді тез меңгеруі мен сындарлы ойлау қабілетінің жоғары екені жиі сөз болады. Бүгінге дейін он мыңға жуық стипендиат «Болашақ» бағдарламасы бойынша тәлім алды. Олардың 3000-ға жуығы әлеуметтік салада жұмыс істейді. Білім мен ғылымға берілген 2000-нан астам түлек сонда жүр. Денсаулық сақтау мен өндірістік салада жүргендер саны 1000-ға жақындап қалды. 804 түлек

Грамматикалық материал

Шешендік арнау мазмұны мен түрі жағынан алғанда аңыз әңгімелерге жақын. Бірақ әңгімеге қарағанда шешендік сөздің көлемі шағын, мазмұны өсиет, насихатқа құрылады, баяндаудан гөрі өрнекті сөз, ұтымды ойға бейім. Құрамында көбінесе мақал-мәтел, қарасөз бен өлең сөз араласып, алмасып отырады. Адамдар арасындағы қарым-қатынасқа арналады. Мысалы, атаның балаға арнауы ретінде жұмсалатын шешендік сөздер, арнаулар да болады. Айталық, Балғожа бидің Ы.Алтынсаринге арнауы, Абайдың Әбішке арнауы т.б.

Шешендік арнауға біреуге біреу арнап айтқан *бата, алғыс, сын, әзіл, уәж, астарлы сөз, көңіл айту, мақтау-мадақтау* т.б. жатады. Көлемі шағын, қарасөз бен өлең сөз араласып, алмасып отырады.

Б.Адамбаев. «Қазақтың шешендік сөздері» кітабынан



2-тапсырма. Екі топқа бөлініп, топтық жұмысты орындаңдар. «Біз білетін шешендік арнаулар» тақырыбына ой картасын сызып, дәлелдендер.



А «Қазіргі дебат шешендері» тақырыбына қатысты ойларыңды төмендегі жүйе бойынша ауызша баяндаңдар.

Өзіндік пікір.

Дәлел.

Өз пікірін айғақтайтын мысал.

Өз пікіріне қарсы дәлел.

Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал.

Қорытынды.



Есте сақта!

Интонацияның маңызды компоненттерінің бірі – үдемелік. Үдемелік басқа компоненттермен бірігіп барып біршама мазмұнға ие болады. Үдемелік көбінесе дыбыстардың негізгі тон жиілігімен бірігіп, сөйлемдегі сөздердің акценттелуіне қатысады. Сөйлемдегі сөз тізбектерінің бір үзгін акценттеу керек болса, сол жердегі үдемелікті күшейтеді.

З.Базарбаева. «Қазақ тілі: интонология, фонология» кітабынан



3-тапсырма. Қазыбек бидің айтқанын нақышымен мәнерлеп айтыңдар. Интонация ағымын байқаңдар. Сөзді үдетуді қай тұста қолдандыңдар?

Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын,
Инабатты болса, келінің жақын.
Алдыңа тартқан адал асын,
Қимас жақын – қарындасың.

Сыбайлас болса, нағашың жақын,
Адал болса, досың жақын.
Еркелейтін немерең жақын,
Өз ұрпағың – шөберең жақын.
Жан серігің жас кезіңнен,
Бөрінен де әйелің жақын.



А Өлең жолдарынан интонацияның құрамдас бөліктерін тауып, түсіндіріңдер. Үдемелікті шартты белгілермен көрсетіңдер.

Үлгі. Тату болса, ˆ ағайын жақын.



Ә Өлеңнен тәуелдік жалғауы жалғанған 3 сөзді таңдап алып, фонетикалық талдау жасаңдар.

3.6. МИГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІС



Еуропа елдеріндегі зияткерлік миграция туралы ойларың қандай?



1-тапсырма. Мәтінмен мұқият танысып, жазылу стилін анықтаңдар. Екі топқа бөлініп, бір-біріңе 3 сұрақтан дайындаңдар. Жауаптарды талқылаңдар.

Германиядағы қазақтардың тұрмыстық жағдайы жаман емес. Олар өлеуметтік жағынан жақсы қамтылған. Қазақстанға деген көзқарастары жақсы болғанымен, Германияда қалып өмір сүруге және оның азаматтығын алуға өте ықыласты. Германияның Мюнхен қаласында 30 жылдан бері тұратын Өмірхан Алтын ол елге алғаш жұмыс емес, оқу іздеп келгенін айтады. Ол Түркияның Анкара университетінің экономика факультетінде, кейін Батыс Берлин университетінің химия факультетінде оқыған. Мюнхендегі «Азаттық» радиосына шақырылып, сонда 10 жылдан аса уақыт қызмет істеуде. Қазір тәуелсіз журналист, жеке кәсіпкер ретінде Қазақстан, Түркия, Германия арасында іскерлік байланыстар орнатумен айналысады.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, осы елдегі 82 миллиондай халықтың 10 миллионы өзге ұлттың өкілдері көрінеді. Мәселен, Түркиядан келген мигранттардың саны 2,5 миллион, Польшадан 1,3 миллион, Италиядан 1 миллионға жақын, ал бұрынғы КСРО-дан 2,9 миллион халық қоныс аударған болса, соның 1 миллионнан астамы – Қазақстаннан Германияға қоныс аударған этникалық немістер. Қазақстаннан көшіп барған немістердің арасында қазақ тілінде сөйлеп, қазақша өн айтып, **домбыра** шертетін, тіптен **бие** байлап, **қымыз** ашытып отырған немістер бар екенін естігенде риза боласың.

Д.Баймолда. «Еуропадағы қазақтар» кітабынан



А Қарамен берілген сөздерге лексикалық талдау жасаңдар.



2-тапсырма. Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Еуропа елдерінен білім алу үрдісі туралы ойларың қандай? Жұптасып бір-біріңе сұрақтар дайындаңдар.

2-деңгей. Сұрақтарға жауап беру арқылы «Еуропа елдерінде білім алу туралы ойларым» атты интервью жазыңдар.

3-деңгей. Сынып алдында оқылған интервьюлердің ең үздігін анықтаңдар. Интервью мәтінінің кейбір үзінділеріне талдау жасаңдар.

Грамматикалық материал

Бата, тілек, сын

Қазақ халқының ежелгі салт-дәстүрінің бірі – *бата, тілек білдіру*. Бата беру, әдетте, құрметті ақсақалдардың не құдайы қонақтың үлесіне тиген. Халқымыздың бата-тілегін бейнелейтін шешендік сөздердің неше алуан нұсқалары бар.

Бата-тілектің бір тобы отбасы бақыты – жаңа туған жас нәресте мен жаңа түскен жас келінге арналған. Баланы бесікке салып, ат қою тойына бүкіл ауылдың үлкен-кіші, кәрі-жасы жиналатын болған. Осы тойда ауылдың сөз білер пысық азаматтарының бірі бата берген. Бата-тілекте де жаңа түскен келінге деген ыстық ықылас, аталы сөз, ақ тілек ашық айтылған.

Арнау сөздердің бір саласы – шешендік сын. Қазақ ауыз әдебиетінде жерге, елге, малға айтылған шешендік сынды алуан түрі бар. Түйе үстінде туып, ат жалында өскен малшы, аңшы қазақ қашаннан ақ сыншы болған. Жүйрік ат, қыран құсты шаппай, ұшпай танитын саяткер құсбегілер туралы аңыздар бар. Ізіне қарап түйенің түгін, түсін айтатын, қозыға қарап мың қойдан енесін тауып табыстыратын, жоғалған биенің іште кеткен құлынын ат болғанда танып алатын сыншылар туралы аңыз-әңгімелер сақталған.

Б. Адамбаев. «Қазақтың шешендік сөздері» кітабынан



3-тапсырма. Қарамен берілген сөздердің лексикалық мағынасын сөздіктен қарап жазыңдар. Есет бидің бұл айтқандары кімге бағыпталғандығы туралы ойларыңмен бөлісіңдер.

Қартайдым да қор болдым,
Күн сенкі, жастарым.
Кәрілікке жеткізсе,
Талайды көрер бастарың.
Заманымда өзімнің
Еңсеріскен ер едім.
Белсеніскен бел көрдім,
Жасанысқан жау көрдім,
Тізелескен дау көрдім,

Үрікпедім, саспадым,
Бір өтірік болмасын,
Табаным тайып қашпадым.
Қанды көйлек жолдасты
Сары алтындай сақтадым.
Менің көрген затым бұл,
Төкпей-шашпай қолданып,
Ортаңа сүйреп тастадым.

Н.Төреқұлов, М.Қазбеков. «Қазақтың би-шешендері» кітабынан



А Мәтіннің соңғы сөйлеміне синтаксистік талдау жасаңдар.



4-тапсырма. Өлеңді оқып, төмендегі шарттар бойынша талдау жасаңдар.

Ерге бата

Қандай заман болса да,
Алды-артың кең болсын.
Қанша ауыр болса да,

Артқан жүгің тең болсын.
Таразының басында,
Қателігің кем болсын.

Ақ дегенің алғыс боп,
Тарыққан мынау халқыңа,
Шипа дарып, ем болсын.
Қасарысқан жауыңның,
Арты топан су болып,
Алды Бетпақ шөл болсын.
Қара ниет дұшпаның,
Ит пен құсқа жем болсын.
Астыңнан тағың таймасын,

Басыңнан бағың таймасын.
Әрбір жақсы ісіңнің,
Көрсін халқың пайдасын.
Аулаңда гүл жайнасын,
Үйіңде бұлбұл сайрасын.
Дастарқаның көл болсын,
Ұлыңа ұл қосылып,
Қызыңа қыз қосылып,
Қалың орман ел болсын.

Өзіндік пікір.

Дәлел.

Өз пікірін айғақтайтын мысал.

Өз пікіріне қарсы дәлел.

Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал.

Қорытынды.



Есте сақта!

Сөйлемдегі кідірістің орнына байланысты сөздердің өзара қарым-қатынасы мен функциясы өзгеріп отырады. Қазақтың сөйлеу тілінде сөздерді ритмикалық топтарға бөлетін паузаның болуы міндетті түрде қажет. Бірақ олардың көлемі (ұзақтығы) біркелкі болмауы мүмкін. Ритмикалық топтардың арасындағы пауза ритмикалық топтардың ішіндегі паузадан 1,5 және 2 есе артық болып шығады.

Интонация компоненттерінің бірі – *дауыс реңкі*. Реңк дегеніміз – адамның әртүрлі көңіл күйін, эмоциясын білдіретін интонациялық тәсіл. Реңк арқылы қуаныш пен реніш, ашу мен ирония, көңілдену мен мейірлену, сықақ пен мысқыл т.б. сезімдер беріледі.

З.Базарбаева. «Қазақ тілі: интонология, фонология» кітабынан



5-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, интонацияға мән беріңдер. Ережеде айтылған заңдылықты қай тұстан байқай алдыңдар?

– Ай, Жәнібек хан!
Айтпасам білмейсің.
Жайылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып қызып терлейсің.

Өзіңнен басқа хан жоқтай,
Өзеуреп неге сөйлейсің?
Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп.
Он сан ноғай бүлнді,
Мұны неге білмейсің?

«Шешендік сөздер» хрестоматиясынан



А Асанқайғының Жәнібек ханға айтқан арнауына «Екі түрлі түсініктеме күнделігін» дәптерлеріңе толтыру арқылы талдау жасаңдар.

Мәтіндегі сөздер, сөз тіркестері немесе сөйлемдер	Түсініктеме



6-тапсырма. Қанатты сөздерді оқып, ой тұжырымдаңдар.

Кімде-кім халқынан алмаса төлім,
Оны үйрете алмас ешбір мұғалім.

Жүсіп Баласағұн

Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.

Жүсіп Баласағұн

Батыр боп жауға найзаң тимесе,
Батырлықтан не пайда?!
Бай болып халқыңа пайдаң тимесе,
Байлығыңнан не пайда?!

Әйтеке би



А Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Бата, тілек, сынның сипаттамасын негізге ала отырып, өз беттеріңмен тілек немесе бата жазып көріңдер.

2-деңгей. Екі топқа бөлініп, жазған жұмыстарыңды топта талқылаңдар. Топтағы ең үздік жұмыстарды анықтаңдар.

3-деңгей. Екі топтан шыққан үздік жұмыстарды сынып алдында жариялап, талқылаңдар.

- Ережеге сәйкестігі;
- арналу сәйкестігі;
- сөз саптау шеберлігі;
- сөз орамдарын лайықты қолдануы.

3.7. ЖАСТАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ



Қазіргі кездегі шетелмен білім, еңбек тәжірибесін алмасу туралы түсініктерің қандай?



1-тапсырма. Мәтінмен мұқият танысыңдар. Екі топқа бөлініп, бір-біріңе 3 сұрақтан дайындаңдар. Жауаптарды талқылаңдар.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша екі жүздей қазақ студенті Францияның әйгілі Сорбонна университетінен бастап басқа университеттерінде де оқып, білім алуға келген. Франция астанасы Париж қаласында Қазақстанның дипломатиялық елшілігі жұмыс істейді. Сондай-ақ соңғы жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстарымен жәнә мәдениет, өнер саласында жекелей жұмыс істеп жүрген қазақтар саны көбеюде. Мысалы, елге танымал опера өншісі Майра Мұхамедқызы соңғы жылдары Париж опера театрында өн шырқап жүр. Қазақстаннан басқа Түркия, Қытай, Моңғолиядан келіп оқу оқып, білім алып

жүрген қазақ балалары да баршылық. Тек Қытайдың өзінен 20-дай қазақ баласы Францияның жоғары оқу орындарында білім алып жатыр. Уақытша келіп, кәсіпкерлікпен айналысып жүрген қазақтар да баршылық.

Бүгінгі күні Францияда шамамен 2 мыңға жуық қандасмыз бар. Олар Парижде және оның маңындағы кішірек аудандарда шоғырланған. Тек Париж қаласында 230-дай қазақ отбасы тұрады.

Франциядағы қазақ мәдени қоғамы Алматыдағы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Д.Баймолда. «Еуропадағы қазақтар» кітабынан



А «Шетелдегі қандастар» тақырыбына білетін ақпараттарыңды дәлел ретінде пайдаланып, өз ұсыныстарыңды хат түрінде жазыңдар. Жазылым жұмысында РАФТ стратегиясын пайдаланыңдар.



2-тапсырма. «Блиц турнир» ойыны. Сұрақтарға жылдам жауап беріп жарысыңдар.

1. Сөзталастың мақсаты не?
2. Сөзталас қай кезде орын алады?
3. Қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтары қанша?
4. Әкімшілік-кеңсе шағын ресми стиліне қандай құжаттар жатады?
5. Нота, меморандум қай стильге жатады?
6. Ісқағаздар мазмұны мен қызметіне қарай қанша топқа бөлінеді?
7. Жеке адам өміріне қатысты ісқағаздарға нелер жатады?
8. Басқару, ұйымдастыру қызметіне қатысты ісқағаздарды ата.
9. Қолхат, кепілхат, сенімхат қандай құжаттар?
10. Шешендік арнауға нелер жатады?
11. Бата кімдерге айтылады?
12. Сын қай кезде айтылады?



3-тапсырма. «Шешен және шешендік сөздер» тақырыбына аргументативтік эссе жазыңдар.

Өзіңді тексер!

1. Интонацияның қандай құрамдас түрі бар?
 - а) қарқын; ә) тұрақты тіркес; б) жалғау; в) жұрнақ.
2. Сөйлемдегі сөз тізбектерінің жігін ажыратуға (акценттеуге) қатысатын компонент қайсы?
 - а) ырғақ; ә) қарқын; б) әуез; в) үдемелік.
3. Кідіріс нені білдіреді?
 - а) Акустикалық дыбысталудың тоқтағанын;
 - ә) ойдың аяқталғанын;

- б) келесі сөздің жалғасатынын;
в) сөз тіркестерінің оқылуын.
4. Интонацияның құрамдас бөлігі не үшін қажет?
а) Сөйлемнің мағыналы әрі мәнді болуы үшін;
ә) сөздерді дұрыс жазу үшін;
б) сөйлегенде дұрыс ойлау үшін;
в) тіркестерді дұрыс орналастыру үшін.
5. Әуезді өзгертуге бола ма?
а) Өзгерте отырып, сезім-күйді білдіруге болады;
ә) болмайды, сөйлемнің мәні өзгеріп кетеді;
б) болады, дұрыс жазуға көмектеседі;
в) әуез арқылы бір ғана көңіл күйді білуге болады.
6. Сөздердің байланысын қамтамасыз ететін тілдік норма қайсы?
а) Интонация; ә) сөйлем; б) сөз; в) тіркес.
7. Адамның көңіл күйін анықтайтын интонацияның компоненті қайсы?
а) Үдемелік; ә) қарқын; б) әуен; в) кідіріс.
8. Реңк дегеніміз не?
а) Сөйлемдегі сөздерді бөліп, мүшелеп айту тәсілі;
ә) сөйлеу дауысын жоғарылата айтудағы тәсіл;
б) сөздерді созылыңқы түрде әуендете айту тәсілі;
в) адамның эмоциясын білдіретін интонациялық тәсіл.
9. Жазылған мәтінді ажыратып оқу – ...
а) әуез; ә) ырғақ; б) әуен; в) кідіріс.
10. Хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті болуына қызмет етуші – ...
а) әуез; ә) үдемелік; б) әуен; в) қарқын.



Ғалым болам десеңіз...

1. *Г.Қосымова*. Шешендік өнердің негіздері. Алматы: Баян жүрек, 2007.
2. *З.Базарбаева*. Қазақ тілі: интонология, фонология. Алматы: Жібек жолы, 2008.
3. *О.М.Әбутәліп*. Ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу. Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығы, 2013.
4. *Ж.Дәдебаев*. Таңдамалы шығармалар. Алматы: Өнер, 2008.
5. *Б.Адамбаев*. Қазақтың шешендік сөздері. Алматы: Ана тілі, 2008.

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬ

Бұл бөлімде сендер:

- әлем рекордтары сериясының иегері, Гиннестің рекордтар кітабына енген отандасымыз Марат Жыланбаев туралы ақпараттармен таныса отырып, оның ешкім қайталай алмаған ерліктері туралы ой түйесіңдер;
- әр ғасырда жасалған адамзат жаңалықтары, заман ағымына сай жетілдірілген ғылыми жаңалықтар туралы мол мағлұмат аласыңдар;
- қазақ даласы өркениеті дамуының жарқын көрсеткіші – жылқыны қолға үйрету туралы тарихи деректермен таныс боласыңдар. Ежелгі дәуірден үзілмей келе жатқан дәстүріміз бен құндылықтарымыз туралы тәлім аласыңдар;
- көшпелілердің әлем өркениетіне қосқан үлесі – етік пен шалбарды ойлап табуы және алғашқы конькиі туралы тың тарихи деректермен таныса отырып, құнды мұралардың маңызын екшейсіңдер;
- шешендік сөздерді оқып-үйрену арқылы пікір алмасудың мазмұнына үңіліп, өмірдегі қолданыстармен байланыстырасыңдар;
- публицистикалық стиль туралы ауызша, жазбаша жаттығулар орындап, білімдеріңді кеңейтесіңдер.

4.1. ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН РЕКОРД



Гиннестің рекордтар кітабына енген қазақстандық қандай рекордшыларды білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, рекордшы Марат Жыланбаевтың өнері туралы пікір алмасыңдар.

«Әлем рекордтары» сериясының иегері, алғашқы және бірден-бір супермарафоншы, Азияның, Аустралияның, Африка мен Американың ірі шөлдерінен жүгіріп өткен өлемдегі ең мықты өрі төзімді адам – жерлесіміз Марат Жыланбаев. Гиннестің рекордтар кітабына¹ отандасымыздың 90-жылдардың басында



¹ Гиннестің рекордтар кітабы – дүниежүзілік рекордтарды тіркейтін кітап.

қол жеткізген жетістігінің тек жетеуі ғана енген. Олардың көпшілігін ешкім басып озбаған. Оның ерліктерін өз аузынан естуге асықтық.

«1991 жылы ұзақтық бойынша дүниежүзілік 3 рекорд орнаттым. Сол кезде күніне 42 шақырымнан тұратын 2 марафоннан жүгірдім. 50 шақырым және одан көп қашықтықта тек желаяқтар ғана жеңіске жетеді. Мен, мәселен, 515 шақырымды үзліссіз жүгірдім. Менің әдістемемнің жұмыс істейтінін және адамзаттың мүмкіндігінде шек жоқ екенін дәлелдеп, өзімді көрсеткім келді. Рекорд орнатқан соң көңілімді жайлап, тынышталғым келді. Бірақ шөл дала туралы оқып, сол асуды бағындыруға шабыттандым. Біреуінен өтіп, жаттығу тәжірибесін алдым. Содан кейін Сахараны¹ көздедім. Сахарадан өткен соң, «Путешествия никогда не кончаются» деген автобиографиялық кітаптың авторы Робин Дэвидсонмен кездесіп қалып, оның аустралиялық Үлкен Виктория шөлінен² өткендігін білдім.

Бірінші шөлден қоржынымды асынып, жалғыз өзім өттім. Қоржыным 20 келідей. Жартысынан көбі – су, 12 литр алдым. Парашют жібегінен жасалған шағын шатырым өте жеңіл болатын. Өскери, ғарыштық карталар, ара, компас, аңшы сіріңкесі, бақыраш, бірер келі жарма болды.

Құдыққа жетсем, демек, демалуым керек. Маршрутты солай жасадым. Мен алдымен тіке маршрут жасаған едім, Үшқұдыққа³ барғым келді. Оның шөлейт екені түсінікті. Бірақ маған кеңес берген адамдар болмайды деп, мені иректі жолдармен жіберді. Менің маршрутым Жібек жолының құдықтарының бойымен, жылан секілді ирелектеп жатты. Ол жердегі құдықтар ескі, мыңдаған жыл болған. Кейбіреуінде өлі де су бар. Қарақұмда⁴, мәселен, әлемдегі ең үлкен құдықтар бар. Тереңдігі 200 метрдей болатын шығар. Рас, мендегі арқанның ұзындығы 30 метр болатын. Қатерлер де болды. Қарақұмда шөлден өле жаздадым, тілім кеберсіп, біткен жерім осы болар деп ойлады. Бір құдықтан өттім, жақсылап су ішіп алдым. Алайда су қорын аз алдым, себебі арқалап жүру ауыр болатын. Есеп бойынша келесі құдықта су болу керек, ал ол тұзды болып шықты. Сол жерде жуынып, әрі қарай қозғалдым. Келесі құдықта су болмады, ал сол кезде ымырт үйіріліп, шөлдей бастаған едім. Ұзақ ойландым: келесісі де бос болып, кері жүру керек болса, бұл 2 күн жолды жоғалту деген сөз. Сол кезде от көрінді. Сағым, елес шығар деп ойлады. Мен алдыңғы аялдаған жерімде тұзды судан сәл ішкен едім. Бірақ бәрін ұғынып тұрмын. Өскери картаны аштым, ештеңе жоқ. Ғарыштық картаны аштым – ол жерде адамдардың болуы мүмкін емес. Бірақ айқын көріп тұрмын. Сөйтіп, сол жаққа баруды ұйғардым. Екінші от көрінді, содан соң үшіншісі.

¹ Сахара – жер бетіндегі ең үлкен шөл.

² Виктория шөлі – Аустралияның оңтүстігіндегі ауқымды құмды алқап.

³ Үшқұдық – Өзбекстанның құмды аймағы.

⁴ Қарақұм – шөл.

Жарық көрінсе, демек, адамдар бар деген сөз. Ал шөл далада барлық нәрсе жақын жерде тұрғандай көрінеді. Тілім аузымнан шығып бара жатқандай, киімімді түгел шешіп тастап, тек ішкіімшең жүгірдім, содан соң жүре бердім... Әрі қарай есімде жоқ, шамасы автопилотпен жеткен шығармын. Таңертең көзімді ашсам, түркімендердің мұнай, газ іздеген бұрғылау мұнарасында екенмін. Бұрғылаушылар маған түнде вагонға ішкіімшең жүгіріп келіп, ләм деместен үш литрлік банкаға жармасып, ішіндегіні төңкеріп ішіп, талып құлағанымды айтты. Тамыр соғысымды өлшеп, тірі болған соң сөкіге жатқызған. Қайта банканың ішінде химия болған жоқ дейді. Кейде ондайды да банкаға сақтайды екен. Тіпті қас-қағым сәтте болғаны сондай, аузымызды ашып үлгермедік дейді. «Қай жақтансың?», «Кімсің?», «Не істеп жүрсің?» деп сұрақтар жаудыра бастады...

Ағзам сусап қалған еді. Алайда шыныққан ағза жақсы төтеп берді, ешқандай зардабы болмады. Мен бұған дейін бірнеше мыңдаған шақырымдық марафондарды сусыз жүгіріп өткен едім».

«Ақ Жайық» газетіне берген сұхбатынан



А Оқылым мәтіні бойынша деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Оқылым мәтініне тезистік жоспар құрыңдар.

2-деңгей. Оқылым мәтінінен факті мен көзқарастарды анықтап, дәптерге кестені толтырыңдар.

Фактілер	Көзқарастар

3-деңгей. Мәтінге рецензия жазыңдар.



Ә Тапсырманы орындаңдар.


Сұраққа жауап жазыңдар	Сұраққа жауап беретін нұсқаны анықтаңдар	Мәтінге назар аударыңдар
Мәтін бойынша қанша сұрақ қоюға болады? Қалай? 1. 2. 3. 4. 5. 6. 7.	Мәтіндегі негізгі ойды анықтауға тірек болатын тіркестер: • <i>желаяқтар ғана жеңіске жетеді;</i> • <i>515 шақырымды үзіліссіз жүгірдім;</i> • <i>менің әдістемем;</i> • <i>тынышталғым келді.</i>	1991 жылы ұзақтық бойынша дүниежүзілік 3 рекорд орнаттым. Сол кезде күніне 42 шақырымнан тұратын 2 марафоннан жүгірдім. 50 шақырым және одан көп қашықтықта тек желаяқтар ғана жеңіске жетеді. Мен, мәселен, 515 шақырымды үзіліссіз жүгірдім. Менің әдістемемнің жұмыс істейтінін және адамзаттың мүмкіндігінде шек жоқ екенін дәлелдеп, өзімді көрсеткім келді. Рекорд орнатқан соң көңілімді жайлап, тынышталғым келді.
Шағын мәтіннің негізгі ойы қандай? Қысқаша ойыңды 30 сөзбен жазып дәлелде.		
Талқылап, ортақ пікірге келіңдер.		



2-тапсырма. «Ыстық ауа райында жүгіру» мәтінін мұқият оқып, ақпарат алыңдар.

Ыстық ауа райында жүгіру

Ұзақ қашықтықтарға жүгірген кезде, дене температурасы көтеріліп, тер бөлінеді. Егер жүгіруші тер бөлінген кезде жоғалтатын су көлемінің орнын толтыру үшін жеткілікті мөлшерде су ішпесе, онда сусыздануды бастан кешіруі мүмкін. Дене салмағынан 2% мөлшерінде және одан жоғары мөлшерде судың жоғалуы сусыздану жағдайы болып есептеледі. Бұл пайыз төменде көрсетілген судың жоғалуы термометрінің таңбасында көрсетілген. Егер дене температурасы 40°C-қа дейін және одан жоғары көтерілсе, жүгірушінің «ыстық өту» қаупіне ұшырауы мүмкін. Бұл температура төменде көрсетілген дене температурасы термометріндегі таңбада көрсетілген.



А Әуелі өз болжамдарыңды таңда, сонан кейін ойынды дәлелде.

«Ыстық ауа райында жүгіру» мәтіні мен оң жақта келтірілген марафоншы Марат Жыланбаевтың ақпаратын байланыстырыңдар. Ақпараттар негізінде өзіңнің болжам, деректеріңді жинақта.

- ыстықтаған соң шешініп жүгірді;
- жүгіруге шамасы келмей қалғандықтан тек жүре берді;
- шөлдегендіктен тілі құрғады;
- мөлшерден тыс шөлдеу салдарынан денеде сусыздану үдерісі жүрді.

Тілім аузымнан шығып бара жатқандай, киімімді түгел шешіп тастап, тек ішкіімшең жүгірдім, содан соң жүре бердім...

Өрі қарай есімде жоқ.

Дәлелде. Жүгіруші неге талып қалды? Бұл жоғарыдағы мәтіннен оқыған сусыздану ма?

- Ә) Әуелі кестенің сол жағындағы сұраққа өз болжамдарыңды таңда. Сонан кейін оң жақтағы тапсырмаларды орында.

Жүгіруші ыстық, құрғақ күні бірнеше күн су ішпеді. Мұндай жағдайдың денсаулық үшін қандай салдары бар?

- а) Ағзаның құрғап қалуы денсаулыққа зиянын тигізеді.
 ө) Денеден сусыздану белгілі мөлшерде жүрген кезде дене температурасы 40°C болып көтерілуі мүмкін.
 б) Ыстық өту арқылы өміріне қауіп төнуі мүмкін.
 в) Сахарада жүгіргендіктен көмекке келетін жан болмай, денсаулығы нашарлап кетуі мүмкін.
 г) Өрі қарай жүгіре алмай, мақсатты жоспары орындалмауы мүмкін.

...үш литрлік банкаға жармасып, ішіндегіні төңкеріп ішіп, талып құлағанымды айтты.

Азам сусап қалған еді. Алайда шыныққан аға жақсы төтеп берді, ешқандай зардабы болмады. Мен бұған дейін бірнеше мыңдаған шақырымдық марафондарды сусыз жүгіріп өткен едім.

Салыстыр. Өзіңнің болжамдарың мен Марат Жыланбаевтың ақпараты бойынша ұқсастық болды ма?

Дәлелде. Марафоншы неге аман қалды? Оның ешқандай зардап шекпеуінің сыры неде?

Тұжырымда. Спорттың денсаулыққа әсері қандай? Мақсатқа жетуінің сыры неде?

Грамматикалық материал

Пікір алмасу

Пікір алмасу – латын сөзі (*discussio*), беретін мағынасы – *зерттеу, талқылау, талдау*. Пікір алмасу көпшілік алдында өтеді. Мақсаты – әртүрлі әрекеттерді салыстыра зерттей отырып, шындық пікірді көрсету, талас мәселенің шешімін іздеп табу. Пікір алмасу – дұрыстыққа көз жеткізудің ең тиімді тәсілі, өйткені қатысқандар көздері жеткендіктен де бір пікірге өздері келеді.



3-тапсырма. Ережені оқып, пікір алмасуға өз сөздеріңмен бір сөйлеммен анықтама беріңдер.



Есте сақта!

Көркемдеу тәсілдері: *теңеу, кейіптеу, эпитет, метафора, метонимия, меңзеу (синекдоха), параллелизм, антитеза, инверсия, қайталау, риторикалық сұрақтар* т.б. Бұл көркемдеуіш құралдары шешендік сөздерді жай сөздерден ажыратып тұратын тілдік белгілер болып саналады. Сөзді көркемдеу тәсілдерінің ішінде ең пәрмендісі – *теңеу*.

Шешеннің көркем ойлауының, дүниетанымының ұлттық ерекшелігі теңеуден көрінеді. *Теңеу* – суреттеуді неғұрлым көрнекті ету мақсатымен бір затты, ұғымды, күйді басқа бір заттармен, ұғымдармен салыстыруға негізделген көркемдеу тәсілі. Мысалы, «Қызықтырар білім көздің құртындай, ой – орданың келіп қонған жұртындай» (Ж.Баласағұн).



4-тапсырма. Көркем әдебиеттерден көркемдегіш құралдары бар сөйлемдерді тауып жазыңдар.


 **А** Теңеу сөздерді тауып жазыңдар. Қандай мағынада қолданылғанын түсіндіріңдер.

ШЫҢҒЫС ханның айтқаны

Қабырға қапқан төбеттей,
Қияға шапқан бүркіттей,
Ашу қысқан арыстандай,
Адам жеген айдаһардай,
Көлеңкесін басқан сұңқардай,
Ботасын жұлған бурадай,


Боранда жортқан қасқырдай,
Балапан жұтқан қаздардай,
Апанын қорыған қаншықтай,
Азуын басқан барыстай,
Жұлысып неге мерт болдың?!

Г.Қосымова. «Шешендік өнердің негіздері» кітабынан

 **Ә** Берілген мәтіннің мазмұнына және көркемдегіш құралына сәйкес тірек-жоспар жазыңдар.


Үлгі.




 **Б** Екі топқа бөлініп, құрамында теңеу сөздер кездесетін мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер айтудан жарыс ұйымдастырыңдар.

Үлгі. Білім – инемен құдық қазғандай. Қыздың жиған жүгіндей т.б.

4.2. АДАМЗАТ ЖАҢАЛЫҒЫ

 Қазіргі заманда шыққан қандай өнертабыстарды білесіңдер?

 **1-тапсырма.** Мәтінді оқып, қандай стильде жазылғанын анықтаңдар. Автор көзқарасы мен мақсатты қызметін, құрылымын талдаңдар.

Бірнеше ғасыр бойы адамзат күнделікті тірлікке адамдардың, жануарлардың, жел мен судың күшін пайдаланды. Бірақ буқозғалтқыштың пайда болуы қоғамға үлкен өзгеріс әкелді. Б.з. I ғасырында өмір сүрген александриялық Герон буқозғалтқышпен жұмыс істейтін алғашқы бу турбинасын құрастырған ғалым болып саналады. Бірақ ол өз өнертабысын ойыншық ретінде ғана пайдаланған. Бірнеше жылдардан соң ғалымдардың қажырлы еңбегінің арқасында құрылғының пішіні өзгеріп, қызметі жетілді. Шотланд инженері және өнертапқышы Джеймс Уатт буқозғалтқышты дамытуға қомақты

үлес қосты. Буқозғалтқыш өзі жүретін көлік болды. «Өндірісті алға жылжыту үшін бірнеше адам бірлесіп мәшинеммен жұмыс істейді» деген тұжырым шындыққа айналды. Қарқынды дамудың нәтижесінде электр мен бензинді қозғалтқыштар өмірге келді. Бұрын адамдар істейтін көптеген ауыр жұмыстарды енді мәшинелер атқаратын болды. 1926 жылы Роберт Годдард зымыранның қозғалыс күшін көрсетті. 1957 жылы Ресей ғалымдары ғарышқа самғау мүмкін екенін дәлелдеді. Ғарышты игеру 1957 жылы басталды. Бұрынғы Кеңес Одағы әуе кеңістігіне «Спутник-1» алғашқы жасанды Жер серігін ұшырды. Қазіргі кезде жүздеген жасанды Жер серігі түрлі қызметтер атқарады. Олар байланыс орнату және ауа райын болжау үшін қолданылады.

Қазіргі таңда ғалымдар зымырандардың мүмкіндігін үздіксіз жетілдіріп келеді. Олар компьютердің көмегімен ғарыш кемелерін бақылап, Жерден миллиондаған шақырым қашықтықта тәжірибелер жүргізе алады. Соның арқасында ғарыш кеңістігі жайлы көптеген жаңа мәліметтерді біле аламыз.

«Ұлы өнертабыстар» энциклопедиясынан



А Мәтінге тезистік жоспар құрыңдар.



Ә Құрылған тезистік жоспарларыңды пайдаланып, шағын ізденімдік-зерттеушілік жұмыс жүргізіндер. Нәтижесінде тақырыбын өздерің таңдап, шағын ғылыми мақала жазыңдар.

1. Александриялық ғалым Геронның буқозғалтқышы.
2. Шотланд инженері және өнертапқышы Джеймс Уаттың буқозғалтқышы.
3. Роберт Годдардтың өнертабысы.

Грамматикалық материал

Пікір алысудың шешендік тағылымы

Пікір алысуда басқалардың пікірін сабырлылықпен тыңдау, пікірлерді сыйлау, пікірлестерді құрметтей білу маңызды. Мұндағы талаптар: жан-жақты білімділік, айқын ойлылық, дәлелдеу шеберлігі, дауыс күші, эстетикалық талғам, эмоция, көркем тіл, көпшілік алдында сөйлеуге психологиялық дайындық, үнемі сөйлеп жаттығу, шешендердің сөйлеу әрекетіне талдау жасай білу, көпшілік алдында сөйлеу әдістемесін меңгеру. Пікір алысуға түсетін адам сөйленетін сөздің мағыналық шегі тақырыптан ауытқымай, мазмұн аясынан шықпау екендігін есте ұстауы тиіс. Сөйлеу мазмұнының ішкі және сыртқы бүтіндігі деген мазмұн мен форманың бірлігі, мазмұнға сәйкес тілдік құралдарды дұрыс таңдау екендігіне көз жеткізу маңызды.



2-тапсырма. Грамматикалық материалда берілген лингвистикалық терминдерге анықтама беріп, мысал келтіріңдер.



А Берілген мәтіндегі ойды көркемдеп тұрған сөздерді анықтаңдар.

Алыста не алыс?

Байдалы қартайып, үйден шықпай күндіз-түні төсекте жататын болды дегенді естіп, Мұса мырза іздеп келіпті. Байдалы шешен қараша үйінің ішінде бөстекке оранып жатыр екен. Мұсаның қолын алып, жөнін сұрап амандасыпты да, көріліктің жайын айта беріпті.

– Ой, көрілік-ай, сөздің өзі – бала, тербетсе оянады, тербетпесе оянбайды, заманым өтті ғой! – дей беріпті. Мұса қонып, қонақасын жеп, таңертең жүрмек болады.

– Е, шырағым, еліңе не айтып барасың? – депті Байдалы.

– Мен не айтайын, ел ағасы болған Байдалы еді, енді көрілікпен алысып жатыр екен деймін дағы, – депті Мұса.

– Шырағым, оның рас. Үш ауыз сөз сұрайын, соны шешіп беріп кетші, – дейді қарт. Мұса:

– Айтыңыз, – дейді, сонда Байдалы қарт:

– Алыста не алыс? Жақында не жақын? Төттіде не төтті? – дейді.

Мұса ойланып отырып:

– Жер мен көктің арасы алыс, кісіге туыс жақын, бала төтті, – депті. Сонда Байдалы қарт басын көтеріп:

– Балам, ақылың әлі алқымыңнан асқан жоқ екен. Білімді мен білімсіздің арасынан алыс жоқ, жаннан төтті жоқ. Бала қанша жақсы болса да, жан шығарда адамның өз жанынан төтті жоқ. Жақында – ажал жақын, – деген екен.

«Шешендік шиырлары» кітабынан



Ә Оқылым мәтінін негізге алып, ары қарай өз ойларыңмен жалғастырып жазып көріңдер.

Қаттыда не қатты?

Жұмсақта не жұмсақ?

Қарада ең қара не?

Ақтардың ағы не?

Ащыда не ащы?

Тереңде не терең?

Жеңілде не жеңіл?

Арсызда не арсыз?



Есте сақта!

Метафора – ауыстыру, суреттеліп отырған затты не құбылысты өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.

Қай шешендік сөйлеуді алсақ та, пікір, ой жадағай, жалаң айтылмайды, түгелдей бейнелеуге (метафораға) құрылады. Бейнелеудің өзі тыңдаушының көңілін қозғап, санасына сәуле түсіреді, ойына ақыл қосады. Мысалы: *Бүгінгі отаншылдық – төзім, бүгінгі ерлік – сабыр, бүгінгі елдік – тыныштық* (Ә.Кекілбаев).



3-тапсырма. Төле би сөзіндегі метафораларды анықтаңдар.

Атақты билер Арқаға жиналыпты. Айтқан мезгілден Төле би кешігіп келеді. Оған шамданған қарт билер:

– Төле би келсе, орнымыздан тұрмайық, – деп әуелдеседі. Бірақ Төле би келгенде орындарынан тұрып кетеді. Тек екі-үш би ғана тұрмайды. Төле би көпшіліктен кешіккені үшін кешірім сұрайды. Өлгі тұрмай қалған билердің бірі сөзден ұту үшін сынай сұрақ қояды:

– Бақ дегеніміз не? Байлық дегеніміз не? Бала дегеніміз не?

Төле би орнына отырмай, түрегеп тұрған бойда:

– Бақ – ұзатылған қыз,

Байлық – еритін мұз,

Бала – артта қалған із.

Өмірдің адамға ең жақсы сыйы –

Сыйласқан сіз бен біз, – дегенде, билердің бәрі орындарынан тұрып, құрмет көрсетіпті.



A Төле бидің шешендігіне қатысты ойларыңды жинақтаңдар.

Бақ және байлыққа қатысты ойларды өз пікірлеріңмен толықтырыңдар.



Қажетті ақпараттарды орында қолданып, «Бақ және байлық» тақырыбына дискуссивті эссе жазыңдар.

4.3. ҰЛЫ ӨНЕРТАПҚЫШ



Қазір қолданылып жүрген электр шамының тарихын білесіңдер ме?



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, ондағы кірме сөздерді табыңдар.

Томас Алва Эдисон – әлемге танымал американдық өнертапқыш. Ол телеграфты, бұрышты диафрагмалы¹ телефонды, кино аппаратын жетілдірді, электр балқыту лампасының коммерциялық табысты түрінің алғашқыларының бірін жасады, фотографты, фонографты² ойлап тапты. Ол телефон арқылы сөйлесуді *алло* деген сөзбен бастауды ұсынып, ол әлі күнге дейін қолданылуда.

Томас Эдисон – үлкен ақыл иесі, ғылым мен техниканың алуан саласының дамуына өз үлесін қосқан дәуір тұлғасы. Оның ең тамаша өнертабысы – фонограф. 1888 жылы Эдисон адамның дауысын керемет дәлдікпен қайталайтын және дауыстың барлық интонациясы мен мүмкін болатын дауыстарды беретін идеалды фонограф ойлап тапты.

¹ *Диафрагма* – оптикалық құрылғы.

² *Фонограф* – дыбыс жазу аппараты.

1889 жылы жазда Париждегі Бүкіләлемдік көрмеге Эдисонның жаңа, жетілдірілген фонографы қойылды. Оның өнертабысы қойылған стенд көп адамды қызықтырды. Нью-Йоркте оның басшылығымен соңғы түрдегі фонографтар жасайтын фирма жұмыс істей бастады.

Келесі өнертабысы электрлік жарықтандыру идеясы болды. Осы саладағы көптеген өнертабысты зерттей отырып, Эдисон қыздыру жүйесіне тоқтады. Көптеген тәжірибенің және үздіксіз, көп жылғы еңбегінің арқасында өзінің өнертабысын жетілдірді. Электр шамды жасау да оңай іс емес. Шыны қалпақша ішіне балқытылған екі платина электродтың¹ ортасына өзекше орнатылып, ішіндегі барлық ауа сорылады. Ауа сорылғаннан кейін шамды контактісі бар цокольға орнатып, патронға кигізеді. Эдисон шамының орташа жұмыс істеу уақыты 800–1000 сағатты құрайтын.

Н.Надеждин. «Томас Эдисон. «Человек изобретающий» кітабынан



А Сұрақтар бойынша жұптасып диалог құрындар.

1. Алғашқы өнертабыстар қай елдерден бастау алды?
2. Томас Алва Эдисонның өнертабысы қоғамға, жұмыс күшінің өнімділігіне қалай әсер етті?
3. Қандай салалардың дамуына өнертабыстардың пайдасы болды?
4. Париждегі Бүкіләлемдік көрмеде қандай жаңалықтар болды?



Ә Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Ғаламторды пайдаланып ұлы өнертапқыштар туралы қосымша материалдар табындар.

2-деңгей. Тапқан материалдарыңды негізге ала отырып, ғылыми стильде жазылатын мақаланың тезистік жоспарын құрындар.

3-деңгей. Құрған жоспарларың бойынша ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып мақала жазындар.

Грамматикалық материал

Публицистикалық стильдің шағын түрлері

Публицистикалық стиль – қоғамдық-саяси, үгіт-насихаттық әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат құралдарында, деректі фильмдерде қолданылатын функционалды стильдің бірі. Публицистикалық стильдің шағын түрлерін шартты түрде былайша жіктеуге болады:

- үгіттік публицистикалық шағын стиль;
- саяси-идеологиялық публицистикалық шағын стиль;
- саяси-бұқаралық публицистикалық шағын стиль.

Бұлардың әрқайсысының бір-бірінен ерекшеленетін сөз қолдану белгілері болады, кейде тілдік-стилистикалық тұрғыдан ортақ тұстары да ұшырасады.

¹ *Электрод* – электр тогын жеткізетін сырық.



2-тапсырма. Кім жылдам? Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Публицистикалық стильдің жазылу мақсаты не?
2. Публицистикалық стиль қай стильдерге жақын?
3. Публицистикалық стильдің жазбаша және ауызша түріне мысал келтіріңдер.
4. Қоғамдық пікір тудыру дегенді қалай түсінесіңдер?
5. Публицистикалық стильдің жанрлық түрлерін атаңдар.



А Берілген мәтінді оқып, стилін анықтаңдар.

Жақында Қазақстанды әлемге танытқан он жұлдыз туралы оқыдым. Олардың қатарында адамзат тарихында алғаш рет Сахараны жаяу, жалғыз бағындырған, «Гиннестің рекордтар кітабына» жеті рет енген Марат Жыланбаев, кәсіпқой боксшы Геннадий Головкин, ең сұлу волейболшы атанған Сәбина Алтынбекова, өнші Димаш Құдайберген, мөнерлеп сырғанаудың шебері Денис Тен, скрипкашы Марат Бисенғалиев, үздік боксшы Қанат Ислам, дирижер Алан Бөрібаев, жас өнші Мария Мудряк бар. Бұлардың барлығы өнер мен спорт арқылы танылғандар. Алайда бізге өте керегі ғылым. Осы салада жаңашыл, тәжірибелі, танымал ғалымдар көбейіп, әлемге танылған сайын Қазақстанның қуаты да артады, елге деген көзқарас өзгереді, ұлт байлығы еселенеді, дамыған 30 елдің қатарына ендікпей енеміз. Осы бағытта дарынды адамдардың жұмысын үйлестіріп, жаңалығын жария етіп, ұлтымыздың ұлы бастамаларын қолдайтын орталық керек. Әлемді өзгерткен адамдардың тізімінен қазақтардың көрінуі болашаққа батыл қадам басқанымызды айғақтайды.

Ж. Дуанабай. «Айқын» газетінен



Ә Мәтінге шағын аннотация жазыңдар (сөз саны – 50).



Есте сақта!

Көріктеу (эпитет) – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын айқындайтын сөз мағынасын құбылтудың тәсілі. Құбылысты көптен айырып, көзге көбірек түсердей етіп айқысы келіп, ол нәрсені айқын көрсететіндей сөз қосып айту. Шешеннің тіліне үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосады. Мысалы:

Сұр бұлт түсі **суық** қаптайды аспан,
Күз болып **дымқыл** тұман жерді басқан.

(Абай)



3-тапсырма. Шешендіктен эпитетті табыңдар.

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат,

Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат,

Асқар таудай өкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,

Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.

Қазыбек би



А Екі топқа бөлініп, топтық жұмысты орындаңдар.

1-топ. Алтын ұя, туып-өскен жер, құт-береке атаң, ұят пен ар ұғымдарының мәнін түсіндіріп постер құрыңдар және қорғаңдар.

2-топ. Аймалайтын анаң, мейірімді анаң, өзің сүйген жар ұғымдарының мәнін түсіндіріп постер құрыңдар және қорғаңдар.

4.4. СУ АСТЫ ҚҰРАЛДАРЫН ЖАСАУДАҒЫ ҒЫЛЫМ ЖЕТІСТІГІ



Су асты құралдарын жасаудағы ғылым жетістіктері, сүңгуір алып кемелер туралы не білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, әр бөлігіне ат қойыңдар.

Су астында стратегиялық әрекет жасайтын арнайы кеме «Сүңгуір қайық» деп аталады. Сүңгуір қайық теңізде, өзен-көлдерде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге жиі қолданылады. Аквалангистер¹ жете алмайтын мұхиттың өте терең жерлеріндегі жұмыстарға тигізер пайдасы зор.

Қазіргі сүңгуір қайықтарда судың бетін бақылау үшін перископ² қолданылады. Сүңгуір қайықта тыныс алу үшін қажет арнайы берік камералар болады. Арнайы камералар су астына кетер кезде ауамен және сумен толтырылады.

Америкалық ғалым Роберт Фултон сүңгуір қайықты ойлап тауып, 1800 жылдары ең атақты адамға айналды. Осыдан 30–40 жыл бұрын сүңгуір қайықтың көбі қайта жабдықталу үшін су бетіне шығып тұруға мәжбүр болатын. Ал қазіргі сүңгуір қайықтар ядролық қозғалтқышпен жабдықталған. Олар су астында бірнеше ай бойы жүре алады.

1960 жылы екі ғалым мінген «Триеста» деп аталатын зерттеу сүңгуір қайығы Тынық мұхиттағы Мариана шұңғымасында 10 912 метр тереңдікке түскен. Мариана шұңғымасы жердегі ең терең нүкте болып табылады.


«Ұлы өнертабыстар» кітабынан

¹ Аквалангистер – су астында ауамен тыныс алуға мүмкіндік беретін жеңіл жүзу құрылғысын киіп жүретін адамдар.

² Перископ – тереңдікті, алыс қашықтықты бақылауға арналған оптикалық аспап.



А Оқылым мәтіні бойынша менталды картаны толтырыңдар.



Грамматикалық материал

Публицистикалық шығармаларға тән ортақ мақсат

Публицистикалық стильдің барлық жанларына ортақ мынадай қызметтері айқындалған:

- ақпараттық (түрлі деректер мен хабарларды жеткізу);
- түсініктеме – баға берушілік (берілетін деректер көбінесе түсіндірумен, талдаумен немесе баға берушілікпен жеткізіліп отырады);
- танымдық-ағартушылық (мәдени-тарихи және ғылыми материалдарды жариялап, БАҚ тыңдармандардың, оқырмандардың, көрермендердің білім қорын толықтырып отырады);
- ықпал ету қызметі (көпшіліктің саяси-әлеуметтік көзқарасына, санасына әсер етушілік);
- гедонистикалық (әдетте, мұндай қызмет көңілді хабарларды жеткізу кезінде байқалады, әсіресе радио мен телевизия арқылы кез келген хабардың тыңдарман мен көрермендердің көңіл күйін көтеретіндей, эстетикалық қажетін өтейтіндей тартымды, әсерлі жүргізілуі).



2-тапсырма. Ережеде көрсетілген публицистикалық шығармаға тән қызметтердің әрқайсысын үш сөйлемге сыйдырып толықтырыңдар.



А Мәтінді тыңдап (10-аудио), қолданылған стиль ерекшелігін түсіндіріңдер.



Есте сақта!

Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту *алмастыру* деп аталады. Алмастыруда екі нәрсенің арасында белгілі бір байланыс болады. Біріншісінің орнына екінші нәрсені алмастырып айту фразеологизмдерден анық байқалады: *көз көрген* – таныс, *етек-жеңін жинау* – бір іске буынып-түйінгендік т.б. Сол сияқты, *сөзуар* дегеннің орнына *тілі ұзын*; *ұрланды* дегеннің орнына *қалды болды* деп қолдану метонимияға жатады.



3-тапсырма. Берілген шешендіктен метонимия болатын сөздерді тауып жазыңдар.

- Алысыңыз қалай? – дейді Қазыбек те сыпайы сұрақ қойып.
- Алысым жақын болды.
- Тәттіңіз қалай болды?
- Тәттім шырын болды.
- Несиеңіз қандай?
- Несием, шүкір, өніп жатыр.

Қазыбек ауылына келген соң әкесі оның қасына ерген серіктерінен:

– Балам Төле бимен не деп сөйлесті? – деп сұрағанында:

– Екеуінің еңгімесінің мәніне түсіне алмадық, – деседі олар. «Олары несі екен?» деп қарт әке де түкке түсінбей, таңғалады. Сонда жұмбақ сырды Қазыбектің өзі айтып береді:

– Төкеңнің «алысым жақын болды» дегені – қос жанарын айтқаны. «Тәттім шырын болды» дегені – ұйқысының қашқанын білдіргені. «Шүкір, несием өніп жатыр» дегені – балаларының жақсы бағып, жақсы күтіп отырғанын түсіндіргені.

«Шешендік шиырлары» кітабынан



A Өздерің білетін, күнделікті өмірде қолданылып жүрген метонимияларды тауып, тізбесін жазыңдар.

4.5. ЖЫЛҚЫНЫ АЛҒАШ ҚОЛҒА ҮЙРЕТКЕН – ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ



Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Көне заманның құнды тарихын анықтауға археологиялық қазбалардың көмегі бар ма?
2. Қазба жұмыстары кезінде Берелден (Алтайдан) табылған тұлпарлар туралы не білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, ат қойыңдар. Негізгі ойды табыңдар.

Еуропалық ғалымдардың зерттеуіне қарағанда, адам баласы жылқыны қолға үйреткеніне 5500 жылдан асыпты. Өркениет тарихында жылқылар алғаш рет қазіргі Украина топырағында қолға үйретілді деген тұжырым болған еді. Алайда соңғы зерттеулердің қорытындысы өркениеттің Азиядан басталғанын дәлелдеді.

Ағылшын зерттеушісі Кимберлей Броун «Лос Анджелес Таймс» газетіне сілтеме жасай отырып «Horse» атты журналға жазған еңбегінде жылқы түлігі еуропалықтар ойлағаннан көп бұрын Азияда қолға үйретілгенін меңзеген. Ағылшын зерттеушісінің бұл пікірі еліміздің солтүстігінде орналасқан Ботай қонысы маңына жүргізілген қазба

жұмыстары барысында дәлелін тапты. Аталмыш археологиялық жаңалықтың құндылығы жайлы еуропалық «National Geographic News» атты ғылыми басылым «Қазіргі күні Қазақстанды мекендеген далалық өлке тұрғындары алғашқы болып жылқыға мініп, оның сүтін ішкен...» деген байлам жасады. Басылымның бұлай түйін жасауына себеп болған дүние: жоғарыдағы қазбадан табылған жылқылардың тістері мүжілген өрі оған сызат түскен. Осыған қарап ғалымдар жылқының мініске пайдаланылғанын, ауыздықталғанын анықтап отыр. Сонымен қатар жер астынан табылған ыдыстардың түбінде кепкен қымыз қалдықтарының ізі қалған.

Осы дәлел-деректерді негізге алған АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы Хартуик университетінің зерттеушісі Давид Антони: «Егер ботайлықтар биені сауып, сүтін пайдаланған болса, бұл жылқылар жабайы емес, яғни қолға үйретілген жануарлар», – деп түйін сөзін айтқан. Сондай-ақ Ботай қонысы маңына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген ұлыбританиялық жетекші ғалым, Эксетер университетінің қызметкері Алан Оутрам: «Біздер тапқан жаңалықтан түйгеніміз, байырғы адамдар біз ойлағаннан да өнертапқыш екенін көріп отырмыз», – дейді. Қысқасы, біздің жыл санауымыздан 3600–3700 жыл бұрын энеолит дәуірінде өмір сүрген ботайлықтар Есілдің жағасын мекендеп, жылқыны қолға үйретіп, оның етін тұтынып, қымызын ішіп күнелткен. Зерттеушілер осындағы жылқы сүйегінің бір жерге аса көп мөлшерде шоғырланғанына қарап, ботайлықтар жылқы малын будандастыруды да меңгерді деген оқшау тұжырым жасайды. Сол секілді, француздың атақты шығыстанушы ғалымы, академик Рене Груссе өзінің «Дала империясы» атты еңбегінде «ең алғаш жылқы малын қолға үйретушілер көшпелілер болған» дей отырып, «сайын дала – жылқының Отаны. Далалықтар жаратылысынан ат құлағында ойнаған сарбаздар һәм ат өбзелдерін ойлап табушылар да осылар...» дейді. Яғни ежелгі дәуірде жылқы түлігінің қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгені бұл малдың ерекше қастерленіп, өмір сүру жоралғысының ажырамас бір бөлігіне айналғанын көрсетеді. Тіпті қазақ халқы өлі күнге дейін жылқының сүтін қымыз ретінде пайдаланып отырғаны – қазақ даласында сонау ежелгі дәуірден бері үзілмей жалғасып келе жатқан дәстүрдің айғағы.

Б.Қайратұлы. «Қазақтың атбегілік өнері» кітабынан



А Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

- 1-деңгей.** 1. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңдар.
2. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар.
3. Мәтінге басқа тақырып таңдаңдар.
- 2-деңгей.** 1. Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңдар.
2. Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңдар.
3. Мәтіннің стилін анықтаңдар.

- 3-деңгей.** 1. Тақырыпқа қатысты білетін қосымша ақпараттарды тезистендер.
 2. Мәтіндегі үдерістер сен үшін қаншалықты маңызды? Өз ойларыңды жазыңдар.
 3. Мәтінге тұжырым жасаңдар.



- Ә Шағын мәтіннің соңғы сөйлеміндегі ойды өрбітіңдер.

Б.з.д. 4-мың жылдықта қазақ даласында жылқы қолға үйретілді. Қазақ даласында жылқыны тізгіндер темір мен сүйектен жасалған жүген табылды. Табылған сүйек жүгенде жылқы тістерінен қажалған іздер сақталған. Көне қазақ даласында жылқы тек көлік құралы ғана емес, байлық пен еркіндіктің символы болған...

Грамматикалық материал

Публицистикалық стиль тәсілдері

Қазіргі қазақ әдеби тілінің газеттік-публицистикалық стилі – жалпыхалықтық тілмен, көркем әдебиет стилімен тығыз байланыстағы күрделі сипаттағы стиль. Мәселен, экспрессивті-әсер ету функциясы үшін өз образдылық қоры, тұрақты лексикасының шеңбері жеткіліксіз, сондықтан да газет тілі көркем әдебиет стилінің көркемдеу-бейнелеу, образдылық тудыру әдістерін белгілі бір стильдік «өңдеуден» өткізіп пайдаланып отырады.

Көркем әдебиет стиліне тән амал-тәсілдердің ішінде газет тілі экспрессивті-әсер ету қызметіне орай әсіресе дыбыстарды үндестіріп қолдану тәсілін, сөйлем құрылымын синтаксистік қайталаулар мен параллельдерді құру, эмоционалды-экспрессивті сөздер мен диалектизмдерді, архаизмдер мен окказионализмдерді эмоциялы бояумен жұмсауы жиі кездеседі. Бұл амал-тәсілдер – газет тілінің әсер ету, белгілі бір публицистикалық мазмұнды тақырыптың толымдылығын, жатықтылығын арттыру мақсатында пайдаланылатын стильдік амал-тәсілдер.



- 2-тапсырма.** Публицистикалық стильге қатысты ережелерді негізге ала отырып, «Қазіргі ғылым жетістіктері» тақырыбына шағын мақала жазыңдар.



- А** Топқа бөлініп, топ мүшелерінің жазған мақалаларын талқылаңдар. Ең үздік мақаланы топтар алдында оқып, баға беріңдер.



Есте сақта!

Меңзеу (синекдоха) – алмастыру сияқты эмоционалды мәнерлі сөйлеудің құралы. Бір ұғымның орнына екінші ұғымның айтылуы меңзеу болады. Меңзеудің көп тараған түрі – бүтіннің бөлшегі арқылы аталуы, бірақ бөлшекте бүтінге тән мағына қамтылады. Мысалы: *қорамсаққа қол салды, қол салғанда мол салды* дегенде ұрысқа даярлықты көрсетеді. Шешендік сөздерде кездесетін меңзеу образдылыққа құрылады, даналыққа негізделеді. Сондықтан шешендік сөздерде көп кездеседі. Шешендер суреттеген құбылыстарға ерекше рең, анық ажар беріп, айтпақ ойларын аша түсуге ықпал етеді. Осындай қасиеттеріне орай жыраулардың да шешендік толғауларында жиі пайдаланылады. Мысалы:

Білімдіге бағынсаң,
Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,

Қисайғанды түзетсең,
Тәңірінің үйі бәйталла,
Сұлтан ием, қарсы алдыңда жасапты!

(Шалкиіз)



3-тапсырма. Берілген толғау мәтінінің меңзеу болатын тұстарын тауып жазып, мәнін түсіндіріңдер.

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ақала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт.
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт.
Қарғадай мынау
Қазтуған батыр туған жұрт.
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт.
Қарағайдан садақ бұдырып,
Қылшанымды сары жүн оққа

толтырып,

Жанға сақтау болған жұрт.
Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Салуалы менім ордам қонған жер.
Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер.
Жатып қалып бір тоқты

Жайылып мың қой болған жер.
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең,
Ботташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Шырмауығы шөккен түйе

таптырмас,

Балығы көлге жылқы жаптырмас.
Бақасы мен шаяны

Кежідегі адамға

Түн ұйқысын таптырмас,

Қайран менің Еділім,

Мен салмадым, сен салдың.

Қайырлы болсын сіздерге

Менен қалған мынау Еділ жұрт!..

Қазтуған



А Кім тапқыр?! Метафораға, метонимияға, эпитет пен меңзеуге мысал келтіріп жарысыңдар.



Ә Шешен сөйлеу үшін қайсысының маңызы күшті екендігін айтып, ойларыңды дәлелдендер.

4.6. КӨШПЕЛІЛЕР КИІМІ



Көшпелілер ойлап тапқан қандай дүниелерді білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, стилін анықтаңдар. Анықталған стильге тән белгілерді айтыңдар.

Көшпелілердің әлем өркениетіне қосқан үлесі – етік пен шалбарды ойлап табуы. Екеуі де атқа салт міну қажеттілігінен туған. Көшпелілердің көне кебіс-мәсі мен саптама етік үлгілері қазақтарда

әлі күнге дейін сақталған. Кебіс-мәсі – әйелдердің аяқкиімі, саптама – ерлердікі. Мәсі жұқа былғарыдан тігіледі, әйел адамның аяғына киілетін былғары байпақ деуге болады. Кебіс жылқының «көк сауыр» көн терісінен тігіледі, өкшесі биік, өкшеге күміс тіреме – батқы қағылады, өшекейлеп безендіріледі. Кебісті мәсінің сыртынан киеді. Енді «бір аяққа неге екі аяқкиім киіледі» деген сұраққа келсек, әйел адам алғаш атқа мінгенде балтырын қажамас үшін жұқа былғарыдан мәсіні ойлап тапқан. Ал үзеңгі пайда болғанда аяқты ауыртпай, нық ұстау үшін мәсінің басына қатты аяқкиім – кебіс ойлап табылды.

Ерлер жортуылға шығып, аң аулап, әскери жорықтарға қатысу үшін жұмсақ аяқкиімдер – мәсі мен кебіс біріктіріліп тігіліп, саптама етікке айналды. Сонымен, VI–VII ғасырларда үзеңгілі ертұрманның өмірге келуі өкшесі бар, қалың табанды мәсінің, кейін саптаманың пайда болуына септігін тигізді. Саптама – қос ұлтарак салып, қос байпақ киіп, шұлғау орап, шалбардың балағын қонышына салып киетін, қонышы тізеден асып, балтырға жететін басы үлкен, жайтабан етік. Саптаманың қонышы жылқы терісінен, ұлтаны сиыр терісінен тігіледі. Саптаманың ең басты артықшылығы – оңы мен солы жоқ, оң етікті сол аяққа, сол етікті оң аяққа ауыстырып кие береді. Жылқының бас терісінен түгі өкшесіне қарайтындай етіп пішіп, ағаш қалыпқа салып, шеттерін бүгіп, қайыстан бау тағып, аяқкиім жасайды. Оны «шарық» деп атайды. Шарық – қойшылардың арнаулы киімі. «Жаяудың аты – шарық, күші – азық» деген мақал содан қалған.

А.Тохтабай. «Қазақ жылқысының тарихы» кітабынан



А Оқылым мәтінде көрсетілген өнертабыс түрлерін топтастырып, дәптерге семантикалық картаны толтырыңдар. Соңына өз тұжырымдарыңды жазыңдар.

Үлгі.

Сипаттамасы	Киімдер	Аяқкиімдер
Атқа салт мінуге арналған	шалбар	етік
Қонышы тізеден асады		
Жылқының көн терісінен жасалады		
Атқа мінгенде балтырды қажамас үшін киген		
Аяқты нық ұстау үшін киген		



Ә Оқылым мәтініне талдау жасаңдар. «Екі түрлі түсініктеме күнделігін» толтырыңдар.

Үлгі.

Мәтіндегі ұнаған сөйлем

Сөйлем мәніне түсініктеме

Грамматикалық материал

Публицистикалық стильдің ауызша түрі

Публицистикалық стильдің ауызша түріне бұрыннан қалыптасқан шешендік сөз жатқызылады. Шешендік сөз – Ежелгі Грекия мен Ежелгі Рим заманынан бергі көптеген халықтың мәдени-рухани өміріндегі өнердің бір түрі.

Шешендік сөз мынадай талаптарға жауап беруі керек:

1) белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршы топ алдында айтылатын сөз болуы керек;

2) әңгіме өзегінің дәлелі (аргументі) болуы тиіс, соның арқасында тыңдаушыларға бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ойлантып, ақырында бір қарекетке ұмтылдыруды көздеуі қажет;

3) тыңдаушыларға жақсы әсер етіп, сүйсіндіретін эстетикалық қасиеті болуы тиіс.

Р.Сыздық



2-тапсырма. Публицистикалық стильдің ауызша түріне бір сөйлеммен анықтама беріңдер.



А Кім шешен? Екі топтан шешендерді шығарып, көшпелілердің өркеніетке қосқан үлесі туралы жұртты сендіре сөйлеңдер. Шешен өнерін бағалаңдар.



Ә Сеніңше, бүгінгі күннің шешені кім? Ол сені несімен, қандай сөзімен таңғалдырды?



Есте сақта!

Символ дегеніміз – балама бейне. Оған негізгі ойды, айтқалы отырған нәрсені, құбылысты сол балама бейне, сурет арқылы тұспалдап көрсету тән. Мысалы: *қос аққу – ғашықтық; дала – еркіндік т.б.*

Жырау-шешендер символды ежелден қолданған. Олар халық арманында биіктеп, қиялында өмір сүрген ерекше құбылыстарды қасиетті, киелі санаған. Символда көбінесе жағымды мағына болады. Арман, қиял, сұлулық, өмір, тіршілік, терең ой бейнеленеді.



3-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап (11-аудио), символ болатын айшықтау сөздерді түртіп алыңдар.



А Сабақта алған барлық ақпараттарды жүйелеп, ой синтезін жасаңдар.

4.7. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ АЛҒАШҚЫ КОНЬКИ



Алғашқы коньки қалай жасалды деп ойлайсыңдар?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, құрал атауларына мән беріңдер.

Қазақ қыс бойы соғымға сойылған мал сүйектерін тастамай жинап отырған. Қыс аяқталып, ел көктеуге көшерде шеберлер қыстау-

қыстауды аралап, иелерімен келісе отырып, жылқы мен түйенің қабырға, жақ, жауырын сүйектерін жинаған. Шеберлер сүйектерді қайнатып, майынан арылтқан соң піспек, кір оқтау, асадал, адалбақан, сандық, кебеже сияқты үй жиһаздарын өшекейлеуге пайдаланған. Сүйекті тесік қазанға салып, астына от жағып күйдіру нәтижесінде ағызып алынған иісі бар қара маймен арбаның дөңгелегін майлаған, не күлмен қосып қайнатып, сабын жасаған.

Жауырын сүйегінен жасалған, өте сирек кездесетін көне заттардың бірі – қож немесе қалақ. Қожды жауырынның ортасындағы қыр сүйекті ізін де қалдырмай шауып тастап, бас жағына қайыстан бау тағып жасаған. Мәлімет берушінің айтуы бойынша, Іле өзенінің жағасындағы қазақтар жылқының қос жауырынын бір білеу ағаштың екі басына бекітіп, ескек ретінде қолданған. Ертеде Жайық, Атырау қазақтары су үстінде мұз ойып, қармақ, ау салғанда шананың үстіне жылқының үрген қарнын байлап қойған. Аяқ астынан мұз жарылып кеткен жағдайда, үрген қарын шананы суға батырмайды.

Сойшаңғы – жылқының сүйегін екіге бөліп жасаған коньки. Сойшаңғыны жасау үшін жіліншік сүйекті арамен кесіп, екі басын қайқайтып егейді. Алдыңғы жағынан тесік тесіп, оған қайыстан бау тағады, оны «мұрындық» дейді. Артқы тесікке тағылған бауды «өкшелік» дейді. Сойшаңғыны балалар киізден басылған аяқкиім – шөркейдің сыртынан байлап, таяққа тіреніп, мұзда сырғанаған.

Тұяқтақа – аяқкиімге байлап алатын, таулы-тасты, лайсаң, сазды жерде жүруге арналған, жылқының тұяғынан жасалатын тақа. Жаңа сойылған жылқының төрт аяғын кесіп алып, ішіндегі шеміршек мүйіздерінен аршиды да, алдыңғы аяқтың тұяғы мен артқы аяқтың тұяқтарын бірнеше жерінен тесіп, тесіктерінен қайысты сірестіре байлап тастайды. Төңкерілген тұяқтардың екі жақ жанынан көлденең тесік тесіп, қайыстан бау өткізеді. Тұяқтақаны аяқкиімнің сыртынан киіп, екі жағындағы екі бауды айқастырып, ағаш тиекпен тиектейді. Тұяқтақаны таулы жерлерде қойшылар киген.

А.Тохтабай. «Қазақ жылқысының тарихы» кітабынан



А Мәтіннен көнерген сөздерді теріп жазып, оларға лексикалық талдау жасаңдар.



Ә Оқылым мәтініндегі мына сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктен анықтап жазыңдар.

піспек

асадал

сандық

қож

білеу

тақа

кір оқтау

адалбақан

кебеже

қалақ

қайыс

тиек



2-тапсырма. Көріктеу құралдарын тауып, қай түріне жататынын анықтаңдар.

Қайрат деген қыран бар,
Қайғыға тізгін бермейтін.
Қайғы деген жылан бар,
Өзекті шағып өртейтін.

Үміт, сенім, тілек бар,
Қуантып, қуат алдырар.
Жылау деген азап бар,
Қуартып отқа жандырар.

Байдалы шешен



3-тапсырма. Публицистикалық стильдің ауызша түрлері мен талаптарын тірексызба түрінде жоспарлап, түсіндіріп беріңдер.



4-тапсырма. Әлемді өзгерткен өнертабыстар туралы ақпараттарға шолу тезисі арқылы тұжырым жасаңдар.

Өзіңді тексер!

- Публицистикалық стильдің негізгі белгісі қайсы?
 - Қоғамдық пікірлердің жиынтығы;
 - қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау;
 - сөйлемдер сауатты құрастырылып, бастауыштық қатынаста болады;
 - образды сөздер көптеп кездеседі.
- Публицистикалық стильде қайсысы қолданылады?
 - Формулаларға негізделеді;
 - эмоционалды-экспрессивті сөздер;
 - ғылыми терминдер;
 - ой күрделі баяндалады, анықтама, дәлелдемелер.
- Бір құбылыстың екіншісімен салыстырылуы қалай аталады?
 - Меңзеу;
 - метафора;
 - теңеу;
 - метонимия.
- Балама бейне, сурет арқылы тұспалдап көрсету деген не?
 - Бейнелеу;
 - көріктеу;
 - теңеу;
 - бернелеу.
- Меңзеу дегеніміз не?
 - Екінші құбылыспен салыстыру;
 - бір ұғымның орнына екінші ұғымның айтылуы;
 - екі нәрсенің атын ауыстырып, алмастыра қолдану;
 - ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.
- Шаршы топ алдында айтылатын сөз қайсы?
 - Афоризм;
 - шешендік;
 - көріктеуіш сөз;
 - экспрессивті сөз.
- Дала кемесі, жыр алыбы, күміс көмей қандай сөздер?
 - Эмоционалды-экспрессивті сөздер;
 - теңеу сөздер;

- б) қоғамдық-саяси терминдер;
- в) қосарлы сөздер.

8. Публицистикалық стильді сөздердің қызметі қандай?

- а) Оқырмандардың, көрермендердің білім қорын толықтырады;
- ә) көркем шығармаларды түсіндіреді;
- б) ғылымның негіздерін түсіндіреді;
- в) терминдердің қолданысын үйретеді.

9. *Қырық бес аю аспас белменен тең, Жетпіс бесте көңілің жерменен тең.*

- а) Меңзеу;
- ә) бейнелеу;
- б) теңеу;
- в) ауыстыру.

10. Алмастыру деген не?

- а) Бір заттың атын ауыстырып, екінші затты айту;
- ә) өзге затқа не құбылысқа балау;
- б) сөз қосып айту;
- в) сурет арқылы түспалдап көрсету.



Ғалым болам десеңіз...

1. *Р.Сыздықова*. Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. Алматы: Ғылым, 1987.
2. *Г.Қосымова*. Шешендік өнердің негіздері. Алматы: Баян жүрек, 2007.
3. Ұлы өнертабыстар. Энциклопедия. Алматы: Аруна.
3. Шешендік шиырлары. Алматы, 1993.
4. *Б.Қайратұлы*. Қазақтың атбегілік өнері. Алматы, 2014.
5. *Бес ғасыр жырлайды*. I том. Алматы: Жазушы, 1989.
6. *А.Тохтабай*. Қазақ жылқысының тарихы. Алматы: Алматыкітап, 2010.

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ СТИЛІ

Бұл бөлімде сендер:

- бейбітшілік, қауіпсіздік және жағандық экономика туралы мәтіндердегі автордың көзқарасын талдап, ондағы негізгі ойды анықтайсыңдар;
- шешендік даудың түрлерімен танысып, олардың жанрлық ерекшеліктерін ажыратасыңдар;
- шешендік сөздегі әсерлілік құралдарының бірі – айшықтаудың қызметін білесіңдер және оны өз сөздеріңде қолдануға дағдыланасыңдар;
- пікірталастың мақсатын айқындауды, материал таңдауды, қажетті әдебиеттерді іріктеуді үйренесіңдер;
- көркем әдебиет стилі туралы өткен сыныптарда алған білімдеріңді толықтырасыңдар.

5.1. ҚАЗАҚСТАН – «ЯДРОСЫЗ ӘЛЕМ» ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ



Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Кеңес дәуірінде Қазақстанның қай аймақтарында ядролық сынақ жүргізілді?
2. Олар ауылдарға, қоршаған ортаға қандай зардаптар әкелді?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, онда көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтаңдар.

1949 жылдың 29 тамызында Семей ядролық полигонында алғашқы сынақ жүргізіліп, плутоний заряды жарылды. Бұл КСРО-дағы тұңғыш атом бомбасының сынақтан өткізілуі еді. Семей полигонын КСРО өзінің ядролық қаруының шама-шарқын тексеріп көру мақсатында ашқан болатын. Ол үшін 18 миллион гектар жер бөлінді. Сол кездің өзінде радиациядан зардап шеккендердің саны жарты миллион адамға жетті. Семейде жүргізілген алғашқы ядролық сынақтан кейін-ақ осы өңір халқының арасында түрлі аурулар көбейе бастады. Өсіресе қатерлі ісіктерге ұшыраған науқастардың саны күрт өсіп, туылған нәрестелер жетілмей, дүниеге өртүрлі кемістігі бар сәбилер келе бастады. Жер құнарсызданып, оның құрамында темір, мыс, магний сынды металдардың мөлшері артты.

1989 жылы белгілі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов бастаған «Невада-Семей» қозғалысы ядролық сынаққа қарсы алғашқы митингісін өткізді. КСРО мен АҚШ президенттеріне жариялаған үндеуде былай айтылған еді: «Сайын даламыз ядролық жарылыстардан қалтырап бітті, сондықтан да енді ары қарай үнсіз қалу мүмкін емес. 40 жыл ішінде бұл арада мыңдаған Хиросималар¹ жарылды. Біз келешекті қауіппен күтудеміз. Уайымсыз отырып су мен тамақ ішу, өмірге нәресте әкелу мүмкін емес болып барады. Қазақстандағы ядролық қаруды тоқтату үшін, өз үйімізде бейбітшілік пен тыныштық орнату үшін, өз құқықтарымыз үшін күресу мақсатында біз «Невада-Семей» қозғалысын құрдық». Осындай жан-жақты қарсылықтардан кейін Кеңес үкіметі жарылыстарға мораторий² жариялады.

Кейін, 1991 жылдың 28 тамызында, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Семей полигонын жабу туралы Жарлық шығарды. Осылайша қазақ елі атом бомбасынан біржола бас тартқан болатын. Президенттің осы әрекетінен кейін Ресей мен АҚШ-тағы және Франциядағы ядролық сынақ алаңдарында да жарылыстар тоқтатылды.

Қазақстан Семей сынақ алаңы жабылған сәттен бастап адамзат тарихындағы ең зұлмат сойыл – ядролық қарумен күрестің көшбасшысы атанды. Семей сынақ алаңы жабылған 29 тамыз БҰҰ-ның қарарымен «Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні» ретінде жарияланды.

Т.Асыл



А Мәтінде көтерілген мәселе бойынша өз ойларыңды дәлелдеп аргументативті эссе жазыңдар.



Ә Екі топқа бөлініп, «Адамзатқа ядролық қару керек пе?» деген сұрақ төңірегінде пікір алмасыңдар.



Б Мәтін мазмұнына және өзге де ақпарат көздеріне сүйеніп, ядролық қарудан бас тартқан елдер туралы таныстырылым жасаңдар.



В Мәтіннен құрамында біріккен сөздері бар сөйлемдерді көшіріп жазып, синтаксистік талдау жасаңдар.

Грамматикалық материал

Пікірталасты жоспарлау сатылары

Пікірталас – түрлі көзқарас, ой-пікірлерді салыстыра отырып өз көзқарасыңды дәлелдеу.

Пікірталасты жоспарлау – өте жауапты жұмыс. Оның дайындығы жан-жақты ойлауды, нақты жоспарлауды талап етеді.

¹ *Хиросима* – соғыс кезінде атом бомбасы тасталған Жапония қаласы.

² *Мораторий* (лат. *moratorium* – кейінге қалдыру, соза түру) – мемлекеттің өз іс-әрекетінің, халықаралық міндеттемелерінің, шарттарының орындалуын тоқтата түруы.

- *Мақсатын тұжырымдау.* Сөйлеуші қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын жақсы білуі қажет.
- *Материал таңдау.* Сөйленетін сөз мазмұнды болуы үшін бір ғана еңбекті емес, бірнеше еңбекті пайдаланған дұрыс.
- *Әдебиеттерді іріктей білу.* Шешенге әдебиеттердің ішінен сөйлеуде қолдануға болатындарын ғана таңдау керек, қажетті тарауларды оқып, керектілерін жазып алып, материалдарды жүйелеу қажет.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдап (12-аудио), онда қандай мәселе көтерілгенін анықтаңдар. Пікірталасқа жатқызуға бола ма?




А Кейіпкерлердің қарым-қатынасы қалай жүзеге асты?



Ә Екі түрлі көзқарас неліктен пайда болды?



Б Тыңдалым мәтінін мұқият зерттей отырып, төмендегі кестені толтырыңдар.



В Тыңдаған пікірталасты әрі қарай жалғастырыңдар.



Г Тыңдалым мәтінінен қоғамдық-саяси мәні бар сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндіріңдер.



Есте сақта!

Әсерлік құралы – айшықтаудың (фигураның) түрлерін арнайы пайдалану да шешендік сөздердің күнделікті ауызекі сөйлеу тілінен де, жазба үлгілер тілінен де ажыратылатын белгілерінің бірі болады. Бұлардың ішінде әсіресе синтаксистік параллелизм – бұрынғы үлгілерде де, қазіргі шешендер сөздерінде де жиі қолданылатын амал. Мысалы: *Аймен аталас емеспіз//Күнмен баталас емеспіз. Бұлтпен туысқанымыз жоқ//Сол күні жауған жаңбырмен жуысқанымыз жоқ.*

Параллель қатарлар шешен сөзіне, ең алдымен, тыңдаушы психологиясына әсер ететін сипат береді: ол көбінесе қарама-қарсы полюстерді қатар қою арқылы (сырты ~ іші, қуаныш ~ кейіс) да жүзеге асып жатады.



3-тапсырма. Ережеде берілген мәліметтерді басшылыққа ала отырып, параллелизмге бір сөйлеммен анықтама беріңдер.



А Төмендегі өлең шумақтарынан параллелизмдерді тауып, олардың жасалу жолын және қандай мақсатта қолданылып тұрғанын айтыңдар.

Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта.

Жауған күнмен жаңғырып,
Жер көгеріп күш алар.
Аққан жаспен қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар.

Абай



Ә Бүгінгі тақырып аясында өздерің тудырған синтаксистік параллельдерді қатыстыра отырып шешендік сөз дайындаңдар.



Б Төмендегі жолдарды өз сөздеріңмен жалғастырып, ұйқасты синтаксистік параллельдер құраңдар.

1. Ойың ақ болсын,

... ..

2. Үлкен алдында иліп сөйле,

... ..

3. Ақылы жоқты аға тұтпа,

... ..

4. Ойыңның ақ болмағы – арыңнан,

... ..

5.2. БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ



География және тарихпен пәнаралық байланыс жасай отырып, сызбаны толтырыңдар.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, стиль түрін анықтаңдар.

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) – дүниежүзіндегі мемлекеттердің басым көпшілігін біріктірген ең ықпалды, әмбебап халықаралық ұйым. Басты мақсаты – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтып, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты, ұлттар арасындағы достық қатынастарды дамыту, адам құқығын құрметтеуді қолдау, осы мақсаттарға қол жеткізуге ұлттардың бірлесіп әрекет ететін орталығы болу.

БҰҰ қызметінің негізгі бағыттары жер бетінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтап, мемлекеттердің сан алуан саладағы ынтымақтастығына жәрдемдесу, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғап, халықаралық құқықты жүйелеу және оның дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

БҰҰ-ның бас органдары – Бас ассамблея, Қауіпсіздік кеңесі, Экономикалық және әлеуметтік кеңес, Халықаралық сот, Қамқорлық жөніндегі кеңес пен хатшылық.

Біріккен Ұлттар Ұйымының ең басты өрі негізгі құжаты оның Жарғысы болып табылады. Тарихи деректерге сүйенсек, Ұйым Жарғысының жобасы КСРО, АҚШ, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттері өкілдерінің қатысуымен жасалған. Құжат бес тілде – орыс, ағылшын, қытай, француз және испан тілдерінде дайындалып, оған 1945 жылдың 26 маусымында Сан-Франциско конференциясында 51 мемлекет қол қойған. БҰҰ-ға Жарғыда бекітілген міндеттемелерді мойындайтын өрі оларды жүзеге асыра алатын ізгі ниетті мемлекеттердің барлығы да мүше бола алады. Ұйымға мүше барлық мемлекеттер кіретін Бас Ассамблея Біріккен Ұлттар Ұйымының бас органы саналады.

БҰҰ өз қызметінде мынадай мақсаттарды көздейді:

- бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау;
- ұлттар арасындағы достық қатынастарды дамыту;
- халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру мен адам құқығын құрметтеуді қолдау;
- осы мақсаттарға қол жеткізуде ұлттардың бірлесіп өрекет ететін орталығы болу.

БҰҰ-ға мүше мемлекеттер үшін басты маңыздылық – Ұйымның халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, қарусыздану мен жаппай қырып-жою қаруын таратпау секілді өзекті мәселелерді шешуге қатысуы. Ұйым сонымен қатар лаңкестік, есірткінің заңсыз айналымы мен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бойынша халықаралық күш-жігер бастамасын көтерді.

Бүгінгі таңда бұл ұйым халықаралық қауымдастықтың көкейкесті мәселелерін шешудің өзінше бір орталығына айналды: БҰҰ адам құқығын құрметтеуді қолдау, қоршаған ортаны қорғау, түрлі аурулармен күрес, жоқшылық ауқымын тежеу, босқындарға көмек, миналарды залалсыздандыру және ЖҚТБ-мен күрес бойынша жүйелі жұмыс атқаруда.

БҰҰ-ның басты мақсаттарының бірі – бүкіл әлемде бейбітшілікті сақтау. Көптеген жыл бойы ұйым халықаралық дағдарыстардың алдын алу және ұзаққа созылған қақтығыстарды шешуде маңызды рөл атқарып келеді.



А Мәтіннен ғылыми стильге тән жанрлық және тілдік ерекшеліктерді (терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды) тауып, талдаңдар.



Ә Мәтіндегі негізгі ақпараттарды іріктеп, конспект жазыңдар.



Б Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, оларды жасалу жолдарына қарай бөліп жазыңдар. Қысқарған сөздердің қандай тәсілмен қысқарып тұрғандығын анықтаңдар.

Күрделі сөздер		
Қос сөздер	Біріккен сөздер	Қысқарған сөздер

Грамматикалық материал

Пікірталас шеберлігіне үйренудің жолдары

Көпшілік алдындағы сөз тәрізді, пікірталастағы сөздің күші әсер ету мүмкіндігінде. Ой неғұрлым айқын, тіл неғұрлым нақты болса, оның әсер ету күші де соғұрлым мықты болады. Сөздің дұрыстығы, дәлдігі, жатықтығы, тазалығы – ой айқындығының басты шарттары. Сондықтан пікірталас мәдениетінің басты талабы сөздерді мағынасына сай орынды жұмсай білумен байланысты.

Пікірталас тақырыбына қатысты мақал-мәтелдерді, дәйексөздерді жинақтап, өзіне қажеттісін іріктеуге және оларды шеберлікпен жұмсай білуге төселу қажет. Пікірталас тақырыбына қажетті ақпараттарды тауып іріктеу, өңдеп қолдану – сөйлеу шеберлігіне апаратын жол. Троптың, фигураның түрлерін жетік білу және оларды орынды пайдалану пікірталас шеберлігіне қол жеткізеді. Бейнелі сөз шешен тілінің ажарын ашып, сөздің анықтығын, әсерлілігін арттырады.



2-тапсырма. Екі топқа бөлініп, «Бейбітшілікті сақтау үшін әлемге ... керек» тақырыбына пікірталас ұйымдастырыңдар.



А Пікірталасқа қатысушылардың өзін-өзі ұстау мәдениеті мен тіл қолданыстарына назар аударып, бір-біріңді бағалаңдар.



3-тапсырма. Берілген шағын мәтінді оқып, ғалымның пікіріне қатысты өз ойларыңды білдіріңдер.

Бірқатар шешендердің сөзін тыңдағанда, құлағыңның құрышы қанады... Таза, дәл, ойлы сөзді сүйсіне тыңдайсың. Кейбіреулердің «аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұрады», барынша ынжық әрі көмескі етіп сөйлейді. Сондай тартымсыз, берекесіз сөйлеушілердің тілінде егін арасына шыққан арамшөп тәрізді, өздеріне өбден үйреншікті болған «бұралқы» сөздері де болады. Мысалы: «Ол кеше нені нетіп келді», «Жазушы Майлин, жаңағы, әйел теңдігін жырлады», «Олар, жаңағы, енді, тап тартысын, жаңағы, күшейтті»...

М.Балақаев



А Қазіргі жастардың ауызекі сөйлеу тілінде қандай «бұралқы» сөздер кездеседі? Оларды сөздік қорымыздан жою үшін не істеу керек деп ойлайсыңдар?



Есте сақта!

Мағына жағынан бір-біріне қарсы, аралары алшақ жатқан екі нәрсені бетпестік қояды *антитеза* (*шендестіру*) дейді. Нәтижесінде белгілі бір зат-құбылыстың, ұғымның суреті, сыр-сипаты қарсылықты қатынаста бейнеленіп, соның негізінде сөздің экспрессивтік-эмоциялық бояуы қоюлана түседі, көбінесе антонимдер арқылы жеткізіледі: *Өссе тілім, мен де бірге өсемін. Өшсе тілім, мен де бірге өшемін* (Ә.Тәжібаев); *Үлкен қара үйдің іші де ертедегі байлықтың, қазіргі күндегі жұтаң кедейліктің жайын айтып тұр екен* (F.Мүсірепов).



4-тапсырма. Кім тапқыр?! Тілімізде антитезалық жолмен пайда болған тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді тауып жазыңдар. Мысалы: *Мың асқанға бір тосқан. Бетегеден биік, жусаннан аласа.*



А Салыстырыңдар.

Синтаксистік
параллелизм

Антитеза

5.3. ӘЛЕМНІҢ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ ІСІНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЛЕСІ



Үш топқа бөлініп *бейбітшілік, қауіпсіздік, тұрақтылық* ұғымдарына анықтама беріңдер. Олардың бір-бірімен байланысын ашып айтыңдар.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, оның қай стильде жазылғанын анықтаңдар. Нақты тілдік бірліктер арқылы ойларыңды дәлелдеңдер.

Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік кеңесіне (БҰҰ ҚК) тұрақты емес мүше болып сайлануы – мемлекет тәуелсіздігінің тарихында жеткен ең бірегей жетістіктерінің бірі. Қазақстан 2017 жылы іргелі ұйым құрамында болса, 2018 жылдың қаңтар айында Кеңеске төрағалық еткен болатын. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің құрамы соңғы рет 2014 жылдың 16 қазанында жаңартылған. Ол кездері 2015–2016 жылдардағы тұрақты емес мүшелікке Ангола, Малайзия, Венесуэла, Жаңа Зеландия және Испания сайланған еді. Негізінен, Қауіпсіздік кеңесіне 15 мемлекет мүше саналады. Олардың ішінде тек бес мемлекет, яғни АҚШ, Қытай, Ресей, Ұлыбритания және Франция – тұрақты мүшелер. Ал қалған он мемлекет БҰҰ Бас ассамблеясы арқылы сайланып отырады. Кеңестің тұрақты емес мүшелері екі жылдық мерзімге тағайындалады.

БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауды, бітімгерлік миссиясын атқаруды көздейді. Сондай-ақ ұйым халықаралық санкциялар салу және Қауіпсіздік кеңесінің қарарлары арқылы әскери іс-қимыл мәселелерін шешумен айналысады. Негізінен, Қауіпсіздік кеңесінің күн тәртібіне көбінесе Таяу Шығыс мәселесі, Палестина-Израиль қақтығысы, КХДР-дың атом бомбасын сынақтан өткізуі секілді проблемалар кірген. Статистикалық деректерге сенсек, Қауіпсіздік Кеңесінде көтерілген мәселелердің үштен екісі Африкадағы қақтығыстарға арналған екен.

Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіндегі бастамаларының негізі – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Кеңеске жолдаған саяси Үндеуі. Онда Елбасы БҰҰ-ның 100 жылдық мерейтойына орай ядролық қарусыз әлем құру мақсатында халықаралық қауіпсіздікті нығайтып, бейбітшілікті арттыру; жер шарын соғыстар мен қақтығыстардан арылту үшін күш-жігерді біріктіру қажеттіліктеріне баса назар аударған. Үндеуде БҰҰ ҚК тұрақты емес мүшесі ретіндегі Қазақстан жұмысының басымдықтары ретінде ядролық қарусыз әлемге ұмтылу, Орталық Азияда бейбітшіліктің өңірлік аймағын қалыптастыру, Ауғанстандағы бейбітшілікке ықпалдасу, жаһандық соғыс қатерін болдырмау, Африканың бейбіт дамуына жәрдемдесу секілді мәселелер айтылған. Сонымен қатар Қазақстанның БҰҰ қамқорлығымен жаһандық лаңкестікке қарсы коалиция (желі) құруға, БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттарын, бейбітшілік, қауіпсіздік және даму арасындағы ажырамас байланысты ілгерілетуге мүдделі екені атап өтілген.

«БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіндегі табысты төрағалық» мақаласынан



А Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі туралы не білесіңдер?
2. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінде Қазақстан қандай бастамалар көтерді?
3. Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық қалай өтті?



Ә Мәтіндегі негізгі ақпаратты іріктеп, конспектілеңдер.



Б *Ядро, ассамблея, миссия, санкция, коалиция, атом, статистика* сөздері қай тілден енгенін табыңдар. Лексикалық талдау жасаңдар.

Грамматикалық материал

Көркем әдебиет стилі

Көркем әдебиет стилі – проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармалардың тілі. Стильдің бұл түрінде сөздер екшеліп, сараланып қолданылады. Өмір фактілері шынайы образдар арқылы суреттелетіндіктен,

ондағы дәстүрлі де төлтума сөздер, көркемдегіш, бейнелегіш құралдар стильдік мақсатта жұмсалады. Авторлық баяндаудың құрылымына, кейіпкерлердің іс-әрекет, болмысына қарай тілдің бар байлығы қолданылады: кәсіби, диалект сөздер, этнографизмдер, қарапайым сөздер мен жаргондар, сирек қолданылатын сөздер, тарихи, көнерген сөздер, окказионализмдер т.т. Мысалы: – *Шал мен кемпірді өстіп анда-санда болса да жіберіп алып тұрмайсың ба? Бас қосу, бастаңғы жасау дегенді ұмыттық қой мүлде, – деп лекіте күліп Қайыржан көрінді. – Олай болса, «Ауған хан мен Қалған хан» ойнайық, – деп салдым (С.Шаймерденов).*



2-тапсырма. «Көркем әдебиет стилінің стильдер жүйесінде алатын орны» тақырыбына аргументативті эссе жазыңдар.



А Көркем әдебиет стилі кімдерден, қандай туындылардан бастау алды?



Ә Әртүрлі көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, *тұрақтылық* сөзін қатыстырып бүгінгі тақырыпқа қатысты 1–2 шумақ өлең жазыңдар.



Есте сақта!

Ассонанс (үн қату) – дауысты дыбыстардың үндесе қайталануынан тұратын стилистикалық айшықтаудың түрі. Ассонанс шешендік сөздерде, мақал-мәтелдерде, көркем шығармаларда жиі ұшырасады. Мысалы: *Өзім дегенде өзім қара күшім бар. Аллитерация* – дауыссыз дыбыстардың бірыңғай қайталануы. Шешендік сөзді ажарлап, сөздің реңін келтіретін көркемдік тәсіл. Аллитерация – қазақ мақал-мәтелдерінің ұтымды тәсілдерінің бірі: *Бейнет, бейнет түбі – зейнет*. Аллитерация прозалық, драмалық шығармаларда да, шешендік сөздерде де қолданылады: *Арғы атаңа орнықты орда болған, бергі атаңа қайыспас қара қанжар болған, берік түйінді берен сауыт болған – мына біз едік... (Томан би).*



3-тапсырма. Ассонанс және аллитерация құбылыстары арқылы жасалған сөз орамдары қатысқан шешендік сөздерді табыңдар.



4-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (13-аудио). Мәтінде кездескен ассонанс пен аллитерацияны жазып алыңдар.



А Автордың негізгі айтпақ ойы не? Бұны шешендіктің қай түріне жатқызуға болады?



Ә Мәтінде қолданылған көркемдегіш құралдарды анықтаңдар.

5.4. ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ – ХХІ ҒАСЫР ІНДЕТІ



«Экстремизм мен терроризмнің зардаптары» тақырыбында пікірталас ұйымдастырыңдар. Пікірталас барысында төмендегі сұрақтарды басшылыққа алыңдар.

1. Қазіргі таңда террорлық әрекеттердің белең алуы неліктен?
2. Бұндай іске қандай адамдар барады?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, ондағы негізгі ойды анықтаңдар.

Терроризм дегеніміз – бүкіл адамзатқа қарсы қылмыс. Оның атауы латынның «*terror*» – *үрей, қорқыныш* деген сөзінен шыққан. Ол түрлі бейнеде көрініс табуы мүмкін. Терроризм – күш көрсету идеологиясы және халықтың зәресін алу мен зорлық-зомбылық жасау, сондай-ақ іс-әрекеттердің басқа да пішіндері арқылы билік органдарының шешім қабылдауына ықпал ету. Бұл – мыңдаған қарапайым азаматтардың өмірін жалмайтын, сөйтіп, бүкіл елді үркітетін жарылыстар. Бұл – ядролық, химиялық немесе биологиялық қару қолдану қатері. Оның діни түрткілері де болуы ықтимал, олар өртүрлі діни сенімдегі адамдардың арасына зорлық-зомбылық пен шектен тыс төзімсіздік үждерін таратудан байқалады. Ал экстремизмнің анықтамасы біршама екіұштылау. Дегенмен экстремизмге «жекелеген адамдардың, топтардың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қарсы бағытталған шетін¹ көзқарастар мен іс-әрекетке бару» деген анықтама беруге болады. Зорлық-зомбылыққа, бейбастақ іс-әрекет пен төртіпсіздіктерге және т.б. шақыру азаматтардың құқықтарына, олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді, осының бәрі экстремизм қатарына жатқызылады.

Терроризм бір күнде пайда болған жоқ. Ол қай заманда да түрлі пішінде бар болатын. Бірақ қазіргі ғылым мен техниканың, ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуына орай оның ауқымы, қарқыны және қоғамдық санаға ықпалы бұрынғыдан әлдеқайда өсіп, ұлғайып кетті.

Терроризм халықты құрбандыққа шалуымен қауіпті. Ол – бүкіл-әлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікке төнген ең елеулі қатер.

М.Вашимов. «Егемен Қазақстан» газетінен



А Қажетті ақпараттарды орынды қолданып, осы тақырыпқа қатысты аргументативті эссе жазыңдар. Экстремизм мен терроризм қоғамға қалай ықпал етуде?



Ә Үш топқа бөлініп, «Біз экстремизм мен терроризмге қарсымыз!» деген тақырыпта постер қорғаңдар.



Б Мәтіндегі бір сөйлемге синтаксистік талдау жасаңдар.

Грамматикалық материал

Көркем әдебиет стилінің тілдік ерекшеліктері

Көркем әдебиет стилінің басты белгісі – тілдің лексикалық қабаттарының барлық түрлері (экспрессиялы эмоциялық бояуға бай тұрақты сөз тіркестері, фразеологизмдер, синонимдер, ауыспалы мағыналы, көп мағыналы сөздер, антонимдер, антитезалық құбылыстар, мақал-мәтел, қанатты сөздер, көріктеу тәсілдері) қолданылады.

¹ Шетін – ерсі, дөрекі, өрескел, оғаш.

Мысалы: *Ұмындықтың қара көзі от шашып, жалт етті; Амал бар ма, тасыған көңіл судай басылды; Көктен тілегенім жерден табылғандай (С.Шаймерденов).* Берілген сөйлемдердегі көзінен от шашу, көңілі судай басылу, көктен тілегені жерден табылу тіркестері кейіпкердің әртүрлі психологиялық жай-күйін суреттеуде жұмсалған стильдік амалдар болып танылады.

Тілдік ерекшеліктері:

а) *лексика-фразеологиялық*: ауыспалы мағынадағы сөздер, суреттемелік, көркемдеуіш құралдар (теңеу, метафора, эпитет, антитеза...), бейәдеби бірліктер, синонимдер мен антонимдер, бейнелі сөз орамдары т.б.;

ә) *морфологиялық*: одағай, шылаулар, қыстырма, қаратпа сөздер т.б.;

б) *синтаксистік*: риторикалық сұраулы сөйлемдер, қайталамалар, инверсия т.б.



2-тапсырма. Үш топқа бөлініп, ережеде көрсетілген тілдік қабаттар бойынша мысалдар жазыңдар. Мысалдар көркем шығармалардан алынуы тиіс.

Көркем әдебиет стилінің тілдік ерекшеліктері		
Лексика-фразеологиялық	Морфологиялық	Синтаксистік



А Оқылым мәтінін (1-тапсырма) көркем әдебиет стиліне айналдырып айтыңдар.



Ә Көркем әдебиет стилінің стильдік сипаты туралы ғылыми баяндама дайындаңдар.



Б Көркем әдебиет стилінің қолданылу аясы, қарым-қатынас ортасы туралы әңгімелендер.



Есте сақта!

Анафора – бір сөздің не сөз орамының, өлең жолдарының сөйлемнің басында қайталануы болып табылатын стилистикалық айшықтау түрі. Анафораның лексикалық, синтаксистік түрлері болады. Лексикалық түріне бір сөздің қайталануы жатады:

Үлкен адам болу үшін ғаламда,

Үлкен болып қалу үшін ғаламда,

Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,

Үлкен арман керек екен адамға!

М.Шаханов

Синтаксистік анафорада сөз тіркесі не сөйлем түріндегі құрылымдардың қайталануы болады:

Бұлқынып жатыр, келмейді-ау құрғыр шамасы,

Бұлқынып жатыр, таусылды-ау айла-шарасы.

Сәулемнің менің аяқ пен қолын матамай,

Бостандық берші, бостандық берші, мамасы.

М.Мақатаев

Эпифора – өлең жолдарының соңында бір сөздің не сөз тіркесінің қайталанып келуі. Бұл қажетті бір ойға, құбылысқа ерекше назар аударып, сөз әсерін арттыру үшін қолданылады. Әртүрлі мақсатта қайталау болады.

Қыз бала көркем көрінер,

Беттегі нұрлы қанменен...

Еділ көркем көрінер,

Жағалай біткен талменен.

А.Керейұлы



3-тапсырма. Кім тапқыр?! Лексикалық және синтаксистік анафораларға мысал айтып жарысыңдар.



А «Ұрпақ бейбітшілікке үн қосады» деген тақырыпта анафоралар мен эпифораларды қатыстырып, шешендік сөз дайындаңдар.



Ә Ең ұтымды, көркем тіркестер құраған оқушыны анықтап, баға беріңдер.

5.5. БЕЙБІТ ӨМІР – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ



«Егер адамдар бір-бірімен бейбітшілікте және рухани келісімде өмір сүріп үйренбесе, ешқандай прогресс болмайды» деген Н.Ә.Назарбаевтың пікірін әрі қарай өрбітіңдер.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, қанатты сөздердің мағынасын ашып айтыңдар.

Қай ұлт, қай ел болмасын бейбітшілікті, бірлікті, ашық аспан мен бақытты, терезесі тең, керегесі кең елдер қатарында болуды аңсайды. Өйткені татулық пен келісім, бейбітшілік пен тұрақтылық бар елді бақыт өзі іздеп келеді. Қабан жырау:

– Бақыт, қайда барасың?
– Көршімен болған бірлігі,
Тағат, ғибадат¹ тірлігі
Ұйымшыл елге барамын, –

деп жырлаған екен. Бабаларымыздың мұндай жырлары талай санаға сөуле құйып, түсінген жанға үлкен үгіт болатыны сөзсіз. Иә, адамдар арасында бірлік болса, олар ынтымақта, тату-тәтті өмір сүреді. Өзара сыйласып, ұйымшылдық көрсеткен кезде ғана бірлікке қол жеткізуге болады. Халқының қамын жеген Әлихан Бөкейханов: «Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса, халықтық мақсат сонда орындалады. Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана», – деп ынтымақ-бірлікке үндеген. Ал ынтымақ-бірлікке апаратын жол – халықтың өзара тату болуы. Дана халқымыз «Татулық – табылмас бақыт», «Жолдасы көптің – олжасы көп» деп тектен-тек айтпаса керек. Хакім Абай атамыз «Татулықтан артық жолдас жоқ» деген. Бейбітшілікте, есендікте өмір сүруге ұмтылу қазақ халқының қанына сіңген асыл қасиеттерінің бірі екені сөзсіз. Нұрсұлтан Әбішұлының «Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынты-ықылдасының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің

¹ *Ғибадат* – Аллаға тағзым етіп, құрмет көрсету.

мемлекеттігін қалпына келтіре алды» деген сөзі кешегі мен бүгінгі тарихымызды ұштастырып тұр. Тіпті қазақ жеріне табан тигізген әлем саяхатшылары, ғалымдар, дипломаттар естеліктерінде қазақ халқының қонақжай, сабырлы, ежелден бейбітшілік пен ынтымақ сүйгіш, өз бетінше ешкімге ұрынбаған, соғыс аспаған ел екенін сүйсіне жазған. Тәуелсіздікке қол жеткен тұстан бері де бұл қасиеттерден айнымаған халқымыз ел егемендігіне де үлесін қосып келеді. Бүгінде азат ел атанған, өзін әлемге ынтымағы жарасқан ел ретінде мойындата білген Қазақстанның ғаламдық татулықты сақтау мен нығайту ісінде өзге елдерге үлгі екені рас. «Бірлігі бар елдің белін ешкім сындырмас» дейді дана халқымыз. Расында, халықтың ынтымағы мен ауызбірлігін сақтау әрқашанда маңызды болып қала бермек. Кешегі бабалар өмірі де мұны бізге сабақ етеді.

Б.Мансұров



А Мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтаңдар.



Ә Өз білімдеріңе сүйене отырып, «Бүгінде азат ел атанған, өзін әлемге ынтымағы жарасқан ел ретінде мойындата білген Қазақстанның ғаламдық татулықты сақтау мен нығайту ісінде өзге елдерге үлгі екені рас» деген пікірді жалғастырыңдар. Осы сөйлемге морфологиялық талдау жасаңдар.



Б Ұлдар мен қыздар тобына бөлініп, отбасы берекесін сақтаудағы әке мен ананың рөлі туралы пікір алмасыңдар.

Грамматикалық материал

Шешендік дау

Шешендік дау қазақ қауымының заттық және рухани даулы мәселелерді реттейтін ежелгі әдет заңын бейнелейді. Дау – қазақы ортада руаралық немесе тайпааралық егестерді және осының өршіген түрі – сан алуан тартыстарды білдіретін ұғым. Сондай-ақ дауға ерекше өршіп, ру-қауым деңгейіне жеткен тұлғааралық дау-дамай да жатқызылады. «Жеті жарғы» заңдар жинағында көрсетілгендей, дауды шешу билер мен ақсақалдарға жүктелген. Ертеде қазақы ортада даугерлер ел арасындағы құрметті, қадірменді ақсақалдарға жүгініп, дауларын халықтың жөн-жоралғысымен қарап, билік айтуын сұраған. Олардың билігіне разы болмаса, онда даудың әділ шешімін табу үшін халықтың әдет-ғұрыптық заңдарын жақсы білетін, елге танымал биге барып шағымданған.



2-тапсырма. Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Ережеде берілген ақпаратқа сүйене отырып, «Шешендік дау дегеніміз...» деп басталатын ереже тудырыңдар.

2-деңгей. Шешендік даудың шешендік сөздің басқа жанрлық түрлерінен ерекшелігі неде? Салыстырыңдар.

3-деңгей. Үзінді кімнің сөзінен алынған? Ол қандай дауға байланысты туындаған шешендік еді?

Сен темір де, біз көмір,
Еріткелі келгенбіз,
Екі еліктің лағын,
Теліткелі келгенбіз.

Танымайтын жат елге,
Танысқалы келгенбіз.
Қазақ-қалмақ баласы,
Табысқалы келгенбіз.



A Осы жолдарды бүгінгі тақырыппен байланыстыра отырып өрбітіңдер.



Есте сақта!

Дәлелдеу шешендік сөзде белгілі бір тұжырымдардың жалғандығын не негізділігін нақты заттарды, құбылыстарды, жағдайларды келтіре отырып дәйектеуге негізделеді. Дәлелдеме бір емес, бірнеше ой қорытындысынан тұрады. Ой анық тұжырымдалып, ол дәлелдеу кезінде өзгеріске түспеуі керек. Сонда ғана сөйлеуші логикалық қатеге ұрынбайды.

Дәлел үшін статистикалық мәліметтер келтіру маңызды. Бірақ цифрларды көп қолдану тыңдаушыларды жалықтырады, сондықтан қажетті жағдайда шамамен ғана қолданған жөн. Дәлел ретінде өмірден алынған мысалдар, көрнекті адамдардың, қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың, ғалымдардың пікірлерін келтірген орынды.



3-тапсырма. Пікірталасты тыңдаңдар (14-аудио).



A Пікірталас қатысушыларының өз пікірлерін дәлелдеулеріне назар аударып, талдаңдар.



Ә Пікірталаста дәлелдеудің қаншалықты маңызды рөл атқаратынын мәтіннен нақты деректер келтіре отырып баяндаңдар.



Б Пікірталаста көтерілген мәселеге өз көзқарастарыңды білдіріңдер. Ойларыңды дәлелдендер.

5.6. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ – БЕЙБІТСҮЙГІШ ЕЛ



Өз білімдеріңе сүйеніп, әлемдегі ең бейбітсүйгіш (қауіпсіз) елдердің рейтингін жасаңдар.



1-тапсырма. Қазақ халқы туралы айтылған шумақтарды оқып, жаттап алыңдар.



Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп
Найзаға үкі таққан елміз...

Қазыбек би



Мен үйсінмін, қауға берсең, қауға бер,
Қан ағызып көргенім жоқ жаулап ел.
Дауы да жоқ, жауы да жоқ, бауырым,
Біздің асқақ тауға кел.

М.Мақатаев



Осы ойымды олжадай еншіге алып,
Солдаттықтан оралдым жең сыбанып.
Жігіт шағы, сұлулық, бір сенікі
Мен – қазақпын, жаушы емес, елші халық.

Ж.Молдағалиев



Кейбір ері күдер үзіп жасықтан
Күрессе де қалғанынша қасық қан.
Жылдар бойы жауласудан жалығып,
Дұшпанымен тіл табуға асыққан.

Қ.Мырза Өлі



А Әрқайсысың өздеріңе ұнаған сөзді жалғастырып ой өрбітіп, дәлелді тұжырымдар айтыңдар.



Ә Мәтіндерден туынды сөздерді тауып, морфологиялық талдау жасаңдар.

Грамматикалық материал

Шешендік даудың түрлері

Шешендік дауларды мазмұнына қарай *жер дауы*, *жесір дауы*, *құн дауы*, *мал дауы* және *ар (намыс) дауы* деп беске бөлеміз. Ол адамдар арасындағы мал-мүлік үшін болатын дау-таластан бастап, екі ел арасындағы дипломатиялық-мәмілегерлік сөздерге дейін қамтиды. Қалыптасқан мемлекеттігі, қабылданған заңы жоқ феодалдық елде барлық дау-талас мәселесі қалыс ағайынның қазылығымен, жол-жоба білетін тәжірибелі адамдарға жүгінумен шешілген. Халықтың осындай қарапайым тәжірибесінен қазылық институт, билік-төрелік айту дәстүрі, әдет заңы қалыптасқан.

Аталған дауларының бәрінде де, бір жағынан, дүние-мүлік таласы болса, екінші жағынан, атақ-абырой үшін тартыс жатады. Әсіресе ел-елдің арасында жүргізілетін елшілік келісім сөздерде елші, ең алдымен, елінің намысын қорғайды. Өйткені жердің бүтіндігі, елдің дербестігі, әр халықтың өзін-өзі билеу құқы және табанақы, маңдай терімен тапқанына өз иелігі, сайып келгенде, әр халықтың ары мен намысы болып табылады.



2-тапсырма. Шешендік даудың әр түріне бір-бір сөйлеммен анықтама беріңдер.



А Қазақта даулы мәселелерді шешетін арнайы заңдар болған ба? Олар кімдердің бастамасымен шығарылды? Қандай мәселелер қаралды?



Ә Қазіргі қоғамда аталған даулардың қайсысы жиі кездеседі? Ондай дауларды кімдер шешеді?



Б Үзіндіні оқыңдар. Бұл шешендік даудың қай түріне жатады?

...Сен темір болсаң, біз – көмір, еріткелі келгенбіз,
Қазақ-қалмақ баласы табысқалы келгенбіз.
Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз,
Танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз.
Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз,
Бітім берсең – жөндеп бітімді айт, не тұрысатын жеріңді айт!

Қазақ өнерінің антологиясы. 9-том



В Өлеңнен есімдіктерді теріп жазып, фонетикалық талдау жасаңдар.



Есте сақта!

Қазіргі шешендік сөздерде, тіпті оның академиялық, саяси-бұқаралық, ғылыми түрлері былай тұрсын, пафосқа толы, көтеріңкі үнмен салтанатты жағдайда айтылатындарының өзінде кәнігі эпитеттерге немесе стереотип фразаларға көп жүгінбегенімен, олардың орын алатынын және бұлардың әрдайым ұтымды бола бермейтінін айту қажет. Мысалы, кез келген жағдаятта *торқалы той, еселі еңбек, шабыт шалқары* сияқты сырт қарағанда әсерлі, әдемі, бірақ жауыр болған сөз орамдарын жиі қолдану шешен тіл үдесінен шықпайды, керісінше, стандарттықты танытып қояды. Ал шаршы топ алдында жаттанды тілмен сөйлеу тыңдаушыларын қызықтырмайтыны, еліктірмейтіндігі мәлім.

Р.Сыздықова



3-тапсырма. Көпшілік алдында сөйлеуде шешен тілінде ұшырасатын қателіктерге мысал келтіріңдер.



А Шешен сөзіндегі образды-эстетикалық оралымдардың рөлі туралы баяндаңдар. Олардың белгілі бір нормасы, шектеуі болуы керек пе? Бейнелі сөздер шешендіктің қай түрлерінде көбірек қолданылуы керек?



Ә Сөйлейтін сөзі ұғымды да мәнерлі, өтімді де жетімді болу үшін шешен не істеуі тиіс?



Б «Тіл тазалығы үшін күрес» тақырыбына өз ойларыңды дәлелдеп аргументативті эссе жазыңдар.



4-тапсырма. Шешеннің сыртқы қалпы, оның киім киісі, тұрысы, дене қимылы /жест/ сөйлеудің сәтті болуына әсер ете ала ма? Өз жауаптарыңды тәжірибелік мысалдармен дәлелдендер.

5.7. ЖАҒАНДАНУДЫҢ ПАЙДАСЫ ЖӘНЕ ЗИЯНЫ



Жаһандану және жаһандық экономика ұғымдарына анықтама беріп, өз ойларыңды ортаға салыңдар.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, онда көтерілген мәселелерге қатысты қосымша деректер келтіріңдер.

Жаһанданудың басты қағидасы – әлемнің біртұтастығы, өзара байланыстылығы, тәуелділігі. Олар әлемнің түкпір-түкпірінде әртүрлі тілде сөйлеп, әртүрлі дінде, наным-сенімде, қоғамдық құрылыста өмір сүріп жатқан ру-тайпалардың, ұлттардың барлығын бір қалыпқа салудың мүмкін еместігін мойындай бермейді. Міне, осындай жағдайда әлем қақ жарылып отыр. Мұның өзі жаһандануды жақтайтын космополиттер мен оған қарсы ұлтшылдарды туғызып, олардың арасындағы текетіресті күшейте түсті. Осындай жағдайда жаһандану жолын қабылдап, оған бейімделіп жатқандар да, жартылай ғана кіріскендер де, мүлдем қарсы шығып жатқандар да жеткілікті. Әсіресе қарсылар көп. Ғасырлар бойы дамудың өзіне ғана тән дәстүрлі жолымен жүріп, әлемдік ортақ мәдениетке айтарлықтай өз үлестерін қосып келген, өздерінің болашағын ұлттық дамудан көретін халықтардың, мемлекеттердің бұған көнбесі – заңды. Батыстың қуатты экономикасына арқаны нық сүйеіп отырған жаһандану дегеніне көнбегендерге түрлі айла-амалдарды қолдануда; түрлі экономикалық, саяси қысымдар жасап, тіпті қажет болса тізеге салып, күш қолдануға дейін баруда. Міне, осы сияқты әрекеттердің салдарынан өмірде түрлі келіспеушіліктер, дағдарыстар, қақтығыстар өріс алып, мұның аяғы қарулы соғыстарға ұласып жатуы да жиіледі. Мысалы, бір кездерде әлемдік өркениеттің бір отаны болған Сирияда бүгінгі күндері жүріп жатқан қақтығыстардың табиғаты мүлдем өзгеше; кім мен кімнің соғысып жатқанын айырудың өзі қиын. Бұл соғыстың діни конфессияаралық, ұлтаралық, әлеуметтік сипаты күрделеніп, бір мемлекеттің ауқымынан шығып, өңірлік сипат алып барады. Бейбіт жатқан елдің осыншалықты қантөгіске ұшырауы жаһандану үдерісін өздерінің ыңғайына қарай бұрғысы келген Батыс елдерінің орынды-орынсыз араласуы салдарынан болып отыр. Жаһанданудың табиғи жолмен емес, осындай күшпен жүргізілуі салдарынан қоғам жікке бөлініп, аражігі ашыла түсіп, яғни байлар мен кедейлерге бөлініп, әділетсіздік күшейе береді; әлемді үрей билеп, адамдардың жан жүйесіне салмақ түсуде. Өдет-ғұрпынан, адамгершілік нормаларынан,

ұлттық дәстүрлерінен айырылып, ертеңгі күнінен үмітін үзе бастаған, болашағы күңгірт қазіргі адамдар бұл тығырықтан шығар жолды шарқ ұрып іздегенімен, гуманистік бетпердесі жыртылған қоғамда бейшаралықпен өмір сүруге мәжбүр.

Д.Ысқақұлы. «Ақиқат» журналынан



А Жаһандандудың экономика, мәдениет, ғылым мен техника, медицина т.б. салаларға әсері қандай?



Ә Қазақстанда жаһандану процесі қалай жүріп жатыр? Пайдалы және зиянды жақтарын тізіп жазыңдар.



Б Жаһандандудың ұлттық менталитетке, рухани құндылықтарға әсері туралы пікірталас ұйымдастырыңдар.



2-тапсырма. Кім жылдам?! Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Пікірталасты жоспарлау сатыларын атаңдар.
2. Сөйлеу шеберлігіне машықтану жолдары.
3. Көркем әдебиет стилінің жанрлық ерекшеліктері.
4. Көркем әдебиет стилінің лексика-фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктеріне мысал келтіріңдер.
5. Шешендік сөздің жанрлық түрлері. Шешендік дау.
6. Шешендік даудың түрлері.

Өзіңді тексер!

1. Қарама-қарсы ұғымдарды қатар қою арқылы жүзеге асырылатын айшықтаудың түрін белгіле.
 - а) Эпитет; ө) меңзеу;
 - б) метафора; в) синтаксистік параллелизм.
2. *Аймен аталас емеспіз, Күнмен баталас емеспіз.* Айшықтаудың қай түрі?
 - а) Синтаксистік параллелизм; ө) ассонанс;
 - б) аллитерация; в) анафора.
3. *Бетегеден биік, жусаннан аласа.* Айшықтаудың түрін анықта.
 - а) Ассонанс; ө) меңзеу;
 - б) антитеза; в) эпифора.
4. Ассонанс деген не?
 - а) Дауысты дыбыстардың үндес қайталануы;
 - ө) дауыссыз дыбыстардың бірыңғай қайталануы;
 - б) сөз тіркесі не сөйлем түріндегі құрылымдардың қайталануы;
 - в) бір сөздің өлең жолдарының басында қайталануы.

5. *Бұлқынып жатыр, келмейді-ау құрғыр шамасы, Бұлқынып жатыр, таусылды-ау айла шарасы...* Айшықтаудың қай түрі?

- а) Лексикалық эпифора;
- ә) лексикалық анафора;
- б) синтаксистік анафора;
- в) синтаксистік эпифора.

6. Қайсысы көркем әдебиет стилінің тілдік ерекшеліктеріне жатпайды?

- а) Терминдер;
- ә) риторикалық сұраулар;
- б) қайталамалар;
- в) бейәдеби бірліктер.

7. Шешендік дау неше түрге бөлінеді?

- а) 4; ә) 5; б) 3; в) 6.



Ғалым болам десеңіз...

1. *М.Қанабекова.* Қазақ тілі стилистикасының негіздері. Алматы: Қыздар университеті, 2013.
2. *А.Қыдырашев.* Шешендіктану: теориясы және практикасы. Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2012.
3. *З.Қабдолов.* Әдебиет теориясының негіздері. Алматы: Жалын, 1997.
4. *Р.Сыздықова.* Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. Алматы: Ғылым, 1987.


МӘТІН

Бұл бөлімде сендер:

- ұлттың тарихи жәдігерлері туралы мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайсыңдар;
- дөңгелек үстелдің қандай мақсатта ұйымдастырылатынын, қатысушылардың әрекетін және онда көтерілген мәселе бойынша қабылданатын шешімдер туралы білесіңдер;
- көпшілік алдында сөйлеу кезінде ойларыңды айқын, сөздеріңді дәл жеткізудің жолдарын үйренесіңдер;
- мәтін және оған тән белгілерді, мәтіннің түрлері мен типтерін біліп, ауызша және жазбаша мәтіндерге тән ерекшеліктерді ажыратасыңдар.

6.1. ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРГЕ НЕ ЖАТАДЫ?

Төменде қандай жәдігерлер бейнеленген? Олар Қазақстанның қай өңірлерінен табылған? Сурет бойынша тарихпен, әдебиетпен байланыстыра отырып әңгіме өрбітіңдер.





1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, тірек сөздерін табыңдар.

Атажұртымыз – «Алтын адамдар» мекені

Қазірге дейін қазақ даласынан бес «Алтын адам» табылды. Олар: Алматы облысы Есік қорғанынан табылған Алтын адам (б.з.д. VI–IV ғасырлар), Батыс Қазақстан облысы Аралтөбе қорғанынан табылған Сармат көсемі (б.з.д. III–II ғасырлар), Шығыс Қазақстан облысы Берел қорғанынан табылған Сақ көсемі тұлпарының қаңқасы мен алтын бұйымдар (б.з.д. IV–III ғасырлар), Пазырық қызы мен Алтай көсемінің қаңқасы (б.з.д. VI–V ғасырлар). Ал бесіншісі (б.з.д. VI–V ғасырлар) Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Қасым Аманжолов ауылынан 5 шақырым жерден табылды.

Қазақ археологтерінің XX ғасырдың екінші жартысындағы жаңалықтарының арқасында бүкіл әлем 1-мыңжылдықта Орталық Азияда ғаламат өзгерістер болғанына көз жеткізді. Соның арқасында еуразиялық ерекше өркениет пен мәдениеттің негізі салынды. Сақ замандарындағы ең ірі археологиялық ескерткіштердің бірі – Есік қорғаны (б.з.д. V ғасыр). Қорғанға сақ жауынгері мерекелік, салтанатты киіммен жерленген. Жерленген адамның киіміндегі алтын бұйымдардың өңделуіне қарап сақ шеберлері металл өңдеудің барлық техникалық әдістерін жетік меңгергеніне көз жеткізуге болады. Мәселен: мүсінді құю, горельефтік¹, барельефтік және бейнелеу қалыбы, бедерлеу мен нақыштау тағы басқалар.

Сақ жауынгерінің киімін безендіріп тұрған жалпы саны 4 мыңнан астам бұйымның 165-і алтыннан жасалған. Безендіру тәсілі үйреншікті, сақ-сібірдің аң стилінде. Жерленген адамның баскиімінің конус пішіндес болуы сақтың тиграхауд тайпасына жататындығын білдіреді. Жерлеу рәсімінің салтанаты және оған кигізілген киімнің байлыққа малшынып жатуы марқұмның қоғамда биік мәртебе иеленгендігін білдіреді. Ең бастысы, жерленген адамның сақ көсемі екендігі оны күнтекес Құдай тұлғасында бейнелеуімен айғақталып тұр.

Белгілі ғалым Зейнолла Самашевтің жетекшілігімен 1999 жылы Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданы Берел ауылының маңынан б.з.д. IV–III ғасырларда өмір сүрген сақ көсемінің қорғаны табылды. Қабірге адаммен бірге мумияланған жирен түсті 13 ат қоса жерленген. Төрт аттың басына ағаштан жасалып, былғарымен қапталған, сырты алтынмен көмкерілген таутекенің мүйізі кигізілген. Бабаларымыз ерте замандарда адаммен бірге жерленген ат иесін о дүниеге алып барады деп түсінген. Берел қорғанынан табылған

¹ Горельеф – орналастырылған жазық беттен жалпы көлемінің жартысынан көбі шығыңқы тұратын бейне мүсін.

Еуразия номадтарының¹ өркениетін айғақтайтын осы мол мұра – өлемдік деңгейдегі ғаламат жаңалық.

Б.з.д. VI–V ғасырларда өмір сүрген Пазырық қызы мен Алтай көсемінің қаңқасы Алтай өлкесінің Пазырық қорғанынан табылды. Пазырық қызының баскиімінде алтыннан жасалған арқар, бұғы, құс бейнеленсе, Алтай көсемінің баскиімінде бұғыны жұтып жатқан айдаһар сомдалған. Бұл көсемге тән күш пен қуатты білдіріп тұр. Жоғарыда аталған жәдігерлер қазақ жерінде өмір сүрген ежелгі тайпалардың тек озық өркениет иесі болғанын айғақтап қана қоймайды, сонымен бірге мәңгі мұздықтардың арқасында бүгінгі күнге дейін бұзылмай жеткен алтын бұйымдарға, былғары, киіз, ағаш, сүйектен жасалған заттарға қарап олардың төлтума мәдениеттерімен де жіті танысуға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ қорғандарда мумиялап жерленген жылқы малының асқазанында жақсы сақталған өсімдік қалдықтары сол замандардағы флораның қандай болғанын айғақтап бере алады.

Ж.Ахмет. «Ақ жол» газетінен



А Қазақстан жерінен табылған «Алтын адам» ескерткіштерінің тарихи-мәдени құндылығы туралы баяндаңдар.



Ә Ауызша және жазбаша тарихи деректерге не жатады? Төмендегі кестені нақты мысалдармен толықтырыңдар.

Ауызша деректер	Жазбаша деректер
<ul style="list-style-type: none"> • Тарихи дастандар («Едіге», «Бекет батыр» т.б.) • • 	<ul style="list-style-type: none"> • «Жеті жарғы» заңдар жинағы • • •



Б Соңғы жылдары археологиялық зерттеулер нәтижесінде көпшілікке белгілі болған қандай жәдігерлерді білесіңдер?



В Қазақ әдебиетінде этнографиялық деректер мол қамтылған қандай шығармалар бар?



Г Мәтіндегі ақпаратқа және өзге де дереккөздерге сүйеніп, Пазырық қызы мен Алтай көсемінің сырт бейнесін салыстырыңдар.

Грамматикалық материал

Әңгіме және дөңгелек үстел

Әңгіме не дөңгелек үстел қоғамда өріс алып отырған өзекті бір мәселе жөнінде қоғамдық пікір қалыптастыру, көпшілікке ой тастау үшін ұйымдастырылады. Дөңгелек үстелге сол тақырыпты зерттеп жүрген не осы мәселені қоғамдық ортада жиі-жиі көтеріп жүрген,

¹ Номад – ағылшын тілінен аударғанда «көшпелі» деген мағынаны білдіреді.

оған қатысты ақпараттары жеткілікті, өзіндік көзқарасы бар арнайы маман шақырылады. Ол дөңгелек үстелде талқыланатын тақырып бойынша қысқаша мағлұмат береді. Егер талқыланатын мәселе даулы нәрсе төңірегінде болса, маман осы тақырыпқа қатысты қоғамдық ой-пікірлерді толығырақ келтіріп, олардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін ғылыми түрде саралап түсіндіреді. Содан кейін көпшіліктің қатысуымен талқыланады, толықтырылады.

Дөңгелек үстел соңында нақты ұсыныстар әзірленеді.



2-тапсырма. «Құнды жәдігерлер – көне тарихтың куәсі» тақырыбына дөңгелек үстел ұйымдастырыңдар.



А Дөңгелек үстел тақырыбына қатысты бірнеше сұрақ дайындап, ең үздік сұрақты анықтаңдар.



Ә Аталған дөңгелек үстелге қандай мамандар шақырар едіңдер? Неге? Ойларыңды дәлелдеңдер.



3-тапсырма. Әртүрлі көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, «Мұражайдағы бір күнім» тақырыбына шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсыныңдар.



Есте сақта!

Мәтін өзара байланыста айтылатын (жазылатын) екі не одан да көп сөйлемнен құралады.

Мәтіннің негізгі белгілері мыналар:

- тұтастығы (іштей байласымдылығы мен композициялық қорытындылануы);
- модальділік (автордың хабарға көзқарасы, авторлық баға және өзіндік баға);
- тыңдаушыға (оқырманға) әсер ету мақсатының болуы.



4-тапсырма. Оқылым мәтінде (1-тапсырма) ережеде көрсетілген негізгі белгілер бар ма? Ойларыңды дәлелдеңдер.



А Мына ұғымдарды тарқатып, топ болып талқылаңдар.

Мәтіннің
мағыналық
тұтастығы

Мәтіннің
құрылымдық
тұтастығы

Модальділік

Тыңдаушыға
әсер ету



Ә Ғылыми стильге тән тілдік бірліктерді қолдана отырып, «Мәтін» тақырыбына анықтамалық эссе жазыңдар.

6.2. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ



Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Мәдени мұра» қандай бағдарлама?
2. Елімізде аталған бағдарлама арқылы белгілі болып, жарыққа шыққан қандай тарихи-мәдени жәдігерлерді білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтіндерді оқып, қай стильде жазылғанын анықтаңдар. Екі мәтіннің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшеліктерін салыстыра талдаңдар.

«А» мәтіні

Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен мақтанады. Елімізде 2003 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдаудағы басты мақсат жүздеген, мыңдаған жыл тереңіне кететін ұлттық мәдениетіміздің әлем елдері мұрағаттары мен ғылыми орталықтарында сақталған, әлі белгісіз інжу-маржандарын жинақтау, зерттеу, зерделеу және ғылыми айналысқа енгізу арқылы жұртқа паш ету болатын.

Бағдарламаның бірінші кезеңінің өзінде 32 тарихи-мәдени, археология және сәулет ескерткіші қайта жаңғыртылып, қалпына келтірілді. Олар: Жамбыл облысындағы «Айша бибі», «Бабажа қатын» кесенелері және Үшарал мешіт-медресесі, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Аққойлы мешіт-медресесі, Арыстан баб кесенесі, Өулие Құмшық ата жерасты мешіті, Ақтөбе облысындағы Абат Байтақ кесенесі, Қызылорда облысындағы Айқожа, Оқшы ата кесенелері мен Ақтас мешіті, Сараман Қоса мұнарасы, Атырау облысындағы Жұбан ана кесенесі, Батыс Қазақстан облысындағы Қараман ата ескерткіштері мен тағы басқа ондаған тарихи-мәдени мұра.

Ал 2007–2008 жылдары Молла Қалан, Мақұлтам, Ысқақ ата, Қошқар ата кесенелері мен көне тарихи орталықтар – Баба ата рухани сарай кешені, Көне Сауран және Отырар қалашықтары ескерткіштерінің, Ақкесене бекінісінің, «Есік» мемлекеттік қорық-музейінің құрылысы, Тамғалы тас пен Тамғалы петроглифтерін сақтап қалу шаралары жүзеге асты.

«Мәдени мұра» бағдарламасы 2009–2011 жылдары стратегиялық Ұлттық жоба дәрежесіне көтерілді.

Халықаралық деңгейдегі нысандардың ішінен Дамаск қаласындағы Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен мектебі 2010 жылдың соңында толық қайта қалпына келтірілді. Ал Әбу Насыр әл-Фарабидің басына тұрғызылған кесене мен этноорталықтың құрылысы 2011 жылы

аяқталып, мұнда бабамыздың өмірі мен шығармашылығын және Қазақстан тарихын баяндайтын, тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңді дәріптейтін музей экспозициясы орналасты.

Қ.Тұяқбаев. «Мәдениет» журналынан

«Ә» мәтіні

7-бап. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, сақтау және пайдалану жөніндегі құзіреті

Қазақстан Республикасы тиісті мемлекеттік органдардың атынан тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғауды, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз етеді.

Халықаралық шарттарға сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын, бірақ басқа мемлекеттердің аумақтарында орналасқан;

2) басқа мемлекеттердің меншігі болып табылатын, бірақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан;

3) басқа мемлекеттердің меншігі болып табылатын, солардың аумақтарында орналасқан, бірақ тарихи тұрғыдан Қазақстан Республикасымен байланысты тарихи және мәдени ескерткіштер де қорғалуға, сақталуға және пайдаланылуға жатады.

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі N 1488-XII Заңы



А Мәтіндерге тезистік жоспар құрыңдар.



Ә Мәтіндерде берілген ақпаратқа сүйене отырып, «Мәдени мұра» бағдарламасының басты бағыттары» тақырыбында топтық таныстырылым жасаңдар.



Б Әртүрлі көркемдегіш құралдарды ұтымды пайдаланып, «Мәдени мұра бағдарламасы – менің қаламда» атты шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсыныңдар. Бір-біріңді бағалап, ең үздік жұмысты анықтаңдар.

Грамматикалық материал

Ой айқындылығы

Ойдың айқындылығы сөз қолданыстағы айқындылықпен тығыз байланысты. Сөз қолданыстағы айқындылық сөйлеушінің тақырыпты қаншалықты меңгергендігімен, ойлау жүйесінің тереңдігімен, қазақ әдеби тілінің байлығы мен нормасын жетік білуімен өлшенеді. Сөз мағыналарын жақсы білген адам сөзді орнымен жұмсай алады. Көпшілік алдында сөйлейтін шешеннің сөздері сымға тізілген маржандай таңдамалы, талғаулы, сөйлемдері мағыналы болуы керек. Айқын ойлап, дәл айту үшін сол айтылуға тиісті зат пен оның санамыздағы көрінісі – сөздің арасындағы байланысты, қатынасты жақсы білуіміз керек. Ой айқындылығы, мағына дәлдігі логикалық дәлдікпен ұштасады.



2-тапсырма. Ой айқындылығына ғылыми тілде анықтама беріңдер.



А Тіл мен ойлаудың бір-бірімен байланысы туралы не айтар едіңдер?



Ә Көпшілік алдында сөйлеуде ойдың айқын болуы үшін не қажет? Тізімді жалғастырыңдар.

• Сөйлейтін тақырыпты жетік білу.

-
-



Есте сақта!

Ауызша мәтін	Жазбаша мәтін
<ul style="list-style-type: none"> • Акустикалық тұрғыда жүзеге асырылады. • Тілдік және тілдік емес (бейвербалды) амалдар арқылы жүзеге асырылады. • Ауызша мәтінге қатысушылардың бір-бірімен жеке түрде сөйлесе алу мүмкіндігі болады. • Белгілі бір уақыт аралығында айтылады. • Ауызша мәтін үнемі екі адамның немесе екі жақтың (сөйлеуші мен тыңдаушы) бетпестік, кезек-кезек алмасып отыруы, жанды байланыс арқылы жүзеге асырылады. • Ауызша мәтінге динамикалық (қозғалмалы) сипат тән. 	<ul style="list-style-type: none"> • Визуалды түрде жүзеге асырылады. • Қалыпқа түскен сөйлеу нормалары қолданылады. • Қарым-қатынасқа түсушілердің арасында жекелеген байланыс болмайды. • Жазбаша мәтін әр кезеңде, түрлі кеңістік пен уақыт аралығында жүзеге асырыла береді. • Мәтін авторы мен оқушы арасында жанды байланыс жоқ. • Жазбаша мәтінге статикалық (тұрақты) сипат тән.



3-тапсырма. Ауызша және жазбаша мәтіндердің ортақ белгілерін табыңдар.



А Ауызша және жазбаша мәтіндердің тілдік ерекшеліктеріне мысал келтіріңдер.



Ә Мәтіннің динамикалық және статикалық сипаты дегенді қалай түсінесіңдер?

6.3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ



Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласынан үзінді тыңдап, тарихи-мәдени мұрамызды қорғау мен сақтаудың маңыздылығы туралы өз ойларыңды ортаға салыңдар (15-аудио).



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тыңдалым және оқылым мәтіндерінің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшеліктерін салыстыра талдаңдар.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – Түркістан қаласында орналасқан ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. 1396–1399 жылдары Өмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Ясауи қабірінің басына тұрғызылған.

Көптеген жазба деректерге қарағанда, болашақ құрылыстың жобасын жасауға Әмір Темір тікелей өзі қатысып, негізгі өлшемдерді анықтаған көрінеді. Кесене – үлкен порталды-күмбезді мемориалдық құрылыс¹. Жергілікті архитектуралық дәстүрді жете меңгерген парсылық шеберлердің жобасы құрылысқа негіз етіп алынған. Кесене оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Ені – 46,5 м, ұзындығы – 65 м. Күйдірілген шаршы кірпіштен өрілген кесене жобасының ерекшелігі – онда Орталық Азия сәулет өнерінде бұрынсоңды ұшыраспаған шатыр жабу тәсілдері қолданылған. Ескерткіште күмбезді, аркалы элементтер мол.

Айша бибі кесенесі – XII ғасырда салынған сәулет өнері ескерткіші. Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Айша бибі ауылында орналасқан. Айша бибі – тарихтан белгілі Қараханның әйелі. Күмбезді Қарахан салдырған, бірақ кесенені салған сәулетші туралы нақты дерек жоқ.

Пішіні шаршыланып біткен, ауданы – 7,6 x 7,6 м, бұрыштар бағанатіреулер арқылы көтерілген. Кесене ортасына құлпытас² орнатылған. Батыс жақ қабырға мен бағаналар оюлы ұсақ плиткалармен қапталған. Қабырғаның ортасына сүйір аркалы текше жасалып, кесене қабырғаларының сыртқы беті оймыш ұсақ плиталар арқылы безендірілген. Ұсақ плиталардың шырмауық өрнегіне 60 түрлі өшекей қолданылған. Қашаумен үңгіп жасалған бұл оюлар бір-бірімен қиюласып, кесененің мақсатына лайық сәулеттік сипат, композициялық шешім тапқан. Кесене құрылысынан Темір дәуіріндегі сәулет өнерінде үлкен орын алған порталды-тақталы дәстүр айқын аңғарылады. Айша бибі кесенесі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған.

Арыстан баб кесенесі – көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Бұл кесене XI ғасырда өмір сүрген діни көрпкел Арыстан баб мазарының үстіне салынған. Арыстан баб Түркістан халқының арасында мұсылман дінін таратушы Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы болған.

Кесенедің дәлізхана, мешіт, құжыраhana, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмелер бар. Кесененің ең көне бөлігі қабірхана болуы тиіс. Қазір де оның едені басқа бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Қабір үстіне алғашқы белгі XII ғасыр шамасында салынған. Мазар XIV ғасырда қайта жөнделген. Дәліз-қақпа маңдайшасына мәрмәр тақта қаланып, бетіне һижра³ бойынша 1327 жыл, яғни соңғы құрылыс жүрген уақыт көрсетілген.

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясынан

¹ *Мемориал құрылыстар* – белгілі бір халықтың, қалалардың тарихы мен жетекшілерінің еңбегін есте қалдыруға арналып салынған архитектуралық-мүсінді ескерткіштер ансамблі.

² *Құлпытас* – қабір басына орнатылған ескерткіш тас.

³ *Һижра* – ислам дінін ұстайтын мұсылман елдердегі жыл санау жүйесінің басталатын күні.



А Мәтінде келтірілген ғылым саласына тән терминдерді қолданып, тезис жазыңдар.



Ә Мәтінде кездесетін кірме сөздердің қай тілдік қабатқа жататынын (араб-парсы, орыс) анықтап, екі бағанға бөліп жазыңдар.



Б *Дәлізхана, құжыраhana, қабірхана* сөздерінің құрамына назар аударып, осы үлгіде жасалған сөздер қатарын толықтырыңдар. *-hana* қосымшасының жаңа сөз жасаудағы рөлі туралы айтыңдар.

Грамматикалық материал

Сөз дәлдігі

Сөз қолдану мәдениетінің маңызды өлшемдерінің бірі – сөз дәлдігі. Сөз дәлдігі айтайын деген ойды нақты білдіретін, дөп басып жеткізетін сөздерді қолданумен өлшенеді. Сөздің дәлдігі көбінесе көпмағыналы сөздерді, омонимдерді, синонимдерді, антонимдерді дұрыс пайдаланбаумен бұзылады. Айталық, белгілі бір синонимдік қатарға жататын сөздердің әрқайсысының стильдік реңкі әртүрлі болады. Мысалы: *шет, жиек, жаға* (өзеннің) сөздері бір-біріне синонимдер. *Көлдің жағасы, теңіздің шеті, көлдің жиегі* т.б. үнемі біріне-бірі синоним болып келе бермейді. Мәселен, Алматының жағасы демейміз, өзеннің жағасы дейміз және т.б.



2-тапсырма. Сөз дәлдігінің бұзылуына әкелетін стилистикалық және стилистикалық емес (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) қателерге мысалдар келтіріңдер.



А Сөйлемдерден қате қолданыстарды тауып, олардың себебін түсіндіріңдер.

Үлгі. Мүіізден зерделенген сандықтың құрсау қаңылтырлары ғана жатыр. Бұл сөйлемде дыбысталуы ұқсас, бірақ мағынасы әр басқа сөздерді (паронимдерді) дұрыс қолданбаудың салдарынан сөз дәлдігі бұзылған. Дұрысы – *зерленген*.

1. Бұл ауылда мен келген кезде қой басын өркендетуге мән берілмей келеді екен.

2. Осы жерден басталып екеуміздің таныстығымыз басталды.

3. – Тәуелсіздігіміздің бастапқы жылдары ғой, – дейді ол, – іргелі мекемелердің өздері сең соққан қайықтай күй кешіп жатқан.

4. Былтырдан бері жүргізіліп жатқан іс-шаралар тамаша нәтижесін беріп келеді.



Ә Үш топқа бөлініп, *сөз дәлдігі, сөз байлығы, сөз тазалығы* деген ұғымдарға анықтама беріңдер. Олардың өзара байланысын анықтаңдар.



Б Белгілі ғалым Нұргелді Уәлиевтің «Сөз мәдениеті» атты еңбегін тауып оқып, сөз дәлдігіне қатысты тұжырымдарын талдаңдар.



Есте сақта!

Мәтін типологиясы

Стиль түрлеріне қарай	ғылыми, публицистикалық, іскери, көркем мәтін
Ақпаратты тасымалдау түрі бойынша	ауызша, жазбаша, электронды т.б.
Көлеміне қарай	макромәтін, микромәтін, күрделі синтаксистік тұтастық т.б.
Қарым-қатынас тақырыбы мен сөйлеу тәсіліне қарай	гуманитарлық, тарихи, танымдық т.б.
Берілу тәсіліне қарай	диалог, монолог, полилог
Функционалдық-мағыналық сипатына қарай	суреттеу, әңгімелеу, пайымдау



3-тапсырма. Оқылым мәтінінің (1-тапсырма) типологиясын анықтаңдар.



А Ғылыми, көсемсөз, іскери және көркем мәтіндерге тән лексикалық, грамматикалық белгілерді санап көрсетіңдер.



4-тапсырма. Әртүрлі ақпарат көздерінен гуманитарлық, тарихи, танымдық тақырыпта мәтін тауып жазыңдар.



А Мәтінді берілу тәсілдеріне қарай бөліп, әр түріне анықтама беріңдер.

6.4. ҚАЗАҚТЫҢ ЕРТЕДЕГІ ҚАРУ-ЖАРАҚТАРЫ



«Галереяға шолу» әдісімен суреттерді таныстырыңдар.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, аталған қаруларға бір-бір сөйлеммен жинақы анықтама беріңдер.

Ұлтымыздың материалдық мәдениетін танытатын қару-жарақ атаулары көне түркі қабатынан бастау алып, сөздік қорымыздың құнарлы қабатын құрайды. XV–XVIII ғасырлардағы тарихи өлең-

жырлар мен көркем шығармаларда, батырлық эпостарда жауынгерлік сипаттағы тақырып басым болғандықтан, оларда қару-жарақ атауларын білдіретін сөздер мен оралымдар молынан кездеседі. Алайда қару-жарақ атауларын осы күнгі тілдік норма тұрғысынан қарағанда мағынасы көмескіленіп, кейбір фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер құрамында ғана сақталып, тілдік қолданыстан шыға бастаған көнерген сөздер қатарынан жиі ұшыратамыз.

Айбалта – темірден жасалған, ұзын сабы бар, өткір, жартылай айға ұқсас соғыс қаруы. Бұл құрал сыртқы тұлғасы мен пішініне байланысты ай сияқты иіліп келгендіктен, көне түркілік дүниетаным бойынша осылай аталса керек.

Сүңгі – сабы ұзын, ұшы темірден жасалған, дұшпанын түйреу үшін қолданылатын соғыс қаруы. *Сүңгі* сөзі – көне түркі жазба ескерткіштер тілінде дыбыстық құрылымы жағынан *сүңгу* түрінде қолданылып, «түйрейтін қару» мәнінде актив жұмсалған лексема.

Құлдыр мамы – қорғасын оқпен атылатын, тегіс стволды, сүйеп қойып ататын мосысы бар, 500 қадам жердегі нысанаға дарытатын білтелі мылтық. Бұл қарудың уәждемесі тарихта болған тұлға Мамай қолбасшының есімімен байланысты аталған болуы керек деген тарихи мәліметтер кездеседі.

Жезайыр. Ертедегі шойыннан құйылған, білтемемен атылатын, оқпанын сүйеп қойып ататын бір мосысы бар, үлкен, алысқа ататын көне мылтықтың бір түрі «жезайыр» деп аталады. *Жезайыр* – араб тілінен енген кірме сөз. Бұл сөз араб жауынгерлерінің шапқыншылығына байланысты қазақ, қырғыз, өзбек тілдеріне ерте кезде ауысқан. Арабтың *жазайыл* сөзі қазақ тілінің дыбыстық заңдарына бойсұнып, *жезайыр* түрінде қалыптасқан.

Қозыжауырын – төрт қырлы, темір масақты, тұлғасы қозының жауырынына ұқсас етіп жасалған, масағының ұшы қысқа, бірақ үшкір келген жауынгер оқтың бір түрі. *Қозыжауырын* оқтың басқа оқтардан айырмасы жауын жаралап, аттан құлату үшін пайдаланылған.

К.Күркебаев. «Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасы» кітабынан



А Ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды қолданып, мәтінге аннотация жазыңдар.



Ә Батырлар жырынан және басқа да көркем шығармалардан қару-жарақ атауларын тауып, шағын сөздік құрастырыңдар.



Б Мәтіннен біріккен сөздерді тауып, морфологиялық құрамына талдау жасаңдар.

Грамматикалық материал

Пікірталас мәдениетіндегі сөз қолданыстар

Пікірталас – түрлі көзқарас, ой-пікірлерді салыстыра отырып, өз көзқарасын дәлелдеу. Пікірталас кезінде төменде берілгендерді ескеру керек.

- Пікірталастың тақырыбына қатысты ұғымдарды анықтап алып, қажетті сөздер мен терминдерді дәл тауып қолдану қажет.
- Қолданылған сөздер пікірталасқа түскендердің бәріне бірдей түсінікті болуы керек.
- Пікірталас мәдениетінде қарсыласыңды құрметтеу, пікірін сыйлау, оны сабырлықпен тыңдай білу керек. Оның дәлеліне нанымды дәлелдермен тойтарыс беруге болады. Бірақ дөрекі сөздермен, мазақ күлкімен жәбірлеуге, дауыс көтеріп ұрсуға мүлдем болмайды.
- Пікірталастағы сөздің қарсыласқа әсер ету мүмкіндігі аса күшті болуы керек. Сондықтан неғұрлым айқын, неғұрлым нақты сөйлеуге тырысқан жөн.

Пікірталаста ойды анық жеткізудің басты тәсілі – сөздің грамматикалық құрылысын меңгеру, грамматиканың заңдылықтарын игеру, сөйлемді мақсатына сай құра білу.



2-тапсырма. Өздерің баспасөз, ақпарат құралдарынан көріп жүрген пікірталас түрлерін атаңдар. Олардың ішінде идеясы мен көтерген тақырыбы жағынан ең озығы қайсысы деп ойлайсыңдар?



A Сен қай топтасың? Пікірталас ұйымдастырыңдар.



Ә Мәтінді тыңдаңдар (16-аудио). Онда қандай тақырып көтерілген? Бұл диалогті пікірталас деуге бола ма? Ойларыңды дәлелдендер.



Б Тіл қолданыстарын, өз-өздерін ұстау мәдениеттерін ескере отырып, кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.



Есте сақта!

Белгілі бір нәрсенің, құбылыстың сын-сипатын, белгілерін егжей-тегжейлі суреттейтін мәтін түрін *сипаттау мәтіні* дейміз. Сипаттау мәтінінің басқа мәтіндерден айырмашылығы: етістіктері өткен немесе осы шақта қолданылады; сипаттама тілі (сын есімдер, үстеулер); көңіл күй етістіктері мен нақты зат есімдер қолданылады. Сипаттау үшін автор салыстыруды, сенсорлық елестетуді қолданады.



3-тапсырма. Суретте қандай қару бейнеленген? Қарудың сыртқы ерекшеліктерін сипаттап жазыңдар.



А Екі топқа бөлініп, ертедегі қазақ қаруларын атап жарысыңдар.



4-тапсырма. Қару-жарақ аттарын қатыстырып 3 сөйлем құраңдар. Сөйлемдеріңнен етістіктерді тауып, оларға морфологиялық талдау жасаңдар.



6.5. ҰЛТТЫҚ АСПАПТАР



Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңдаңдар (17-аудио). Қандай аспаптардың үнін естідіңдер? Күйден алған әсерлеріңмен бөлісіңдер.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, ондағы негізгі мәліметтерді талдаңдар.

Қазақтың саз аспаптары – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, көнеден келе жатқан мәдени мұралардың бірі. Ертеде саз аспаптарды ағаштан, түрлі өсімдіктерден, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізінен, қылынан және басқа да түрлі заттардан жасаған.

Домбыра – қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады.

Шерттер – екі немесе үш ішекті, шертіп ойнайтын аспап. Шерттердің шанағы терімен қапталады. Оны көбінесе мал бағатын бақташылар тартатын болған.

Асатаяқ – сілкі арқылы үн шығаратын көне музыкалық аспап. Ұзындығы – 110–130 см. Тұтас ағаштан арнайы қалыпта жасалады. Басы күрек тектес. Бас жағына түрлі темір сақиналардан сылдырмақтар тағылып, өрнектермен әшекейленеді. Асатаяқ өзіндік үнімен ерекшеленеді. Аспапты ырғап, шайқап ойнайды. Асатаяқ аспабын ертеде көбінесе бақсылар қолданған.

Дауылпаз бұрынғы кезде, жаугершілікте дабыл қағып, белгі беру үшін пайдаланылған. Аспаптың жасалу құрылысы анағұрлым күрделі. Ол тұтас ағаштан ойылып жасалады. Бет шанағы терімен қапталады. Иыққа асып алу үшін қайыстан арнайы аспалы бау бекітіледі. Дауылпаз ағаш тоқпақпен ұру арқылы дыбысталады. Қазіргі кезде дауылпаз аспабы көптеген фольклорлық ансамбльдерде кеңінен қолданылып жүр.

Жетіген – қазақ халқының өте ерте заманнан келе жатқан жеті ішекті шертпелі музыка аспабы. Аспап ағаштан құрастырылып жасалады. Көне жетігеннің ішегі аттың қылынан тағылып, тиектің орнына асықтар пайдаланылатын болған. Аспаптың құлақ күйі осы асықтарды өрлі-берлі жылжыту арқылы келтірілген. Ішек сандары жетеу болғандықтан, аспап жетіген аталған. Аспаптың үні өте нәзік, құлаққа жағымды келеді.

«Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығынан



А Мәтіндегі аспап атауларын қатыстырып сөйлем құраңдар. Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңдар.



Ә Мына аспаптардың анықтамасын өздерің тауып жазыңдар.

Қылқобыз

Саэсырнай

Тұяқтас

Дабыл

Даңғыра

Кешпік

Грамматикалық материал

Шешендік сөздердің мазмұнына қарай жіктелуі

Шешендік сөздердің идеясы мен мазмұнын арнайы зерттеген Г.З.Апресян төмендегідей классификация ұсынды:

- әлеуметтік-саяси мәнді шешендік сөздер;
- академиялық шешендік сөздер;
- сот ісінде қолданылатын шешендік сөздер;
- әлеуметтік тұрмыс-тіршілікте қолданылатын шешендік сөздер;
- дін қызметінде қолданылатын шешендік сөздер.

Қазақ тіл білімінің атасы, ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы *саясат шешендік сөз, билік шешендік сөз, білімдар шешендік сөз, қошемет шешендік сөз, уағыз шешендік сөз* деп бөліп, шешендік сөздердің тақырыптық-мазмұндық топтарына Г.З.Апресяннан жарты ғасыр бұрын анықтама берген екен.



2-тапсырма. Бес топқа бөлініп, шешендік сөздердің әр түріне анықтама беріңдер, мысал келтіріңдер.



А Екі ғалымның бөлінісін кестеге түсіріп, сәйкестендіріңдер.



Ә Шешендік сөздің мазмұндық топтарына арналған өзге жіктемелерді тауып, жоғарыдағы ғалымдардың классификациясымен салыстырыңдар.

**Есте сақта!**

Оқиғаны ретімен хабарлайтын, баяндайтын мәтін *әңгімелеу мәтіні* деп аталады. Ондағы сөйлемдер іс-қимылды білдіреді. Әңгімелеу мәтінінің ерекшелігі: 1) мәтін «не істейді? не істеді?» деген сұрақтарға жауап береді; 2) тірек сөздері етістіктерден болады; 3) сөйлемдер тізбектеле байланысады; 4) мәтін соңына қарай негізгі ой айтылады.



3-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың біреуін таңдап, әңгімелеу мәтінін жазыңдар.

Қазақтың киелі домбырасы

Ұлт аспаптар мұражайында



А Әңгімелеу мәтінін сипаттау мәтінімен салыстырыңдар.

Әңгімелеу мәтіні

Сипаттау мәтіні



Ә Кім жылдам?! Сұрақтарға жауап беріңдер.

Ең көп таралған аспап

Ең көне аспап

Ең көп ішекті аспап

Көбіне бақсылар қолданған аспап

Жаугершілікте қолданылған аспап

Бақташылардың аспабы

Қорқыт ата аспабы

қайсы?

6.6. «БАБАЛАР СӨЗІ» 100 ТОМДЫҒЫ

Фольклор дегеніміз не? Оған не жатады? Қазақ фольклорының жиналу, зерттелу, жариялануы жайында мәлімет келтіріңдер.





1-тапсырма. Мәтінді оқып, жанрлық ерекшеліктерін көрсетіңдер. Қай стильге жататынын нақты тілдік құралдар (терминдер, тілдік оралымдар) арқылы дәлелдеңдер.

2004–2013 жылдары М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары «Бабалар сөзі» 100 томдық сериясын жарыққа шығарды. Халық әдебиетінен текстологияның¹ теориялық негіздеріне сай фольклор үлгілерін қамтыған бұл көптомдық ғылыми басылым тек Қазақстан көлемінде ғана емес, халқымыздың шетелдердегі диаспораларының да рухани мұрасы болып табылады. Ғалымдар бұл басылымдарды баспаға дайындау барысында ел тәуелсіздігінің мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, еліміздің барлық қолжазба қорларындағы, сондай-ақ Түркияда, Ресейде, Моңғолияда, Қытайда, Өзбекстан мен Қырғызстанда, Тәжікстанда, Түркіменстанда, Иран және Еуропа елдерінде, әсіресе Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Орынбор, Қазан, Уфа т.б. қалаларында сақталған фольклорлық мұраларды молынан қамтып, текстологиялық тұрғыда жан-жақты саралап, ғылыми жүйеге түсірді. Мұның өзі Қазақстаннан сырт елдерді мекен еткен қазақ диаспорасының әдеби жәдігерлері мен тарихи Отанда сақталған рухани қазыналарды толықтыруға мүмкіндік берді.

Топтамаға 29 том дастан, 35 том батырлық және тарихи эпос, 11 том шағын жанр (мақал-мәтелдер, жұмбақтар, қара өлеңдер мен өн өлеңдер, өтірік-мысалдар), 16 том прозалық фольклор (мифтер, ертегілер, аңыздар, хикаяттар, ауызекі өңгімелер), 5 том ғұрыптық фольклор, 1 том балалар фольклоры енгізілген. Басылымның 12 томында Қытайдағы, 1 томында Моңғолиядағы қазақтардың фольклорлық мұралары қамтылды. «Бабалар сөзі» көптомдығы өзінің мазмұны мен тақырыбына орай халықтың тілі, салты мен тұрмысы, мәдениеті, этнопедагогикасы, философиясы, тарихы және этнографиясы бойынша маңызды дереккөз болып табылады.

Әрбір халық туындысы өз дәуірінің ескерткіші, бүтіндей алғанда, өзі перзент болып табылатын халықтың рухани мұрасы ретінде де құнды, яғни барлық жағынан алғанда да бұл мұралар ұлттық байлық болып есептеледі.

А.Смайыл



А Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Серия неге «Бабалар сөзі» деп аталған?
2. «Бабалар сөзі» топтамасының бұған дейін шығарылған жинақтардан ерекшелігі неде?
3. Аталған көптомдықтың көпшілікке қандай пайдасы бар?
4. «Бабалар сөзінің» әдебиеттану, тарих, этнография ғылымдарына қосқан үлесі қандай?

¹ *Текстология* (лат. *textus* – байланыс, байлау, кездеме, *logos* – сөз, ғылым) – әдебиеттанудың шығарма мәтінін қолжазбамен, түпнұсқамен салыстыра тексеретін саласы.



Ә Қазақстандық Ұлттық электронды кітапханадан (*kazneb.kz*) «Бабалар сөзі» сериясымен шыққан кітаптармен танысып, көптомдық туралы тезис жазыңдар.



Б Мәтінге сүйеніп, Елбасының сөзін тарқатып айтыңдар.

Тарихты танып, зерделеу керек, тарихты таразылау керек, сонда тағдырыңды, бүгінгі тұрпатыңды танысың, келешегіңді бағдарлайсың, алдағы жүрер жолыңның сілемін табасың.

Н.Ә.Назарбаев



В Осы сөйлемге синтаксистік талдау жасаңдар.

Грамматикалық материал

Шешендік сөздердің әсерлік сипатына қарай жіктелуі

Рационалды стиль – айтылмақ ойдың қатаң тәртіппен, байыпты талдаумен, «салқынқандылықпен» ұсынылуы. Бұл мәндерде айтылған сөздерде эмоционалды-экспрессивті элементтер өте сирек қолданылады.

Темпераменттік немесе *романтикалық бояулы стильде* аудиторияның сезіміне әсер ететін, белгілі бір ассоциациялар тудыратын көркемдеуіш-бейнелеуіш элементтер көбірек болады.

Орта немесе *синтетикалық стильде* ретіне қарай жоғарыдағы екі стильдің де элементтері қолданылады.



2-тапсырма. Ережедегі шешендік сөз түрлері қандай коммуникативтік жағдаяттарда көрініс табады? Мысалдармен дәлелдеңдер.



А Көпшілік алдында сөйлеуде эмоционалды-экспрессивті, бейнелі сөздерді орынсыз қолданудың салдары туралы айтыңдар.



Ә Үш топқа бөлініп, үш түрлі стильде «Бабалар сөзі» – ұлттық бренд» тақырыбына 10 минуттық шешендік сөз дайындаңдар.



Б Мәтінді тыңдаңдар (*18-аудио*). Елбасының сөз қолданыстарына мән бере отырып, сөйлеу стилін анықтаңдар. Оның сөзін әсерлі, ұтымды етіп тұрған не?



Есте сақта!

Оқиғаның себебі мен байланысын анықтайтын мәтін *пайымдау мәтіні* деп аталады.

1. Пайымдау мәтіні «Неліктен?» деген сұраққа жауап береді.


2. Бірінші сөйлемде негізгі ой айтылады. Ал қалған сөйлемдерде сол ой дәлелденеді.

Яғни мұнда автор оқиғаның неліктен солай болғандығын дәлелдейді.

3. Тірек сөздері – *өйткені, себебі, біріншіден, екіншіден* және т.б.



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сипаттау мәтінін құрып, оны пайымдау мәтініне айналдырыңдар.



А Қазақстандағы мәдени процестер туралы пайымдау эссесін жазыңдар. Эсседі қолданылған лексикалық, морфологиялық тілдік бірліктердің астын сызып, қандай қызмет атқарып тұрғанын түсіндіріңдер.

6.7. «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ»



«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының тарихи-мәдени маңызы туралы ой бөлісіп, сыни тұрғыда бағалаңдар.



1-тапсырма. Мәтіннен түсінгендеріңді өз сөздеріңмен баяндап, ой бөлісіңдер.

Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын өткеннен өнеге алып, тарихи сананы жаңғыртуға бағытталған терең толғам деп бағалауымыз керек. Мұнда Елбасы «Әлемнің жеті кереметі» іспетті Ұлы даланың ұрпақтары мақтаныш ете алатын жеті ерекше қырын қамтып отыр. Мұны жеті бөлікте қарастыруының өзі жеті атадан бастау алатын қазақ халқының этноерекшеліктерін көрсетсе керек.

Қазақтың дарқан даласын ежелден мекендеген бабаларымыз дүниежүзінің материалдық һәм рухани мұрасына өшпес із қалдырды. Оның негізгі түпқазығы көшпелі өркениет пен отырықшылық мәдениеттің тоғысында жасалды. Көшпелілер империясының әлем картасына елеулі өзгерістер енгізгені, материалдық мәдениет пен рухани мұралардың бай қазынасын қалдырғаны тарих беттерінде сайрап жатыр. Мемлекет басшысы өз мақаласында осы тарихымызға терең бойлап, түп тамырымызды халқымыздың рухани игілігіне айналдыру және мұны өзге мемлекеттерге таныстыру үшін бүгінгі өркениет жағдайында баршаға түсінікті өрі олардың сұранысына ие болуын қамтамасыз ету жолында жаңғыртуға қатысты маңызды жобаларды қолға алу қажеттігін айтып отыр.

Мақалада «Ұлы даланың жеті қыры: атқа міну мәдениеті, ежелгі металлургия, аң стилі, Алтын адам, түркі әлемінің бесігі, Ұлы Жібек жолы, Қазақстан – алма мен қызғалдақтың Отаны» деп нақтылап көрсетілуінде де үлкен мән бар. Мәселен, жылқы ұстау мен оны адам игілігіне пайдалану мәдениеті шеңберіндегі технологиялық жетістіктерді адамзат қоғамы мыңдаған жыл бойы қолданып келді, оны өртүрлі мазмұнда байыта білді. Ал түркілерде, соның ішінде қазақ халқында, фольклорлық мұралардың, сонымен қатар музыкалық

өнердің мол қазынасы сақталып, бүгінгі заманға жетті. Ұлы Жібек жолын бүгінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізі жалғап отыр.

Ендігі жерде Ұлы даланың көп ғасырлық рухани һәм материалдық мұраларын заманауи технологиялар мен жаңа қалыптасып жатқан цифрлы өркениеттің сұранымына сай қайта жаңғырту – бүгінгі ұрпақтың алдындағы үлкен міндет.

И.Құптықожаев. «Егемен Қазақстан» газетінен



А Мәтінге аннотация жазыңдар.



Ә Мәтіннің қандай үлгіде жазылғанын анықтаңдар (баяндау, суреттеу, пайымдау).



Б Мәтіннен публицистикалық стильге тән жанрлық және тілдік ерекшеліктерді тауып, талдаңдар.



В Мәтіннің алғашқы абзацына синтаксистік талдау жасаңдар.



2-тапсырма. Елбасы мақаласындағы 7 бөлімнің біреуін таңдап алып, жан-жақты зерттеп, топтық таныстырылым жасаңдар.



3-тапсырма. Дөңгелек үстел ұйымдастырып, Елбасының екі мақаласын салыстырыңдар.

«Рухани жаңғыру:
болашаққа бағдар»

«Ұлы даланың
жеті қыры»



4-тапсырма. «Блиц турнир» ойыны. Сұрақтарға жылдам жауап беріп жарысыңдар.

1. Дөңгелек үстелдің мақсаты не?
2. Ой айқындылығы дегеніміз не?
3. Шешендік сөздегі сөз дәлдігіне мысал келтір.
4. Пікірталас мәдениетінің талаптарын ата.
5. Шешендік сөздерді тақырыптық-мазмұндық топтарға бөлген ғалымдарды ата.
6. Шешендік сөздер әсерлілік сипатына қарай қалай жіктеледі?
7. Мәтінге тән белгілерді ата.
8. Мәтіннің модальділігі деген не?
9. Ауызша және жазбаша мәтіндерге тән белгілерді ата.
10. Мәтіннің түрлері мен типтерін ата.
11. Суреттеу мәтіні деген не? Мысал келтір.
12. Өңгімелеу мәтініне тән тілдік бірліктерді көрсет.
13. Пайымдау мәтіні деген не?

Өзіңді тексер!

1. Мәтін деген не?
 - а) Біршама тиянақты ойды білдіретін тілдік бірлік;
 - ә) тілімізде қалыптасқан нормалар жиынтығы;
 - б) өзара байланыста айтылатын (жазылатын) екі не одан да көп сөйлемдер жиынтығы;
 - в) күнделікті қарым-қатынаста пайдаланылатын әдеби тілдің бір түрі.
2. Ауызша мәтінге төн белгілер қандай?
 - а) Акустикалық тұрғыда жүзеге асырылады; динамикалық сипатта болады;
 - ә) қалыпқа түскен сөйлеу нормалары қолданылады; статикалық сипатта болады;
 - б) бейвербалды амалдар қатыса алмайды; визуалды түрде жүзеге асырылады;
 - в) айтушы мен тыңдаушы арасында жанды байланыс жоқ; динамикалық сипатта жүзеге асады.
3. ... айтайын деген ойды нақты білдіретін, дөп басып жеткізетін сөздерді қолданумен өлшенеді.
 - а) Ой айқындылығы;
 - ә) сөз дәлдігі;
 - б) сөз байлығы;
 - в) сөз тазалығы.
4. Мәтін ақпаратты тасымалдау түріне қарай ..., ..., ... болып бөлінеді.
 - а) Суреттеу, әңгімелеу, пайымдау;
 - ә) гуманитарлық, тарихи, танымдық;
 - б) макроәтін, микроәтін;
 - в) ауызша, жазбаша, электронды.
5. *Төрешілер сұрақты қардай жаудырды.* Сөйлемнен қате қолданылған сөзді тап.
 - а) Төрешілер; ә) сұрақты; б) қардай; в) жаудырды.
6. Шешендік сөзді мазмұндық-тақырыптық топтарға бөлген ғалымдар кімдер?
 - а) Р.Сыздықова, М.Балақаев;
 - ә) З.Қабдолов, М.Әуезов;
 - б) А.Байтұрсынұлы, Г.З.Апресян;
 - в) Н.Уәлиев, Р.Сыздықова.
7. Шешендік сөздерді *саясат шешендік, билік шешендік, білімдар шешендік, уағыз шешендік* деп бөлген ғалым кім?
 - а) Г.З.Апресян;
 - ә) А.Байтұрсынұлы;

- б) З.Қабдолов;
- в) М.Әуезов.

8. Өңгімелеу мәтіні деген не?

- а) Құбылыстың сын-сипатын, белгілерін егжей-тегжейлі суреттейтін мәтін түрі;
- ә) бір нәрсе туралы неліктен солай айтылғанын дәлелдейді;
- б) оқиғаның себебі мен байланысын анықтайтын мәтін;
- в) оқиғаны ретімен хабарлайтын, баяндайтын мәтін түрі.

9. *Жошы хан құмбезінің жобасы тік бұрышты. Көзге айрықша түсетін нәрсе – салтанатты порталы. Оның маңдай алдын сүйір арка түрінде шығарып, екі жақ босағасын үстіңгі салмақты еркін көтеріп тұру үшін мейлінше берік етіп тұрғызған. Портал жақтауларын өрнекті кірпішпен безендіріп, киіз үйдің басқырына ұқсатқан. Мәтіннің қай түріне жатады?*

- а) Сипаттау мәтіні; ө) өңгімелеу мәтіні;
- б) пайымдау мәтіні; в) баяндау мәтіні.

10. Шешендік сөзде эмоционалды-экспрессивті элементтер өте сирек қолданылатын стиль түрі қандай?

- а) Рационалды; ө) синтетикалық;
- б) орта; в) темпераменттік.



Ғалым болам десеңіз...

1. Н.Уәлиев. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984.
2. Г.Смағұлова, К.Күркебаев, Ә.Жұмағұлова. Шешендік сөздердің дискурсы. Алматы: Арыс, 2008.
3. Г.Смағұлова. Көркем мәтін лингвистикасы. Алматы: Қазақ университеті, 2007.

МӘТІН

Бұл бөлімде сендер:

- табиғат және экология туралы мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдайсыңдар;
- сыни пікірдің мақсатын, негізгі түрлерін, сыншының деңгейін анықтауды үйренесіңдер;
- шешендік сөздің көркемдік және лексика-грамматикалық белгілерін үйренесіңдер;
- мәтіннің құрылымдық бөліктерін (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) анықтауға арналған тапсырмаларды орындап, мәтін тудыру (эссе жазу) дағдыларын жетілдіресіңдер.

7.1. ТАБИҒАТҚА НЕ ЖАТАДЫ?

Төмендегі кластерді толтырыңдар.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, табиғат туралы ойларыңды ортаға салыңдар.

Табиғат – бізді қоршаған орта. Оны адам жасаған жоқ. Ол адамның пайда болуынан әлдеқайда ерте жаратылған. Ауа мен су, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, топырақ – табиғатты құраушы басты элементтер. Бұл элементтердің қай-қайсысы болсын табиғатта маңызды рөл атқарады. Оның бірінің бұзылуы басқаларына сөзсіз зиянын келтіреді.

Адам баласы тіршілік етуінің алғашқы күнінен бастап-ақ өзіне қажеттінің бәрін қоршаған орта – табиғаттан алып келеді. Бертін келе адамдар табиғат байлығын топтасып, қоғамдасқан түрде игере бастады. Олар пайдалы қазбаларды өндіріп, жер өңдеді, жануарларды қолға үйретіп, өсімдіктердің көптеген түрлерін пайдалана білді.

Алайда адамның табиғатты өзгерту әрекеті оған өзінің кері әсерін тигізбей қоймады. Бірте-бірте табиғаттың сыйын тек алып отырудың зардаптары біліне бастады. Ұзақ жылдар бойы жерді пайдалана беру оның құнарлылығын кемітті. Ағаштар кесіліп, ормандар сирей бастады. Аңдардың, балықтардың кейбір түрлері азайды, тіпті өзен, көл сулары да бара-бара жарамсыз болып қалатын жағдайға жетті.

Біздің ғасыр – ғылыми-техникалық прогрестің барынша дамып, өркендеген ғасыры. Мұнда қоғамның қоршаған ортаға ықпалы орасан зор. Қазір «табиғаттың байлығы шексіз, оны бағындыру керек» деген ұғым оның байлығын ұқыптылықпен, тиімділікпен пайдалану керек деген принципке қарай бет бұрған. Мұндай ізгі қорытынды қоғамның табиғатқа тигізген кейбір ықпалының орны толмас зардаптарының нәтижесінде өмірге келді. Қоғам және адам келешекке ой тастады, келешек ұрпақтың да тіршілік бесігі – табиғат байлығын пайдаланып, игілігін көруіне қамқорлығын көрсетуде.

Қ.Құрманов. «Табиғатқа саяхат» кітабынан



А Мәтін мазмұны бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.



Ә Қарамен берілген сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар.



Б Мәтіннің стилін анықтап, сол стильге тән тілдік белгілерді айқындап көрсетіңдер.

Грамматикалық материал

Айтыс

Пікірталас түрлерінің ішінде қазақ ұғымына жақыны әрі халқымыздың өмірінде өзіндік дәстүрі қалыптасқан айтыстың орны бөлек. Пікірталасқа тән жалпы заңдылықтар айтыстың бойында да сақталады. Мысалы, айтысушылардың өзіндік ой, көзқарастарын қорғауы, қарсыласын сынауы, сөз орамдарын қорғану құралы ретінде тиімді пайдалануы, ұтқыр ой мен өткір тілді қолдану шеберлігіне ұмтылысы т.б. айтыскер үшін де маңызды. Айтыскерлер – тыңдаушылардың, қалың қауымның көкейіндегі ойды жеткізуші ел өкілдері. Олар қоғамда қалыптасқан пікірлерді ашық айтады. Жалған сөз, артық мақтан айтыскерді орға жықса, батылдық, өр мінез, әдемі әдеп оның беделін биіктетіп, кең танылуына ықпал етеді.



2-тапсырма. Берілген айтыс үзіндісін рөлге бөліп оқыңдар.

Серікзат пен Иран-Ғайыптың айтысы

Серікзат:

Ассалаумағалайкүм, Сырдағы елім,
Қашаннан тектіліктің құндағы едің.
Қобыздың арғы атасы Қорқытпенен,
Жыр сауған жыраулардың жұрнағы едің.

Нұртуған, Тұрмағанбет, Балқы Базар,
 Бабалардың толғауын тыңдап едім.
 Нартай мен Манап сынды марқасқаның
 Өлеңімен өзімді шыңдап едім...
 ...Сен сары болған кезде мен қарамын,
 Айтыста сен – жас жігіт, мен – қария.
 Мен Семей болған кезде сен Ақмешіт,
 Мен қара Ертіс болғанда сен дария...

Иран-Ғайып:

Сыр елі, жыр елінде ғұмыр кешкен,
 Ағайын, армысыздар күлімдескен.
 Жүрсіннің жүйріктері келді ауылға,
 Тұлпардай тұяғынан дүбір көшкен.
 Солардың бірі болып мен де келдім,
 Қырықтың бірін қазақ қыдыр дескен.

Серікзат:

Төбеңнен у төгіліп төтен кеше,
 Мына жұрт қиналды ғой бекер неше.
 Ашынып қалай оны біз айтпаймыз,
 Зардабы сол гептилдің өтелмесе.
 Басыңнан талай зұлмат өткен жоқ па,
 Бабалар сол үшін қан төккен жоқ па?
 Қу гептильден қырылып киіктерің,
 Айтақырға атаның шөккен жоқ па?

Иран-Ғайып:

Ол рас, уға толы үй іргеміз,
 Сөзіме дәйек болар кейбір негіз.
 Байқоңырға жайылған гептилді ойлап,
 Қайғыдан қан жұтамыз кей күнде біз.
 Себебі қаншама адам жапа шекті,
 Бұны да қарсы қылған қимыл деңіз...

«Қазақ өнерінің антологиясы» кітабынан. VI том



А Берілген айтысты мына белгілері бойынша талдаңдар.

Айтыстың түрі	
Көтерілген мәселе	
Айтыскерлердің позициясы	
Айтыскерлердің қолданған тәсілдері	



Ә Екі-екіден жұптасып, «Таза болса табиғат...» тақырыбына сынып ішінде ақындар айтысын ұйымдастырыңдар.



Б «Айтыс – қазақ сөз өнерінің үздік үлгісі» деген тақырыпта ой бөлісіңдер.



Есте сақта!

Азатжол мәтіннің мағына жағынан бірыңғай тиянақты бөліктерін бір-бірінен ажыратып, жаңа ойды білдіреді. Жазудан оңға қарай сәл шегініс жасалып, жаңа жолдан басталып жазылады.



3-тапсырма. Әртүрлі көркемдегіш құралдарды қолдана отырып, «Табиғат – біздің анамыз» тақырыбына мәтін құрастырыңдар.



А Мәтіннің түрлері мен типтерін еске түсіріп, санамалап айтып беріңдер.




Ә Табиғат көріністерін сипаттаған мәтінді тыңдап (19-аудио), оны пайымдау мәтініне айналдырыңдар.

7.2. ТІРІ ТАБИҒАТ ЖӘНЕ ӨЛІ ТАБИҒАТ



Екі топқа бөлініп, тірі және өлі табиғаттың өзіндік ерекшеліктері мен ұқсас тұстарын диаграммаға толтырыңдар.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, онда көтерілген мәселеге қатысты қосымша деректер келтіріңдер.

Күнделікті өмірде, тұрмыста біз «тірі» мен «өліні» біршама оңай ажыратамыз және мынау «тірі зат», ал мынау «өлі зат» деп атай аламыз. Бірақ ғылыми тұрғыдан «Тіршілік дегеніміз не?», «Тірі дегеніміз не?» деген сұраққа жауап табу қиын мәселе. Содан болар, осы күнге дейін бұл сұраққа қанағаттанарлық анықтама жоқ. Әр ғылым саласының маманы (биология, химия, физика, математика т.б.) өзі айналысып жүрген сала тұрғысынан «дұрыс» анықтама береді. Бірақ барлық салаларды қанағаттандырарлықтай анықтама тұжырымдалған жоқ.

Тірі мен өлінің арасында ұқсастықтар, ортақ белгілер мен ортақ қасиеттер тым көп. Айталық, тірі организмдер де, өлі денелер де атомдар мен молекулалардан құралады. Олардың негізін бірдей химиялық элементтер құрайды, олардың қызметі де физика мен химияның заңдарына бағынады. Бірақ тек тірі затқа ғана төн белгілер бар, оларды өлі денелерден таба алмаймыз.

Тірі табиғатқа төмендегідей белгілер төн.

1. Тірі табиғат өкілдері қоршаған ортамен энергия, зат және ақпарат алмасады.

2. Тірі зат сыртқы тітіркендіргіштердің әсеріне жауап қайтара алады. Оған белсенділік және қоршаған ортамен әсерлесе отырып қозғалу төн.

3. Тірі затқа іштей ұйымдастырылғандық, үздіксіз даму, өзгеру, күрделену төн.

4. Тірі организм өздігінен реттеліп қана қоймай, өзін-өзі сақтауға, өз тіршілігінің орнықтылығын қамтамасыз етуге де қабілетті.

5. Тірі организмдер көбею арқылы өзін-өзі жаңғыртып отырады. Мұндай өзін-өзі жаңғырту көптеп еселеніп, артығымен іске асырылады.

6. Тірі табиғат өкілдеріне тұқымқуалаушылық төн.

7. Тірі материяның ең жоғарғы формаларына сананың болуы төн, бұл оның өзін-өзі зерттеп, саралап, түсінуіне мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылған тірі табиғатқа төн қасиеттердің кейбіреулері жансыз табиғатта да кездесуі ықтимал. Бірақ сол қасиеттер тұтасымен тек тірі затқа ғана төн, тірі табиғатты өлден ажыратып тұрған да осылар.

Қ.Жәшікбаев. «Қазіргі жаратылыстану концепциялары» оқулығынан



А Берілген мәтін стильдің қай түріне жататынын нақты тілдік бірліктер арқылы дәлелдендер.



Ә Мәтіннен термин сөздерді тауып, олардың ғылыми анықтамасын жазыңдар.



Б Төмендегі құрылым бойынша тірі табиғат дүниесі туралы тезис жазыңдар.



Грамматикалық материал

Сыни пікір

Сыни пікір (рецензия), әдетте, жарыққа шығатын еңбектің кемшіліктерін болдырмау мақсатында кемшін, жетімсіз, қате пікір айтылған тұстары көрсетіле жазылады. Егер сыни пікір ғылыми еңбекке жазылса зерттеу нысанының дәлдігі, зерттеу әдісі, фактілердің топтастырылуы, статистикалық мәліметтердің дәлдігі мен сәйкестілігі, зерттеу нәтижелерінің маңыздылығы баса көрсетіледі.

Сыни пікірдің мақсаты – белгілі бір көркем немесе ғылыми шығарма, қоғамдық-саяси немесе техникалық әдебиет, театр қойылымы, кинофильм, теледидар бағдарламалары, өнер көрмесі, музыкалық концерт және тұрмыстық жағдай түрлерін сынап, баға беру.

Ол мына жоспарға сай еркін түрде құрастырылады.

1. Сын объектісі:
 - а) еңбектің (шығарманың, кітаптың т.б.) аты, автордың аты-жөні;
 - ә) еңбек жарық көрген қала, баспа, жыл (уақыт).
2. Автор көтеріп отырған тақырып, мәселе негізінің қысқаша баяндалуы.
3. Жағымды жақтары (жаңалығы, өзектілігі, автордың мәселені шешудегі өзіндік қолтаңбасы).
4. Даулы тұстары (күмән туғызатын мәліметтер, қағидалар).
5. Сыни пікір иесінің мәселені шешудегі өзіндік ұсыныстары, ескертпелері.
6. Қорытынды, бағалау, ұсыныстар.

Қазақ тілі: ғылыми стильді оқыту



2-тапсырма. Төмендегі сыни пікірді оқып, жазылу стиліне назар аударыңдар. Сыни пікір мәтіні қандай үлгіде жазылған (суреттеу, әңгімелеу, пайымдау)?

«Ұстаздар мен тұтастар» туралы сыр

Айтулы азамат ағамыз, халықтың қалаулы жазушысы Әбу Сәрсенбаев – туған әдебиетімізде елу жылдан астам жемісті еңбек етіп келе жатқан аяулы адам. Сондықтан да ол кісі өмірімен де, өнерімен де өнегелі ой иелерінің бірі болып саналады. Әбекеңнің қайратты қаламынан туған қауқарлы жырлар – салмақты сырлар, орамы берік ойлар төл әдебиетіміздің еңсесін биікке көтеруге көмектескен әрі талай-талай өнерпаз буын мен оқушы қауымның ой-өрісін кеңейткен, жан дүниесін тәрбиелеген өз дәрежесіндегі есті дүниелер екендігін неге ашып айтпасқа?

...Осыншама уақыт ішінде заман да, заң да қанша рет өзгергенін ішіміз біледі, ал Әбекең болса сол ел-жұртына қадірлі қалпында қолына қаламын берік ұстап, белін бекем буған күйі уақыт пен ар-ұят алдында бүгежектемей, емін-еркін келе жатыр. Өлі де жазу үстелінде нық отыр. Бұл ойымызды жазушының жаңа кітабы тағы да бекіте түсті. Біздің ойымызша, мұнда автор өзінің соңғы отыз жыл төңірегіндегі әдебиет туралы жазған сын мақалаларының басын біріктіріп жұртшылыққа ұсынуды көздеген екен. Өте орынды ниет, ізгі мақсат.

...Ал тұтастай алғанда осынау еңселі дүниеде автор үлкені бар, кішісі бар, кешегісі мен бүгінгісі бар екі жүзге тарта ақын, жазушы, сыншының творчествосы жайлы сыр шертеді. Қалай десеңіз де, бір кітап үшін бұл аз ба екен? Түсінген адамға осының өзі-ақ көп жайды аңғартып тұрған жоқ па? Екі жүзге таяу өнер иесі туралы азды-көпті немесе тиіп-қашып болсын сөз қозғау дегеніңіздің өзі біле білгенге аз еңбек пе? Екі жүзге жақын адам туралы сөз жасау екі жүзден астам мәселе қамту деген сөз емес пе?.. Шындығында да, мұнда өткен отыз жылға, тек өткенге ғана емес, бүгінгіге, болашаққа да өбден қатысты әдебиет проблемаларымен қатар азаматтық-адамгершілік әр алуан мәселелер жан-жақты қамтылыпты. Осы жерде ерекше бір айтатын нәрсе, Әбекеңнің әдебиетке байланысты мақалаларынан ол кісінің үлкен жүректі азамат екендігі айрықша сезіліп отырады. Осы ретте бұған үлкен дәлел ретінде оның «Кірішсіз жандардың көңіл күйі» (294-бет) немесе «Қаламгер досқа хат» деген қосымша айдарымен берілген мақаласын алайықшы. Осы мақаладағы азаматтық-адамгершілік пафос Әбу Сәрсенбаев мақалаларының бәріне ортақ деген қорытындыны біз батыл жасаған болар едік. Бұл мақалада тағдыры ерекше суреткер Зейнолла Шүкіровтың творчестволық ерекшелігін автор терең тебірене отырып сөз етеді...

Дәл осы сипаттағы, анығырақ айтсақ, осындай тағылымдық, танымдық ыңғайда жазылған бірнеше мақаланы айрықша атап өткен жөн. Олар – «Алаулы ақын жүрегі» атты Абдолла Жұмағалиев жайлы мақала мен Баубек Бұлқышевқа арналған «Шығыс ұлы» деген дүниелер. Бұларды көдуілгі мақала деудің өзі дәл осы жерде қалай десеңіз де ешбір келмес еді. Мақала деген атаудың өзі кейде құлаққа қатқылдау естіліп қана қоймай, қарабайырлау әсер де беретіні бар ғой. Ал бұл екеуі одан гөрі философиялық ой толғаудың жанры – эссеге жақын келетін сияқты.

Сонымен «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне» келсек, үлкен қаламгер Әбу Сәрсенбаевтың бұл кітабы уақыт тануға, әдеби танымға, азаматтық-адамгершілік дәстүрлерді дамытуға толық қызмет етеді деген нық қорытынды жасар едік.

С.Әшімбаев. Шығармалар. II том



А Мәтінде сыни пікір білдіруші талданып отырған жұмыстың қандай артықшылықтары мен кемшіліктерін атап көрсеткен?

Артықшылықтары	Кемшіліктері



Ә Сыни пікір жазуда қандай мәселелер басшылыққа алынуы тиіс?



Б «Айтушы-сыншы» жұбын құрып, «Табиғатты аялайық» тақырыбында әңгіме өрбітіңдер. Орын алмасыңдар.



В Белгілі сыншы Сағат Әшімбаевтың «Еңлік-Кебек» пьесасына жазған сыни пікірін тауып оқып, өз көзқарастарыңды білдіріңдер.



Есте сақта!

Мәтін мазмұнының негізгі арқауын, онда сөз болатын басты мәселені, айтылатын жайдың бағыт-бағдарын қамтитын қысқаша атауды *тақырып* дейміз.



3-тапсырма. «Мәтіннің тақырыбы (атауы)» және «көркем шығарманың көтерген тақырыбы» деген ұғымдардың аражігін ажыратыңдар. Нақты мысалдар келтіре отырып дәлелдендер.



А Мәтінді тыңдап (20-аудио), ондағы негізгі ойды анықтаңдар. Мәтінде көтерілген мәселеге қатысты талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.



Ә Мәтінге қандай тақырып қояр едіңдер?

7.3. ТАБИҒАТ ТУРАЛЫ МАҚАЛДАР



«Табиғат – мүсінші. Әлемде талантты, әйгілі суретші-мүсіншілер бар. Кейбіреулер теңдесі жоқ мүсіндер жасап жатады. Алайда әлемдегі ең ұлы мүсінші – табиғат» деген ойды өрбітіп, дәлелді тұжырымдар айтыңдар.



1-тапсырма. Төмендегі мақалдарды оқып, мағынасын ашыңдар.

1. Табиғаттың төні – жер, қаны – су, жаны – күн.
2. Таулы жер бұлақсыз болмас,
Сулы жер құрақсыз болмас.
3. Қыстағы қар – жерге ырыс,
Жердегі ылғал – елге ырыс.
4. Көлдің көркі – құрақ,
Таудың көркі – бұлақ.
5. Жаз сайға қонба,
Қыс қырға қонба.
6. Табиғат – тал бесік.
7. Жер – ана, ел – бала.
8. Сәуір болса,
Күн күркірер.
Күн күркіресе,
Көк дүркірер.
9. Табиғат аң-құсымен ажарлы.
10. Табиғат – таусылмас қазына.

«Экологиялық әліппе» жинағынан



А Қарамен берілген мақалдардың құрылымдық-мағыналық типтерін анықтап, синтаксистік талдау жасаңдар.



Ә Үш топқа бөлініп, төменде берілген тақырыптар бойынша таныстырылым жасаңдар.

Табиғаттың төні – жер,
қаны – су, жаны – күн.

Табиғат аң-құсымен
ажарлы.

Адамзаттың табиғатсыз
күні жоқ.



Б Мақал-мәтелдерді қатыстыра отырып, «Табиғат тарықса, адамзат зарығар» деген тақырыпта пайымдау эссесін жазыңдар.

Грамматикалық материал

Сыни пікірдің негізгі түрлеріне мыналар жатады:

- 1) әдеби сыни пікір;
- 2) ғылыми сыни пікір;
- 3) театр туындысына жазылатын сыни пікір;
- 4) кино туындысына жазылатын сыни пікір және т.б.



2-тапсырма. Сыни пікір түрлерінің өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары неде деп ойлайсыңдар? Кестені толтырыңдар.

Сыни пікір түрлері	Ұқсастығы	Ерекшеліктері
Әдеби сыни пікір		
Ғылыми сыни пікір		
Театр туындысына жазылатын сыни пікір		
Кино туындысына жазылатын сыни пікір		



А Жоғарыда көрсетілген төрт сала бойынша жазылған сыни пікірлерді тауып, талдаңдар.



Ә Суретке мұқият қарап, қай фильмнен алынғанын табыңдар. Фильмге сыни пікір жазыңдар.

Сыни пікір жазуда мына мәселелерге назар аударыңдар:

- актерлердің рөлді сомдау шеберліктері;
- киноның түсірілу стилі, жанры;



- кино арқылы режиссер мен сценарий авторының айтқысы келген ойы;
- эмоционалды көріністерді сүйемелдеудегі сазгердің шеберлігі және т.б.



Есте сақта!

Мәтін мынадай бөліктерден тұрады: басы (кіріспе бөлімі), ортасы (негізгі бөлім), соңы (қорытынды). Кіріспе мәтінді бастап тұрады, қорытынды аяқтайды. Ал негізгі бөлім кіріспе мен қорытындыны жалғастырып тұрады.



3-тапсырма. Мәтінді тыңдап (21-аудио), кіріспесін, негізгі бөлімін, қорытындысын табыңдар.



А Ең маңызды белгілері мен қасиеттеріне назар аудара отырып, әр бөлімнің ережесін өздерің қорытып шығарыңдар.




Ә Мәтін мазмұны бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.

7.4. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАБИҒАТЫ



Қазақстанның табиғатын географиядан алған білімдеріңмен ұштастыра отырып әңгімелеңдер.



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мағыналық бөліктерге бөліп, оларға ат қойыңдар.

Қазақстан – климаты мен табиғат аймақтарының алуан түрлілігімен ерекшеленетін, қызықты тарихы мен бүгінгі бар мемлекет. Қазақстан әлем мемлекеттері арасында тоғызыншы орында және Еуразияның жүрегінде орналасып, жер бедерінің ең жарқын үлгілерін қамтыған. Еліміз шығысында Алтай тауларынан басталып, батысында Каспий ойпатына¹, ал солтүстігінде Батыс Сібірден оңтүстігінде Тянь-Шань шыңдарына дейін созылып жатыр. Қазақстанның әр облысы

¹ Ойпат – теңіз бетінен төмен жатқан жазықтық.

көрікті көріністерімен, таңғажайып табиғатымен таңғалдырады. Жерінің үлкендігінен әр аймағының табиғаты бір-біріне ұқсамайды, біркелкі емес. Оңтүстігінде ағаштар гүлдеп, жер көгергенде, солтүстігінде әлі қар жатады.

Табиғи аймақтардың көптігі мемлекеттегі өсімдіктер мен жануарлар әлемінің бай екендігін көрсетеді. Қазақстанның жануарлар мен өсімдіктер әлемін қорғау үшін ұлттық табиғи қорықтар жүйесі құрылған. Оның ішіндегі ең атақтылары: мемлекет қорғауындағы ақ барыс, ақ төсті аю, суыр, сілеусін және қасқырлар мекендейтін Ақсу-Жабағылы қорығы; қызғылт фламинго жұмыртқалайтын Қорғалжын қорығы; көкшіл тырна, кішкене қыран, аққұтан мен зайсан жұмырбас кесірткесінің үйреншікті мекеніне айналған Наурызым қорығы; Марқакөл көлінің табиғатын қорғау үшін ұйымдастырылған Марқакөл қорығы.

Мұзтау, Қазығұрт, Алтай мен Бұрқат асулары, Көккөл сарқырамасы – алыс және жақын шетелдерден келген қонақтар жиі баратын Қазақстанның таулы аймақтары. Әрине, ең танымалы – Тянь-Шань таулары.

Қазақстан аумағында өзен-көлдер де өте көп. Ең көп шоғырланған жері – оңтүстік-шығыс. Ол жерді өз атына сай Жетісу деп атаған. Жетісу жеріндегі барлық өзен Балқаш көлінің бассейніне жатады.

Еліміздің оңтүстік облыстарында жылуды жақсы көретін күріш, қант қызылшасы, мақта, жеміс түрлері, өртүрлі дәрілік шөптер мен өсімдіктер өседі. Бұл аймақтарда жаңбыр аз жауады, жазы ыстық өрі құрғақ болады.

Республиканың солтүстік аудандарында астық пен көкөністер жақсы өседі. Мұнда жауын-шашын мол, жазы да ыстық емес.

«Қазақстан табиғаты» кітабынан. II том



А Өздерің тұратын өлкенің табиғаты туралы сипаттап жазыңдар.



Ә Мәтінде баяндалған мәліметтердің маңыздылығына назар аудару үшін бірнеше сұрақ құрастырыңдар.



Б Мәтіндегі топонимдерді ономастикалық электрондық базадан (atau.kz) іздеп тауып, олар туралы толық ақпарат жазыңдар.



В Қарамен берілген сөздерге морфологиялық талдау жасаңдар.



Г Үш топқа бөлініп, «Қазақстанның көрікті жерлері» тақырыбында жоба қорғаңдар.

Грамматикалық материал

Сыншының деңгейі

Сыни пікірді сала мамандарына, шығарма авторына және оқырмандарына пайда келтіретіндей етіп, сол саланы терең білетін, жан-жақты білімді маман жазуы тиіс. Сыни пікірде берілген тақырыпқа қатысты автордың қаншалықты хабардар екені өте маңызды. Сыншының білімі терең болған сайын сыни пікір де соғұрлым мазмұнды, дәлелдеме де сенімді, берілген бағаның беделі де жоғарылай түседі.



2-тапсырма. «Көкшетау» поэмасынан үзінді тыңдап (22-аудио), оған мақала түріндегі сыни пікір жазыңдар.



А Сыни пікірдің жанрлық түрлерінің толық анықтамаларын тауып жазыңдар.



Ә Д.Ысқақұлының «Сын жанрлары» атты еңбегін оқып келіп, талқылаңдар.



Есте сақта!

Кіріспе – берілген тақырыптың мәнін ашатын бөлім. Бұл бөлімде қандай сұрақтарға жауап іздейтіндігіміз анықталады. Онда баяндалатын тақырып туралы қысқаша мәлімет беріледі.



3-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың біріне кіріспе сөз жазыңдар.

1. Қазақстанның таулы аймақтары.
2. Қазақ сахарасына саяхат.
3. Қазақстанның өзен-көлдері.



А Сөз басында, яғни кіріспеде қолдануға болатын қандай ұтымды әдіс-тәсілдерді білесің?



Ә Оқылым мәтінінің (1-тапсырма) кіріспе бөлігін тап, ойыңды дәлелде.

7.5. ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ



«Табиғатты қорғау – адамзаттың парызы» тақырыбында шағын сұхбат ұйымдастырыңдар.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, ондағы негізгі ойды анықтаңдар.

Табиғатты қорғау – бүгінгі және келешек ұрпақтың материалдық, мәдени және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында табиғат пен оның байлықтарын тиімді пайдалануға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі. Адамның өндірістік әрекетінің қоршаған ортаға тигізетін келеңсіз әсерін белгілі бір дәрежеде шектеп, табиғи қорларды ұтымды пайдалану – ежелден бері адамзат қоғамының көкейтесті мәселелерінің бірі.

Біз өз жерімізді және қоршаған ортамызды ғаламдық жылынудың, климат өзгерісінің, ластанудың және ормандарды отаудың залалды зардаптарынан сақтап қалуымыз керек.

Орман ағаштарын отырғызу немесе ормандандыру – бұрын орман өспеген алқаптарға орман өсіру процесі. Орман ағаштарын өсіру атмосфераға тарайтын жылу газдарының мөлшерін азайтады, топырақты сақтайды, судың сапасын жақсартады. Жыл сайын Жер бетінде 1,6 млрд-тан астам ағаш оталады. Жаңа орман өсіру шаралары аясында 0,6 млрд түп жаңа ағаш отырғызылады, миллиард түп ағаштың орны толмайды.

Құрып бара жатқан жануарлар түрлерін сақтап қалу. Әлемдегі кейбір жануар түрлеріне құрып кету қаупі төніп тұр. Жануарлар экожүйеде¹ айтарлықтай рөл атқарады. Олар – ауылшаруашылығына, экономикалық және медициналық мақсаттарға пайдаланылатын табиғаттың бір бөлшегі. Табиғи ортаның бүлінуі жануарларды панасыз қалдырады. Жануарлар құрып кетпеуі үшін олардың тіршілік ету ортасын сақтап қалудың маңызы зор.

Орман өрттерінің алдын алу. Орман өрттері деп кең аумақтағы орманның үлкен жылдамдықпен от құшағына орануын айтады. Бұл – ең қауіпті табиғи апаттардың бірі. Орман өрттері өлемнің барлық түкпірінде кездеседі. Өрт кезінде түрлі жан-жануарлар, кейде адамдар да от құрбаны болып жатады. Орман өрттері жазда, күзде және қуаңшылық кездерінде жиі болады.

«Табиғат» энциклопедиясынан



А Мәтінде көтерілген мәселе бойынша авторға оқырман атынан сұрақ құрастырыңдар.



Ә Табиғатты қорғау бойынша тағы қандай жұмыстар жүргізуге болады?

¹ *Экожүйе* – тірі ағзалар жиынтығының қоректену, өсу және ұрпақ беру мақсатында белгілі бір тіршілік ету кеңістігін бірлесе пайдалануының тарихи қалыптасқан жүйесі.



- Б** Мәтінде берілген ақпаратқа сәйкес 5 талқылау сұрағын дайындап, ойларыңды ортаға салыңдар.

Грамматикалық материал

Шешендік сөздің көркемдік белгілері

Көркемдеуіш элементтер – эпитеттер мен теңеулер, троптың түрлері (метафора, аллегория, метонимия, символ, гипербола т.б.) шешендік сөздерді жай сөзден ажыратып тұратын көркемдік белгілері болып саналады. Сондай-ақ шешендік сөздер қайталау, шендестіру (антитеза), дамыту сияқты айшықтау тәсілдеріне де иек артады. Бұлардың бәрі – айтылмақ ойдың тыңдаушы психологиясына әсер етуі үшін жұмсалатын құралдар.

Шешендер пайдаланатын тілдік құралдардың бірі – мақал-мәтелдер. Мақал арқылы аналогия жасап, ойын айқындау, пікірін дәлелдеу – шешеннің ұтымды әдісі.

Ауызекі сөйлеу түрінде көрінетін шешендік сөздерге тән амалдардың бірі – риторикалық сұрақ.



- 2-тапсырма.** Ережедегі көркемдеуіш құралдардың анықтамасын жазып, оларға мысал келтіріңдер.



- А** Төменде берілген мысалдардың керіктеуіш құралдардың қай түріне жататынын тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.

Мысалдар	Эпитет	Теңеу	Метафора	Метонимия
Күміс шық жылтырайды маржандай-дай-ақ.				
Абай мен Қасымды қанша оқысам да сусыным қанбайды.				
Өмір – теңіз, білім – қайық, білік – ескек бүгінде.				
Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ, Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.				



- Ә** Қайталау түрлері қолданылған шешендік сөздерді тауып, шешеннің қайталау элементтерін қолданудағы мақсаты қандай екендігін айтыңдар.



- Б** Риторикалық сұрақтың жай сұрақтан айырмашылығы неде?



Есте сақта!

Негізгі бөлімде дәлелдер, дәйектемелер, түрлі статистикалық мәліметтер мен сызбалар келтіріліп, тақырып ашылады. Көтерілген мәселе айқындалып, оның туу себептері көрсетіледі. Ой жүйелі баяндалады.



- 3-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар (23-аудио).



А Мәтіннің негізгі бөлімін тауып, онда не айтылғанын баяндаңдар.



Ә Негізгі бөлімнің тілдік ерекшеліктерін санамалап жазыңдар.

7.6. ТАБИҒАТҚА ҚАТЫСТЫ ТЫЙЫМ СӨЗДЕР



«Қазақ халқының табиғатты қорғау дәстүрлері» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырыңдар.



1-тапсырма. Төмендегі тыйым сөздердің мән-мағынасына үңіліп, оларды жаттап алыңдар.

1. Құстың ұясын бұзба.
2. Көкті жұлма, көк шыбықты сындырма.
3. Құмырсқаның илеуін бұзба.
4. Қосарланып, қатар өскен ағашты кеспе.
5. Малды теппе.
6. Буаз, төл ерткен аңды атпа.
7. Үйге кірген жыланды өлтірме, басына ақ құйып шығар.
8. Күнге, Айға қолыңды шошайтпа.
9. Күн күркіремей суға түспе.

Қазақтың тыйым сөздерінен



А Сәйкестендіріңдер.

Көк шөпті жұлма, көк шыбықты сындырма.
Қосарланып өскен, қатар біткен, егіз шыққан ағашты кеспе.
Балапан құсты өлтірме.
Құстың жұмыртқасын жарма.

Қосағыңнан, бақытыңнан айырыласың, қанатыңнан қайырыласың.
Бетіңе шұбар түседі.
Бақ қайтады.
Жас өндірің бөрі бақыттың, өмірдің бастамасы, бар тіршіліктің қайнар көзі деп біледі.



Ә Тыйым сөздердің табиғатты қорғаудағы рөлі мен маңызын талдап жазып, өзіндік тұжырым жасаңдар.

Грамматикалық материал

Шешендік сөздің лексика-грамматикалық белгілері

Қазіргі кездегі шешендік сөздер белгілі бір аудиторияға, тыңдаушыларға арналатындықтан, мұнда қаратпа сөздер көбірек орын алады. Олар кейде одағайлы, эпитетті болып та келеді: *Қымбатты жолдастар! Қадірлі достар!*

Шаршы топ алдындағы сөздердің тағы бір белгісі – бұларда әр алуан модальдық реңктердің күшті болуы, яғни шешен өзі білдіріп отырған ойына көзқарасын танытқысы келе ме, тыңдаушы назарын аударғысы келе ме – осындай мақсаттар қыстырма сөздер, одағайлар, сұраулы орамдар мен сөйлемдер арқылы жүзеге асырылады.

Ауызекі сөйлеу тіліне контекстік немесе ситуациялық эллипсистер тән екені белгілі. *Эллипсис* – сөйлемнің бір мүшесін алып тастау арқылы құрылған сөз үлгісі. Мысалы: *Бір бала бар – [ол бала] атадан өте туады, бір бала бар – [ол бала] атаға жете туады... Қардан аппақ нәрсе жоқ, [бірақ ол] ұстасаң қолды тоңдырар. Қазаннан қара нәрсе жоқ, [бірақ ол] ассаң қарын тойдырар.*



2-тапсырма. Ережедегі қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай, сұраулы сөйлем, эллипсис сөйлемдерге шешендік сөздерден мысал тауып жазыңдар.



А Бұл қатарға бұйрықты сөйлемдерді қосуға бола ма? Пікірлеріңді нақты мысалдармен дәлелдендер.



Ә Қыстырма сөздер мен одағайлардың сөйлемдегі эмоционалды-экспрессивтік қызметі туралы не айтар едің?



Есте сақта!

Қорытындыда жаңа ой енгізілмейді, дәлелдемелер бойынша түйін шығарылады, мәселенің шешу жолдары көрсетіліп, көтерілген тақырыптың түйіні айтылады.



3-тапсырма. «Қарлығаштың ұясын бұзба» атты әңгімені тыңдаңдар (24-аудио).



А Мәтіннің кіріспе және негізгі бөлімдерінде не айтылған? Әңгіменің түйіні не?



Ә Әңгіменің маңызды тұстарын талдап жаз.



Б Қорытынды бөлімде қандай шаблон сөздер мен сөйлемдер қолданылады? Оларға шешендік сөздерден бірнеше мысал тауып жаз.

7.7. ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАЙТЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР



Мына белгілер нені білдіреді? Географиядан алған білімдеріңді еске түсіріп, суреттерді сөйлетіңдер.





1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Экология мәселесі – бүгінгі таңдағы адамзат өркениетінің аса ауқымды мәселелерінің бірі. Қоршаған ортаны қорғау мәселесі жаһандық өзекті мәселелерге кіріп, қазіргі халықаралық қатынастарда белгілі орын алады. Халықаралық ұйым дербес зияткерлік, техникалық, қаржы көздері және мемлекеттерден саяси тәуелсіздігі бар тұрақты құрылым болғаннан кейін, экологиялық ынтымақтасу кезінде пайда болатын мәселелерді ең тиімді шеше алатын құрал болып есептеледі.

Жаһандық деңгейде қоршаған ортаны қорғау міндетін БҰҰ атқарады. БҰҰ осы салада ең ірі мекеме екенін бәріміз білеміз. Бұл ұйым экологиялық мәселелерді экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және басқа да түрлі шарттармен тығыз байланыстырады.

Тарихқа жүгінсек, экологиялық саладағы ынтымақтастықтың басталуын 1913 жылмен байланыстыруға болады. Бұл жылы Швейцарияда 18 елдің ғалымдары жиналып, ақпараттармен алмасу және ұйымдастырушылық шараларды талқылады.

1948 жылы ЮНЕСКО-ның қолдауымен Брюссель бюросының негізінде Халықаралық табиғатты қорғау одағы (ХТҚО) құрылды (1956 жылы атауы Табиғатты және табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі халықаралық одақ) болып өзгерді). 1949 жылы бұл ұйымның және ЮНЕСКО мен ЭКОСОС¹-тың қатысуымен табиғатты қорғау жөніндегі халықаралық конференция ұйымдастырылады. Негізгі жетістігі – табиғаттың кейбір объектілерін сақтаумен бірге, табиғи көздерді тиімді пайдалануды қарастыратын кең тұжырымдаманың пайда болуы.

Алпысыншы жылдардан бастап көптеген экологиялық қозғалыстар және саяси партиялар құрылды. 1972 жылы аталған конференциямен бірге БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы ЮНЕП² ұйымын құрады. Бұл ұйым осы кезеңнен бастап жаһандық және аймақтық деңгейде экологиялық қызметті үйлестіруші орган болып табылады.

Халықаралық ұйымдарды қарастыратын өкілеттілігіне байланысты былай жіктеуге болады: тек қоршаған орта мәселесімен айналысатын ұйымдар және табиғаттың жекелеген объектілерімен айналысатын ұйымдар (жер, су, ғарыш, атмосфералық ауа және т.б.).

З.Ш.Айтүганова



А Табиғи ресурстар, жаһандық және аймақтық экология, халықаралық одақ ұғымдарына анықтама беріңдер.



Ә Үш топқа бөлініп «Халықаралық экологиялық ұйымдар» тақырыбында постер қорғаңдар.

¹ ЭКОСОС – БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік кеңесі.

² ЮНЕП – БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы.



Б Мына ұйымдар туралы ақпарат жинап, дәптерлеріңе жазыңдар.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (25-аудио).



А Мәтіннен термин сөздерді тауып жазып, оларға лексикалық талдау жасаңдар.



Ә Мәтін бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар.



Б Мәтінге тезистік жоспар жасаңдар.



3-тапсырма. Өткен сабақтардағы білімдеріңді еске түсіріп, кестені дәптерлеріңе толтырыңдар.

Сыни пікірдің негізгі түрлері	Анықтамасы



4-тапсырма. Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. М.Әуезовтің «Сын – шын болсын, шын сын болсын» деген сөзін қалай түсінесіңдер? Автордың ойын өрі қарай жалғастырыңдар.

2-деңгей. Риторикалық сұрақ, қайталаулар пайдаланылған шешендік сөздерді тауып, талдау жасаңдар. Онда баяндаудың қандай тәсілдері қолданылып тұрғанына назар аударыңдар.

3-деңгей. Өңгімелеу, сипаттау, пайымдау мәтіндеріне 5-6 сөйлемнен тұратын мысал келтіріңдер.



5-тапсырма. Сұрақтарға жылдам жауап беріп жарысыңдар.

Сыни пікір деген не?

Сыни пікір қандай мақсатпен жазылады?

Сыни пікірде қандай мәселелер қарастырылуы тиіс?

Сыни пікірдің қандай түрлері бар?

Сыни пікірдің жанрлық пішіндеріне не жатады?

Шешендік сөздің көркемдік белгілерін ата. Мысалдармен дәлелде.

Шешендік сөздің лексика-грамматикалық белгілерін ата. Мысал келтір.

Өзіңді тексер!

1. Тақырып деген не?
 - а) Мәтіндегі оқиға мен ойдың түйіні;
 - ә) сөйлемдердің байланысуы;
 - б) тіркесіп келетін сөздер;
 - в) сөйлемдегі сөздердің байланысы.
2. Мәтіннің бөліктерін көрсет.
 - а) Өңгімелеу, сипаттау, пайымдау;
 - ә) тұтастық, аяқталғандық, модальдылық;
 - б) кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды; в) сөз, сөз тіркесі, сөйлем.
3. Кіріспе бөлім деген не?
 - а) Кейінгі айтылар ойдың алғашқы ұшқыны;
 - ә) айтылған немесе жазылған ойдың тұжырымды түйіні;
 - б) сөздің бүкіл күшін топтастырушы мәнді бөлім;
 - в) ойға өзек болған негізгі идеяны таратып айтатын бөлім.
4. Сонымен, ойымызды түйіндей келгенде, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні т.б. тіркестер мәтіннің қай бөлігіне тән?

а) Кіріспеге;	ә) негізгі бөлімге;
б) қорытынды бөлімге;	в) барлық бөлімге.
5. Дәлелдер мен дәйектемелер, статистикалық мәліметтер қай бөлімде кеңінен қолданылады?

а) Кіріспеде;	б) қорытынды бөлімде;
ә) негізгі бөлімде;	в) барлық бөлімде.
6. Мәтін функционалдық-мағыналық сипатына қарай неше түрге бөлінеді?

а) 2;	ә) 3;	б) 5;	в) 4.
-------	-------	-------	-------
7. Кіріспе бөлімде қайсысы көбірек қолданылады?

а) Салыстырулар;	б) қыстырма сөздер;
ә) дәлелдемелер;	в) қаратпа сөздер.



Ғалым болам десеңіз...

1. Д.Ысқақұлы. Сын жанрлары. Алматы: Санат, 1999.
2. О.Жиреншин. Сөз серкесі – шешендік. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015.
3. Стилистика негіздері. Оқулық. Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006.
4. Ә.Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). III том. Табиғат. Алматы: Сардар, 2013.
5. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Мектеп, 1964.

ПУНКТУАЦИЯ

Бұл бөлімде сендер:

- әйгілі өнер ордалары, қазақ театрының тарихы, «Астана опера» театры, кинематография саласы мен өнер қайраткерлері туралы мәтін үзінділерін талдап, өнер туындыларына қатысты пікір білдіруге дағдыланасыңдар;
- шешеннің аудиториямен байланыс орнатуы, көпшілік алдында сөйлейтін сөздің құрылымы, кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдердің міндеті, тілдік ерекшеліктерімен танысасыңдар;
- мәтіннің логикалық құрылымын ажыратып, әртүрлі тақырыпта көпшілік алдында сөйлейтін сөздің жоспарын жасауға, мәтінді редакциялауға дағдыландыратын тапсырмаларды орындайсыңдар;
- даралаушы, ерекшелуші, ойдың аражігін ажырататын тыныс белгілерді (жақша, көп нүкте, нүктелі үтір, үтір) ережеге сай қолдану дағдыларыңды жетілдіресіңдер.

8.1. ТЕАТР – ӨМІР АЙНАСЫ



Театрға қатысты айтылған пікір туралы ой бөлісіңдер.

Театр – адамның өзін-өзі сахнадан көріп, өзін-өзі түсінетін орын.

Ш.Айманов



1-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі және қосымша ақпараттарды ажыратыңдар.

Театр – әдебиет, музыка, кескіндеме, архитектура, би және кинематографияның мәнерлі амал-тәсілдерін бойына жинақтаған синтездік өнер. Мұның өзі сахна мен көрермендердің рухани ой-сезім күйлерінің бір-бірімен өзара ұштасуын, оған қоса спектакльді жасаушылар мен көпшілік қауымның арасындағы жалпы мақсаттың ортақ болып, бір арнадан шығуын талап етеді.

Қазақтың кәсіби театр өнерінің қайнар көзі халық шығармаларына (әнші, ақындар айтысы мен шешендік өнер), ежелден келе жатқан өдет-ғұрып пен тұрмыс-салтқа (беташар, бөдік, жар-жар, жоқтау, қоштасу, шілдехана), ойын-сауық («Алтыбақан», «Ортеке», «Судыр-судыр») пен Алдар Көсе т.б. секілді күлдіргі қулар өнеріне саяды. Қазақ халқының қоғамдық ортасында туған, қиыннан қисын табар тапқыр, ой-қиялы

жүйрік, ділмар адамның жиынтық бейнесі болып, аты аңызға айналған Алдар Көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр мен Тазша бала есімдеріне байланысты күлдіргі өңгімелер ел арасында ертеден белгілі.

Ұлттық театр өнерінің тарихында мәні зор ойын-сауық деп Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына арналған өдеби, этнографиялық-музыкалық кеш (1914), «Біржан мен Сара айтысы» (1915) және «Қазақша қыз ұзатудың» (1915) сахнаға лайықталған нұсқасын айтуға болады. Осы жылдары ұлттық драматургияның алғашқы туындылары жазылып, баспа бетін көрді әрі өуесқойлар¹ күшімен сахнада қойылды.

1925 жылы Қызылорда қаласында тұңғыш кәсіби ұлт театрының ұйымдастырылуы Қазақстанның мәдени тарихында мәні зор оқиғаға айналды. Қазақ театр өнерінің қалыптасып даму кезеңі спектакльдерде натуралистік, әлеуметтік-тұрмыстық және фольклорлық-этнографиялық бояудың қатаң сақталуымен, халық өндерін мол пайдалануымен ерекшеленді. Мұның өзі бір жағынан театр мен көрермендер арасындағы қарым-қатынасты күшейтуге мүмкіндік туғызса, екінші жағынан актерлердің көп салалы өнерді меңгеруіне жол ашты.

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясынан



А Топқа бөлініп, берілген тұжырымдарды таратып айтындар. Қажетіне қарай дәйексөздерді қолданыңдар.

Театр – синтездік өнер.

Театр – өмірдің айнасы.

Келісу/келіспеу.

Себебін көрсету.

Дәлел (мысал) келтіру.

Қорытынды тұжырым жасау.



Ә Мәтінде кездесетін термин сөздерді ғылым саласына қарай топтастырып жазыңдар.



2-тапсырма. Дереккөздерден театр, спектакльге жазылған сыни пікірді тауып, құрылымына талдау жасаңдар. Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ә.Сығай және т.б. театр туралы жазған мақалаларын пайдалануға болады.



А Сыни пікірге қойылатын талаптарды сақтай отырып, сахналық қойылымға сыни пікір жазыңдар.



Ә Бір-біріңнің жазба жұмыстарыңды оқыңдар. Қажетті тұстарын логикалық және стильдік тұрғыдан өңдеп, түзетіндер.

¹ *Өуесқой* – кәсіби маман болмағанымен, белгілі бір іспен ыждағатпен айналысушы.

Грамматикалық материал

Тыныс белгілерінің қолданылу негіздері

Жазу тіліне қызмет ететін тыныс белгілері автордың айтайын деген ойын дәл, түсінікті жеткізу мақсатында қолданылады. Тыныс белгілерін қоюда сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктері негізге алынады.

Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері даралаушы, сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері ерекшелешуші, құрмалас сөйлем жігіне қойылатын тыныс белгілері ойдың аражігін ажыратушы қызметін атқарады.



3-тапсырма. Үш түрлі қызметі бар тыныс белгілеріне өз сөздеріңмен анықтама беріңдер.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, тыныс белгілерінің қандай негізде қойылғанын, қызметін түсіндіріңдер.

Шоқан Уәлиханов поэзиялық ауыз әдебиетімен қатар, қазақтың рухани бай саласының бірі – өн мен күйде де өзіне тән сюжет, идея, шиеленісу, өрістеу барлығы туралы айта келіп, халық шығармашылығындағы кейбір күйлердің драмалық мазмұн жағынан Еуропаның музыкалы драмаларына ұқсайтындығын дәлелдеген.

Күймен жұбатып көңіл айту, күй арқылы қайғылы хабарды естірту, күймен кеңесіп, күй арқылы сырласу қазақтың өдет-ғұрып салтында үлкен орын алады. Күй тартушы музыканттардың (сыбызғышы, қобызшы, домбырашы) күйді тартпастан бұрын оның қысқаша мазмұнын ауызша айтып беріп, «Ал енді сөзді домбыраға берейік, ол не дер екен, соны тыңдап көріңдер» деп бастауы – қазақ арасында келе жатқан ертеден бар өдет.

Ш.Хұсайынов. «Қазақтың ауыз әдебиеті және халық ойындарындағы театр-драмалық элементтер» мақаласынан



А Мәтіннің тілдік ерекшеліктеріне талдау жасап, стилін анықтаңдар.



Есте сақта!

Сөйлемдегі негізгі ойды не бір сөзді айқындап, қосымша түсінік беру үшін қолданылған қыстырма сөйлем не сөз тіркесі жақшаға алынады: *Мен кейде туған айымыз бен күніміздің де (28 қыркүйек) дәл келуін ырымдап, жақсылықтың нышанына балаймын (О.Бөкей).* Жақша ішіндегі сөздердің сөйлемнің грамматикалық құрылысына қатысы болмайды.

Тарихи оқиға, ескерткіш, құжат т.б. аттарынан кейін шартты түрде жақша ішінде жылы, ғасыры көрсетіледі: *Асы көтерілісі (1916), Құлтегін тас жазуы (VIII ғ.).*



5-тапсырма. Мәтіндерде (1, 4-тапсырма) қолданылған жақшаның қызметін түсіндіріңдер.


8.2. ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ӨНЕР ОРДАЛАРЫ



Әлемге әйгілі қандай театрларды білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтіндерді тыңдаңдар (26-аудио). Негізгі ұғымдарды жазып алып, сандарды сөйлету арқылы әр театрдың өзіне тән ерекшеліктерін атаңдар.



A Мәтінде аталған өнер саласына тән терминдерді жазып, терминдік мәнін түсіндіріңдер. Қажет болса, сөздікті пайдаланыңдар.

Грамматикалық материал

Шешен нені білуі керек?

Цицерон шешен үшін нені айту, қайда айту, қалай айту маңызды үш шарт болып табылатындығын айтады.

Алғашқы шарт бойынша шешен сөздің құрылымын білуі керек. Олар: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды. Екінші шарт – ұсынылатын ақпаратты мазмұны, көлемі, сипаты жағынан тыңдаушыға лайықтап ұсыну. Үшінші шарт – топ алдында сөйлеушінің тіліне шешендік сипат беретін сөзді әсем де әсерлі жеткізу.



2-тапсырма. Берілген даналық сөздерді оқып, деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Даналық сөздердің мазмұнын таратып айтыңдар.

Шешеннің ең ұлы қасиеті қажетті нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау.

Цицерон

Қысқа тұжырымдалған ойдың жақсылығы сол, олар салауатты оқырманның өзін ойлануға мәжбүр етеді.

Л.Н.Толстой

2-деңгей. Екі бағандағы ақпараттарды сөйкестендіріп, бұл қасиеттердің шешенге қажеттігін мысал келтіре отырып баяндаңдар.

білімділік
тіл байлығы
жинақылық
шыншылдық
аңғарымпаздық

сөз табиғатын түсіну
сөз – ойдың көрінісі
сөздің тыңдаушыға әсерін бақылай алу
ой нақтылығы, тақырыптан ауытқымау
шынайы ойға құрылған пікірдің әсері күшті

3-деңгей. Нені айту, кімге айту, қалай айтудың шарттарын ескере отырып, көпшілік алдында сөйлейтін сөздің жоба-жоспарын жасаңдар. Мысалы: мектептегі театр клубының таныстырылымын өткізу және т.б.



Есте сақта!

Шығармадан үзінді, дәйектеме алғанда, оны ықшамдап алуда үзілген жеріне көп нүкте қойылады: *Талант жалы – кедір-бұдырлы. Сол тайғанақ қия-шатқалдардан батыл өтер тұста таймас табан, мұқалмас төзім, ... парасатты білім ауадай қажет (Ә.Сығай).*

Дәйексөзге алынған сөйлем, ой желісі аяқталмай қалса, дәйексөздің соңына көп нүкте қойылады: *«Өзіңіз суреттеп отырған адамдардың өмірімен өмір сүріңіз, – деп жазды Толстой, – әр образда оның ішкі түйсінулерін суреттеңіз; сонда олардың өздері өз мінездеріне лайық қимыл-әрекеттерді өздері жасайды...» (З.Қабдолов).*



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына өздерің логикалық жағынан қажет деп санайтын сөз орамдарын қойып, ойды толықтырып айтыңдар.

Жұрт алдында сөйлеу шеберлігінің басты шарттары

1. Дүниеде тыңдаушылардың өзі жақсы білетінді өздеріне тәптіштеп айтып жатудан жаман нәрсе жоқ. Сенің өзгеге айтқаныңның кісіге білім беретіндей, ... нәрі болуы керек.

2. ... Тыңдаушыларын қадір тұта сөйлеген адамның сөзі тартымды болады.

3. Сөйлеген сөзің анық, дәл, айқын естілетін болсын. ..., бірсыдырғы әуенмен, жігерсіз, баяу сөйлейтін болсаң, айтқаның қанша қызықты болғанымен, тыңдаушыларды тез жалықтырады.

4. Сөзің тартымды болсын десең, оған аздап болса да бет-аузыңның, қолыңның қимылын қатыстыр. Сөзіңнің мағынасына, сөйлеміңнің мазмұнына үйлесімді ырғақ тауып, қол қимылдатудың, бас шұлғудың мәні зор. ...

5. ..., шаблон – барлық өнердің, өсіресе сөз өнерінің жауы.

6. Айтқан сөзің қысқа әрі тұжырымды болсын. ...

М.Балақасов. «Қазақ тілінің мәдениеті» кітабынан



А Берілген қажетті сөз тіркестері мен сөйлемдерді мәтіндегі (3-тапсырма) тиісті орындарына қойып, өз нұсқаларыңмен салыстырыңдар.

Үлгі: 1 – ө; ...

а) Даусың булығып шығып;

ә) кісінің жүрегін қозғайтындай;

б) аз сөз – алтын, көп сөз – көмір;

в) өз сөзін қадірлейтін кісі тыңдаушысын да қадірлейді;

г) айтайын деген ойыңды үйреншікті сөздерден бастама;

ғ) Олар тиісті жерінде, ойыңның жетегінде жұмсалса, сөзіңді жандандыра түседі.

8.3. «АСТАНА ОПЕРА» – ӨНЕР ШАҢЫРАҒЫ



Опера деген не? Қандай опера театрларын білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді оқып, әр абзацтағы негізгі ойды тезис түрінде жазыңдар.



«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры

«Жаңа театр – Орталық Азиядағы ең үлкен өнер шаңырағы. Бұл – бүкіл еуразиялық кеңістіктегі соңғы бірнеше онжылдықта салынған кең ауқымды бірден-бір классикалық театр. Бұл – әлемдегі техникалық жағынан ең жетілдірілген театрлардың бірі», – деді театрдың ресми ашылуында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев.

Театрдың «жүрегі» 1250 адамға мөлшерленген басты көрермендер залы болып табылады. Дәл осы жерде театр құдіреті толыққанды сезіледі. Алтын жалатылған қазақтың ұлттық нақышымен өрнектелген бірегей балкон, партердің¹ айналасында сәл жоғарырақта амфитеатр және ложалар², одан жоғары балкондар³ мен галерея⁴ орналасқан. Театрда 250 орынды камералық зал бар. Ол камералық музыка концерттеріне (солистердің, аспапты ансамбльдердің, хордың, кіші симфониялық оркестрдің өнер көрсетуі), драмалық спектакльдер мен жыр кештеріне арналған.

Классикалық опера және балеттің үздік туындыларынан тұратын өртүрлі репертуарларды, сонымен қатар әлемдік театр өнерінің әйгілі шеберлерінің заманауи қойылымдарын, классикалық музыка концерттерін «Астана Опера» сахнасынан тамашалауға болады.

¹ *Партер* – театрлар мен концерт залдарындағы көрермендер отыратын орталық орын.

² *Ложа* – театр залының қабырғасына жанап салынған, құрметті адамдарға арналған оңаша орын.

³ *Балкон* – театрдың ішіндегі партерден жоғарғы екінші қабаты.

⁴ *Галерея* – театрдың ең жоғарғы қатары, ярус.


Алғашқы маусым салтанатты түрде 2013 жылдың 21 маусымында қазақтың ұлы композиторы Мұқан Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсымен ашылды. Сол жылдың күзінде дүниежүзілік қауымдастыққа Дж. Вердидің «Атилласын» ұсынған «Астана Опера» театрының өлемдік премьерасы болды.

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрында өскелең ұрпақтың талғамы мен мәдениетін қалыптастыру мақсатында опера және балеттің жас өуесқойларына арналған балалар студиясы ашылды. Отандық және шетел авторларының сахналық қойылымдарын дәріптеу, әнсүйер қауымды заманауи опера және балет мәдениетінің жаңалықтарымен таныстыру мақсатында ашылған опера сүйер қауымның клубы да бар.

«Қазақстан театрлары» кітабынан



- А** «Театр» кластерін құрастырып, дәптерлеріңе жазыңдар. «Театр – мәдениетке тәрбиелейтін орын» деген ойды таратып айтыңдар.



- Ә** Мәтіннен сын есімдерді тауып, морфологиялық талдау жасаңдар.



- 2-тапсырма.** Төменде берілген сыни пікірді оқып, құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

«Абай-Әйгерім» спектаклінің түзілімін белгілеп, көркемдік бағытын айқындауда инсценировка¹ авторы мен режиссер едәуір ізденген. Сахна көріністері бас кейіпкерлер – Абай мен Әйгерім арасында болған жайды еске алуынан құралады. Форма жағынан мұны теріс дей алмаймыз, өйткені бұлай ету спектакльдің композициялық тұтастығына септігін тигізген.

Торғын Тасыбекова сомдаған Әйгерім бейнесі романдағы өрі көркікті, өрі биязы мінезді арудың тұлғасын еске түсіреді. Орындаушының сахнадағы ізетті жүріс-тұрысы, терең сыр жасырған жаутаң көзі, күмістей сыңғырлаған ашық даусы образ бойына ерекше жарасып тұр. Ең бастысы, Әйгерім – Торғын ақынның жан сырын түсіне білген адал жар кейпінде есте қалады. Десек те, кейбір көріністерде, мысалы, «Татьяна өні» туар жердегі сахналық шешімде режиссердің ұшқыр фантазиясы аңғарылмайды.

¹ *Инсценировка* — көркем шығарманы сахнаға ыңғайлап қайта жазу.

Спектакльдегі композитор мен суретші еңбегіне де сүйсіндік. Сыдық Мұхамеджановтың музыкасы адамның жан қылын шертер тебіреністерге толы. Бұл арада Абай өндері орнымен орайын тапқан. Ал суретші Флобер Мұқанов жасаған декорация барынша қарапайым бола тұра, режиссерлік ой-нысанаға қызмет етіп тұр.

Прозалық шығарма мен драмалық туындының тумысы бір болғанымен, олардың көркем құралдары әртүрлі екенін білеміз. Осы орайда атақты «Абай жолы» романы бойынша жасалған жаңа спектакль өзінің сахналық шешімдерімен ерекшеленеді.

С.Шомаев. «Бикен Римова» кітабынан

Грамматикалық материал

Шешеннің аудиториямен байланыс орнатуы

Шешеннің аудиториямен байланысына сөйлейтін сөздің тақырыбы мен мазмұны, шешеннің сөз шеберлігі мен өзін-өзі ұстау мәдениеті әсер етеді.

Көпшілік алдында сөйлеудің үш түрі бар: сөзді оқып беру, мәтіннен үзінді оқи отырып сөйлеу, қағазға қарамай еркін сөйлеу. Дипломатиялық, салтанатты жиын, мүшелтойлардағы оқып айтылатын құттықтау сөз бен ресми мазмұндағы баяндамалардан басқа жағдайда қағаздан оқып беру тыңдаушымен арадағы жанды байланысқа кері әсерін тигізеді.

Шешен тыңдаушылармен байланысты үзіп алмас үшін олардың әлеуметтік құрамын, жас ерекшелігін, білім-білік, таным дәрежесін, нендей оқиға-құбылыстар қызықтыратынын есепке алып отыруы керек және аудиторияның сөзді қабылдауы мен түсінуін үнемі назарда ұстауы тиіс. Сөздің тыңдаушыларды жалықтырмауын қадағалап, арасында оларды серпілтіп, жадыратып отыру керек.



3-тапсырма. Шешеннің аудиториямен байланысына оң әсер ететін және кері әсер ететін факторларды жазып, ойларыңды ауызша мысал келтіре отырып дәлелдендер.

Шешеннің аудиториямен байланысына әсер ететін факторлар	
+	-



А Жоғарыдағы мәтіннің (грамматикалық материал) үш абзацынан шешенге қатысты үш тұжырым шығарыңдар.



Есте сақта!

Аяқталмай қалған ойды тұспалдап көрсету үшін сөйлемнің соңына көп нүкте (...) қойылады: *Жиренше атты байлай сала топқа қарай жүгіргенде, Абай көзін басып отыра кетті...* (М.Әуезов). Көп нүкте қойылуы тиіс сөйлем лепті не сұраулы болып келсе, әуелі леп белгісі (сұрау белгісі), одан кейін қатарынан екі нүкте қойылады: – *Ой, Абай, сенбісің?.. Ай, шырағым-ай, бір тыныш жерде отырсаң етті!..* – деді (М.Ә.).

Сөйлеуші түрлі себептермен қысылып сөйлей алмағанда, асығып айтқанда ойдың бөлінуіне байланысты дауыс ырғағындағы үзілісті (пауза) көрсету үшін көп нүкте қойылады: *Құдайберді есікке көзімен нұсқап: – Адам бола ма?!.. Болар ма!.. Інілерің міне... Кім баларын... Не көрерін қайдан... білейін, – деді (М.Ә.).*



4-тапсырма. Мәтінді оқып, көп нүктенің қойылу себебін түсіндіріңдер.

Соғыс жылдарының бірі. Жазғы шілде еді. Жұмыстан келе сала Айша қатты құлады. Тек үрейлене қорыққан маған қарлыққан дауыспен:

– Аққыз... Аққыз, апаңа жет..., – деді.

Түсіне қойдым. Біздің үйден кейін екі сайдың ар жағында әскерге кеткен Поштақұлдың үйінде ... егер басқа жаққа кетіп қалмаса, Аққыз өпкеміз сол үйде. Есіктен кіре бере:

– Айша... апам, – деп демім жетпей, әйтеуір ишара беруім сол екен... Аққыз өпкем көз алдымда лезде жоқ болды. Сірә, терезеден ұшып шығып кетті ме, білмеймін.

Мен үйге қайтып келсем, Айшаны айнала зікір салып¹ жүр екен.

Аққыз өпкеміз мүлде өзгеріп кеткен, нағыз бақсы², баяғы шамандықтан³ қалған шын сарқыт осы болар. Аққыз дүниеден өткен соң біздің Мыңбұлақта бақсы болған емес. Аққыздың орны ойсырап қалды...

Бір кем дүние...

Ш.Мұртаза. «Бір кем дүние» кітабынан



А Ойынды тұспалдап, көп нүктелерді қолдана отырып, өзіңді толғандырған мәселеге шағын эссе жаз.

8.4. АЛАШ АҢСАҒАН ФИЛЬМ



Қандай фильмдер қарағанды ұнатасың? Суретте қандай фильмдерден кадрлар берілген?



¹ *Зікір салу* – бақыстардың ауру адамға ем-дом жасап үшкіруі.

² *Бақсы* – пірге, аруаққа сыйынып, ауруды ұшықтап емдейтін тәуіп.

³ *Шамандық* – Көк Төңіріне табынатын наным-сенімнің көне түрі.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, әр абзацтағы ойды тезис түрінде жазыңдар.

2 сағат. Қазақтың бір ғасырда көрген сан түрлі нәубетін¹ суреттеген 2 сағат. Ананың балаға, баланың анаға деген махаббатынан ұлы сезім жоғын мойындатқан 2 сағат. Көп күрсінткен, жылатқан, қуантқан, шүкірлік еткізген 2 сағат.

Фильм ұжымдастыру жылдарының төлкегін, қазақты түбірімен жоя жаздаған ашаршылықты, Екінші дүниежүзілік соғыс пен одан кейінгі кезеңді – тұтас үш дәуір тынысын жеткізуімен құнды. 1930 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы тарихи оқиғаларды мазмұнын бұзбай, мәнін бұрмаламай, бояуын өзгертпей баяндай білген туындының жинақылығы сүйсіндірмей қоймайды. Ықшам әрі ұғынықты. Өртүрлі кезең, өртүрлі күресті қат-қабат көрсетсе де, алуан сурет пен бояуды біріктірсе де, бірізділікті сақтаған.

Фильмнің бүтіндігін ұстап тұрған – күрес. Өуелде мал үшін күрес, жан үшін күрес, бір үзім нан үшін күрес. Одан кейін өлімжеттікпен күрес, жігіттік намыс үшін айқас. Баланы әкесінен, ананы баласынан айырған жаумен соғыс. Асырасілтеушілікпен, шаш ал десе бас алатын шолақ белсенділермен арпалыс. Түптеп келгенде, мұның бәрі – баланың анаға апарар жолдағы кедергілермен күресі.

А.Лепесова. «Мәдениет» журналынан



А Берілген тіркестердің мағынасын түсіндіріңдер.

дәуір
тынысы

шолақ
белсенді

шаш ал десе
бас алу



Ә Мәтіннің жалғасын тыңдаңдар (27-аудио). Тақырыпқа қатысты терминдер мен ұғымдарды жазып алып, мағынасын анықтаңдар.

Грамматикалық материал

Көпшілік алдында сөйлейтін сөздің құрылымы. Кіріспе сөз

Көпшілік алдында сөйлейтін сөздің құрылымы кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұрады. Әр бөліктің атқаратын міндеті, мазмұндық, тілдік ерекшеліктері болады.

Кіріспе сөздің міндеті – тыңдаушы назарын сөз мазмұнына бұру, ойға түрткі жасау, негізгі бөлімде айтылатын ақпаратты қабылдауға дайындау.

Кіріспеде мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, елең еткізер жаңалықты, тосын сұрақ пен риторикалық сұрақты, қызықты әңгімелер мен тақырыпқа қатысты оқиғаны және т.б. ұтымды қолдана алу маңызды.

¹ *Нәубет* – апат, кесепат, ауыртпалық, қиыншылық.



2-тапсырма. Оқылым, тыңдалым мәтіндерін жинақтай отырып, «Анаға апарар жол» фильмі туралы жазылған сыни пікірдің құрылымы мен мазмұнына талдау жасаңдар. Кіріспе бөлімнің тілдік ерекшелігіне назар аударыңдар.



А Құрылымдық және стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып, соңғы кездері түсірілген фильмдердің біріне сыни пікір жазыңдар. Жазба жұмыстарыңда киноның тақырыбы мен жанры, негізгі идеясы, актерлердің рөлді сомдау шеберлігі т.б. мәселелерге назар аударыңдар.



3-тапсырма. Мәтіннің кіріспе бөлігін ажыратып, оның сөз мазмұнына қатысын анықтаңдар.

Ыдырыс Ноғайбаев!

Осынау екі-ақ сөзге бүкіл қазақ сахна өнерінің тарихы сыйып кеткендей. Иә, шын мәнінде Ыдырыс ағамыз алып тұлға еді ғой, дәу артист болатын. Бұл жерде біз оның сырт келбетінің ірілігін ғана айтып отырғанымыз жоқ, ішкі ауқымының, өріде, тереңде жатқан жан сырларының молдығын, актерлік дарынының таусылмастай кең берілген қыруар мүмкіндіктерін, сахна өнері үшін жаратылған, қарасақ көз тоқтап қалғандай сыр-сымбатын, жан дүниесінің таңғы шықтай таза мөлдірлігін, сәл нәрсеге сәбидей сенгіш аппақ та риясыз пәк көңілін еске салып отырмыз.

Нағыз елі сүйген арқалы азамат, кино мен сахнаның көпшілік қадірлеген арқалы, әлеуетті артисі еді. Нағыз драмалық орындаушы, табиғи өрекет жасау өнерінің хас шебері Ыдырыс Ноғайбаевтың тұла бойында қылаудай жасандылық деген атымен болмайтын. Шынайы күрсініп, шын күлетін. Көзі күлімдеп, жүрегімен қайғыратын батыр тектес, балуан тұлғалы көрнекті кейіпкерлердің көбін сәтіммен нұсқалаған алпамса денелі артистің жаны неткен нәзік. Оны көзімен көргендер ғана айта алар?!.

Ә.Сығай



А Автордың сөз қолданыстарына назар аударып, түсінуді жеңілдету мақсатында мәтіндегі күрделі құрылымдарды бірнеше жай сөйлемге айналдырып жазыңдар.



Есте сақта!

Ойдың аяқталмай қалғандығын білдіретін сөйлемдерде үтір, тырнақша, сызықша көп нүктеден кейін қойылады. Егер сөйлемнің бірінші бөлігі сұрау мағыналы не көңіл күйді білдіретін болса, сәйкесінше бірінші сұрау белгісі не леп белгісі, одан кейін көп нүкте қатар қойылады (?.. және !..).



4-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар. Қабаттаса қойылған тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

Қандай рақат!
Жүрейік, достар, күнде өстіп.

Ренжу деген,
Ренжу деген – білместік.

Бауырларым-ау!..
 Бәріміз қиын күн кештік,
 Арамызға біздің
 Қай жақтан келді күндестік?!

Елдер мен елдер,
 Материктер мен материк
 Достасып жатыр,
 Татулық туын көтеріп.
 Бауырластықтың жалауын біз де
 көтеріп,

Жарқын өмірден
 Жауласпай жүріп өтелік!
 Ойлаңдар, достар!
 Өнерде «жарыс» болмайды!
 Өресі жетпей,
 Күндестік қылған оңбайды.
 Өнерің жетіп,
 Өсе алмай қалсаң, сол қайғы...
 Күндес таласқан
 Өнерің өнер болмайды!!!

М.Мақатаев. «Жырлайды жүрек» кітабынан



А Мәтіндегі (3-тапсырма) сөйлемнің соңында келген тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

8.5. ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН ӘМІРЕ



Фильм атауларын суреттермен сәйкестендіріңдер. Бұл фильмдер туралы қысқаша баяндаңдар.



1



2



3



4





1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Жазылу стиліне назар аударып, құрылымы мен рәсімделуіне талдау жасаңдар.

«Өміре» фильмі Еуропа жұртшылығына қазақтың қара домбырасы мен дәстүрлі өн орындау өнерін таныстырған біртуар өншінің қысқа да жарқын ғұмырын баяндайды. Кинотуындыда Өміренің 1925 жылы Парижде өткен «ЭКСПО» көрмесіндегі қайталанбас өнері, Мұстафа Шоқаймен кездесуі және танымал америкалық композитор Джордж Гершвинмен достығы көрініс тапқан.

Фильмде Өміренің рөлін белгілі актер Санжар Мәдиев сомдады. Ол төрткіл дүниені қазақ өнерімен таныстырған ұлы тұлғаның рөлін ойнау оңайға соқпағанын айтты. «Өміре» фильмі менің бүгінге дейінгі жобаларымның ішіндегі ең ауыры болды деп айта аламын. Тарихи дереккөздерге сүйенсек, Өміре өте ұяң, сезімтал кісі болған. Барлығын жүрегіне тым жақын қабылдаған. Фильмде мен сондай адамды көрсетуге тырыстым», – деді С.Мәдиев.

«Өміре» – қазақ кинематографиясындағы аса ауқымды туындылардың бірі. Картина Латвия, Лос-Анджелес қалаларында, соңғы кадрлары Алматы облысы Үшқоңыр ауылының маңында түсірілген.

Музыкалық тілде жоғары тенор¹ деп аталатын Өміре дауысы – табиғаттың қазақ халқына тарту еткен сирек сыйы. Өміре даусының мінсіз сұлулығы – ғасырларда ғана қайталанар ерекше құбылыс. Қай өнді орындаса да сазы мен сырын жүрекпен жеткізетін Өміре Қашаубаев біртуар дарын иесі, сегіз қырлы бір сырлы өнерпаз болған. Асқан өншілігімен қоса, виртуоз² домбырашы өрі шебер актер ретінде танылған ол ғажайып адами тұлғасымен де халық құрметіне бөленді.

1925 жылы Парижде өткен ЭКСПО көрмесінде «Ағаш аяқ», «Қанапия», «Үш дос», «Жалғыз арша», «Қос балапан» және басқа өндерді орындап, 2-бөйгемен қоса күміс медаль жеңіп алған өнші өз талантымен әлемдік өнер жұлдыздарын тамсандырды. Сол кезде «Париж апталығы» газеті мен «Ле мюзикаль» журналы оның сирек кездесетін талант екенін жазса, Сорбонна университетінің профессоры Перно фонографқа³ Өміренің орындауындағы бірнеше өнді жазып алған. Өміре Қашаубаев 1927 жылы сәуір айында арнайы шақыртумен Мәскеу консерваториясының залында қазақ өндерін тамылжыта шырқады. Сол жылы Германияның Франкфурт қаласында өткен халықаралық музыкалық көрмеде концертке қатысып, қазақтың халық өндерін әлемге паш етті. Осылайша әлем жұртшылығы Өміренің өнері арқылы қазақ халқын таныды.

Д.И.мамбаева. «Мәдениет» журналынан

¹ Тенор – музыкалық термин. Жоғары регистрде айтылатын ерлер дауысы.

² Виртуоз – орындаушылық қабілеті айырықша күшті, біртуар музыкант.

³ Фонограф – дыбысты жазып алып, қайтадан естіретін аспап.



А Берілген тіркестердің мағынасын түсіндіріп, мәтінде қолданылу мақсатын анықтаңдар.

Сегіз қырлы бір сырлы

Жүрекке жақын қабылдау

Үш ұйықтаса түсіне кірмеу



Ә Мәтіннен құрмалас сөйлемдерді тауып, олардың мағыналық түрлерін көрсетіңдер.

Грамматикалық материал

Көпшілік алдында сөйлейтін сөздің негізгі бөлімі

Негізгі бөлім – көпшілік алдында сөйлейтін сөздің қазығы. Оның міндеті – сөздің негізгі идеясын таратып, жүйелеп түсіндіру. Негізгі ой сөздің өн бойында басты желі ретінде алынғанда тақырып дұрыс әрі толық ашылады.

Кіріспе мен негізгі бөлім, негізгі бөлім мен қорытынды және негізгі бөлім материалдарының арасында сабақтастық болу керек.

Негізгі бөлімде айтатын ойдың өзегі болатын нәрсе талданып, нәтижесінде алынған белгілер біріктіріледі, салыстырылып, жинақталады. Ұсынылатын идеяға көз жеткізіліп, дәлелдемелер келтіріледі.



2-тапсырма. Мәтіндерді оқып, «Кластер» әдісі арқылы көпшілік алдында сөйлейтін сөздің негізгі бөліміне қатысты ерекшеліктерді көрсетіңдер.

1. Көсем сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма байымдама деп аталады. Байымдаманың зор мүшесі төртеу: 1) бастамасы; 2) ұсынбасы; 3) баяндамасы; 4) қорытпасы.

...Баяндамасында алынған нәрсе баяндалады, оның турасында айтылған пікірлерге дәлелдер, сипаттар келтіріледі.

Сипаттау түрлі болады: 1) мәнiстеп, дәлелдеп сипаттау бар; 2) керек нәрсені яки нәрсені басқа, соған ұқсас нәрселермен салыстырып сипаттау; 3) керек пікірді қостайтын, қуаттайтын мысалдар келтіріп сипаттау бар; 4) белгілі адамдардың айтқан иә жазған пәтуаларын келтіріп сипаттау бар; 5) қаралатын пікірге қарсы пікірдің нашарлығын яки қателігін көрсетіп сипаттау бар.

А.Байтұрсынұлы. Шығармалары. 1-том.

2. Шешен сөзінің шындық сипатын арттырудың және тыңдаушының, оқушының сенімін қалыптастырудың бір жолы – сөз арасында пікірдің өткірлігін арттыратын дәлелдемелерді орынды кірістіріп отыру.

Дәлелдеме – айтылатын ойдың шындығына көз жеткізетін анықтама, куәлік. Дәлелдемелердің екі түрі бар:

- затқа, құбылысқа қатысты дәлелдемелер: тәжірибеде, бақылау нәтижесінде белгілі болған түрлі деректер, статистикалық материалдар, құжаттар т.б.;

- адамға қатысты дәлелдемелер тыңдаушылардың сезіміне әсер ету үшін қолданылады. Оған шешеннің өз ойына тірек ретінде пайдаланатын ұлы адамдардың, қоғам қайраткерлерінің, ғалымдар мен жазушылардың ой-пікірлері жатады. Бұл көбінесе академиялық, әлеуметтік-тұрмыстық шешендіктерде жиі қолданылады.

Ж.Дәулетбекова



Есте сақта!

Құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің аражігін ажыратуда қойылатын тыныс белгінің бірі – *нүктелі үтір* (;). Ол баяндауыш формаларына байланысты болады. Санамалап айтылған, мағыналары ыңғайлас сөйлемдер және мазмұны әуендес болып келетін бірыңғай сөйлемдер арасына нүктелі үтір қойылады.



А Мәтіндегі (2-тапсырма) нүктелі үтірдің қойылу себебін түсіндіріңдер.



3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қажетті орындарға тиісті тыныс белгілерін қойып, себебін түсіндіріңдер.

Байымдама әдіс екі түрлі: 1 негізгі пікірді шығарманың басында айтып, оны қуаттайтын пікірді соңынан келтіру бар. Яғни әуелі жалпы пікірді айтып алып, оны бөлек-бөлек пікірлермен қуаттап байымдау бар. Бұл *жалқылау әдісі* болады 2 әуелі бөлек-бөлек пікірлерді айтып, жалпы пікірді солардың дәлелдерімен қуаттап байымдау бар Бұл *жалпылау әдісі* болады.

Ойлау оңтайы да екі түрлі: 1 *айырыңқы оңтай* 2 *жиылыңқы оңтай*. *Талдама оңтай* – нәрсені бұтарлап, мүшелеп, ұсақтай түсіндіргенде қолданылатын оңтай. *Терме оңтай* – нәрсенің мүшесін жинастыра, құрастыра, іріктей түсіндіргенде қолданылатын оңтай.

А.Байтұрсынұлы. Шығармалары. 1-том.



А «Әміре» фильмі жайлы таныстырылым дайындаңдар.

8.6. КИНОФЕСТИВАЛЬ – КИНО ӨНЕРІ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ БАЙҚАУЫ



Берілген сөздер не дейді?

ҚҰЛАГЕР ДИДАР
ЖАҢА КӨЗҚАРАС КИНОФЕСТИВАЛЬ
АСТАНА ЭКШН ЕУРАЗИЯ БАСТАУ
ШӘКЕН ЖҰЛДЫЗДАРЫ



1-тапсырма. Мәтіндерді тыңдап (28-аудио), сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Кинофестивальдерді өткізудегі мақсат не?
2. Қандай халықаралық кинофестивальдер бар?
3. «Бастау» кинофестивалінің ерекшелігі неде?



А Берілген тіркестердің синонимін жазыңдар.

Шымылдығын түру

Сынға түсу

Дем беру

Ақтық сын



Ә «Фестиваль ізденіске бастайды» деген тақырыпта ой бөлісіңдер.

Грамматикалық материал

Қорытынды сөз, оның міндеті мен тілдік ерекшеліктері

Қорытындыда негізгі бөлімде айтылған немесе жазылған сөздің түйіні, шешімі жинақталып, тезис түрінде баяндалады. Шешендік сөздің түрі мен мақсатына байланысты қорытынды сөз әртүрлі тәсілдермен беріледі. Мысалы, дәріс, ғылыми баяндама, саяси-үгіт сөздерде тиянақты тұжырым жасалады; митингіде айтылатын сөздің соңы тыңдаушыларды рухтандыру, жігерлендіру мақсатымен ұран түрінде айтылады.

Қорытынды сөзге қысқалық, айқындылық, нақтылық тән. Қорытынды сөзде тұрақты тіркестер, қыстырма сөздер көп қолданылады. Мысалы: *қорыта айтқанда, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сонымен, сөз соңында айтарымыз, жоғарыда айтылғандарды қорыта келе* және т.б.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Құрылымдық бөліктерге (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) ажыратып, әрқайсысына талдау жасаңдар.

Кіріспе	Негізгі бөлім	Қорытынды

Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі

Қазіргі замандағы халықтардың тарихи таным-түйсігінде кино өнері ерекше орын алады. Жалпы халықтың санасында фильмдердегі жарқын кинообраздар іргелі ғылыми монографиялардағы деректі портреттерден гөрі маңыздырақ рөл атқарады. Сондықтан тез арада Қазақстанның өркениет тарихының үздіксіз дамуын көрсететін деректі-қойылымдық фильмдердің, телевизиялық сериалдар мен толықметражды көркем картиналардың арнайы циклін өндіріске енгізу керек. Аталған жобалар кең халықаралық ынтымақтастық аясында отандық және шетелдік үздік сценаристерді, режиссерлерді, актерлерді, продюсерлерді және заманауи кино өндірісінің басқа да мамандарын тарту арқылы жүзеге асырылуға тиіс. Қызықты өрі мелодрамалық сарындармен қатар, көрермендер үшін танымал фэнтези және шытырман оқиғалы блокбастерлердің элементтерін қоса отырып, жаңа тарихи теле-кино туындылардың жанрларын барынша кеңейту қажет. Осы мақсатпен Ұлы даланың бай мифологиялық және фольклорлық материалдарын пайдалануға болады. Ұлт қаһармандарын үлгі тұту үрдісін қалыптастыруға жол ашатын сапалы балалар фильмдері мен мультипликациялық сериалдарды аса қажет ететін өскелең ұрпақтың да талғамына ерекше назар аудару керек. Біздің даңқты батырларымыз, ойшылдарымыз бен ел билеушілеріміз – тек Қазақстан ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша елiктеуге лайықты тұлғалар.

Н.Назарбаев. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан



А Берілген тұжырымдарға қатысты «Неге?» және «Қалай?» деген сұрақтардың төңірегінде пікір білдіріңдер. Сөздің құрылымдық бөліктерін мақсатына сай қолданыңдар.

1. Жаңа тарихи теле-кино туындылардың жанрларын кеңейту керек.
2. Фильмдегі жарқын кинообраз монографиядағы деректі портреттен гөрі маңыздырақ рөл атқарады.
3. Ұлы даланың бай мифологиялық және фольклорлық материалдарын пайдалану керек.



Ә Мәтіннен септік тұлғасында келген сөздерді теріп жазып, оларға морфологиялық талдау жасаңдар.



Есте сақта!

Үтір – бірыңғай мүшелердің арасына, қаратпа, қыстырма, оңашаланған айқындауыш сөздер мен құрамалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің аражігіне қойылады.

Сөйлемдегі *қарамастан, қоспағанда, есептемегенде* деген сөздерге аяқталатын тіркестер үтірмен бөлінеді.



3-тапсырма. «Есте сақта!» айдарындағы ережеге сәйкес, үтірдің қойылуына көркем шығармадан мысал тауып жазыңдар.



А Мәтіндегі (2-тапсырма) үтірдің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



Ә Өлеңді мәнерлеп оқып, тыныс белгілерінің қойылу себебі мен қызметін түсіндіріңдер.

Сағыныш

Сағындым, жаным, мен сені!

Көркінді жүрген қуаныш қылып, мендей ме екен бар ағаң,

Шын інім болсаң, бас ұрма, жаным, есек-ғайбатқа бораған.

Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те,

Адамның заңғар ұлылығын, сен, сағынышымен есепте.

Онсыз сен тіпті тұлпар да болсаң, қосыла алмайсың қатарға,

Әуелі әбден сағынып алмай, шығушы болма сапарға.

Сағынбай барсаң, теңіз де сенің тебіренбес жастық шағыңдай,

Бұлбұлдың даусын есіте алмайсың, бауларға кірсең сағынбай.

Сағынбай барсаң, таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап,

Ойлауың мүмкін, дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап.

Үмітке толы, арманға толы, әр жерде бір түп қарағай,

Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін жамырасуға жарамай.

Биікте тұрған таулар да мынау нұрына таңның боялған,

Сені мен менің ғасырлап күткен сағынышымнан оянған.

Бабалар бізді сағынған, жаным, арманның аңсап биігін,

Әжелер бізді сағынған, жаным, талдырып асқар иығын.

Көкірегіңде сағыныш барда, мұрат та сенде бар, жаным,

Алдыңда тұрған қыраттың саған көрінбей жатқан ар жағын.

Жазира белдер қуанышыңды болмасын мәңгі шектемек,

Алдыңнан орман кес-кестеп шықса, сағынышыңмен көктеп өт.

Мен мұны саған жазып отырмын арманымды орап сезімге,

Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде.

Т.Айбергенов. «Алтын қалам» сериясымен шыққан өлеңдер жинағынан

8.7. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ОРФЕЙІ



1-тапсырма. Мәтінді оқып, қарамен берілген тіркестердің мағынасын түсіндіріңдер.

Бала кезіміз. Біздің ауылдың қысы алабөтен қатты еді. Желке жағымыздағы ұзыншұбақ Қаратаудың қойнау-қойнауын қуалай жайғасқан шөкім-шөкім ауылдардың балалары біріміздің иығымызға біріміз басымызды сұғып, шілдің балапандарындай шұбырып, екі-үш

шақырым жердегі үйлерімізге зорға жетеміз. Бұжыр-бұжыр қалақ тастардан қалап, сазбалшықтан сылаған жермешел¹ үйлерімізге бас сұға сала, үсті-басымыздың сірескен мұз-қарын қағып-сілкіп жатыр ек, әлгінде ғана өзімізбен бірге келген Ізбасар қызыл танау болып жүгіріп кірді. «Шешінбе, кеттік...», «Қайда?», «Жүр дегесін жүрсейші енді... Ғарифолла келіпті...». «Не дейді? Өнші Ғарифолла ма?! Құрманғалиев па?!». «Иә, сол... Шаңғытбайдың үйінде»...

Екі көзім атыздай болды. Сенейін десем, атақты өнші мынадай ақ қар, көк мұзда иттің өлген жерінде не бітіреді?! Сенбейін десем, өнжыр десе, ішкен асын жерге қоятын Ізбасардың мына қапылысы тегін емес... Оның үстіне, Шаңғытбайдың үйімен жақын араласады. Айтса айтқандай, ауылымыздағы жалғыз мәшине жанармай иісі бұрқырап, сол үйдің ығында тұр. Аудан орталығынан жаңа келсе керек. Үстіндегі кенеп қаптарын қоймаға апарып түсіруге де үлгермепті. Алматыдан келген сыйлы мейман суықтап қалмасын деп, басқарманың үйіне түсіріп, жайландырмақ қой. Ізбасар ойлауға да мұрша берер емес: «Болсаңшы енді, бассайшы аяғыңды», – деп зіркілдеп бітті.

Ұяла басып, үйге кірдік. Бізге ілесе келген салқын ауа үйдің ішін ақ тұманға көмді де жіберді. Үйдегілердің бет-әлпетін айырып болар емес. Қауқылдаған дауыстар ғана естіледі. Біраздан кейін отырғандарға көзіміз түсті. Қақ ортада шофер Оразхан. Керзі етігін шешпей, жүресінен қонжия кеткен Оразханның қолтығының астынан көзіміз шалды. Өлдене жылт-жылт етіп, зып-зып айналып жатыр. Е, патефон² екен ғой...

Көз ілеспес жылдамдықпен зыр көбелек айналған күйтабақтан шығып жатқан дауыс үлкендердің көңілін қозғап, естеріне қай-қайдағыны түсіріп, көз алдарына баяғыда өткен қайран дәуренді әкелгендей. Мүлгіген де қалған. Ал жастардың көздері шоқтай жайнап, езулері жыбырлап, ең далада қасқыр қуып келе жатқандай екілене түсті. Аядай үйдің іші далаға, ауыл-үйдің қаудырлаған көрі-құртаңы мен саудыраған бала-шағасы иін тірескен алашқа айналып бара жатқандай.

Иә, ол құлағы бардың бәрін еліттірмей қоймайтын нағыз Орфей³ еді. Дала Орфейі еді. Мұндай өншіні ежелгі Эсхил ұлықтаған Аполлонұлы⁴ Орфейге теңемегенде, кімге теңейміз?! Өншілігі қандай ерен болса, актерлігі де сондай ерен еді.

Өншілер дала қызғалдақтарындай ғой. Қайта гүлдемейді. Қайта өнеді. Бұр шашпайды, дән шашады. Ғарифолла да қайта тумайды. Олай ету тіпті табиғаттың да қолынан келмейді. Ол тек қазақ көкірегінде

¹ Жермешел – жергілікті сөз. Аласа, тапал.

² Патефон – граммофон пластинкасынан дыбыс шығаруға арналған өртүрлі тетігі бар аппарат.

³ Орфей – ежелгі грек мифологиясындағы музыка және өлең құрастыруды ойлап табушы.

⁴ Аполлон – ежелгі грек мифологиясындағы өнер мен жарықтың құдайы.

өшпес аңыз болып, өзекті өртей түседі. Ол көрсеткен өлмес өнеге ғана ұрпақтар талантына дарып, рухани көсегемізді қайта көгертпек.

Ә.Кекілбаев. «Қазақ даласының Орфейі».
«Фариғолла Құрманғалиев туралы естеліктер» кітабынан



А Мәтіннің құрылымдық ерекшеліктеріне назар аударып, басталуы мен қорытынды бөлімдерін табыңдар.



Ә Мәтінге стильдік талдау жасаңдар.



Б Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себептері мен қызметін түсіндіріңдер.



2-тапсырма. Өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тыныс белгілері қандай қызмет атқарады?
2. Тыныс белгілерінің ерекшелеуші қызметі деген не?
3. Тыныс белгілерін қоюда неге сүйенеміз?
4. Сөйлем соңындағы тыныс белгілері қандай қызмет атқарады?
5. Көп нүктенің атқаратын қызметтері қандай?
6. Нүктелі үтір қандай жағдайларда қойылады?
7. Көпшілік алдында сөйлеудің қандай түрлері бар?
8. Шешеннің аудиториямен байланысы дегеніміз не?
9. Көпшілік алдында сөйлегенде шешен нені білу керек?
10. Шешендік сөздің кіріспе бөлімі қандай міндет атқарады?
11. Көпшілік алдында сөйлейтін сөздің негізгі бөлімінің міндеті не?
12. А.Байтұрсынұлы көрсеткен сипаттау түрлерін ата, мысал келтір.
13. Баяндауда қолданылатын түсіндірудің жалқылау әдісі деген не?
14. Жұрт алдында сөйлейтін сөздің қорытынды бөлімінің міндеті не?
15. Қорытынды бөлімге төн тілдік ерекшеліктерді атап, мысал келтір.



3-тапсырма. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

1972 жылы үндістандық бір жас жігіт Жер шарына саяхат жасағысы келетінін, бірақ оған ақшасы жоқ екенін, сондықтан қаржылай көмек жасауды өтініп, Джон Леннонға хат жазады. Леннон оған былай деп жауап береді: «Медитациямен айналыс. Сонда бүкіл әлемді алысқа ұзамай-ақ ойша көре аласың».

Алайда 1995 жылы үнді жігітінің арманы орындалады. Ол Леннонның хатын аукционға шығарып, саяхат жасауға жететін мол қаржы табады...

Ж.Мәкішев. «Мәдениет» журналынан

Өзіңді тексер!

1. Жақша қандай жағдайда қойылатынын көрсет.
 - а) Ойдың аражігін ажырату үшін;
 - ә) сөйлемді ықшамдап қолданған кезде;
 - б) аяқталмай қалған ойды тұспалдап көрсету үшін;
 - в) ойды не сөзді айқындап, қосымша түсінік беру қажет болғанда.
2. Жақша дұрыс қойылмаған сөйлемді тап.
 - а) Шыңғысхан он адам бір адамға бағынсын деп бұйырған (біздіңше оны онбасы дейді), ал ол онбасы жүзбасыға бас иген (*І.Есенберлин*);
 - ә) Барақ (*абыржып*). Қашайық мынау қамалдан. Қаладан тез кетелік. (*Қалтарыс жаққа қарайды*). Маған қашу енді кеш... (*Ә.Кекілбаев*);
 - б) Қазіргі қазақ тілінде актив қолданыста жүрген сөздердің көбі «бөгделік» тұрпаты орфограммасы (сақталған) бірліктер болып табылады (*Р.Сыздық*);
 - в) Қазіргі қазақ тілінде *абыз* – көне сөз, «аса білгір, білімдар адам» деген мағынаны білдіреді (*ҚТТС, 2008, 12-бет*).
3. Шешен үшін маңызды шарттарды (нені айту? қайда айту? қалай айту?) көрсеткен ғұлама кім?

а) Абай;	ә) Цицерон;
б) әл-Фараби;	в) Аристотель.
4. Көп нүкте қоюдың шартына жатпайтын нұсқаны көрсет.
 - а) Дауыс ырғағындағы кідірісті білдіру;
 - ә) дәйексөзді ықшамдап алған жағдайда;
 - б) негізгі ойды қосымша нақтылау қажет болғанда;
 - в) ойдың аяқталмай қалғандығын тұспалдаған кезде.
5. Дәлелдеме шешендік сөздің қай бөлігінде қолданылатынын көрсет.
 - а) Кіріспеде;
 - ә) негізгі бөлімде;
 - б) қорытындыда;
 - в) барлық бөлімде.
6. Шешендік сөзде дәлелдеме қолдану не үшін қажет?
 - а) Нысанды ғылыми түрде талдап, салыстыру үшін;
 - ә) шешенге тыңдаушының ықыласын өзіне аудару үшін;
 - б) ойды баяндауда жалпыдан жалқыға қарай ауысу үшін;
 - в) ой шындығына көз жеткізіп, тыңдаушының сезіміне әсер ету үшін;
7. Сөйлемге қажетті тыныс белгісін қой.

Ақылды ісіне сенеді ақымақ күшіне сенеді.

а) Үтір;	ә) қос нүкте;
б) көп нүкте;	в) нүктелі үтір.

8. Тыныс белгісі қате қойылған сөйлемді тап.

а) Шешеннің қалауына қарай негізгі жоспар екі түрде: жай және күрделі жоспар түрінде жасалады (*Ж.Дәулетбекова*).

ә) ...Академиялық сипаттағы үлкен орфографиялық сөздіктің бесінші басылымы Алматы: «Арыс» баспасы, 2005 академик (Р.Сыздық-тың) редакциялауымен жарық көрді (*Орфографиялық сөздік*).

б) Сабырлық алдында не дұшпан сасады, не сабырсыздан береке қашады (*Б.Момышұлы*).

в) Тақыр жерге су төксең, тайғақ болар; Жаманға сырыңды айтсаң, тар жерде айғақ болар (*Мақал-мәтел*).

9. Ойдың түйіні тезис түрінде баяндалатын бөлімді көрсет.

а) Кіріспе;

ә) қорытынды;

б) негізгі бөлім;

в) кіріспе, қорытынды.

10. Сөйлемге қажетті тыныс белгісін қой.

Үйге кіргізу тңгіл жақындасуға рққсат жоқ (Ғ.Мүсірепов).

а) Үтір;

ә) жақша;

б) сызықша;

в) нүктелі үтір.



Ғалым болам десеңіз...

1. *Р.Сыздықова*. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). Астана: Елорда, 2000.
2. *Г.Қосымова*. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. Алматы: Білім, 2003.
3. *Ж.Т.Ибраимова*. Қазақ тілі (пунктуация). Оқу-әдістемелік құрал. Алматы: Қазақ университеті, 2012.

ПУНКТУАЦИЯ СӨЙЛЕУ МӘНЕРЛІЛІГІ

Бұл бөлімде сендер:

- еңбек нарығы және сұраныс туралы мәтіндерден автор позициясын талдай отырып, негізгі ойды анықтайсыңдар;
- шешендік сөздер туралы білімдеріңді толықтырасыңдар;
- сөйлеу мәнерлілігі ерекшеліктерін айқындап, қажетті құралдарды қолданудың тәсілдерін үйренесіңдер;
- мәнерлі сөйлеудің негізгі белгілері, интонацияның 5 түрлі функциясы бойынша мәтіндерді талдап, қызықты жаттығулар орындау арқылы іскерлік дағды қалыптастырасыңдар.

9.1. НАРЫҚ



Нарық туралы не білесіңдер?



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, стилін анықтаңдар.

Нарықтық экономика

Нарық – тауарларды сатып алу-сатумен байланысты экономикалық қатынастар жиынтығы. Ол қоғамдық тұтынушылар мен өндірушілерді байланыстырудың тиімді механизмі ретінде әлемдік өркениеттің ұлы жетістіктерінің бірі саналады. Алайда нарық механизмі кәсіпкерлік пен бәсекелестікті дамытпайынша өмір сүре алмайды. Ал бұл меншіктің алуан түрлі формалары, өртүрлі жеке тауар өндірушілер болғанда ғана мүмкін. Нарық бар жерде өндіріс экономикалық жағынан әлсіз, өмір сүруге қабілеті жоқ шаруашылықтардан тазарып, керісінше, тиімді жұмыс жасайтындарға қолайлы жағдай жасайды. Бұл нарықтың қоғамға қажет шаруашылық бірліктерін іріктеудің ең әділетті төрешісі екенін көрсетеді.

Сондай-ақ нарық механизмі мінсіз емес, оның елеулі қайшылықтары да бар. Оның жағымсыз жақтарына әлеуметтік жіктелу, әлсіздерге, әсіресе банкротқа ұшырағандарға деген мейірімсіздік, жұмыссыздықтың болуы жатады. Нарық экономиканы бірыңғай сұранымға ғана бағдарлап, орны толмайтын табиғат ресурстарын және қоршаған ортаны

сақтауды қамтамасыз етпейді. Сондықтан мемлекет қоғам атынан адамдардың дұрыс экологиялық жағдайда өмір сүру құқын реттеп отыратын шараларды жүзеге асыруы қажет.

«Қазіргі заманғы нарық: табиғаты және дамуы» кітабынан



А Топтарға бөлініп, оқылым мәтінінде берілген ғылыми ақпараттарды «SWOT» талдау арқылы тірексызба жоспарын құрып түсіндіріңдер.



Ә Оқылым мәтіні бойынша құрған жоспарларыңды басшылыққа алып, дәйек-сөздер мен сілтемелер қолдана отырып, өз ойларыңды түсіндіру, дәлелдеу мәтінін жазыңдар.

Грамматикалық материал

Мәнерлі сөйлеудің негізгі белгілері

Интонация әдеби тілдің орфоэпиялық нормасын сақтап, дұрыс сөйлеудің басты негіздерінің бірі болып табылады. Сөйлеу барысында әр сөйлемді, сөйлемдегі жеке сөздерді, сөздер түйдегін, сөздер тізбегін, сөздер шумағын тиісті әуенмен, ырғақты үнмен мәнерлі айтып, сазына келтіре сөйлеген кезде айтылатын ой түсінікті болып шығады. Мұның бәрі интонацияның басты 5 түрлі функциясына байланысты:

- 1) сөйлемнің жалпы коммуникативтік түрлерін анықтау;
- 2) жеке коммуникативтік типтерін ажырату;
- 3) сөйлем, мәтін мазмұнының өзгешеліктерін ажырату;
- 4) мәтіннің сөйлемдері мен синтагмаларын бір-бірінен айырып, бөліп алу және олардың басын қосу;
- 5) әртүрлі эмоцияны белгілеу.



2-тапсырма. Берілген сөйлемдерді тыныс белгілеріне сүйеніп, дұрыс интонациямен түрлендіріп айтыңдар. Қандай өзгеріс болғанын түсіндіріңдер.

– Уай, асыл ағам! Уай, асқақ інім! Ағасы бардың жағасы бар емес пе?! Жағасы бардың тоқсан пәледен сақтар панасы бар емес пе?! Інісі бардың тынысы бар емес пе?! Тынысы бардың елде – ырысы, жауда – ұрысы, дауда жұмысы бар емес пе?!.

Қазыбек би



3-тапсырма. Қазыбек бидің шешендік сөздеріне дәптерлеріңе «Екі түрлі түсініктеме күнделігін» толтырыңдар.

Дәйексөз (цитата)	Түсіндірме
Ағасы бардың жағасы бар.	
Жағасы бардың тоқсан пәледен сақтар панасы бар.	
Інісі бардың тынысы бар.	
Тынысы бардың елде – ырысы, жауда – ұрысы, дауда жұмысы бар.	



Есте сақта!

Тырнақшаның функциялары

Тырнақшаның қойылуы кідіріске, интонацияға немесе сөйлеудің құрылыс ерекшеліктеріне байланысты болмайды. Яғни ол тыныстық белгі емес. Тырнақшаның мағынасы да, функциясы да алуан түрлі. Ол бір жағдайда тырнақшаға алынған сөздің немесе сөйлемнің бөгде біреудікі екенін білдірсе, екінші бір жағдайда тырнақша ішіндегі сөздің, сөздер тіркесінің өзінің тура мағынасында қолданылмай тұрғандығын, болмаса бір заттың (түсініктің) шартты атауы екендігін білдіреді. Мын адай функцияларда қолданылады:

- цитата түрінде келтірілген біреудің сөзі тырнақшаға алынып жазылады. Мысалы: *«Шынында да, көптен бері осы ой маза бермейді. Неге екенін білмеймін, кеткім келмейді», – деді ол ойлы қалыпта;*
- кері мағынада, ажуа, сықақ, кекесін түрінде айтылған сөздер тырнақшаға алынады: *Распутиннің «тәрбиесіне» түскеннен кейін, бақыттың «кілті» кімнің қолында екенін Алексей көрді (С.Мұқанов);*
- газет-журналдар, әдеби-өнер шығармалары, кемелер мен ұшақтар, шахталар мен кен орындары, фабрикалар мен зауыттар, ұжымшарлар мен ауылдар, жер-су атаулары, мекемелер мен ұйымдар, көлік маркалары және т.б. аттары тырнақшаға алынып жазылады.



4-тапсырма. Берілген сөйлемдердің тиісті жеріне тырнақша қойып жазыңдар.

Көбеген жаңадан келген тракторист ескі таныстарының бірі болмас па екен деген оймен жолдан бұрыстау болса да, әдейілеп солай бұрылған... Ол екі жиренді шықпырта соғып, қара парды қақ жарып, бір тоқтап, бір жүрген ескілеу ДТ-54 тракторына тура тартты...

Ол аттарды жеделдете айдап, енді жете берген кезде, трактор тоқтады да, үстінен комбинезон киген талдырмаш денелі бала секіріп түсті. Механик енді трактордың капотын ашып қойып, оған әлденелерді түсіндіре бастады. Мәссаған, мынасы бесінші кластың оқушысы ғой деп салды бұл трактористің де сырт тұлғасынан көңілі әбден қалған Көбеген. Трактормен қатарласа кеп арбасынан түсуге ыңғайлана бергенде, көзі комбинезонды баланың құлақшын астынан түйіп алған қалың қара бұрымына түсті...

С.Мұратбеков. «Көктемгі егіс кезінде» әңгімесінен



А С.Мұратбеков шығармасынан берілген үзіндіден сілтеме ала отырып, тырнақшаның қойылу себебін түсіндіретін дәлелдеме жазыңдар.



Ә «... тырнақша қойылады» деп аяқтап, тырнақшаға өз сөздеріңмен анықтама беріңдер.

9.2. ЕҢБЕК НАРЫҒЫ



Еңбек пен нарық ұғымдары неге қатар қолданылады?



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, бір-біріңе сұрақтар қойып талқылаңдар.

Еңбек нарығы – жұмыс күшін тауар ретінде сату-сатып алу туралы экономикалық қатынастар жүйесі. Нарық еңбекке қабілетсіздерді, жалқау, әлсіздерді ешқашан аямайды. Ол еңбектің жоғары шапшаңдығын, іскерлік пен біліктілікті талап етеді.

Еңбек нарығы – бәсекелік нарық. Оның құрылымдық-функционалдық ұйымдастырылуы өте күрделі болғандықтан, жұмыс орындары мен еңбек ресурстарының арасында сәйкессіздік болады. Жоғары біліктілікті талап ететін жұмыс орындарының бір бөлігі бос болып қала береді, ал арнайы дайындығы жоқ адамдардың бір бөлігі жұмыс таба алмайды. Осындай жағдайда қандай болмасын жұмыс табу үшін жұмыссыздар арасында бәсекелестік пайда болады. Сондай-ақ өз еңбегімен жоғары табыс табуды көздеген, жоғары білікті жұмыскерлер мен мамандар да бір-бірімен бәсекелес болады.

Т.И.Какижанова



А Сөздікпен жұмыс. Мәтіннен термин сөздерді анықтап, мағынасын түсіндіріңдер. Терминдер қай салаға жататынын анықтап, дәптерлеріңе толтырыңдар.

Терминдер	Түсініктемесі



Ә Қазақстандағы еңбек нарығы туралы ізденіп, ойларыңды тірексызба түрінде жазыңдар.

Грамматикалық материал

Интонацияның коммуникативтік функциясы

Интонация – сөйлем құрылысын, оның ерекшеліктерін және сөйлемнің түрлерін анықтаушы негізгі құралдардың бірі.

Интонацияның бұл функциясы сөйлемнің жалпы мағынасы мен оның түрлерін ажыратып, олардың не хабарлы, не сұраулы немесе бұйрықты екенін анықтайды.



2-тапсырма. Жұптасып диалог құрыңдар. Диалогтеріңдегі интонация қандай қызмет атқарғанын анықтаңдар.



А Мәтінді мұқият тыңдап (29-аудио), мәтіндік талдау жасаңдар.

Мәтін тақырыбы	Көтерілген мәселе	Автордың негізгі ойы	Сөйлемдердің құрылымы	Интонациялық жағдайы



Есте сақта!

Тырнақша дәйексөздерді жазуда қолданылады. Алынған дәйексөз бірнеше азат-жолдан құралған болса, әр азатжол бөлек-бөлек тырнақшаға алынбайды. Тырнақша дәйексөздің басталған жерінен ашылып, біткен жерінен бір-ақ жабылады.

Мақалдар да тырнақшаға алынады, бірақ оның алды-артынан төл сөзге тиісті тыныс белгілері қойылмайды. Мысалы: «Қалауын тапса, қар жанады» деген мақал – үлкен философия (Ф.Мұстафин).



3-тапсырма. Мәтіндегі тырнақшаның қойылу себебін анықтап, дәптерлеріңе кестені толтырыңдар.

Бірде барлау жұмыстарын жүргізген бір экспедиция: «Осы арада жерасты теңіздің кіндігі бар екен» дегенді айтыпты. Шынында да Жылыбұлақ теңізге кіндік болса болар. Кейбір бұлақтарға жүз қара мал кеп, бірден бас қойғанда тақыл-тұқыл боп тартылып қалатыны бар, ал Жылыбұлаққа өлденеше жүз мал – тек тұмсықтары сыйысып тұра алса болды – айнала жапырлап кеп бас қойғанда да қыңқ етпейді. Қайта суы молая түсетін тәрізді. Жылыбұлақтың суын мал да мейірі қанғанша тамсана-тамсана ұзақ сіміреді. Егер адамша сөйлей алатын болса: «Ах, шіркін, қайран Жылыбұлақтың суы-ай!» десер еді олар да.

Жылыбұлақтың суы атына сай, ішкенде жалпы шөл суына төн кермек дәмі де білінеді ештеп. Бірақ сонысына қарамастан, жұтқан сайын сарайың ашылып, іше түскің кеп, аңсарың ауа береді. «Осындай да төтті су болады екен-ау» деп еріксіз тамсанасың...

С.Мұратбеков. «Жеңеше» әңгімесінен

Жер-су атаулары	Дәйексөз	Мақал	Жазылу емлесі	Тырнақшаның қойылу себебі



А Тырнақшаға қатысты 4 сұрақ құрастырыңдар.

9.3. СҰРАНЫС, ҰСЫНЫС ЖӘНЕ БАҒА



Сұраныс, ұсыныс және баға деген терминдердің ішінде өзің білетініңді тарқатып айт.



1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңдар (30-аудио). Ақпаратқа сүйеніп, ой бөлісіңдер.



А Жұптық жұмыс. Тыңдалым мәтіні бойынша 3 сұрақ дайындаңдар. Жұптарыңмен алмаса отырып, сұрақтарға жауап жазыңдар. Бір-біріңді тексеріп, бағалаңдар.



Ә Топтық жұмыс. «Нарықтағы тұтыну бағалары» деген тақырыпта талқылау жүргізіңдер. «Галереяны шарлау» әдісін қолданыңдар.

1-топ. Сатушы.

2-топ. Сатып алушы.

3-топ. Журналистер.

Грамматикалық материал

Тема және рема

Интонацияның жеке коммуникативтік типтерді ажырату функцияларының бірі – тема мен рема.

Тема дегеніміз – сөйлемнің (хабардың) бастапқы бөлігін жасаушы компонент. Ал рема сөйлемдегі жаңа нәрсе туралы хабарлайтын өзекті мүшелу компоненті. Сөйлемде ремаға дауыс екпіні түседі, сөйлемнің соңғы бөлігінде орналасады. Сондықтан ол көбіне сөйлемнің баяндауышы немесе баяндауыштық топты құрайды. Сөйлемнің (хабардың) толық болуы тема мен реманың үйлесуіне байланысты болады. Мысалы: *Көшіп келе жатқандар – Абай ауылымен көрші ауылдар (М.Әуезов).*



2-тапсырма. Берілген сөйлемдердің тема болатын компонентін ремалық компонентпен толықтырып жазыңдар.

Тема сөйлемдер	Рема сөйлемдер
Кітапханадағы жұмысын бастады.	
Газеттің бүгінгі басылымында жарияланды.	
Көктемнің жайма-шуақ күнінде наурыз тойланды.	
Ол жұмыс күнінің ұзақтығынан шаршады.	
Азия ойындары олимпиадасына қатысатын болды.	



А Берілген сөйлемдердің тема және рема бөліктерін ажыратып, себебін түсіндіріңдер.

Қала жастары көмекке бұдан бұрынғы жылдарда да келетін. Олар өздерімен бірге ауылға өзгеше бір думан ала келуші еді. Күнде кешкісін колхоз клубында сауық кештері өтіп, билер биленіп, түрлі ойындар

ұйымдастырылатын. Күнүзынғы жұмыстан кейін кешкі тамақтарын ішер-ішпестен жуынып, таза киініп клубқа жиналатын қаланың жігіттері мен қыздарының өдеті колхоз жастарының да бойына сіңісе бастаған.

С.Мұратбеков. «Өлең» әңгімесінен



Есте сақта!

Сызықша – мағынаға да, функцияға да бай тыныс белгісі. Ол сөйлеудің белгілі бір бөлшектерін басқа бөлшектерден бөлу үшін де, жақындастыру, қосу үшін де, сөздердің арасындағы мағыналық синтаксистік қатынастарды айқындау үшін де қолданылады. Мұндай функцияда қолданылғанда сызықша кейде қосарлы, кейде дара болып келе береді.

Сызықша бастауыш пен баяндауыш мүшелер арасына қойылады. Бұл орында ол бұл екі мүше арасында азды-көпті кідіріс барын білдіріп, ол екеуін сөйлемнің басқа мүшелерімен шатастырмауға, бұл екеуінен құралған сөйлемді оған ұқсас сөздер тіркесімен шатастырмауға көмектеседі. Мысалы: *Адам – ардақты ат. Астық – халық дәулеті.*



3-тапсырма. Мәтінде кездесетін сызықшаны дұрыс қойып жазыңдар.

...Өлтірген бүгін аруақты айтып отырған осы Тұңғатар, оның атқан оқ, шапқан қылышы болған жас, албырт інісі Қожамберді. Бірақ өзі қылған қаталдықтың артынан өз-өзінен шошынып, дертті болып, келесі жылы өкінішпен өртенгендей болып, Қожамберді де дүние салды.

Аянышсыз, өкінішсіз, мал кеуделі Тұңғатар, міне, Ұзаққа атап отырған кәрі аруақ, қасиетті әліктердің ішінде арманменен уланған, өке жүрегіне өулиедей қадірлі көрінетін, ең қасиетті аруақ Бөкей аруағы. Соның қатал дұшпаны Тұңғатар.

М.Әуезов. «Қилы заман» шығармасынан



А Өздерің таңдау жасаған мамандықтарың туралы дайын жоспар негізінде шағын эссе жазыңдар. Эсседе сызықшаның қойылу жағдайларын қолданыңдар.

I. *Кіріспе.* Мамандықты таңдаудың өзектілігі (3–4 сөйлем).

II. *Негізгі бөлім.*

• Мамандықты ұнатудың себептері ретінде қолдаушы сөйлемдер (3–4 сөйлем).

• Алға қойылған мақсаттар мен міндеттер (3–4 сөйлем).

• Болашақтан күтілетін істер мен нәтижелер (3–4 сөйлем).

III. *Қорытынды бөлім.*


• Ойды жинақтау бағытындағы сөйлемдер (3–4 сөйлем).

• Нақты қорытынды шешім, тоқтету түйін (2 сөйлем).

9.4. ТАПШЫ МАМАНДЫҚТАР



Болашақта қандай мамандық иесі болғың келеді? Елімізде қандай мамандықтарға сұраныс мол деп санайсыңдар?



1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, синтез жасаңдар.

... Әр он жылда жоғары оқу орындары оқытатын мамандықтардың тізімі өзгеріп отырады. Бұрын болмаған мамандықтар пайда болып жатыр. Қазірдің өзінде биотехнология, нанотехнология, робототехника, ақпараттық технология сынды көптеген жаңа мамандықтар бар. Әр он жылда 4 мамандықтың 40 пайызы ескіріп, орнына жаңасы пайда болады. Демек, бұрын армандап жүрген мамандығыңызға сұраныс азаюы мүмкін. Ол жалпы мемлекеттік деңгейде, болмаса аумақтық сипаты болуы мүмкін. Мәселен, көптеген аймақта мұнай саласының бірқатар мамандары, тағы бір өңірлерде мұғалімдер, экономистер, заңгерлер көп кездеседі. Бұл кейбір облыстарда осындай мамандығы бар жастардың жұмыс табуын қиындатады. Сонымен қатар кейде мамандық алуды жоспарлаған кезде қате қадам жасап алатынымыз бар. Арнаулы орта оқу орнында да, бакалавриатта да, магистратурада да бір мамандықты оқитын азаматтар көп кездеседі. Егер «ғылыми ізденіс жасаймын» деген азаматтар болса, бұл қадам дұрыс. Бірақ маман болып шығуды көздесе, мұндай қадам қате болуы мүмкін. Мәселен, бастауыш мектепте оқыту мамандығын алайық. Бұл мамандықты колледжде оқып, бакалавриатта шет тілін оқуға болады. Бірақ магистратураға келгенде педагогика мен психологияны оқыса, маманның сапасы артары анық. Жалпы, мықты экономист болу үшін тәуір заңгер, қаржыгер болуыңыз қажет. Қосымша біліктілік ретінде соларды оқыған дұрыс. Сол себепті колледжді техникалық мамандық бойынша, бакалавриатты басқару жүйесі бойынша, магистратураны

құқық бойынша оқыса, азаматтар үшін ұтымды болар еді. Сонда білім алудың әр деңгейі сізге қосымша мүмкіншілік ашады...

«Ақ жол» газетіндегі Республикалық үйлестіру кеңесінің жетекшісі Мұрат Өбеновпен сұхбаттан

Мамандық атаулары	Артықшылығы



А Мамандықтар туралы пікірталас жүргізіңдер. Болашақта қандай мамандықтар сұранысқа көп ие болады деп ойлайсыңдар? Не себепті? «ПОПС формуласын» қолданыңдар.

Менің ойымша ...

Себебі мен оны ... деп түсінемін.

Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...

Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...

Грамматикалық материал

Интонацияның эмоцияларды айқындау функциясы

Бұл функция адамдардың түрлі ой-сезімін, оның құбылуын, өзгеруін білдіреді. Кейде сөйлемнің реңі ғана өзгеріп қоймай, оның негізгі мағынасы да өзгеріп кетуі ықтимал. Мысалы: *Мен сізді жақсы білемін* деген сөйлем әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Бұл сөйлем жағымды, көтеріңкі әуенмен, қуаныш сезімді интонациямен айтылса, дұрыс жай-күйді білдіреді де, жағымсыз, төмен, созылыңқы интонациямен айтылса, кекесін, жағымсыз мағынаға ие болады. Сондай-ақ интонация сөйлеп тұрған адамның хал-ахуалы мен оның айтылып тұрған ойға, жағдайға қалай қарайтынын білдіреді. Сөйлеушінің айтылған ойды, жағдайды қолдайтын-қолдамайтыны, оған қуаныш-ренішпен не мысқыл сезіммен қарайтыны интонация арқылы анықталады.



2-тапсырма. Берілген мәтіннен эмоцияға қатысты сөйлемдерді анықтаңдар.

Шофер машинаны тоқтатқан.

– Тоқтама, жүре бер, – деген Сергей.

– Жүресіздер ме, жоқ түсесіздер ме? – деді шофер.

– Әрине, жүреміз, – деді Сапар. – Тамаша!.. Сераға, қарашы, қандай тамаша! – деп қояды Сапар.

– Сұлу екен!..

С.Мұратбеков



А Мәтін сөйлемдерінің қандай эмоция арқылы жасалғанын, қызметін түсіндіру мәтінін жазыңдар.

Үлкендер орталарын ашып, айнала тұра қалған, ортаға жыларман боп Антонина шыға келді.

– Ұялмайсыздар ма?! – деді айқайлап. – Жоқ, бұл жекпе-жекке мен рұқсат етпеймін, – деп Сапардың қасына барып тұра қалды.

– Қыстырылмай былай тұр, – деп әкесі оны шетке тартқан, Антонина бұлқына қарсыласып бой берер емес...

С.Мұратбеков. «Телі өскен ұл» повесінен



Есте сақта!

Сызықшаның қызметі

Сызықша өзінің алдындағы сөздің немесе сөздер тіркесінің мағыналарын айқындау, саралап ашып көрсету үшін қолданылатын оңашаланған айқындауышты бөлу үшін қойылады. Мысалы: *Шұбырған нәпір – ауыл қарттары, қатын-қалаш, бала-шаға – түйе палуанды көрмекке шұбырды.*

Сызықша бірыңғай мүшелерден кейін келген жалпылауыш сөздің алдынан қойылады да, соңғысының жинақтауыш сөз екендігін, мағыналық жақтарынан олардың мәндестігін білдіру қызметін атқарады. Мысалы: *Керуен көшетін сауда жолдары, ұлы базарлар, атақты қалалар, су жолдары – барлығы да бүгін айрықша керек болған.*

Сызықша мезгілдік, мекендік шаманы, шекті білдіретін сөздер арасында қолданылады. Мұндай орынның кейбіреуінде түсіп қалған шығыс жалғауының орнына қолданылады. Мысалы: *Оның 1928–1940 жылдар аралығындағы өмірі оқумен өтті. Олар Алматы–Маскеу пойызына отырды.*



3-тапсырма. Ережені негізге алып, сызықшаның қойылу жағдайларына мысалдар келтіріңдер.



А Ереже бойынша сызықшаның қойылуына 3 сұрақ құрастырыңдар.

9.5. БОЛАШАҚТЫҢ МАМАНДЫҒЫ



Болашақта қандай жаңа мамандықтар пайда болуы мүмкін? Болжам жасап көріңдер.



1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңдар. Деректерге сүйеніп, ой бөлісіңдер.

Ғалымдардың болжамы бойынша, әлемде 2030 жылға таман бүгінгі қолданыстағы 57 мамандық түбірімен жойылып, 186 жаңа мамандық дүниеге келеді екен. Өткен жылғы Давос экономикалық форумының баяндамасында 2020 жылы әлемдегі интеллект пен роботты техниканың дамуы нәтижесінде 2 миллион жаңа жұмыс орны ашылатындығы, бірақ технологиялық жетістіктердің дәл осы мерзімде 7 миллионнан астам жұмыс орнын қысқартуға алып келетіндігі атап көрсетілді. Қазір мектеп қабырғасында жүрген оқушылардың 63 пайызы таяу болашақта бүгін заты түгілі, аты белгісіз мамандықтар бойынша жұмыс істейтін болады.

Инновациялық технологиялардың даму бағытын бағдарлауға байланысты «болашақта мына салалардың мамандарына сұраныс артуға тиіс» деген болжамдар да бар. Сарапшылардың бірауызды пікірі бойынша, «цифрлы дәуір» болашақ мамандардан үлкен икемділікті,

үйлесімді іскерлікті, жедел оқуды және шұғыл да тиімді ақпарат алмаса білуді қажет етеді. Кейбір сарапшылардың айтуынша, таяу болашақта ішінара жұмыспен қамтылу форматы (гик-экономика) басымдық алатын болады. Нақты болжамдар бойынша, болашақта ірі компанияларда жұмыс істейтіндердің үштен бірін фрилансерлер (өртүрлі жұмыс берушілердің тапсырыстарын бір мезгілде орындайтын еркін маман) құрайды. Олар краудсорсингтер (бір тапсырманы орындауға жұмылған топ) арқылы белгілі бір компанияға ресми түрде жұмысқа орналаспай-ақ тапсырылған жұмысты атқарып береді. Сонымен бірге болашақта офистік қызметкерлерге деген сұраныс күрт төмендейді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, әлемдегі таяу болашақта қысқаратын 7 миллионнан астам жұмыс орнының үштен бірі осы офистік қызметкерлер болмақ. Жалпы, озық технологиялар заманында офиске деген қажеттілік те барған сайын азая бермек. Осы орайда «цифрлы дәуір» мамандарының бойынан бірінші кезекте табылуға тиіс қасиеттер мен дағдыларды еске сала кеткен жөн. Бұл ретте, ең алдымен, икемділік пен іскерлікке ерекше басымдық беріледі. Сонымен бірге болашақ мамандарының бойынан қалыптасқан ахуалға жылдам бейімделу және сабырлылық, жұмысқа барынша икемділік көрсете отырып, тұрақсыздықтың алдын ала білу, білімін арттыруға үнемі ұмтыла беру, жан-жақты қабілетті болу сияқты қасиеттер мен дағдылар қажет болады. Ертеңгі интеллектуалды болашақ мамандығының негізгі тұғыры – жан-жақты сапалы білім. Тұрақты және жедел оқу тәсілі білікті маман даярлаудың басты ұстанымдарының бірі болып қалмақ.

Ж.Жағыпарұлы



А Екі топқа бөлініп, «Цифрлы дәуір мамандықтары» туралы практикалық кейсті шешіндер. Болжам жасаңдар.



Ә Мәтінді негізге алып, деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-деңгей. Мәтіндегі маңызды сөйлемдердің, терминдердің мағынасын анықтаңдар.

2-деңгей. Мәтінге талқылау сұрақтарын дайындаңдар.

3-деңгей. Мәтінге сыни тұрғыдан баға беріңдер.

Грамматикалық материал

Интонацияның үстеме мағына беру қызметі

Сөйлемнің жалпы коммуникативтік мағынасына интонация арқылы басқа үстеме мағына, яғни қосымша мағына берілуі мүмкін. Олар мазмұнына қарай *санамалау интонациясы, қарсылықты интонация, біріктіру, жалғастыру интонациясы, қыстырма сөз, сөйлем интонациясы* болып бөлінеді. Мысалы: *Абай// Біржан// Ербол// Әйгерімдер тысқа шығып, оларды аттандырды (М.Ә.). Сол сәтте// неге екенін қайдам, // Меңдеш есіме түсті (М.И.).*



2-тапсырма. Берілген сөйлемдердің айтылу интонациясына қарай мазмұндық жігін анықтап, сызба арқылы көрсетіңдер.

Ауылшаруашылығына келер болсақ, Алматы, Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Шымкент сияқты адам саны көп, үлкен мегаполистердің айналасында қаншама сүт зауыттары жұмыс жасап жатыр. Солардың айналасында құрт, май, ірімшік және тағы басқа да ұлттық тағамдар өндіретін кластерлік жүйе қалыптастыру қажет. Шетелден тамақ тасу деген, менің ойымша, экономикалық диверсия¹! Себебі ол өзіміздің өндірісті тоқтатып қойып, шетелдің өндірісін дамыту деген сөз. Мұнайдан, металдан түскен, басқа да табысымыздың бәрін шетелдік тамаққа жұмсайтын болсақ, онда не болғаны?! Сонда Қазақстан халқы тек тамақ ішу үшін өмір сүріп отыр ма? Өзіміздің өндірісті қолға алу керек! Ол үшін шикізат жеткілікті, ендігі міндет – соны өндіру.

Ө.Сатыбалдин

Үлгі.

Сөйлемдегі интонация	Интонацияның қызметі
Ауылшаруашылығына келер болсақ, Алматы, // Астана, // Қарағанды, // Шымкент сияқты адам саны көп, // үлкен мегаполистердің айналасында қаншама сүт зауыттары жұмыс жасап жатыр.	Санамалау қызметін атқарып тұр.



А Интонацияның қосымша мағыналарын санамалап, әрқайсысын тарқатып көріңдер.



Есте сақта!

Қос нүкте мынадай орындарда қойылады:

а) соңғы жай сөйлемі алдыңғы жай сөйлемдегі пікірді талдап, саралап ашып түсіндіретін құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдері арасына қойылады. Мысалы: *Кісі Қызылорда елінің екі ісіне қайран қалады: бірі – кетпен шабу, бірі – егін ору (С.М.);*

ә) бірыңғай мүшелер алдында келген жалпылауыш сөзден кейін қойылады. Мысалы: *Мұстафаның оларға қолданған шаралары мыналар: байталдың төрт сирағы төрт жылқы, денесі бір жылқы – барлығы бес жылқы (С.М.);*

б) төл сөзден бұрын келген автор сөзінен кейін қойылады. Мысалы: *Шалабайдың бойынан табылған документ, құралдарға қарап отырып: – Қағаздағы аты-жөніңіз басқа екен ғой? – деді Аман. – Біздің ауылдың мөрін кім басқан?*



3-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Цифрлы Қазақстан» тақырыбына диалогке негізделген мәтін құрастырыңдар. Ойларыңды дәлелді жеткізіп, сөйлемдеріңде қос нүктенің қойылу жағдайларын қамтыңдар.

¹ Диверсия – қарсыластарға бағытталған психологиялық соғыстардың бір өдісі.



А Бүгінгі сабақта меңгерген білімдеріңді жинақтап, қос нүкте қоюдың 3 жағдайына 2 мысалдан тауып жазыңдар.

9.6. ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН: МАМАНДЫҚТАРҒА СҰРАНЫС



Қазақстан толықтай цифрландыруға көшкен кезде қандай мамандықтарға сұраныстар көбеюі мүмкін?



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап (31-аудио), деректерге сүйеніп ой бөлісіңдер.



А Берілген кестені дәптерлеріңе сызыңдар. Тыңдаған материалдарыңды кесте шарты бойынша талдаңдар.

	Мәтін деңгейінде	Сөйлем деңгейінде	Сөз деңгейінде
Мәтіннің тақырыбы			
Көзделген аудиториясы			
Мақсаты			
Мазмұны			
Стилі			
Тілі			



Ә Топтық жұмыс. Төменде көрсетілген мәселелер бойынша ой бөлісіңдер. Өмірден мысалдар келтіріп, өз ойларыңды постер құру арқылы дәлелдендер.

- Жұмыс нарығындағы ұсыныс пен сұраныстың тең болуы.
- Жұмыс күшінің жетіспеу жағдайы.
- Қазақстан экономикасының тірегі.
- Болашақ мамандықтарға сұраныс.
- Жастардың мамандық алу мүмкіндіктері.
- Жұмысқа орналасу мүмкіншіліктері.

Грамматикалық материал

Интонацияның сөйлемдер жігін ажырату функциясы

Интонацияның бұл қызметінің маңызы қазіргі замандағы өркендеген радио мен теледидардан сөйлеушілердің сөйлем түрлерін дұрыс мәнерлеп, олардың жіктерін ажыратып және қосып, сөздерді анық айтуында мәні зор. Сөйлемдегі пауза арқылы бір бөлек топтасатын сөздердің қай синтагмаға жататындығын, яғни ол сөйлемді аяқтайтын соңғы синтагма ма, әлде олай емес пе – осының бәрін тек интонация арқылы ғана ажыратуға болады. Мысалы: *Жаңа оқу жылында // жетпіс мыңнан аса мектеп түлектері// бастауыш және орта кәсіптік білім беру орындарында// бюджеттік негізде оқуларын жалғастыра алады// Жаңа заманға сай// мамандық алу үшін// оқу орындарына// құжаттар қабылдау// аяқталып келеді.*



2-тапсырма. Мәтінді оқып, әр сөйлемнің жігін ажыратудағы интонацияның қызметін түсіндіріңдер.

«Есептік мәліметтер бойынша, қолда бар астық көлемі экспорттың¹ жоспарлы көрсеткіштерін қамтамасыз ету және елдің ішкі сұранысын қамту үшін жеткілікті. Қазіргі кезде 8,3 миллион тонна бидай бар. Оның 690 мың тоннасы азық-түлік қажеттіліктеріне, 1,6 миллион тоннасы тұқымдық мақсатқа, 730 мың тоннасы жемдік астыққа, 128 мың тоннасы өнеркәсіптік өңдеуге жұмсалатын болады», — деді ауылшаруашылығы министрі.

«Егемен Қазақстан» газетінен



А Мәтін сөйлемдері жігін пауза арқылы ажыратып, шартты белгімен (/) жазыңдар.

Қазіргі уақытта республикада ресми статистикаға және өкімдіктердің жедел деректеріне сәйкес 10,5 миллион тоннаға жуық астық бар, оның ішінде лицензиясы² бар астық қабылдау кәсіпорындарында 3,7 миллион тонна, ұн тарту кәсіпорындарда 462 мың тонна, ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерде 6,3 миллион тонна астық сақталуда. Көрсетілген деректер Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік тізілімі порталындағы есептіліктермен расталады, онда онлайн режимінде астық қолхаттарын шығару құқығына ие, лицензиясы бар барлық астық қабылдау кәсіпорындарының жұмысын бақылап отыруға болады.

«Егемен Қазақстан» газетінен



Есте сақта!

Шешендікке жаттығу

Шешендікті оқып-үйренуден туындайтын тағылымдар:

- шешендік сөздерді фраза, синтагма, тармақтарға бөліп, дауыс кідірісі жасалатын бөліктерге жаттығу;
- дауыс қарқынын құбылтып, дауыс күшінің тыңдаушыларға тиізер әсерін бақылау;
- сөйлеудегі ұйқас-ырғақты қалыптастыратын тілдік құралдарды шешендік сөздерден табу;
- шешендік сөздерді троп пен фигураның түрлеріне қарай талдау;
- шешендік сөздегі тірек сөздердің қызметін айқындау;
- сөйлеу эмоциясын туғызатын факторларды анықтау;
- театрларға барып, әртістердің дауыс мәнерін құбылтудағы шеберлігін үйрену.

¹ *Экспорт* – тауарды, капиталды, жұмыстарды, қызметтерді, зияткерлік қызмет нәтижелерін, оларға айрықша құқықтарды сыртқы нарықтарға өткізу үшін шетелге өкету.

² *Лицензия* – рұқсатнама.



3-тапсырма. Шешендікке үйреніп, жаттығу үшін қайсысы ең маңызды деп ойлайсыңдар?



А Қанатты сөздерді оқып, ой тұжырымдаңдар.

Жұмысы жоқтық,
Тамағы тоқтық,
Аздырар адам баласын...

Абай

Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек.

М.Әуезов

Тартыспен түскен, бейнетпен келген жақсылық қана – шын мәнінде қымбат табыс.

М.Әуезов



4-тапсырма. Берілген шешендік сөзді оқып, ойларыңды жинақтап аннотация жазыңдар.

– Менен ақыл сұрасаң:
Өгізге ер салма,
Қанатың талар.
Наданға көзіңді салма,
Сағың сынар.
Досыңа өтірік айтпа,
Сенімің кетер.
Дұшпаныңа шыныңды айтпа,
Түбіңе жетер.
Жал-құйрығы қалың деп
Жабыдан айғыр салма,
Жаугершілік болғанда,
Жағдайлап мінер ат тумас.
Жақының үшін
Жақсының жағасынан алма,

Жерің тарылар...
Ұрыншақ ат жаз жарға,
Қыс қарға жығар.
Тұмау түбі құрт болар,
Тұман түбі жұт болар,
Ақылдың түбі құт болар.
Қарап отырғанша
Бір нәрсеге жарап отыр.
Кәсіп болмай нәсіп болмас.
Қабырғадан қар жауса,
Атан менен нарға күш.
Ел шетіне жау келсе
Қабырғалы биге күш.
Менің ақылым осы.

Төле би

9.7. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҰМЫС КҮШІ ҚОЗҒАЛЫСЫ



Жастардың жұмысқа тұруына және тұрақты жұмыс істеуіне кепіл болатын себептер қандай?



1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңдар.

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, биылғы жылдың екінші тоқсанында ірі және орта кәсіпорындарға және ұйымдарға 209,3 мың адам жұмысқа қабылданған. Сонымен бір мезгілде түрлі себептермен 216,3 мың адам жұмыстан кеткен. Яғни жұмысқа тұрғандарға қарағанда, орнын босатқандар қатары көбірек. Жұмыстан кеткен қызметкерлердің арасында 77,1 пайызының бұл қадамына кадрлардың тұрақтамауы себеп болған. Персоналдың қысқартылуына немесе кәсіпорынның таратылуына байланысты – 3,6 пайызы, басқа себептер бойынша 19,3 пайызы жұмыстан босатылған.

2018 жылғы екінші тоқсанда Қазақстан көлемінде қабылдау бойынша айналым коэффициенті – 7,6 пайызды, жұмыстан босату бойынша айналым коэффициенті – 7,8 пайызды, ал жұмыс күшінің тұрақсыздық коэффициенті 6 пайызды құрады. Осы кезеңде кеткен жұмыс күшінің орнын қайта қабылданған кадрлардың басуы коэффициенті небәрі 96,8% болды. Экономика ведомствосы кадрлардың бір жұмыс орнында байыз тауып, тұрақтамау үрдісі қай өңірлерде күштірек жүріп жатқанын да анықтады. Мәселен, жұмыс күшінің тұрақсыздық коэффициенті бойынша бірінші орында Алматы қаласы тұр. Онда бұл көрсеткіш 8,6%-ға тең. Екінші тұғырға 8,3% көрсеткішімен Қостанай облысы көтерілді. Үштікті Нұр-Сұлтан қаласы (7,6%) аяқтайды.

А.Шәрі



А Оқылым мәтінде берілген цифрлы көрсеткіштерді диагностикаға түсіріңдер. Диагностика формасын өздерің таңдаңдар.



Ә Өздерің қалайтын немесе армандайтын мамандықтарың туралы эссе жазыңдар.



2-тапсырма. Құлжабай шешеннің ой түйінін оқып, өз беттеріңмен ой жалғастырып көріңдер. Кімнің ойы жүйрік болды? Салыстырып, бір-біріңді бағалаңдар.

Шегеннің Қазыбегі Құлжабайдан: «Керілікке не ем?» – деп сұрағанда, ол былай деп жауап беріпті:

– Керілікке сүйемел төрт нәрсе:

Біріншісі – ішіп-жейтін ырыздығы,

Екіншісі – күтушісі,

Үшіншісі – таза киімі,

Төртіншісі – жұмсақ төсегі болсын.

Осы төртеуі – кері өмірдің шипасы.

Өзіңді тексер!

1. Интонацияның басты 5 түрлі функциясының бірі қайсы?
 - а) Сөйлемнің тек хабарлы екенін ажыратады;
 - ә) өртүрлі эмоцияларды белгілейді;
 - б) сөздерді созылыққы айтуға күш салады;
 - в) сөйлемнің түсінікті болуына қызмет етеді.
2. Мағынасы бір сөйлемнің көлемінен анағұрлым ұлғайып, басқа бір жаңа грамматикалық категориямен байланысады. Бұл ... деп аталады.
 - а) Эмоцияларды айқындау функциясы;
 - ә) мазмұн ерекшелігін ажырату функциясы;
 - б) интонацияның коммуникативтік функциясы;
 - в) сөйлемдер жігін белгілеу функциясы.
3. Бірнеше абзацтан құралған дәйексөзге қандай тыныс белгісі қойылады?
 - а) Әр абзац бөлек-бөлек тырнақшаға алынады;
 - ә) дәйексөздің басталған жерінен ашылып, біткен жерінен тырнақша жабылады;
 - б) дәйексөздің басталған жерінен бастап жақша ашылып, соңында жабылады;
 - в) әр абзац бөлек-бөлек жақшаға алынады.
4. Жалпылауыш сөз сөйлем ішінде келсе, қандай тыныс белгісі қойылады?
 - а) Жалпылауыш сөзден кейін сызықша қойылады;
 - ә) жалпылауыш сөздің екі жағынан сызықша қойылады;
 - б) жалпылауыш сөз сөйлем ішінде келсе тыныс белгісі қойылмайды;
 - в) жалпылауыш сөздің алдынан сызықша қойылады.
5. Интонацияның коммуникативтік типтерді ажырату функциясының мақсаты не?
 - а) Сөйлемді тема және рема түріндегі екі жікке бөледі;
 - ә) сөйлемнің тема түрін анықтайды;
 - б) сөйлемнің рема түрін анықтайды;
 - в) сөйлемге қосымша мағына үстейді.
6. Қай сөйлем рема?
 - а) Айжан алыстан келген қонақтарына ет асты.
 - ә) Айжанның ет асқан қонақтары алыстан келді.
 - б) Алыстан келген қонақтарға Айжан ет асты.
 - в) Айжан қонақтарды алыстан келді деп ет асты.
7. Сөйлеушінің айтылған ойды, жағдайды қолдайтын-қолдамайтыны, оған қуаныш-реніш неден көрінеді?
 - а) сөйлемнен көрінеді;
 - ә) дауыс интонациясынан көрінеді;

- б) сөйлеушінің бет құбылысынан көрінеді;
- в) үзіп-үзіп сөйлеуінен көрінеді.

8. Санамалау интонациясы бар сөйлем арасында қойылатын тыныс белгісі қайсы?

- а) Сызықша; ө) үтір; б) тырнақша; в) қос нүкте.

9. Интонацияның сөйлемнің хабарлы не сұраулы немесе бұйрықты екенін анықтайтын функциясы қайсы?

- а) Эмоцияларды айқындау функциясы;
- ө) коммуникативтік функция;
- б) мазмұн ерекшелігін ажырату функциясы;
- в) сөйлемдер жігін белгілеу функциясы.

10. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелердің алдынан келгенде қандай тыныс белгісі қойылады?

- а) Сызықша; ө) қос нүкте; б) тырнақша; в) үтір.



Ғалым болам десеңіз...

1. *Р.Сыздықова*. Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. Алматы: Ғылым, 1987.
2. *М.Балақаев, Т.Қордабаев*. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Мектеп, 1971.
3. *Г.Қосымова*. Шешендік өнердің негіздері. Алматы: Баян жүрек, 2007.
4. Шешендік шиырлары. Алматы, 1993.
5. *Н.Назарбаев*. Қазақстан жолы. Жібек жолы, 2012.
6. *Р.Пиндайк, Д.Рубинфельд*. Микроэкономика. Москва: Экономика, Дело, 1992.

1-аудио

Уық шаншылған Ұлытау

Кендіртағы! Кертағы! Ұлытау!

Бұл – қазақтың киелі қонысы, ұлт тарихының шежіресіндей болған, ел бірлігі жайлы сөз болса, алдымен ауызға алынатын киелі жердің көне және қазіргі атаулары.

Қасиетті Ұлытау! Қазақ елінің қара шаңырағы болған Ұлытау! Уық шаншылған Ұлытау!

Ұлытау – тарихы ғасырлардың терең қойнауына кететін, ел басына күн туған шақтарда халқымызға пана болған, хандарымыз ақ боз ордаларын тіккен, билеріміз бен батырларымыз бастарын қосып, ел болып ғұмыр кешудің келелі мәселелерін шешкен, киелі де құнарлы өрі қазыналы өлке.

Тарихшы-шежіреші Әбілғазының «Түрік шежіресі» атты жазбасында Ұлытаудың тағы бір тарихи атауы жайлы сөз болады. Ол: «Қазіргі Ұлытау мен Кішітау дегендерді ол кезде Ертағы және Кертағы деп атайтын», – деп егіз таудың ежелгі атауын атайды. Тарихи жазба деректерге сүйенсек, үш жүздің басын біріктіріп, ел қамын ойлаған хандар мен билер бас қосқан, келелі кеңестерін өткізген қазіргі Ұлытаудың екі көне атауы бар. Олар: Кендіртағы, Кертағы.

Ал Ұлытау атауы қай кезеңнің еншісінде? Бұл жайлы пікірлер көп, болжамдар жетерлік. ...Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Ә.Кекілбаевтың: «Ұлытаудың ұлы атануы тауының биіктігінен емес, суының көптігінен емес, ол тарихтың үлкен оқиғаларында бүкіл ұлы қауымның бас қосқан, ортақ шешімге келген жері болғандықтан Ұлытау атанған. ...Қазіргі Ұлытау – ежелгі рухани самғаулар мен саяси шоғырлануға куә болған қашанғы қара орын», – деген түйінді сөзі Ұлытаудың ұлт тарихындағы тарихи орнын тағы бір танытып берген сөз.

«Уық шаншылған Ұлытау» кітабынан

2-аудио

«Бабалар сөзі» – ұлттық бренд

«Бабалар сөзі» жүз томдық топтамасы – ұлттық бренд. Бұл дүниежүзілік мәдениетте теңдессіз оқиға болды. Ауыз әдебиетінің мұраларын жинап, жариялауға атсалысқан М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Тоқтар Әлібек ағамызбен сұхбат.

– Қазақ фольклорына зерттеушілер назары қай ғасырда түсе бастады?

– Қазақ фольклорының жинала бастағанына шамамен 2 ғасыр уақыт болды. Фольклор жинау мәселесі бірнеше топқа бөлінеді. Алғашқы топ – әскери барлау мақсаттағы зерттеушілер. Арнайы экспедициялар қазақ жерінің табиғатын, пайдалы қазбаларын, этнография мен тарихын қамтып, кешенді зерттеу жүргізген. Екінші бір тобы В.В.Радлов, И.Н.Березин, Г.Н.Потанин, Ә.Диваев сияқты жинаушылар фольклорды ғылыми құндылық ретінде қарастырды. Үшінші топ Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, С.Бабажанов, М.Көпеев, М.Тыныштықұлы секілді ұлт азаматтарының есімімен жалғасады.

– Осы байлықтың жарыққа шығу тарихына тоқталсаңыз?

– XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтың зиялы қауым өкілдерінің жиғандары Қазан төңкерісіне дейін 700-ден астам кітап болып басылып шықты. Бұл кітаптар қатал цензура талқысынан өтті.

– Фольклорлық жұранның кеңес дәуірінде жариялану жайы қалай болды?

– Халық әдебиетінің ғылыми тұрғыда баспа бетін көруі 40-жылдардан басталады. Алдымен, халық ақындары – Жамбыл, Нұрпейіс, Нартай, Шашубайлардың шығармалары жарық көре бастады. Бұл үрдіс Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде біраз іркіліс тапты да, 50-жылдардың басында қайта қолға алынды. 60-жылдары халық мұраларының жарыққа шығу деңгейі көтерілді. Айтыстың 3 томдығы шықты, батырлар жырының шағын кітапшалары үлкен сұранысқа ие болды.

– *Фольклорды көптомдық етіп шығару идеясы қай кезде пайда болды?*

– 80-жылдардың басында «Көптомдық халық әдебиеті» атты ғылыми басылымдар жарық көре бастады. Шамамен 18 том. Осы кезде қолжазба мұраларды жинау, сақтау, жүйелеу, жариялау, зерттеу мәселелері көтеріліп, 90-жылдардың басында институтта «Қолжазба және текстология» орталығы ашылды. 100 томдық ғылыми басылым жоспарланып, оны шығару ісі қолға алынды.

– *Жобаның өзіндік ерекшеліктері туралы айта кетсеңіз.*

– Бұл күрделі еңбек 2013 жылы, мерзімінен бір жыл бұрын толық аяқталды. «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясы әлемде теңдесі жоқ бірегей жоба еді. Бізден бұрын әлем халықтары фольклорында мұндай ауқымда жарыққа шыққан ғылыми басылымдардың тәжірибесі болған емес. Жүзтомдықтың жалпы көлемі – 2600 баспа табақ.

– *«Бабалар сөзі» қанша тиражбен шықты және қайдан алуға болады?*

– Тираж өте аз. Бар-жоғы 2 мың дана. Кейбір мәліметтерге қарағанда, Қазақстанда 4 мыңнан астам кітапхана бар, солардың өзіне бір-бірден жетпей тұр.

7 жылға созылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында ұшан-теңіз мәлімет жиналды. Шетел мұрағаттарынан қаншама дүниелер өкелінді. Алғашқы томдар осыдан 10 жыл бұрын басылып шықты, олар қазір сатылымда жоқ.

– *Қайта басылым деген болуы керек қой...*

– «Бабалар сөзін» 20-30 мың тиражбен қайта басса болар еді. Сонымен қатар осы кітаптардың аудионұсқасы шығарылуы керек. Бұл қазіргі жаһандану заманында өте тиімді. Электронды кітап нұсқасы – қазіргі заман талабы.

Сұхбаттасқан Нұрлан Әбдібек

3-аудио

1. Қазақстан аумағындағы Шу, Іле тауларының етегінен әлі күнге дейін жергілікті өсімдіктер өлемінің жауһары саналатын Регель қызғалдақтарын бастапқы күйінде кездестіруге болады. Бұл өсем өсімдіктер біздің жерімізде Тянь-Шань тауларының етегі мен шөлейт даланың түйісер тұсында пайда болған. Қазақ топырағындағы осынау қарапайым, сондай-ақ ерекше гүлдер өз өдемлігімен көптеген халықтың жүрегін жаулап, біртіндеп бүкіл әлемге тарады.

Бүгінде жержүзінде қызғалдақтың 3 мыңнан астам түрі бар, олардың басым көпшілігі – біздің дала қызғалдағының «ұрпағы». Қазір Қазақстанда қызғалдақтың 35 түрі өседі.

Н.Назарбаев. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан

2. Орталық мәдениет және демалыс саябағында өткен «Көктем көркі – қызғалдақ» фестивалі адам өміріндегі гүлдердің маңыздылығын арттыра түсіп, қала тұрғындарын құлпырған қызғалдақтар өлеміне ендірді. Бұл мәдени шара Алматы гүл қала екендігін және қызғалдақтың Отаны Қазақстан екендігін тағы да дәлелдей түскендей.

Іс-шараның басты мақсатының бірі қызғалдақ гүлінің Отаны Қазақстан екендігін насихаттау болды. Дәстүрге айналған шара шеңберінде қала жұртшылығының назарына алғаш рет қызғалдақ гүлінің жаңа сұрпы ұсынылды. Гүлдердің бұл сұрпының биіктігі 50 сантиметрді құрайды. Бұл сұрып өте төзімді, сабақтары берік өрі биік, жапырақтары толқынды. Қызғалдақтың қауызы лалагүл тәрізді, олардың ортасы

қара емес, сары түсті болып келеді. Ару қаламыздың көркіне көрік қосып, ажарын ашып тұрған қызғалдақтар өзгеше хош иісімен де ерекшеленеді. Голландиялық селекционерлер еңбегінің жемісі болып табылатын қызғалдақ гүлінің жаңа түрінің таныстырылымы 2014 жылы Елбасының Нидерланды Корольдігіне ресми сапары барысында өткен еді. Бүгінгі таңда алматылықтар Орталық мәдениет және демалыс саябағын безендіріп тұрған қызғалдақтардың жаңа сұрпының сұлулығына сүйсіне алатын болды.

«Алматы ақшамы» газетінен

4-аудио

Болашаққа жол ашқан бағдарлама

1993 жылдың 5 қараша күні посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттер тарихында алғаш рет талантты жастарға шетелде білім алу мүмкіндігі берілді. Ол ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бұйрығымен құрылған «Болашақ» халықаралық стипендиясы еді. 1994 жылы алғашқы 187 стипендиат шетелге білім алуға аттанды.

25 жылдың ішінде «Болашақ» бойынша 10425 стипендия тағайындалған. Осы жылдар ішінде «Болашақ» бағдарламасы бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Бағдарламаның талаптары мен бағыттары ұлттық экономиканың қажеттілігіне қарай бейімделіп, мемлекеттік саясаттың басымдықтары мен еңбек нарығына қарай жетілдіріліп отырды.

Алғашқы он жылда (1993–2007 жылдар) әлеуметтік-экономикалық саладағы мамандарды даярлауға көбірек көңіл бөлінді. Өйткені елдің экономикасын аяққа тұрғызу уақыт күттірмейтін мәселе еді. Ол үшін стипендиаттар АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция сынды алдыңғы қатарлы дамыған төрт елге оқуға жіберілді.

2005–2007 жылдарда «Болашақ» бағдарламасының екінші даму кезеңі болды. Бұл уақытта стипендияның көлемі жылына 3000-ға дейін өсіп, әлемнің 33 елінде білім алуға жол ашылды. Соның ішінде Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур сынды елдердің университеттерімен келісімшарт жасалды. «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ құрылды. Бұл орталық стипендиаттардың білім алу барысын қадағалап, түлектердің жұмысқа орналасуын бақылап отыратын болды. Білім алушылардың міндетті түрде елге оралып, қызмет етуі туралы шарт та осы кезеңде жасалды.

2008–2010 жылдары «ауыл жастары», «мемлекеттік қызметкер», «ғылыми-педагогикалық қызметкер» сынды арнайы топтар құрылып, оларға алдын ала тіл үйрену курстары ашылды. Сондай-ақ 12 айға дейінгі қысқамерзімді тәжірибеден өту мүмкіндігі қарастырылды.

2011–2013 жылдарда бакалавриат бағыты жабылып, магистрлер мен докторанттар даярлауға көңіл бөлінді. Себебі Қазақстандағы көптеген жоғары оқу орны әлемдік стандарттарға сай білім беруге арналған Болон процесіне көшті. Жастардың сапалы жоғары базалық білімді елден алуына жағдай жасалды.

2014–2016 жылдары үміткерлерді іріктеу шарты қайта қаралып, «6+6» форматы бойынша тіл үйрену курстары қосылды. Енді стипендиаттар 6 ай елде, 6 ай шетелде тіл үйренетін болды. Ағылшын тілін білу деңгейі (IELTS) 3.0 балдан 5.0 балға көтерілді. Университеттердің тізімі ТОП-200-ден ТОП-100-ге қысқарды.

2014 жылы АҚШ-тың Майами қаласында өткен сегізінші Going Global халықаралық конференциясында «Болашақ» стипендиясы әлемдегі 11 стипендияның арасында үздік стипендиялық бағдарлама деп танылды.

2017-2018 жылдары «Болашақ» бағдарламасына тапсырушыларға қойылатын талап күшейтілді. Енді дипломдағы орташа балл (GPA) 3,0-тен 3,3-ке, ағылшын тілін білу деңгейі (IELTS) 5,0-тен 5,5 балға өсті. Университет тізімі қайта қаралып,

әлемдік рейтингтегі ТОП-70 жоғары оқу орны мен әлемдік пән рейтингі бойынша ТОП-20 университет қалды.

Аймақтарды білікті маманмен қамтамасыз ету үшін 2017 жылы «орталық – аймақ» сызбасы енгізілді. Ол бойынша елге оралған түлек Елордамыз бен Алматы қаласында 5 жыл қызмет етудің орнына аймақтарда 3 жыл қызмет етіп, міндетінен құтыла алады. Нәтижесінде өңірлерде жұмыс істейтін «болашақтықтардың» үлесі 3% -ға өсті (2016 жылы – 23%, 2017 жылы – 26%).

Білім беру саласына құйылған инвестицияның текке кетпесі анық. Мыңдаған жастың болашағына жарқын жол салып берген «Болашақтың» игілігін бүгінде бүкіл ел көріп отыр. Түлектердің басым бөлігі білім беру саласында (29,4%), өндірістік секторда (19%), мемлекеттік органдарда (12,2%), медицинада (8,5%), банк саласында (7,3%) және т.б. жерлерде қызмет етеді.

Ө.Сарқыт. «Ана тілі» газетінен

5-аудио

Кітап – білім бұлағы

Бұрын кітап сөресін классикалық әдебиетпен толтырып қою мақсат сияқты еді. Сыйлыққа кітап сыйлау да құрмет саналатын. Қазір кейбір замандастарымыз «Ғаламтор тұрғанда үйде кітап сақтау керек емес» деп санайды. Расында солай ма?

1. Ғаламтор жүйесімен қамтылу тұрғысынан Жапония әлемдегі ең алдыңғы қатарлы ел бола тұра, бұл елдің тұрғындары электронды кітапқа аса құмар емес. Баспа ісі жақсы жолға қойылған. Кітап өндірісі жөнінен Жапония – әлемдегі алдыңғы орында тұрған ел. Баспадан шыққан кітаптардың 35 пайызы қоғамдық-саяси әдебиет болса, 30 пайызы – балалар әдебиеті.

R.R.Bowker-дің зерттеуіне сүйенсек, Жапония тұрғындарының 72 пайызы электронды кітапты көрмепті, болашақта да сандық үлгідегі дүниелерді оқуды жоспарламайды екен. Есесіне қағазға басылып шыққан әдеби кітаптар, әлеуметтік тақырыптағы еңбектер сұранысқа ие. Егер АҚШ-та оқырмандардың 20 пайызы электронды кітаптарды ғаламтордан алатын болса, Жапония азаматтарының тек 8 пайызы электронды жазбаларды өмірінде бір рет болса да оқығанын айтқан. Бұл – электронды кітаптардың оқылуы бойынша әлемдегі ең төменгі көрсеткіш. Токиодағы электронды кітаптар баспасының негізін қалаған Робин Бертлдің айтуынша, Жапония электронды кітап оқу жөнінен Батыстан артта қалып келеді. Жапондардың электронды кітаптардан гөрі қағазға басылған еңбекті қалауы қолмен ұстайтын нақты дүниені бағалайтын менталитеттің өсерінен болса керек. Бүгінде Жапонияның кітап дүкендерінде бар болғаны 40 мың электронды кітап бар.

III Жылқыбаева. «Ақжелкен» журналынан

2. «Буккроссинг» грек тілінен аударғанда «кітап алмасу» деген мағына береді. Әлем елдерінде бұл – дамыған әдіс. Кез келген жерде, саябақта, мәдениет ошақтарының алдында кітаптар қойылған аялдаманы көптеп ұшыратасыз. Қажет кітабыңызды алып кете аласыз, оқып болған соң өкеліп қоясыз немесе басқа кітап өкелуіңізге де болады. Тегін кітап алмасу арқылы өзіңіз білгенді өзгенің де білуіне жол ашасыз.

2016 жылдың қыркүйек айынан бастап Буккроссинг жобасын аштық. Әуел баста екі мыңнан астам кітап қойылды. Оның ішінде тек қазақша кітаптар ғана емес, әлем әдебиетінің жауһарлары да бар. Келген оқырмандардың барлығы таласа-тармаса алып кетті. Оқып шығып, алғысын білдіріп жатты. Бұл әдісті қолға алған себебіміз, әлеуметтік желілерге, ғаламторға байланған жастарды кітапхананың ішіне кірмей-ақ, сырттан тегін кітап алу арқылы рухани толысын деген ниет еді. 2016 жылдың аяғына дейін бұл жобаны үздік атқарып келдік.

Сондай-ақ «Букленд» деп аталатын жобаны да бастадық. Жоба аясында кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандарға кітаптар таратылды өрі көптеген кітаптардың электронды нұсқасы жасалып, таспалары таратылды. Мақсатымыз: «Кітапты қолға ұстап оқу тиімді ме өлде электронды кітап оқу тиімді ме? Қайсысы көп оқылады?» соны анықтау болатын. Электронды кітап оқу өуелі көзге зиян және кітапты қолға ұстап оқығанның өсері бөрібір бөлек. Оқырман қауым осыны сезінсін деген ниетте жасалған жоба еді.

Буккроссингтерді қаланың өр аймағында көбейтуді қолға алып жатырмыз. Бірақ бір мәселе бар, жастар көбіне кітаптарды талап алып кетеді де, қайтып өкелмейді. Басқалардың оқуына солай зиянын тигізіп жатыр. Оқырмандар тарапынан өкеліп қою кемшін болып тұр.

А.Темірбекұлы, Ү.Тортай. «Ақжелкен» журналынан

6-аудио

Өлемде 75 миллионға жуық жас – жұмыссыз. Олардың басым бөлігі – 15–26 жас аралығындағы жеткіншектер. Елімізде де бұл көрсеткіштің мәні мөз емес. 2017 жылдың соңғы тоқсанындағы дерекке сүйенсек, республикада 15 және одан жоғары жастағы жұмысқа жарамды тұрғындардың саны – 9 миллион. Олардың 66 пайызы жұмыспен қамтылса, 34 пайызы – жұмыссыз.

Ол ол ма, жұмыссыздардың 70 пайызы – мамандық таңдаудан қателескендер екен. HeadHunter.kz рекрутингтік агенттігінің мәліметіне сүйенсек, мемлекетіміздегі жоғары оқу орнын аяқтаған түлектердің 50 пайызы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Неге? Білім беру, педагогика және психология саласының мамандары мектеп бітірушілерді мамандықты дұрыс таңдауға бейімдеу керектігін алға тартуда.

Жастарға мамандық таңдауға бағытталған алғашқы көмекші құрал «Мамандық таңдаудың кілті» деп аталады. Кітап авторы Ғани Бейсембаев: «Мамандық таңдау – бұл шын мәнісінде тағдырыңды таңдау. Өйткені адамның өмір сүру салты мен бағыты, стилі мамандығына байланысты қалыптасады. Бүкіл өміріңе өсер етіп, тағдырыңды белгілі арнаға бұратын мамандықты біз таңдаймыз дейміз, алайда мамандық та өз кезегінде бізді таңдайтынын білгеніміз дұрыс», – дейді.

Көмекші құралдың мазмұны мамандық таңдауға бағдарлайтын бес маңызды қадамды қамтиды. Алғашқы баспалдақ – ізденушінің қарым-қабілетін, қолынан келетін іс-шаруаларын анықтауға арналған. Мұнда оқырман осы тақырыпқа сөйкес төрт бағанаға бөлінген тізбекті толтыруы тиіс. Түрлі түсті тізбекке қолданушы қолынан келетін және үйренуді қалайтын істерін және соған сөйкес мамандықтардың тізімін түзуі керек. Егер оқушы сөйкес мамандықтар туралы білмеген болса, кітапшадa психолог маманның көмегіне жүгінуді ескертеді.

«Ұнайтын» және «ұнамайтын» мамандықты анықта», «Мамандықтар типіне сөйкестігіңді біліп ал», «Өзіңе ыңғайлы мамандықты байқап көр» және «Табысқа жетудегі шешуші сөт – мамандық таңдау» деп аталатын өзге төрт қадам бар. Кітапшаның «Қосымша қызықты ақпарат» деп аталатын бөлімінде болашақта сұранысы артатын және болашағы жоқ мамандықтар тізімі ұсынылыпты. Болашағы жоқ бес мамандық: лифтер, пошташы, кітапханашы, лектор, тігінші; ал мамандар жетіспейтін кәсіби салалар ретінде мыналар көрсетілген: механик, слесарь, дөнекерлеуші, жүк және арнайы транспорт жүргізуші, құрылғылар операторы, электр монтаждаушы, IT мамандары, нано және биотехнология маманы, қызмет көрсету саласы.

А.Нұрмахан. «Айқын» газетінен

7-аудио

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты –
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар.
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат, ұмтылған.
Көздегені – көк аспан,
Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ мінез жібектер,
Сүттей таза жүректер,
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға?!
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!..

М.Жұмабаев

8-аудио

XXI ғасырды біз жаһандық сын-қатерлер дәуірі ғана емес, жас, қуатты және талантты адамдардың дәуірі деп те атаймыз. Қазақстанда бүгінде әрбір төртінші азамат – жас ұрпақтың өкілі. Мені сіздердің білімдеріңіз, шетел тілдерін игергендеріңіз, инновацияға ашық болуға талпыныстарыңыз қуантады. Араларыңызда ақылы мен білімі қазірдің өзінде Отанымызға пайдасын тигізіп жатқан жастар аз емес. Өлем жұрты көп ұзамай жаңа қазақстандық ғалымдар, дәрігерлер, инженерлер, музыканттар мен спортшылар туралы естіп-білетініне сенімдімін. Біз заманауи білім беру жүйесін, зияткерлік мектептер, Астанада халықаралық университет аштық. Жыл сайын мыңдаған студентті әлемнің үздік университеттеріне жібереміз. Өмірдегі ең басты нәрсе – білім, жоғары кәсібилік және өз Отаныңа адалдық. Мен сіздерді осыны есте ұстауға шақырамын. Сіздерде зор күш-қуат пен шығармашылық өлеует бар. Осының бәрін өмірлеріңіздегі ең басты мақсатқа жетуге бағыттаңыздар.

Сіздердің тың идеяларыңыз бен жастық жігерлеріңізді қажет ететін жүздеген, мыңдаған жұмыс бар. 200 мыңдық сарбазы бар «Жасыл ел» акциясы нағыз ерлік болды, олар 10 жылда 115 мың гектар аумақта 50 миллион ағаш отырғызды. Осы игі миссияны жалғастырып, Қазақстанды жасыл өрі болашақ ұрпақ үшін таза өлкеге айналдыру керек. Осының бәрі сіздер үшін, сіздердің болашақтарыңыз бен еліміздің болашағы үшін жасалуда. Жастарымыз мемлекет қамқорлығына үздік оқумен, спорттағы және шығармашылықтағы табыстарымен, Отанына қызмет етуімен жауап береді деп сенемін.

... Сіздер елдің болашағысыздар. Сіздер мен біздің ұлы мақсатымыз бар. Армандар ұмтылған кезде ғана орындалады. Қазақстан XXI ғасырда қуатты өрі өздеріңмен бірге өркендейтін ел болуы үшін сіздердің күш-жігерлеріңіз, ынтымақтарыңыз, табандылықтарыңыз бен таланттарыңыз жеткілікті екеніне сенемін.

Н.Ә.Назарбаев

9-аудио

Еуропа қазақтары – әлем қазақтарының бір бөлшегі. Әлемнің 40 шақты елінде тарыдай шашыраған қазақтың бір бөлігі көрі құрлық – Еуропаның оннан астам елінде өмір сүреді. Осыдан 24 жыл бұрын Еуропа қазақтары да атажұрт Қазақ елінің жеке шаңырақ көтеріп, тәуелсіз ел болғанын аса қуанышпен қарсы алған еді. Олардың Қазақ елінде өтуі тиіс әлем қазақтарының бас қосар ірі жиыны – алғашқы құрылтайды

көпшен бірге асыға күткені рас. 5 миллионға жуық қандастарын атажұртқа шақырып қана қоймай, әлем қазақтарының құрылтайын өткізу жөнінде маңызды іс-шараны қолға алды.

Осы уақыт ішінде Еуропа елдерінде өмір сүріп жатқан қазақтардың атажұрт – Қазақстанмен арадағы байланысы күшейіп, олар арқасүйер еліміз бар дегенді шын сезінерлік жағдайға жетті. Қазақ елі де алыста жүрген бауырларының рухани салада кенжелеп қалмауын ойлап, оларға жан-жақты көмегін аямайды. Соның бірі – Еуропада жүрген қазақтардың жыл сайын өзінің қазақ кіші құрылтайын өткізуді әдетке айналдырғаны және осы мәдени өрі рухани іс-шараға Қазақ елінің жан-жақты қолдау көрсетіп отырғаны. Еуропа төрінде қазақ өні шырқалып, домбырасының күмбірлеуі, ұлт мақсатына арналған ірі жиындар мен спорттық бәсекелердің өтуі әлем қазақтарын қуанышқа бөлейді. Еуропа қазақтары бұл күндері әлем қазақтарының мызғымас бір бөлшегіне айналды.

Д.Мәсімжанұлы

10-аудио

Ең әуелі ірі қаламгерлер тілінің сөздігін жасау білген адамға тек қажырлы еңбектің ғана емес, үлкен мәдениеттіліктің белгісі екенін айтқым келеді. Қарапайым тілмен айтсақ, Мұқағали өлеңдері қазіргі кез үшін «мода» болып тұр. Түрлі қонақтарда, отырыстарда, той-томалақтарда болсын, көңілді кештер мен концерттерде, театрларда болсын, Мұқағали өлеңдерін оқымайтын, оның өлеңдеріне жазылған өндерді шырқамайтын адам жоқ. Өзім де солардың бірімін. Мамаңдығым тілші болғандықтан, кей-кейде «Шіркін, Мұқағали тілінің сөздігін жасар ма еді!» деп қиялданатынымын. Осы ойымды реті келіп бір күні шәкірттеріме айтып едім, олар қолдады. Қуанып қалдым. Бірақ артынша: «Қаржыны қайдан аламыз?» – деп сұрады. Мен: «Қаржы жоқ. Осы тақырыпты көрсетіп, 2012 жылы мемлекеттік грантқа қатысып едім, өтпей қалды. Нағыз ғалым ғылымды қаржысыз-ақ істей береді», – дедім. Олар біраз ойланып, келісетіндіктерін айтты... Сөйтіп, сөздік жасаудың жұмыс жоспарын жасап, әрқайсысымыздың міндеттерімізді бөлісіп алдық та, іске кірісіп кеттік. Сөздік жасаудың нәтижесінде Мұқағали ақын өз шығармаларында 13 348 сөз, 5 035 тұрақты тіркес қолданып, оларды 21 453 мағынада жұмсағандығы анықталды. Осы үшеуін қоссақ, Мұқағалидың тіл байлығы 39 836 тілдік бірлік болып шығады. Олардың қандай сөз, қандай тұрақты тіркес, қандай мағыналар екенін оқырман қауымның өздері-ақ сөздіктен тауып, біле алады. Бұл тұрғыдан біз өз міндетімізді абыроймен орындап шықтық деп ойлаймыз. Ақын тілінің сөздігін жасау – өрі мән-маңызы зор, өрі қиын жұмыс. Сол арқылы біз Мұқағали тілін зерттеуге жол аштық және ақынның өдеби тілге қосқан өзіндік үлесін айқындадық. Ендігі кезек – кейінгі ұрпақ жастардікі. Олар осы сөздікті пайдалана отырып, Мұқағали тілінің байлығын жан-жақты зерттеп шығуларына өбден болады.

Б.Қалиұлы

11-аудио

Өңкей жақсы қосылса,
Бітіреді кеңесті.
Өңкей жаман қосылса,
Шығарады егесті.
Мәмлемен іс бітер,
Бас қосып қалса көп есті.
Жақсының жолы – жарық күн,
Жаманның жолы – көмескі.

Жаман сөйлер лепіріп,
Орамалын желпініп,
Соға түсіп өңешті.
Мақтанғанмен жарамас,
Пайымы аз, кем есті.
Тентек бір-ақ аттайды,
Белес пенен дөңесті.

Майлықожа

12-аудио

Уәлихан. Біздің саясаткерлер мен саясаттанушылар бізді біртұтас ұлт қылып біріктіретін мемлекеттің ұлттық идеясын іздеумен жүр. Меніңше, қазақ тілінің мәселесін ұлттық идея деп қабылдау керек бүгінгі таңда.

Арман. Мен олай ойламаймын. Қазіргі күні Қазақстан үшін ең маңызды мәселе – экономика мен демократия. Мемлекеттік тіл мәселесін мемлекет қолына алды. Қажетті қаражат бөлінуде, тіл дамыту бағдарламасы қабылданып, оның іске асырылуына жауапты адамдар бар.

Гүлдана. Қазақтар өрқашан қазақша сөйлейтін, сондықтан бұл ұлттық идея емес, бола алмайды да.

Бақдәулет. Ұлттық идея өрелі түсінік қой. Барлық елдің ұлттық идеясы бір. Ол – ұлттың өсіп-өніп, дамып өркендеуі, өлемдегі озық ұлттардың алдыңғы қатарынан көрінуі.

Данагүл. Міне, бұндай идеяны қазір қытайлар іске асырып жатыр. Олар өлемдегі бірінші экономика болуға азырақ қалды. Сондықтан мен Арманмен келісемін, ең бастысы – экономика.

Қ.Тасыбеков. «Ситуативный казахский» кітабынан

13-аудио

1. Еңсегей бойлы Ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менім кеңесім.
Ес білгеннен, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін.
Ертеңгі күн болғанда,
Елің кеңес құрғанда,
Айналып ақыл табарға
Есіктегі ебесін,
Сонда, ханым, не десін?!

2. Түніменен түйіндік,
Таң атқанша тарандық.
Таң ағарып атқан соң
Төңірек жаққа қарандық.
Қарап тұрсақ өр жерден
Жау бір өрттей қайнайды,
Қайнағанмен қоймайды.

М.Өтемісұлы

Жиембет жырау

14-аудио

Бақдәулет. Өлемде туысқандықты қазақтан артық бағалайтын ел жоқ шығар. Басқа халықтарда «туысқандық» деген ұғым жойылып кетті деп айтуға болады.

Арман. Қылт етсе қазақты мақтап шыға келеміз. Басқа елдерде біздің туысқандыққа келетін адамдардың өртүрлі арақатынастары бар, ал біздің барымыз тек қана осы: «ағайын – құда – жекжат».

Данагүл. Қазақта туысқандық жүйесін сипаттайтын сөздер ұшан-теңіз, ал адамдар арасындағы басқа қарым-қатынастарды сипаттайтын сөздер жоқтың қасы. *Дос* деген сөздің өзі парсы тілінен енген кірме сөз.

Гүлдана. Неге олай дейсің? Жолдас дейтін сөз бар, тамыр бар. Қазақтың «Төбелеске бергісіз араша бар, ағайынға бергісіз жанаса бар» деген мақалы бір-біріне шын берілген, сыйлас адамдардың жанасасы туысқандық жүйеден жоғары екенін дәлелдеп тұр ғой.

Бақдәулет. Туысқаны жоқ қазақ болмайды. Өз туысым – өз жаным, өз қаным дейді де, олардың жетпегенін жеткізуге тырысады. «Жаман да болса ағамыз, жақсыны қайдан табамыз» дегендей, ағайынның жамандығын жасырып, жақсылығын асырады.

Қ.Тасыбеков. «Ситуативный казахский» кітабынан

15-аудио

Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.

Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген.

Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ.

Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды.

Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз.

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Соңдықтан мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз.

Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласынан

16-аудио

Бақдәулет. «Істеймін деген жол іздейді, істемеймін деген сылтау іздейді». Ана теледидардан көрмейсіңдер ме, орыс дикторлары қазақша қалай тамаша әдеби тілмен, бейнелеп сөйлейді.

Данасұл. Әй, қойыңызшы! Олардың бәрінің қазақ ортада өскеніне менің күмөнім жоқ. Өз басым өліппеден бастап тілді толығымен меңгеріп алған ересек адамның біреуін көрген емеспін.

Бақдәулет. Ғаламторда америкалықтардың қазақша таза сөйлеп отырғандарын көргенде олай айтпас едің.

Данасұл. Ғаламторда америкалықтар түгілі маймылдарды да таза қазақша сөйлетуге болады.

Ұлихан. Меніңше, күні бүгінге дейін қазақ тілін оқытудың өзге шет тілдерін оқытудан еш айырмашылығы жоқ. Тіл үйренушілер фонетиканы ұғып, жаңа сөздерді жаттап, ережелерді есте сақтап жатады. Қазаққа Ө дыбысын айту үшін тіл мен ерінді қандай қалыпқа келтіру керек екенін түсіндірудің қажеті жоқ.

Арман. Дыбыс айту да, сөйлем құрау да сіз ойлағандай оңай нәрсе емес. Қазақ тілі орыс тіліне қанша ұқсас десек те, логикасы басқа ғой. Бөке, орысша өжептәуір білесің ғой, «я хочу» дегенді қазақша айтшы.

Бақдәулет. Оның не қиындығы бар? Тұра тұр. Мен..., хочу... (таңдана) ей, шынымен де, оңай емес екен ғой.

Арман. Оп-оңай. Мен бірдеңені бұйткім келеді. Су ішкім келеді, ұйықтағым келеді, қазақша үйренгім келеді. Тек сөйлем құру логикасы басқа.

Қ.Тасыбеков. «Ситуативный казахский» кітабынан

18-аудио

Қазақ хандығының 550 жылдығына жиналған барша қауымды бүгінгі торқалы тоймен шын жүректен құттықтаймын!

Бүкіл әлемді дағдарыс жайлап, дамыған елдердің өздері үлкен экономикалық күйзеліске ұшыраған мынау алмағайып заманда алыс-жақын ағайынның басын қосып, Қазақ хандығының 550 жылдық ұлан-асыр тойын өткізудің өзінің ерекше себептері бар. Бүгінгі той, ең алдымен, батыр бабаларымыздың биік рухына тағзым ету және тағдырдың сан алуан қиындықтарынан сүрінбей өткен ата тарихынан тағылым алу үшін өткізіліп отыр.

Кеңес Одағы заманында Қазақстан мектептерінде оқушылар «КСРО тарихы» атты ортақ оқулықтан білім алды. Сондықтан жас ұрпақ ата тарихынан мүлде алшақтап қалды. Оның үстіне Қазақ хандығының шаңырағын көтеріп, айбынын асырған ұлы хандарымыз бен даңқты батырларымыздың есімдері біртіндеп ел жадынан өшіріле бастады. Өз ішімізден шыққан оларды жамандағыштар құрметке бөленді. Елімізде ханның не батырдың ескерткіші тұрмақ, олардың атында білім мен мәдениет нысандары, керек десеңіз, жалғыз-жарым көше де болған жоқ. Қазақ хандарының аты атала қалған жағдайда оларға үстем тап өкілі ретінде келеңсіз баға беріліп, қисынсыз айып тағылды. Бұл туралы ақын Ғафу Қайырбеков кезінде: «Басқаның патшасының бөрі жақсы. Неліктен біздің хандар жаман болған?» деп ашына жазған болатын. Ұлт жадының тамырына балта шабуға арналған осындай сұрқай саясаттың небөрі ширек ғасыр бұрын орын алғанына сенудің өзі қиын. Бірақ кеңес заманының ащы шындығы дәл осындай болатын.

Тәуелсіздік қазақ халқының өшкенін жандырып, өлгенін тірілтті. Алматы мен Астанада, облыс орталықтары мен ірі елді мекендерде Керей мен Жәнібек, Абылай мен Әбілқайыр сияқты әйгілі хандарымыздың, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырлардың еңселі ескерткіштері бой көтеріп, олардың есімдері елді мекендерге, жоғары оқу орындары мен мектептерге берілді. Бабалардың ерлік пен күреске толы өнегелі өмір жолдары жайлы том-том ғылыми еңбектер мен әдеби шығармалар жазылды. Тәуелсіздікпен бірге оралып, ұрпағына ұланғайыр қоныс қалдырған батыр бабаларымыздың биік рухы қазақтардың, әсіресе жаңа буынының арасында аса зор патриоттық өрлеу туғызып, ұлт тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатты.

Қазақ, Жұбан ақын айтқандай, «мың өліп, мың тірілген» халық. Бірлігі жарасқанда даңқы асып, билікке таласқанда берекесі қашқан. Баршаға белгілі, байырғы бабаларымыз бөрілі байрақ ұстап, Байқалдан Балқанға дейінгі алқапты еркін жайлаған. Көгімізде желбіреген алтын күн астында қыраны қалықтаған туымыз мемлекеттігіміздің үзілмей жалғасып жатқандығының айғағы.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі

19-аудио

Есіл!!..

Шілденің шамырқанған сарша тамыз кезінде Есіл өлкесі адамның көзіне күндік жерден шалынады. Күн сөскеден жоғары көтерілсе, сумаңдай аққан мөлдір толқынды сағым Есілдің алабына сыймай, қазанда қайнаған сүттей аппақ көбігін кең кемерден көпіршіте төгеді.

Көктемде кең жайылған тасқыннан еркін сусындаған Есіл өлкесінің жібектей жұмсақ, жұпар иісті қалың шалғыны аттың омырауын тіреп, бауырынан келеді. Бойжеткен шалғын сұлудай сыланады, сылана жайқалған шалғынның бетінде шешек атқан гүлдер тотының қанатындай толықсып құбылады. Қанша қадала қарағанмен құбылған бояуын көзің түстей алмайды.

Шілдеде Есіл өлкесінің желі баяу еседі. Жылдың өзге мезгілдерінде жортуылын жиілететін жел, піскен өсімдіктің жемісін төгермін деп аяғандай, жұлқылап-желпіп мазаламайды. Бірақ шалғын онымен тыныш тұрмайды. Үстінен толқыған сағымның болар-болмас салмағын ауырлағандай, не оның толқуын еліктегендей, шалғын да желсіз тынық күнде өзінен-өзі теңселіп шайқалады.

...Желге, күнге көрінбей, жасыл шалғынның жібек құндағына бөленіп өскен Есіл өлкесіндегі жидектің түсі піспеген төрізді аппақ көрінеді. Егер біреуін сабағынан үзіп алып, мұрныға тақасаң, жаныға жайлы бір тамаша иісті сезесің. Иісіне құмарта тұрып, пісуіне күдіктеніп, аузыға салудан бұрын бармақтарыңмен демеңкіреп көрсен, балбыраған жұмсақ жидек балдай ери бастайды. «Ө, піскен екен!» деген оймен аузыға салып, таңдайыға баса сорсаң, төттілігі тіліңді үйіре жөнеледі!.. Шіркін, содан да төтті жеміс бола ма екен!?

С.Мұқанов. «Есіл бойында» әңгімесінен

20-аудио

Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мәддір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.

Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым.

Мен не көрмедім?

Маған өкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Өліде үшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен, айналып кетейін осы күнгі Ахмет деген кісіден ғана естідім.

Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса, бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жөндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмаштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ не керегі бар, босқа қуанған екенмін...

Жанның бөрі теңдік алып жатқан Кеңес үкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып, кім көрінген созғылай бастады. Өзгені не қылайын, отаршылдық саясатын қолданбас-ау дейтін Білім кеңесі екеш Білім кеңесі де мені аямады. «Етістік», «сөрсендеме» деген жалаларды өкеп жапты маған. Бұйырмасын, біздің арамызда мұндай атты соғылғандар тугалы болып көрген емес. Не амалың бар? Құдай басқа салған соң көніп отырмыз. Кітаптарында, газеттерінде маған көрсетпеген қорлығы тағы жоқ...

М.Дулатов

21-аудио

Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында туған жердің табиғатын, оның байлығы мен өр алуандығын сақтау жайында талғамды ой айтқан болатын. Мұның өзі байтақ даламыздың өсімдік және жан-жануарлар өлемін сақтау,

жердің құнарын арттыру, өте сирек кездесетін дәрі-дәрмектік, емдік өсімдіктерді көдеге жаратуда бейберекетсіздікке жол бермеу секілді маңызды мәселелердің үлкен жауапкершілігін алға тартады. Алайда біз мүлдем қарама-қайшы әрекеттерге барып, табиғатымызға орасан зор нұқсан келтіріп отырмыз.

Осы күндері еліміздің кейбір аймақтарында ауыл жастары жаппай таулы аймақты бетке алып тамыр іздеуде. Жай тамыр емес, сирек кездесетін, құнды қызыл мия тамыры.

Біздің дәуірімізге дейінгі IV-V ғасырларда ежелгі грек тарихшысы Геродоттың өзі қызыл мия тамырының мың сан дертке дауа екенін айтқан. Қазіргі дамыған медицинада да оның көптеген дертке шипа екені дәлелденіп отыр.

Тамырымен жұлынған бағалы өсімдік қайтып шықпайды. Сондықтан осы бір қасиетті өсімдіктің қызыл кітапқа енгізілгені экономикамызға да, табиғатымызға да пайдалы болар еді... Ата-бабамыз «жер – қазына, су – алтын, мал – байлық» деп тегін айтпаған. Ендеше қазыналы қазақ даласын бірге қорғайық.

А.Әлдибек

22-аудио

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.
Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Өрқайсысы алтын кесе аясында.

Ауасы – дертке дауа, жұпар иісі –
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?
Ырғалған көкке бойлап қарағайы,
Қасында көк желекті ашақ қайың.
Жібектей желмен шарпып төңіректі
Балқытып мас қылады иіс майы...

С.Сейфуллин

23-аудио

Арал – Орталық Азияға ортақ мәселе

Аралдың Қазақстан мен Өзбекстанның ғана емес, бүкіл әлемнің проблемасына айналғанына жарты ғасырға жуықтады. Себебі суы тартылған теңіздің түбінен желмен көтерілген тұз аралас ауа Тянь-Шань тауларын былай қойғанда, солтүстіктегі Ресейге, одан ері Еуропаға дейін жетіп жатқаны жөнінде нақты дәлелдер бар.

Сондай-ақ Арал мәселесін зерттеп жүрген ғалымдар теңіз табанынан көтерілген тұзды жел оның жолындағы таулардың басында ғасырлар бойы қатып тұрған мұздықтарды еріте бастағанын айтады. Егер осы экологиялық проблеманың алдын алмаса, бір Аралдың өзі үлкен табиғи апаттардың орын алуына себеп болуы өбден мүмкін.

Арал теңізінің экологиялық зардаптарына қатысты адам жанын түршіктіретін деректер де кездеседі. «Арал туралы деректер көпшілікке әлі де беймәлім. Мәселен, КСРО кезінде Арал теңізі «Байқоңыр» ғарышайлағына қосымша айлақ болып есептелетін, – дейді ресейлік ғалым Сергей Лисовский Sputnik порталына берген сұхбатында. – Яғни ғарышқа ұшырылған ғарыш кемелерінің капсулдері Аралдың суына түсетін. Дәлірек айтқанда, теңіз «Байқоңыр» ғарышайлағының қону алаңы болды. Оның КСРО билігі үшін маңыздылығы сонда еді. Екіншіден, Арал теңізінің «Возрождение» деп аталатын аралында бактериологиялық қару жасалғанын бүгінде көпшілік біле бермейді. У жасалған жерде оған қарсы қолданылатын дәрі де болатыны белгілі. Сол сияқты бактериологиялық қару жасаған кезде ол қарудан қорғанудың да барлық жолы қарастырылды. Кеңестер Одағы тарағаннан кейін ұлы заттан қорғану амалдары да жойылды. Қазір посткеңестік елдердің бірде-бірі бактериологиялық қарудан қорғана алмайды».

Эколог-ғалымдар Оңтүстік Аралда енді тіршілік ешқашан болмайды деген қорытынды жасап отыр. Ал Солтүстік Арал өзінің өміршеңдігімен ерекшеленуде. Себебі онда тұщы су бар, балық та көбейіп келеді.

Ә.Құланбай. «Егемен Қазақстан» газетінен

24-аудио

Қарлығаштың ұясын бұзба

(аңыз)

Ертеде бейбіт өмір кешіп жатқан бір ауыл боқты. Ол кезде қазақтар көшіп-қонып жүреді екен. Таудың бөктеріндегі нулы-сулы жерге ерте көктемде келіп қонған ауылдағы бір қарияның киіз үйінің шаңырағына қос қарлығаш келіп ұя салыпты. Сонда жұмыртқалап, басып шығарған балапандарына қарлығаштар түндіктен кіріп-шығып, тынбай тамақ таси бастайды. Қызылшақа балапандар күн санап жетіліп, өсе береді. Қарт оларды менің шаңырағыма келген құт-береке деп, қызғыштай қорып жүреді. Балапандарды қызықтауға келген балаларға «кім қарлығаштың ұясын бұзса немесе балапандарына тиіссе, соның қолы сынады» деп балаларды қорқытып та қоятын. Бейбіт ауылдың балаларының бәрі де тәртіпті болатын. Олар қарлығаштың балапандарын жай қызықтағаны болмаса, оларға тиісу ойларына да келмейтін еді.

Бірде ел шетінде жылқы бағып жүрген жігіттер ауылды шабуға жау келе жатқанын хабарлайды. Келе жатқан қолдың жер қайысқан көптігі сонша, ауыл оған қарсы тұра алмасын біліп, апыл-ғұпыл үйлерін жығып, түйелеріне артып, өрістегі малдарын жинап көше бастайды.

Жығылмаған жалғыз-ақ үй қалады. Ол қарттың үйі еді. Ауылдың бір үлкен ақсақалы келіп:

– Ау, алжығанбысың, неге көшпей отырсың, жау келе жатыр ғой, – дейді. Сонда қария:

– Е-е, кім ажалдың құрығына өз еркімен барып түскісі келеді дейсің? «Осылар маған пана болады ғой» деп, осында ұя салып, балапан шығарып жүрген мына қарлығаштарды қайда тастап кетемін? – деген екен.

Бір пәленің болғанын сезген қарлығаштар да ерсілі-қарсылы ұшып, тынымсыз шикылдай береді. Ұшырып өкетеінін десе балапандары өлі жас, қанаттанбаған. Тағдырлары адамның қолында. Үй жығылса, ұя да құлайтыны белгілі. Сондықтан өздері үшін басын әлімге тігіп отырған қарияны аяй ма, әйтеуір соны айналып, ерсілі-қарсылы ұшып, тынымсыз шықылықтай береді, шықылықтай береді.

Ет асым уақыт өткен соң, таудан құлап келе жатқан қалың қол көрінеді. Көшіп кеткен ауылдың орнында қалған жалғыз үйді көріп, біздің жолымызды бөгеуге тастап кеткен бір батырдың үйі ғой, қане, күштілігін көрейік деп қалың қол ат басын сол үйге тірейді. Сөйтсе, үйден ақ сақалы омырауына түскен қария шығады. Мыналардың бізбен алысуға тастап кеткен батырының түрін қара деп жау әскерлері қыран-топан күлкіге батысады. Олардың қолбасшысы қариядан:

– Сен неге көшпей қалдың, – деп сұрайды. Сонда қария:

– Мен көштен еріксіз қалдым, үйімнің шаңырағында қарлығаштың ұясы бар. Көшке еріп үйімді жығып, сол балапандарды жерге лақтырып кетуге қолым бармады, – дейді...

«Экологиялық әліппе» кітабынан

25-аудио

Еліміздегі алғашқы саябақ – Баянауыл ұлттық саябағы. Ол 1985 жылы Павлодар облысындағы Баянауыл орман шаруашылығының негізінде құрылған. Ауданы – 50,7 мың га. Саябақ аумағына енетін таулы-орманды ландшафтылары тамаша табиғат

ерекшеліктерімен көзге түседі. Қарағай, қайың ормандары өскен, гранитті, үгіліп мүжілген Баянауыл таулары Сарыарқаның шөлейтті жазықтарында орналасқан. Мұнда құстар мен сүтқоректілердің 54, балықтың 8, өсімдіктің 438 түрі бар. Биік жері – Ақбет тауы, биіктігі – 1026 метр. Табиғатының қолайлы жағдайына байланысты Баянауыл тауларын «шөлді даладағы таулы-орманды шұрат» деп атайды. Бұл аймақ – жашпай демалыс пен туризмнің дамыған жері. Мұнда көптеген демалыс үйлері, емдеу мекемелері, туристік базалар орналасқан. Саябақта ұзақ уақыт үгілу өрекетінен қайталанбас жартас, шоқылар қалыптасқан. Олар сыртқы түріне орай «Жалмауыз кемпір», «Найзатас» т.б. деп аталады.

Ө.С.Бейсенова

26-аудио

Әлемге әйгілі өнер ордалары

Метрополитен опера – Американың ең ірі мәдени ошағы. Нью-Йорк қаласында орналасқан бұл опера театры «Метрополитен-опера хаус компани» акционерлік қоғамының қаржысына ашылған. Театрға коммерциялық мекемелер, жекетұлғалар демеушілік жасайды. Театрдың негізгі қожайындары «Метрополитен опера» қорына белгілі бір қаржы құятын ірі меценаттар болып табылады.

«Метрополитен опера» театрының ғимараты сәулетші Дж.К.Кейдидің жобасымен салынған. Көрермен залы 3625 орынға арналған. Ол 1883 жылы 22 қазанда «Фауст» қойылымымен ашылды. Метрополитен опера – хор, оркестр және басқа да қосымша ұжымдар тұрақты қызмет атқаратын үздіксіз өрекеттегі театр. Театрға танымал солистер мен дирижерлер бірнеше маусымға немесе белгілі бір спектакльдерге арнайы шақырылады. Шақырылатын артист-гастролерлер қомақты жалақыны талап ететіндіктен, билеттің де құны жоғары болады.

1966 жылы қыркүйек айында «Метрополитен» тамаша акустикасымен ерекшеленетін және бірінші деңгейдегі сахналық техникамен жабдықталған жаңа ғимаратқа көшті. Сәулетші У.К.Харрисонның жобасымен салынған театрдың көрермен залы 3800 орынды, негізгі сахнасынан басқа тағы үш қосымша зал бар. Театрдың оркестрге арналған бөлігі 110 музыкантқа арналған.

К.Смолина. «100 великих театров мира» кітабынан

«Ла Скала» (толық атауы Teatro alla Scala) – әлемдік опера мәдениетінің орталығы. Театр ғимараты 1776–1778 жылдары сәулетші Джузеппе Пьермаринидің жобасымен «Санта-Мария делла Скала» шіркеуінің орнына салынған. Миландағы опера театрының «Ла Скала» аталуы да осымен байланысты. Театр ғимаратының ұзындығы – 100 метр, ені – 38 метр. Таға пішіндес болып келетін заңда бес ярусты ложа және галерея орналасқан. Барлық ложаның саны – 194, сонымен қатар королева ложасы да бар. Әр ложада 8-ден 10-ға дейін көрермен отыра алады. Барлық ложа өзара дәліз арқылы байланысқан. Театрдың сахнасы айтарлықтай үлкен емес. Бастапқыда партердегі жайлы орындарды жиналатын жылжымалы орындықтар алмастырды. Ложалардағы майшамдардан түсетін жарық көмескі, жылыту жүйесі болмағанымен, театрдың ақ, күміс және алтын түстес залы таңғажайып болған. Театр ғимаратының құны шамамен сол кездегі 1 миллион лираны құрады. Шығындарды Миланның 90 аристократы өзара бөліскен.

«Ла Скала» 1778 жылы тамыз айында Антонио Сальеридің «Танылған Еуропа» операсымен ашылды.

К.Смолина. «100 великих театров мира» кітабынан

Сиднейдің даңқын шығарған ғажайып ғимараттың бірі – Сидней Опера театры. Театрдың алғашқы архитекторы дат азаматы – Джон Адсон. Театрдың тұңғыш кірпіші

1959 жылдың наурызында қаланды. 1966 жылы Адсонның орнына аустралиялық сәулетші Фармер келеді. Театрдың геометриялық-сфералық бейнесі мыңдаған адамның жүрегін жаулап алады. Мұндағы алғашқы қойылым 1973 жылдың 28 қыркүйегінде өткен Прокофьевтің «Соғыс және бейбітшілік» операсы болды.

Опера үйі үлкен бір кешенді құрайды. Мұнда 2690 орынды концерт залы, 1547 орынды опера театры, 544 орынды драма театры, 398 орынды театр бар. Дизайны, көркемдігі бір-біріне ұқсамайды. Концерт залында симфониялық оркестр, хор, поп-джаз, фольклорлық варьете, басқа да мәдени қызмет көрсететін орындар бар. Концерт залында орналасқан 10 500 түймесі бар әлемдегі ең үлкен органда кезінде Пональд Шарп ойнаған екен.

Опера театрында балет, би залдары бар. Сахнаның ұзындығы – 25 метр. Театрдың төбесі – 160 мың 956 тонна. Оған 6223 шаршы шыны жұмсалған. Үш жылда құрылысы аяқталады деген опера театры арада 15 жыл дегенде өрең іске қосылған. 7 миллион доллардың орнына 102 миллион доллар қаржы жұмсалған. Опера үйі пайдалануға берілгеннен бері 66 мың қойылымды 42 миллион адам тамашалапты.

О.Елубай. «Дүниені дүбірлеткен жеті дода» кітабынан

27-аудио

Алаш аңсаған фильм

(оқылым мәтінінің жалғасы)

Адамзат үшін анадан қадірлі жаратылыс болмаған, болмайды да. Бұл туынды – баланың анаға, ананың балаға деген махаббатынан күшті өрі тұрақты сезім жоқ екенін көрсеткен фильмдердің бірі емес, бірегейі. Төл өнер тарихынан ойып тұрып орын алары анық. Замана нәубетінің бар ауыртпалығын көтерсе де, белі бүгілмеген қазақтың жанкешті аналарының типтік бейнесін мінсіз ашқан актриса Алтынай Нөгербек режиссердің де, көрерменнің де құрметіне лайық. Әуелі күйеуінен айырылған, содан жалғыз сүйеніші – Ілиястан тірідей көз жазып қалған, одан кейінгі ғұмырының бәрін сол жалғызын күтумен өткізген Мәриямнің күрсінісі мен күңіренісін, анда-санда жарқ еткендей болып, қайта сөніп қалатын қуанышын, көңілді күпті қылған күдігін, үзілмейтін үмітін жеткізе білді. Жасандылығы жоқ, жалаң пафоссыз. Көз жасына сенесің, бірге жылайсың. Жұбатқың келеді. Алыстағы ұлы екеуінің ортасына дәнекер болғың келеді. Мәриям жалғыз Ілиястың емес, залда отырған әрбіріміздің, тұтас қазақ қауымының анасына айналды. Сондықтан Алтынай Нөгербектің премьерадан аз уақыт өткен соң кино саласының қос бірдей жоғары марапатына ие болуын бап не бақтың шапқаны емес, заңдылық деп қабылдадық. Актриса Қырымда өткен халықаралық «Еуразиялық көпір» фестивалінің және «Тұлпар» ұлттық жүлдесінің «Үздік әйел рөлі» аталымын қанжығаға байлады. Әбден лайықты.

Картинаның Мәскеудегі тұсаукесері кезінде ресейлік мамандар «Мұндай соғыс сахнасы ТМД бойынша бұрын-соңды болмаған» деген баға беріпті. Расында да, кино 4 жылға созылған қан майданның тек бір шайқасын – Днепр өзені үшін болған соғыстың азғана көрінісін көрсетсе де, талай боздақты құрбан еткен зұлматтың ауқымы қалай болғанын сездіре алды.

Фильмде артық деталь жоқ. Пайдаланылған түстер, эффектілер, грим мен әуен – барлығы нәубетті заманның мінезін бере білген. Примерлер Мәриямды 70-тегі кейуанаға айналдыруда қатты қиналыпты. Грим алты сағат бойы жасалған. Мінсіз деуге келмес, бір-екі көріністе назарды ұрлап, ойды оқиғадан аулақ өкететін тұсы бар. Бірақ актриса ана образын ашуда жанарын ұтымды пайдалана білген. Жолға қарап, айдаладағы жалғыз ағаш саясында баласын күтуден қажымайтын көрі шешенің қасірет-қайғысы, өкініші мен өксігі, жүрек түкпіріндегі сөнбейтін үміті – бәрі соған сыйып тұр. Ұлттық кинематографиядағы үздік аналар галереясына тағы бір жауһар

қосылды деп білейік. Мәриямнің образы әлі әдебиет пен өнердегі талай туындыға арқау болары анық.

Фильм соңында бүгінгі бейбіт күнді, тәуелсіз елде өмір сүріп жатқан қайғысыз, қамсыз ұрпақты көрдік. ...Өткенімізді есімізге салып, бүгінгінің қадірін ұқтырған, ертеңгі күнге бағдар берген бұл фильм – ұлттық кино өнерінің осы ғасырдағы ең үздік туындысы.

А.Лепесова. «Мәдениет» журналынан

28-аудио

«Сегіз ел, сегіз шаһар – бір фестиваль» ұранымен өтіп жатқан III Халықаралық Түркі дүниесі деректі фильмдер фестивалі өткен жылдары Ыстанбұл қаласында басталып, Баку шаһарында жалғасын тапса, үшінші рет Қазақ елінде шымылдығын түрді. Өр елдегі киношерудің арнаулы бір тақырыпты қамтитындығы – фестивальдің басты ерекшелігі. Алматыда ұйымдастырылған фестиваль ана тақырыбына арналды. «Түркі Ана» атты ортақ атаумен жинақталған деректі фильмдер топтамасын тарқатқан сегіз түркі елі аналарының жан тебіренерлік қызық та мехнатты өмірі көрерменді терең ойға қалдырды. Алматыдағы фестивалде Түркия, Қазақстан, Түрікменстан, Қырғыз Республикасы, Кипр, Өзбекстан және Ресейдің (Башқұртстан және Татарстан) ең таңдаулы кино туындылары өзара сынға түсті. Кинофестивальге 140 режиссердің жұмысы қабылданып, оның ішінен тек 12 фильм ғана ақтық сынға жолдама алған. Көпшіліктің сұрауы бойынша фестиваль ережесіне биылғы жылы бірқатар өзгерістер енгізіліп, кәсіби режиссерлер мен студенттер жеке-жеке сынға түсті. Түркітілдес елдерде деректі фильм саласын дамыту мақсатымен ұйымдастырылған фестивальдің құрметті қонақтары келер жылғы шараның тақырыбы «Түркі Атасы болсын» деген ұйғарымға келді.

А.Аханбайқызы. «Егемен Қазақстан» газетінен

«Бастау» кинофестивалі – жастарға берілген үлкен мүмкіндік. Фестивальдің басты мақсаты – Еуропа мен Азияның жас кинематографистерінің арасында ынтымақтастық орнату, олардың жұмыстарын қолдап, дамытуға қол ұшын беру, түрлі жанрларда кино түсіруге деген қызығушылықтарын арттыру.

«Бастау» – студенттік және дебюттік фильмдердің халықаралық кинофестивалі, түрлі жанрлардағы қысқаметражды фильмдер сайысы. Ұйымдастырушылардың айтуынша, кино өнерін дамытатын дәл осы қысқаметражды фильмдер. Ал студенттік фильмдер жаңа стильге толы. Олар мәңгілік тақырыптарға жаңа дем беріп, заманының жаңа кейіпкерлерін сомдайды. «Бастау» кинофестивалінің соңғы ерекшеліктерінің бірі – көптеген елдерде танымалдыққа ие болған «Көше кинофестивалі» жобасының сәтті жүзеге асырылуы. «Бастау» кинофестивалі – үлкен жолдың бастауы.

«Мәдениет» журналынан

29-аудио

– Соғыс кезінде біздің осы ауылға жиырма жеті сәби келген. Ойланып-толғанып тұратын уақыт па? Өзіміз жетім-жесір болсақ та, сәбилерді жаудыратып тағы қайда жібереміз. «Аш болсақ бірге ашығар, тоқ болсақ тағы бірге көрерміз» деп әр үй бір баладан бөліп алдық. Сергей маған сөйтіп бала болды.

– Ал сол балалардың барлығының да туған-туысқандары табылды ма қазір?

– Біразінікі табылды, біразінікі әлі табылған жоқ. Сергей де сені көп іздеді-ау.

– Сен алғанда қандай еді өзі?

– Тіпті кішкентай, арық болатын. Өзінің атының Сергей екенін ғана біледі, басқа ештеңені білмейді. Үш жасқа толар-толмас бала басқа не білуші еді?!

- Мінезі қандай еді өзі?
- Мінезі өте жағымды болатын, тек балапан өтешше ұрыншақ, төбелесқор еді.
- Таяқты да көп жеген шығар?
- Жоға, о не дегенің, ол кезде Айташ дардай боп өсіп қалған, қанша ұрыншақтаным жұрсе де Серкені ешкімге ұрғызбайтын...

С.Мұратбеков. «Телі өскен ұл» повесінен

30-аудио

Әдетте, тұтынушылар тауарды арзандау сатып алуға, ал сатушылар оны қымбаттау сатуға тырысады. Бірақ нарықтық баға «сұраныс бағасы» деп аталатын баға шамасынан жоғары көтеріле алмайды. Сұраныс баға деп сатып алушылар тауарды алуға келісетін шекті ең жоғарғы бағаны айтады. Сұраныс бағасы мен сатылатын өнімдердің санының арасында өзара байланыс болады: сатылатын өнімдердің саны неғұрлым аз болса, соғұрлым сатып алушылар оны жоғары бағалайды және оған көп сома беруге өзір, ал, керісінше, сатылатын өнімдердің саны көп болса, соғұрлым сатып алушылар оны төмен бағалайды. Егер сұраныс бағасы жоғары болса, сатып алушылар көп болмайды, ал сатылу көлемі шамалы ғана болады. Сұраныс бағасы төмендеген жағдайда, сатып алушылардың саны мен сатып алатын өнімнің көлемі өседі.

Р.Пиндайк, Д.Рубинфельд. «Микроэкономика» кітабынан

31-аудио

Қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру өрі ұлттық экономиканы цифрландыру бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде 2020 жылға дейін ғаламтор қолданушылардың санын 80 пайызға дейін арттыру, тұрғындардың 95 пайызын цифрлы хабар таратумен қамту, азаматтардың цифрлық сауаттылығын 80 пайызға дейін арттыру көзделуде.

«Цифрлы Қазақстан» тек бір ғана IT саласын емес, қоғамдағы өзге де салаларды дамытуға бағытталған. Бағдарлама ішкі жалпы өнімдегі IT-секторының үлесін 2020 жылға дейін 5 пайызға жеткізуді жоспарлап отыр.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда төрт бағыт бар.

Бірінші бағыт – ауыл-аймақты кең жолақты ғаламтормен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзиттік өлеуетін арттыру.

Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауылшаруашылығы және электронды сауда) цифрлы технологияны ендіру.

Үшінші бағыт – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру.

Төртінші бағыт – IT-мамандарды даярлау.

Жалпы, мұның бәрі халықтың бақуатты өмір сүруі үшін жасалып жатқан шаралар. Тұрғындардың әл-ауқаты артып, еңсесі тік көтерілгенде ғана Қазақстан дамыған өркениетті елдердің қатарына, яғни алдыңғы «отыздыққа» қосыла алады. Бұл мақсатқа жету үшін еліміздің алдағы кезде замана көшінен қалғысы келмеген өрбір азаматы, мамандары, ғалымдары мен студенттерінің ұялы байланыс, телекоммуникация, сандық ТВ, кеңжолақты ғаламтор, ақпараттық технологиялар, Е-үкімет, Е-сауда, интерактивті жарнама және өлеуметтік медиа саласындағы өзекті тақырыптардан тыс қалуына болмайды.

К.Мырзаселді

ГЛОССАРИЙ

Адресат – тыңдаушы, өңгімелесуші, мәтінді қабылдаушы.

Аналогия – тіл бірлігін басқа тіл бірлігіне тұлғалық немесе мағыналық жағынан ұқсату құбылысы.

Аннотация – кітаптың, мақаланың мазмұнын, саяси-идеялық бағытын, құндылығын түсіндіретін қысқаша сипаттама.

Антропоним – адамдардың (тарихи тұлғалардың, қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың, жазушылардың, өнер қайраткерлерінің, көркем әдебиет пен фольклор кейіпкерлерінің және т.б.) меншікті есімдері, аты-жөні, бүркеншік, жасырын, лақап аттары.

Анықтауыш – сөйлемде негізінен зат есімнен болған мүшені сын, сапа, сан, мөлшер және меншіктік жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүше.

Ауызекі тіл – адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасауының бір түрі. Ауызекі тілдің басты ерекшелігі – сөйлеудің алдын ала дайындықсыз, тікелей қарым-қатынас жасау барысында жүзеге асатындығы.

Әдеби тіл нормасы – жалпыхалықтық тілдің белгілі жүйеге түскен, жазу дәстүрі мен өртүрлі жазба және ауызша әдебиеттің негізінде қалыптасқан тұрақты, стильдік-жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін адамдардың бөріне ортақ, түсінікті, орныққан қалыптары.

Өңгімелеу мәтіні – оқиғаны ретімен хабарлайтын, баяндайтын мәтін түрі.

Бастауыш – сөйлемде атау септігінде тұрып, іс-оқиғаның иесін білдіретін тұрлаулы мүше.

Баяндауыш – бастауыштың жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіріп, сөйлемді тиянақтап тұратын тұрлаулы мүше.

Бейвербалды амалдар – сөздер мен басқа да тілдік бірліктерге сүйенбейтін ым-ишара тілі.

Бейнелі сөздер – адамның сезімі мен көңіл күйіне байланысты айтылатын эмоционалды сөздер.

Болымды сөйлем – объективті болмыстың, ойлаған ойдың, іс-әрекеттің орындалғанын не орындалатынын хабарлайтын сөйлем.

Болымсыз етістік – қимыл, іс-әрекеттің болмауын, жүзеге аспауын білдіретін етістік.

Бұйрықты сөйлем – қимыл-әрекетке итермелеу мақсатында айтылатын сөйлем. Бұйрық мағынасы өртүрлі реңкте білдіріледі: бұйыру қатал талап мағынасында жұмсалса, дауыс көтеріңкі айтылады, ал өтініш, тілек мағынасында айтылса, бөсең айтылады.

Біріккен сөздер – екі түбірдің бірігуі арқылы жасалатын күрделі сөздер.

Гапология – диссимилиацияның әсерімен біркелкі буындардың біреуінің түсіріліп айтылуы.

Гидроним – су нысандарының (өзен, көл) атауы.

Грамматика – тіл білімінің сөз таптарын, сөздердің өзгеруі мен сөйлем құрылысын зерттейтін саласы.

Грамматикалық мағына – тілде қалыпты (стандартты) көрінісі бар сөздердің, сөзтұлғалардың, синтаксистік құрылымдардың жалпылама тілдік мағынасы.

Ғылыми стиль – қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтарының бірі. Оған өр мамандық бойынша, өр салада жазылған ғылыми шығармалар, оқулықтар мен оқу құралдарының тілі жатады.

Дәйексөз (цитата) – түпнұсқадан сөзбе-сөз алынған үзінді.

Демеулік шылау – өзі шылауында тұрған сөзге я сөйлемге күшейту, тежеу, шектеу, сұрау, болжалдық, күмән сияқты қосымша мағына үстейтін шылаудың түрі.

Диалектизмдер – жергілікті жерде, белгілі бір аймақта қолданылатын, яғни жұмсалы аясы шектеулі тілдік бірліктер.

Диссимляция – сөз ішінде қатар келген ұқсас немесе бірдей дыбыстардың сөйлеу тілінде өзге дыбысқа айналуы.

Дыбыс үндестігі – қатар келген екі дыбыстың бір-біріне ықпал етіп үндесуі (ілгеріңді, кейінді, тоғыспалы ықпал).

Ерін үндестігі – дауыстылардың бір сөз көлемінде еріннің қызметіне қарай үндесіп келуі.

Есімді тіркестер – сөз тіркесінің басыңқы сыңары есім сөз болып келетін түрі.

Жай сөйлем – қарым-қатынас қызметін атқаратын, өзіне төн семантикалық құрылымы бар, бір предикативтік бірліктен тұратын сөйлем.

Жалғаулық шылау – сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстыратын шылаудың түрі.

Жаргон – шағын әлеуметтік топ қолданатын, ешқандай жеке тілдік дербестігі жоқ жалпыхалықтық тілдің тармағы.

Жұрнақтар – жалғанған сөзінен жаңа сөз тудыратын немесе сөзді түрлендіретін қосымша.

Инверсия – сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстырып өзгеше тіркестер құратын фигураның бір түрі.

Интонация – сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді айтудағы дауыс мәнері, дауыс ырғағы, сөйлеудің ритм-мелодикалық бейнесі.

Кәсіби сөз – белгілі бір шаруашылыққа, кәсіпке байланысты қолданылатын, жалпы халыққа бірдей түсінікті бола бермейтін, қолданылу өрісі шектеулі сөздер.

Көнерген сөз – күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылмайтын, бірақ тілдің сөздік қорында сақталған сөздер.

Көпмағыналы сөз – (полисемия) сөздің екі я одан да көп мағынаға ие болуы.

Көркем әдебиет стилі – проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармалардың тілі.

Күрделі етістіктер – екі я одан да көп сөзден құралып, бір ғана мағынаны білдіріп, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқаратын етістіктер.

Күрделі синтаксистік тұтастық – негізгі бір ойдың төңірегіне топтасып, тұлғалық және құрылымдық жағынан бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста жұмсалатын дербес сөйлемдердің жиынтығы.

Күрделі сөз – кемінде екі түбірден жасалып, бір мағынаны білдіретін сөз.

Кірме сөз – зат, құбылыс, ұғым түрлерімен бірге басқа тілдерден ауысқан сөздер.

Кіріккен сөз – құрамындағы сөздердің ең кемінде бір дыбысы өзгеріп біріккен сөз.

Қарапайым сөздер – әдеби тілдің сөйлеу нормаларына жатпайтын, ауызекі тілге төн сөздер.

Қаратпа сөз – сөйлемде айтылған ойдың кімге арналғанын білдіру не оған басқаның назарын аударту мақсатында жұмсалатын сөз немесе сөз тіркесі. Қаратпа сөз сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, ерекше әуенмен айтылады.

Қысқарған сөздер – кейбір күрделі атаулардың, мемлекет, мекеме, ұйым аттарының бірнеше сөздің тіркестерінен құралып, кейде қысқартылып қолданылуы.

Лексика – тілдегі барлық сөздердің жиынтығы, сөздік қор мен құрам.

Лепті сөйлем – адамның көңіл күйін, әртүрлі эмоциялық сезімін білдіріп, ерекше әуенмен айтылатын сөйлем.

Макромәтін – көлемі үлкен шығарма.

Мақал-мәтелдер – өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беретін халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі.

Мәтін – бір тақырып төңірегіндегі сабақтастық пен тұтастығы бар ақпаратты жеткізетін мазмұнды (мәнді) сөйлемдердің тізбегі.

Микромәтін – түрлі құжаттар, ақпараттар, көлемі шағын шығармалар.

Модаль сөз – сөйлемнің мазмұнына сөйлеушінің көзқарасын білдіретін тіл бірліктері.

Монолог – белсенді сөйлеу нәтижесінде пайда болатын сөйлеу түрі. Монологте бір адамның ойы көрініс табады.

Неологизм – қоғамдағы саяси, мәдени, экономикалық қатынастардың, ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілге енген жаңа сөздер мен сөз тіркестері, фразеологиялық оралымдар.

Норма – тілдік құралдарды пайдаланудың қабылданған үлгілері, соларды ретке келтіріп отыратын ережелердің жиынтығы.

Ойконим – топонимнің түрі, елді мекендердің (ауыл, кент, қала) атаулары.

Окказионал сөздер – мағыналары көпшіліктің қолдануына сөйкеспейтін, өдетте контексте ғана кездесетін, жеке авторлардың тіліндегі, өлі орнықтаған сөздер.

Орфография – сөздерді дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы және оны қарастыратын тіл білімінің бір саласы.

Орфоэпия – сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылу ережелерінің жиынтығы.

Пайымдау мәтіні – оқиғаның себебі мен байланысын анықтайтын мәтін түрі.

Паронимдер – дыбысталуы жақын, бір түбірлес, жалпы грамматикалық белгілері ортақ, қолданылуында мағыналық ерекшеліктері бар сөздер.

Полилог – бірнеше адамның арасында болатын әңгіме.

Публицистикалық стиль – қоғамдық-саяси, үгіт-насихаттық әдебиетте, бұқаралық ақпарат құралдарын қолданылатын функционалдық стильдердің бірі.

Риторикалық сұрақ – жауап күту мақсатында айтылмай, бір нәрсенің жайын сөз жарыстыра қақпайлап, шешендік сипатта хабарлайтын сұрақ.

Сабақты етістік – табыс септігіндегі сөзбен тіркес құра алатын етістік түрі.

Семантика – сөз мағынасын, сөз құрамындағы элементтердің өзара мағыналық қарым-қатынасын, сөз мағынасы түрлерінің даму заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің саласы.

Синтаксис – сөз тіркесі туралы, сөйлем туралы зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Синтаксистік талдау – сөйлемді, оның мүшелерін, түрлерін, құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдерді анықтау.

Сипаттау мәтіні – белгілі бір нәрсенің, құбылыстың сын-сипатын, белгілерін егжей-тегжейлі суреттейтін мәтін түрі.

Сөз байлығы – өркімнің өз ана тілінің бар мүмкіндіктерін еркін пайдалана білуі.

Сөз дәлдігі – сөздің шынайы өмірдегі заттар мен құбылыстардың атауларына барынша дәлме-дәл келуі.

Сөздің тура мағынасы – сөздің зат, құбылыс, ұғым, түсінік, болмыс, амал-әрекеттерге тағылған атау түріндегі бастапқы мағынасы.

Сөйлемнің актуальды мүшеленуі – қарым-қатынастың мақсатына қарай сөйлемнің мағыналық жағынан мүшеленуі.

Сөйлеу мәдениеті – ауызша сөйлеудің жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптарымен қатар, өзіне тән нормаларды сақтауы.

Стилистикалық қате – белгілі бір сөйлеу жағдайына сай келмейтін, стилистикалық нормадан ауытқудың салдарынан болатын қатенің түрі.

Стиль – тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметіне байланысты жіктелетін әдеби тілдің функционалдық түрі.

Тезаурус – бір тілдің бүкіл лексикасын сипаттауға арналған сөздік.

Термин – мамаңдыққа және ғылым мен техниканың өртүрлі салаларына ғана қатысты арнаулы сөздер.

Топоним – географиялық нысанның (жер-судың) аты.

Туынды сөз – сөз тудырушы негізден жұрнақ арқылы синтетикалық тәсілмен жасалған сөз.

Тұрақты тіркес (фразеологизм) – құрамын өзгертуге келмейтін, бәрі тұтасып бір мағынаны білдіретін, бір ғана сөйлем мүшесі ретінде қолданылатын кемінде екі немесе бірнеше сөздің тіркесі.

Тіл білімі – тіл және оның даму заңдары туралы ғылым.

Тіл мәдениеті – әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы.

Тіл тазалығы – сөйлеушінің немесе жазушының әдеби тіл нормасын сақтаумен бірге ана тілінің мүмкіндігін дұрыс пайдалана білуі.

Үндестік заңы – буын не сөз құрамындағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір әуезбен айтылуы.

Фонология – тіл білімінің тілдің дыбыстық жүйесінің құрылымдық және функционалдық заңдылықтарын зерттейтін саласы.

Хабарлы сөйлем – бір нәрсенің не бір істің жайын хабарлау мақсатында қолданылатын сөйлем.

Шаблон сөздер (клише) – коммуникативтік жағдаятқа сай, дайын, тұрақты қалыптасқан, қысқарып қолданылған сөздер мен сөз тіркестері.

Шешендік сөз – көптеген халықтардың мәдени-рухани өмір тіршілігінде көне заманнан белгілі шешендік өнердің негізгі материалы.

Шылаулар – сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру үшін қолданылатын, тіркескен сөздеріне әртүрлі реңк, грамматикалық мағына үстейтін көмекші сөздер.

Экспрессивті сөздер – ерекше сезім, мәнермен айтылатын сөздер.

Элизия – бір ырғақты топта айтылатын сөздердің алдыңғысы дауысты дыбысқа аяқталып, екіншісі дауысты дыбыстан басталса, қатар келген екі дауыстының біреуі (алдыңғысы) «жұтылып» кетуі.

Эллипсис – сөйлемнің бір мүшесін алып тастау арқылы құрылған сөз үлгісі.

Этнографизмдер – өткен тұрмысымызда болған, көбі өлі де қолданылып келе жатқан белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, баспанаға, киім-кешекке т.б. байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері.

Этнолингвистика – этностың болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан, рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы.

Алғы сөз.....	3
---------------	---

**1. ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕСІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨТКЕНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ.
ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР. ОРФОГРАФИЯ. ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ**

1.1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт.....	4
1.2. Уық шаншылған Ұлытау.....	7
1.3. Бабалар сөзі – даналық көзі.....	10
1.4. Мөңгілік сарын: қазақтың дәстүрлі 1000 күйі.....	13
1.5. Қазақстан – қызғалдақтың Отаны.....	16
1.6. Тәуелсіздік тұғыры.....	19
1.7. «Мөңгілік ел» идеясы.....	23

**2. ЖАСТАР МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕСІ. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР.
ОРФОГРАФИЯ. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬ**

2.1. Ел тірегі – білімді жастар.....	27
2.2. Болашаққа жол ашқан бағдарлама.....	31
2.3. Сөйлеу мәдениеті.....	34
2.4. Кітап – білім бұлағы.....	38
2.5. Жастардың кәсіп таңдауы.....	41
2.6. Қазақстанның дарынды жастары.....	43
2.7. Мен жастарға сенемін!.....	47

**3. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ. МИГРАЦИЯ. ЗИЯТКЕРЛІК МИГРАЦИЯ.
ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР. ФОНЕТИКА. РЕСМИ ІСҚАҒАЗДАР СТИЛІ**

3.1. Қоғам.....	50
3.2. Қазіргі қоғам.....	53
3.3. Миграция.....	57
3.4. Еуропамен миграциялық байланыс.....	61
3.5. Зияткерлік миграция.....	64
3.6. Миграциялық үрдіс.....	67
3.7. Жастардың зияткерлік бағдарламасы.....	70

**4. ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН ӨНЕРТАБЫСТАРЫ. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР.
СӨЗ МӘДЕНИЕТІ. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬ**

4.1. Әлем мойындаған рекорд.....	73
4.2. Адамзат жаңалығы.....	78
4.3. Ұлы өнертапқыш.....	81
4.4. Су асты құралдарын жасаудағы ғылым жетістігі.....	84
4.5. Жылқыны алғаш қолға үйреткен – қазақ даласы.....	86
4.6. Көшпелілер киімі.....	89
4.7. Көшпелілердің алғашқы конькиі.....	91

**5. БЕЙБІТШІЛІК, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ЭКОНОМИКА.
ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР. СӨЗ МӘДЕНИЕТІ. КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ СТИЛІ**

5.1. Қазақстан – «ядросыз өлем» қозғалысының көшбасшысы.....	95
5.2. Біріккен ұлттар ұйымы.....	98
5.3. Әлемнің бейбітшілік пен тұрақтылық ісіне Қазақстанның үлесі.....	101
5.4. Экстремизм мен терроризм – ххі ғасыр індеті.....	103
5.5. Бейбіт өмір – береке бастауы.....	106

5.6. Қазақ халқы – бейбітсүйгіш ел.....	108
5.7. Жаһандандудың пайдасы және зияны.....	111

6. ҰЛТТЫҢ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРІН САҚТАУ. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР. МӘТІН

6.1. Тарихи жәдігерлерге не жатады?.....	114
6.2. «Мәдени мұра» бағдарламасы.....	118
6.3. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері.....	120
6.4. Қазақтың ертедегі қару-жарақтары.....	123
6.5. Ұлттық аспаптар.....	126
6.6. «Бабалар сөзі» 100 томдығы.....	128
6.7. «Ұлы даланың жеті қыры».....	131

7. ТАБИҒАТ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР. МӘТІН

7.1. Табиғатқа не жатады?.....	135
7.2. Тірі табиғат және өлі табиғат.....	138
7.3. Табиғат туралы мақалдар.....	142
7.4. Қазақстанның табиғаты.....	144
7.5. Табиғатты қорғау.....	147
7.6. Табиғатқа қатысты тыйым сөздер.....	149
7.7. Табиғатты қорғайтын халықаралық ұйымдар.....	150

8. ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ТЕАТР МЕН КИНЕМАТОГРАФИЯ. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР. ПУНКТУАЦИЯ

8.1. Театр – өмір айнасы.....	154
8.2. Әлемге өйгілі өнер ордалары.....	157
8.3. «Астана опера» – өнер шаңырағы.....	159
8.4. Алаш аңсаған фильм.....	162
8.5. Әлемге танылған Әміре.....	165
8.6. Кинофестиваль – кино өнері туындыларының байқауы.....	169
8.7. Қазақ даласының Орфейі.....	171

9. ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ СҰРАНЫС. ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР. ПУНКТУАЦИЯ. СӨЙЛЕУ МӘНЕРЛІЛІГІ

9.1. Нарық.....	176
9.2. Еңбек нарығы.....	179
9.3. Сұраныс, ұсыныс және баға.....	181
9.4. Тапшы мамандықтар.....	183
9.5. Болашақтың мамандығы.....	185
9.6. Цифрлы қазақстан: мамандықтарға сұраныс.....	188
9.7. Қазақстандағы жұмыс күші қозғалысы.....	191
Тыңдалымға арналған мәтіндер.....	194
Глоссарий.....	211